Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

# БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІН (Т1) ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР (5-9-СЫНЫПТАР)

Нұр-Сұлтан
2019

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2019 жылғы 27 тамыздағы № 7 хаттама)

**Білім мазмұнын жаңарту аясында «Қазақ тілі» пәнін (Т1) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар (5-9-сыныптар)**, – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 288 б.

Әдістемелік ұсынымдарда білім мазмұнын жаңарту аясында «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасының ерекшеліктері қарастырылып, пәндерді оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері көрсетілген. Сонымен қатар, жаңартылған білім мазмұны жағдайында қысқа мерзімді жоспар әзірлеу, критериалды бағалауды ұйымдастыру, қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2019
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2019

## Кіріспе

Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Тіл үйренуде ең басты міндет – оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру. Қазақ тілі – қазақ халқы үшін әдебиет, мәдениет, ғылым мен білім тілі, оқу ағарту тілі. Қазақ тілі – өте бай әрі көркем тілдердің бірі.

Қазақстанның білім саласындағы қазіргі реформаларының бірі – білім мазмұнын жаңарту. Білім беру мазмұнын жаңарту республика көлемінде жалпы білім беретін мектептегі білім сапасын анықтайтын білім мазмұны мен құрылымына өзгеріс енгізу, оқытудың белсенді әдістері мен тәсілдерін, оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін тиімді іске асырумен сипатталады.

Білім беру жүйесіне өзгеріс енгізуге әсер еткен факторлар:

- әлемдік білім беру стандартымен сәйкестендіру;
- бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру;
- табысты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- үш тілді толық білетін тұлға қалыптастыру;
- функционалдық сауаттылықты қалыптастыру;
- тәжірибелік дағдыларды дамыту,
- мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуы тиіс»,- деп атап көрсеткен болатын [1].

Дәл бүгінгі таңда жаһандану дәуірінің ұлттық құндылықтарға төндіріп тұрған қаупі үнемі қаперде болуы ескеріліп, бүкіл ұлттық құндылықтардың ұйытқысы қазақ тілін оқытуда басшылыққа алынған тенденциялар, оларды жүзеге асыру жолдары мен тірек қағидалары мыналар:

1) қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау;
2) тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау;
3) тілдік білім мен біліктерді XXI ғасыр адамының бойында сөйлеу мәдениетін, ойлау мәдениетін және адамгершілік мәдениетті қатар дамытуға, қарым-қатынас мәдениетіне бейімдеп, құзіреттіліктер қалыптастыруға бұру;
4) тілді ұлт болашағының мәдени иммунитетін қалыптастырудың тетігі ретінде оқыту. Тілге деген жауапкершілік пен патриотизмді тәрбиелеуге жаңа прагматикалық көзқарас тұрғысынан келу, тілді оқытудың құндылықтық бағдарын сабақ барысында күшейту.

Жаңа стандарттар құзыреттілік тәсіліне негізделген, соған сәйкес оқу бағдарламаларының құрылымы өзгерді: міндетті меңгерілуі тиіс белгіленген оқу материалынан емес, күтілетін нәтижеге қарай әрекет жасаймыз. Бұл білім алушының қабылдауы өзгергенін, яғни басымдық авторитарлықтан ынтымақтастықта оқытуға көшкенін білдіреді.

Осыған сәйкес білім мазмұнын жаңарту білім алушының жаңа білімді меңгеру қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі» пәні бойынша білім мазмұнын жаңарту оқушының ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін, қазақстандық патриотизмді, өз ұлтының тіліне құрметпен қарауын, ұлттық және жалпыадами құндылықтарды қалыптастыруға баулу, ойлау, коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамытуға негізделген.

Пән мазмұны қазақ тілінің грамматикасын жаттанды оқуға емес, функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) негізделген. Грамматиканы бөлек қарастырмай, лексикалық тақырыптар аясында әдеби тілдік норма арқылы функционалдық-коммуникативтік мәнмәтінде оқытуға бағытталған. Грамматикалық бірліктердің мәтінді құруға қатысуда қандай функционалдық мағыналық қызмет атқарғанын таныту міндеті жүктеледі. Өйткені, қазіргі кезеңде оқушылардың дұрыс таңдау жасай білу, дұрыс шешім қабылдау, қоғам өміріне жасампаздықпен қатысу, қоршаған ортаны объективті түрде көрсету қабілеттері ерекше маңызға ие. Бұл ретте оқушылардың бойында аталған қабілеттерді дамыту коммуникативтік дағдылар шеңберінде жүзеге асырылады.

Нәтижесінде, оқушыларда тек пәндік білім, білік, дағдылар ғана емес, материалдарды жинау және реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасауда проблеманы қоя білу біліктілігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауы, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру сынды кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Негізгі орта білім деңгейінде «Қазақ тілі» пәні бойынша 5-9-сыныптарға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен (ҚР БҒМ-нің 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бекітілген.

Әдістемелік ұсынымдарда білім мазмұнын жаңарту аясында «Қазақ тілі» пәні (5-9-сыныптарда) оқу бағдарламасының ерекшеліктері талданды.

Пәнді оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері, тілдік дағдылар арқылы оқытуды тиімді ұйымдастыру жолдары нақты мысалдармен беріледі. Сонымен қатар, жаңартылған білім мазмұны жағдайында критериалды бағалауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар мен пән бойынша жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылды.

## 1 Жаңартылған мамұндағы «Қазақ тілі» оқу бағдарламасының ерекшеліктері

5-9-сыныптарда оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрі міндетін атқарушысының 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрығымен (ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылы 13 қарашада № 15982 тіркелген) бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес оқу пәнінің/сабақтың мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

«Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы оқыту үдерісін оқушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін біліктерді меңгеруге бағыттайды.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы ұлттық және халықаралық тәжірибелердің ең үздік үлгілерін басшылыққа алып жасалған.

«Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы:

❖ егеменді елдің мемлекеттік тілі және басты ұлттық құндылығы ретінде құрмет сезімін тәрбиелеуді;

❖ қазақ тілін ана тілі ретінде тілдік қатынас және таным құралы ретінде оқытуды;

❖ коммуникативтік дағдылар арқылы еркін қарым-қатынасқа түсе білу, қазақ тіліндегі түрлі ақпаратты іздеу, сұрыптау және оны өз мақсатына сай қолдана білу дағдыларын шыңдау

❖ тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құраудағы заңдылықтарды үйретуді;

❖ тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын меңгертуді;

❖ әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін меңгертуді көздейді.

Сонымен қатар жаңартылған оқу бағдарламасын әзірлеуде жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудің оқу бағдарламасымен, оқыту әдістерімен және бағалау жүйесімен өзара үйлесімділігі де қарастырылған (1-сурет).




1-сурет - өзара үйлесімділігі

«Қазақ тілі» пәні бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылды және оқушылардың тіл туралы түсініктерін тереңдетіп, ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейтеді.

*Функционалдық сауаттылық*, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Білім алушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы (физика, химия, биология, география).

Мектеп бітірушілер жоғары оқу орнына түсу үшін міндетті үш пәннің қатарында «Математикалық сауаттылық», «Оқу сауаттылығынан» емтихан тапсырады.

*Оқу сауаттылығы* – білім алушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Оқу жылдамдығы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну бағаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, оқығанын өмірлік мақсатында жүзеге асыруы үшін пайдалануы бағаланады.

«Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы оқушысына қазақ тілін ана тілі ретінде тілдік қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтін түзімдік қызметін танытуды, тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құраудағы заңдылықтарды үйретуді, тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын меңгертуді, әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін меңгертуді көздейді [2].

Қазақ тілін пән ретінде оқытуда оқушылардың ұлттық дүниетанымын

кеңейтетін, шығармашылық ойлауға төселдіретін, айналадағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауды үйрететін, оны тұлға ретінде әлеуметтендіруге мүмкіндік беретін қазақ тілінің танымдық, қатысымдық және кумулятивтік қызметтерін меңгерту, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту басты нысана болып табылады.

«Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы оқушылардың төмендегідей дағдыларын қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталған:

1) оқушылар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретіндегі мәртебесіне лайықты қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметін танып-біледі;

2) қазақ тілінде коммуникативтік дағдыларды (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді үйренеді;

3) өзінің ойын ауызша және жазбаша түрде сауатты құрауға, ауызша және жазбаша түрде өз ойын жеткізуде әдеби тілдің нормаларын саналы түрде қолдана отырып, сөйлеу барысында өзара қарым-қатынас жасау тәсілдерін игеруге ұмтылады; қазақ тілін оқытуда тілді академиялық тұрғыдан оқытуды көздейді: ол тәсіл қазақ тілінің грамматикалық құрылымын тереңдете түсінуіне, жазба тілді дамытудың тұрақты дағдыларын қалыптастыруға, сол арқылы сауаттылықты дамытуға бағытталды. Ал коммуникативтік әдіс қолданбалы бағытты ұстанады. Бұл бағыт бойынша оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын, ойын айшықты етіп беру шеберліктерін қалыптастыру көзделеді. Бұл оқушылардың ана тілін жан-жақты танып-білуіне ынтасын туғызады.

4) қазақ әдеби тілінің фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық лексикалық, морфологиялық, грамматикалық, стильдік, пунктуациялық нормаларын меңгереді;

5) тіл мен мәдениет арасындағы байланысты түсінеді; қазақ тілін ана тілі ретінде меңгеру арқылы оқушылар алған білімін әлемдік мәдениетпен ұштастыра алады; олар адамгершілік құндылықтарды таңдау, оған талдау жасау және бағалау дағдыларын қалыптастыра отырып, кез келген жағдайдан шыға білу дағдыларына ие болады;

6) әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын (газет-журналдар) сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады; оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады;

7) қазақ тілін меңгеру арқылы қоғамдық өмірге араласуға қажетті тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын жағдаяттар жүйесі негізінде дамытады; олар қазақ тілінде түрлі өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады; қазақ тілінде берілген кез келген ақпаратты тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті алады; түрлі мәтіндерді өздігінен түсініп оқиды; оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары арқылы тың идеяларын өзгелермен еркін бөліседі.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының *негізгі ерекшеліктері*:

• қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға негізделген:

1) тыңдалым және айтылым;
2) оқылым;
3) жазылым;
4) әдеби тіл нормаларын сақтау.

• оқу бағдарламасында коммуникативтік әрекеттер мен дағдыларды жүзеге асыратын оқу мақсаттары ұсынылған. Оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалған;

• оқу бағдарламасы «спиральді оқыту» тәсіліне негізделе құрылған. Әр сынып сайын оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып отырады;

• дағдылар мен оқу мақсаттары «Блум таксономиясы» негізінде жіктеледі, өздігінен білімді игеруі үшін оқушының белсенді іс-әрекеті ұйымдастырылады;

• бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұны уақыт талабына сай алынған;

• бағдарлама мазмұны әдебиет, тарих, биология, география, физика сияқты өзге пәндермен тығыз байланысты. Лексикалық тақырыптарды меңгерту осы пәндермен тығыз байланыста жүргізіледі;

• бағдарлама оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сын тұрғысынан ойлау, проблемалық сұрақ қою, өздігінен талдау жасау дағдыларын дамытуға ықпал етеді;

• жаңартылған бағдарлама мазмұны бойынша грамматика бөлек қарастырылмай, функционалдық-коммуникативтік мәнмәтінде оқытуға негізделген.

• оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оларға қызықты болатын өмірмен байланысты лексикалық тақырыптар ұсынылған.

«Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 тіркелген) [2].

«Қазақ тілі» пәні оқу бағдарламасының мазмұны мен құрылымы оқу мақсаттарына негізделіп құрылған. Пәндік білімнің мазмұны коммуникативтік әрекеттер мен коммуникативтік дағдыларға негізделген.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы үш тараудан және үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспардан тұрады. Бірінші тарауда жалпы ережелер, оқу пәнін зерделеудің мақсаты мен міндеттері берілген.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының тараулары 1.1-кестеде көрсетілген.

1.1-кесте. «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша 2013 жылғы және жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары құрылымының салыстырмалы кестесі

| **Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін типтік оқу бағдарламасы (2013)** | **Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы (2017)** |
|---|---|
| 1. Түсінік хат | 1-тарау. Жалпы ережелер |
| 2. Оқу пәнінің базалық білім мазмұны | 2-тарау. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру |
| 3. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар | 3-тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі |
| | *Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша*<br>Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар |

«Қазақ тілі» пәнін оқыту мақсаты – жалпы білім беретін негізгі мектептерде ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру және қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

Аталмыш мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

«Қазақ тілі» оқу пәні бірқатар маңызды міндеттерді жүзеге асырады:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктеріне коммуникативтік дағдыларды (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдануды қалыптастырады;

2) оқушылардың қазақ тілін күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді құбылыс ретіндегі заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;

3) қазақ тілі жүйесінің құрылымын, тілдік бірліктерді және олардың табиғатын танып-біледі;

4) тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және оқушының ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

Сонымен қатар оқушыларға түсіну мен жауап беруді, тілдесім мен аудиовизуалды материалды тыңдау барысында өз көзқарастарын білдіруді үйретеді. Көркем мәтін және көркем емес мәтіндерге мақсатқа сай қорытынды жасау, синтез, анализ жасау дағдыларын меңгертеді.

«Қазақ тілі» пәні бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылды. Ол оқушылардың тіл туралы түсініктерін тереңдетіп, ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейтеді.

Қазақ тілін пән ретінде оқытуда  оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтетін, шығармашылық ойлауға төселдіретін, айналадағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауды үйрететін, оны тұлға ретінде әлеуметтендіруге мүмкіндік беретін қазақ тілінің танымдық, қатысымдық және кумулятивтік қызметтерін меңгерту, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту басты нысана болып табылады.

«Қазақ тілі» пәнін оқу арқылы оқушылар:

✓ Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретіндегі мәртебесіне лайықты қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметін танып-біледі;

✓ қазақ тілінде тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді үйренеді;

✓ өзінің ойын ауызша және жазбаша формада сауатты құрауға, ойын сыртқа ауызша және жазбаша шығаруға әдеби тілдің нормаларын саналылықпен қолдана отырып, сөйлеу барысында тіл табысу тәсілдерін игеруге ұмтылады; қазақ тілін оқытудың классикалық тәсілі, негізінен, тілді академиялық тұрғыдан оқытуды көздейді: ол тәсіл қазақ тілінің грамматикалық құрылымын тереңдете түсінуіне, жазба тілді дамытудың тұрақты дағдыларын қалыптастыруға, сөйтіп, аса жоғары сауаттылықты дамытуға бағытталды; ал коммуникативтік әдіс болса, қолданбалы бағытты ұстанады; бұл бағыт бойынша оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын, ойын айшықты етіп беру шеберліктерін қалыптастыру көзделеді; мұның өзі оқушыларда ана тілін жан-жақты танып-білудің жаңа мотивациясын туғызады;

✓ қазақ әдеби тілінің фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, морфологиялық, грамматикалық, стильдік, пунктуациялық нормаларын меңгереді;

✓ тіл мен мәдениет арасындағы байланысты түсінеді; қазақ тілін ана тілі ретінде меңгеру арқылы оқушылар алған білімін әлемдік мәдениетпен ұштастыра алады; олар адамгершілік құндылықтарды таңдау, оған анализ жасау және бағалау дағдыларын қалыптастыра отырып, кез келген жағдайдан шыға білу дағдыларына ие болады;

✓ әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын (газет-журналдар т.б.) сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады; оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады;

✓ қазақ тілі пәнін меңгеру арқылы қоғамдық өмірге араласуға қажетті жазылым, айтылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын жағдаяттар жүйесі негізінде дамытады; олар қазақ тілінде түрлі өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады,  көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады; қазақ тілінде  берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады; түрлі мәтіндерді өздігінен  түсініп оқиды; оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары арқылы тың идеяларын өзгелермен еркін бөліседі.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы  оқушыларды қазақ ұлттық тілінің иегері ретінде қазақ тілінде сақталған тілдік жүйе құрылымын, қазақ әдеби тілі

нормалары бойынша жазу және сөйлеу ерекшеліктерін, тарихи-мәдени ақпараттарды, жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін меңгеріп, тілдік тұлға деңгейіне жетілдіру бағдарын ұстанады.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы оқушыларды қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде меңгере отырып, қазақша айтылғанды тыңдап-түсіну, оқу, жазу, сөйлеу, ойын айту дағдыларын еркін қолдануға бағытталады. Қазақ тілін оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бағытында оқытып-меңгертуде қазақша нормативтік сөйлеу ортасын қалыптастыратын және дамытуға өз үлесін қоса алатын тілдік тұлға қалыптастыруды көздейді. Қазақша үлгілі сөйлеу мен жазу – қазақстандық қоғамның құндылық жүйелеріне үлес қосу деп түсінетін деңгейге жеткізуді көздейді [4].

Бағдарлама оқушыларға қазіргі қазақ тілін дамыған жүйе ретінде танытып, оның құрылымын жай ереже түрінде емес, өмірдің түрлі саласындағы атқаратын қызметімен тығыз байланыста меңгертеді.

Бағдарламада оқушылардың қазақ тіліне деген құндылық көзқарасын қалыптастырып, қазақ тілін қазақ халқының болмысын танытушы ерекше феномендік құбылыс ретінде түйсінуге жетелейтін әдіс-тәсілдер жүйесі жүйеленіп беріліп отыр. Қазақша сауатты сөйлеу мен жазу, пікір алысу, мәтін талдау, тыңдай білу мәдениеті негіздерін үйрену, сұхбаттасу әдептерін коммуникативтік дағдылармен тығыз бірлікте қалыптастыру – бағдарламаның өзіндік ерекшелігін танытады.

Бағдарламада қамтылған дидактикалық бірліктер – көркем мәтін мен көркем емес мәтін негізінде сөйлеу, оқу, жазу, тыңдау дағдыларын тілдік бірліктермен тығыз байланыста оқытатын оқу материалдарын қамтиды. Олар оқу және әдістемелік міндеттерге сай болуы тиіс. Атап айтқанда, *қазақша сөйлеу мен жазу арқылы өз ойын білдіру, монолог құру мен диалогке қатысу, өзінің ойын, пікірін жеткілікті дәрежеде айта алу мен дәлелдеу, басқа пәндерді оқып-меңгеруі барысында қазақ тілінен үйренген дағдыларын мол етіп қолдану мен қазақша сөйлеу және жазба тілін барлық пәндер бойынша дамыту* деген дидактикалық талаптарға сай сұрыпталынып, нәтижесінде оқу материалының құрылымдық-мазмұндық болмысы осы бағытты ұстанды [4].

Қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан оқыту функционалдық-мағыналық тұрғыдан меңгертуді білдіреді. Коммуникативтік технология, негізінен, сөйлеу әрекетінің есту, сөйлеу, оқу, жазу түрлерінің өзара біртұтас байланыстағы кешенді оқытуға сүйенеді. Жаңартылған бағдарлама мазмұны бойынша оқушылар тілді сөйлеу әрекеті негізінде меңгереді.

Коммуникативтік технология жүйесімен қазақ тілін меңгерту арқылы қазақ тілінің түрлі салада қызмет ету тетіктерін түсінеді және қолдану дағдыларын меңгереді. Ондай қызмет ету тетіктері ретінде мыналарды атауға болады:

- тілдің құрал болу қызметі - тілді бір нәрсе туралы ақпарат алу үшін қолданғанда;
- тілдің реттеушілік қызметі - сөйлеуші тілді өз айналасындағы адамдардың мінез-құлқын реттеу үшін қолданғанда;
- тілдің интерактивтік қызметі - сөйлеуші тілді басқа адамдармен өзара байланысу мақсатында қолданғанда;

• тілдің жеке тұлғалық қызметі - сөйлеуші тілді жеке басының ойы мен сезімін білдіру үшін қолданғанда;

• тілдің эвристикалық қызметі - тілді әлемді танып-білу үшін қолданғанда;

• тілдің бейнелік қызметі - тілді қиял әлемін бейнелеу үшін қолданғанда;

• тілдің репрезентативтік қызметі - тілді ақпаратты жеткізу үшін қолданғанда.

Қазақ тілін коммуникативтік технология негізінде оқытуда басты ерекшелік – сөйлеу жағдаяттары мен сөйлеу іс-әрекеттерінен құралатын жеке тұлғаның сөйлеу барысындағы мінез-қылығы.

Қазақша коммуникативтік құзырет дегеніміз – оқушының қазақ тілін қолдана отырып, тұрмыстық, оқу, кәсіби, мәдени өмірінде өзіне өзекті болып табылатын қазақша тілдік міндеттерді шеше алуы; қазақ тілінің нормасына сай қазақша сөйлеу және жазу, тыңдау-түсіну, оқу-түсіну міндеттерін шеше алуы. Коммуникативтік құзырет адамның жеке тұлғалық қасиетіне бірден айналмайды, ол қазақша қарым-қатынас жасау барысында ғана танылады. Тілді оқытудың мақсаты – коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру. Бұл терминді алғаш рет этнолингвист Делл Хаймс (Hymes) енгізген болатын. Хаймстің коммуникативтік құзыреттілік теориясы сөйлеушінің нақты бір сөйлеу қауымдастығында өзін түсінгендігін білуі болып табылады. Сонымен қатар Е.А. Быстрова да «Ана тілді меңгеру барысындағы коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз әртүрлі саладағы мақсатқа байланысты түрлі қарым-қатынас үлгілеріне дайын болу» деген тұжырым жасайды. Ғалымның пайымдауынша, коммуникативтік құзыреттіліктің негізі сөйлеу әрекеттерінде жатыр. Ал жаңартылған бағдарлама мазмұны бойынша оқушылар тілді сөйлеу әрекеттері негізінде меңгереді. Қазақ тілінің грамматикасын тыңдау және оқу барысында меңгеріп, сөйлеу және жазу барысында дұрыс қолдануға үйренеді. Коммуникативтік құзырет адамның жеке тұлғалық қасиетіне бірден айналмайды, ол қазақша қарым-қатынас жасау барысында ғана танылады [3].

Жалпы білім беру бағдарламасы мақсаттарының бірі – түрлі әлеуметтік топтармен тиімді тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге қажетті дағдыларды дамыту үшін ынталандырушы және қолдаушы орта құру керек. Коммуникацияның түрлі формаларын қолдану құнды болып саналатын мұндай ортада оқушылар өз пікірін еркін білдіре алады.

Коммуникативтік құзіреттілік дегеніміз шынайы диалог, айтыс, келісімдерді, коммуникацияны жүргізу туралы нормалар, ережелер туралы білім жиынтығы. Сондықтан да қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді тиімді және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттар тудырылуы керек. Мұндай тілдік жағдаяттар тек қана коммуникативтік жаттығулар арқылы жүзеге асырылады. Жаттығуларда оқушылар түрлі оқу жағдаяттарына түсіріліп, тілді саналы түрде игере алады [3].

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы осы мәселелердің барлығын дерлік қамтуды көздейді.

Әдіскер-ғалым Қ.Жұбанов еңбектеріндегі тұжырымдарға да зер салсақ, ол ұсынған тиімді әдістердің қатарында түйінді мәселеге көңіл аудару, сөзбен

суреттеу, көрнекілік, өмірге үңілдіру, еңбек процесімен байланыс, жүйелі ойға төселдіру, оқушының алдына проблема қоя оқыту, бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету т.б. – бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен ұштасып қана қоймай, қазіргі кезде басымдылық беріліп отырған іздендіре, дамыта оқытудың ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік негізін қалаған ой-пікірлер болғанын аңғару қиын емес. Мәселен, қазіргі оқыту мәселелеріне байланысты қарастырылып жүрген таным процесі – өмірге үңілдіру; проблеманы оқыту – оқушы алдында проблема қоя оқыту; пәнаралық байланыс – бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету; дамыта оқыту – жүйелі ойға төселдіру; тіл дамыту – сөзбен суреттеп көрсетудің т.б. негізгі бағыт-бағдарымен сәйкес келеді. Осының өзі де тілші-ғалымның әдістемелік көзқарасы мен жасаған түйіндерінің өміршеңдігін дәлелдейді [4].

Сонымен қатар, бағдарламада оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қызықты болатын, өмірмен байланысты лексикалық тақырыптар ұсынылды. Ұсынылған лексикалық тақырыптар оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың болашақта мамандық таңдауына, дүниетанымын кеңейтуіне өз септігін тигізеді. Қозғалған тақырыптар туралы ғылыми деректерді оқушылар биология, география, тарих, өнер, физика секілді пәндерден алады. Бұл оқушының пән мен тілді қатар меңгеруіне ықпал етіп, академиялық тілін қалыптастырады. Пәнаралық байланыс орнайды. Ж.Аймауытовтың «Басқа пәндерден тіл оқыту айырым болмасын, қайта өзге пәндер тіл үйренуге керек етсін» деген пікірі де бағдарламаның ұстанымын растайды.

Кезінде Ж.Аймауытов оқытудың кемшілігі ретінде өмірге қажетсіз, қызықсыз әрі жаттанды «қысыр» білімнің өмірге, тұрмысқа бейімдемейтінін атап өтті. Мұның барлығы оқушыны кітаптан, заманнан алыстатынын да қоса айтқан [4].

«Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру» тарауында оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі, пәннің білім мазмұнын құрайтын бөлімдер мен бөлімшелер және пән бойынша базалық білім мазмұны берілген.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес анықталды. «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі салыстырмалы түрде 1.2-кестеде берілген.

1.2-кесте – Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі

| Пән / Сынып | *Қазақ тілі* | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *2013 жылғы үлгілік оқу бағдарламасында* | | *Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында* | |
| | апталық | жылдық | апталық | жылдық |
| 5 | 3 сағат | 102 сағат | 3 сағат | 102 сағат |
| 6 | 3 сағат | 102 сағат | 3 сағат | 102 сағат |
| 7 | 3 сағат | 102 сағат | 3 сағат | 102 сағат |
| 8 | 3 сағат | 102 сағат | 2 сағат | 68 сағат |
| 9 | 1 сағат | 34 сағат | 2 сағат | 68 сағат |

1.2-кестеден білім мазмұнын жаңарту аясында «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген жалпы сағат санын 2012 жылғы Үлгілік оқу жоспарымен салыстырып қарасақ, 5-7-сыныптарда сақталған, 8-сыныпта 1 сағатқа азайтылғанымен, 9-сыныпта 1 сағатқа арттырылғанын байқауға болады. Бұл оқу бағдарламасында берілген тақырыптар мен оқу мақсаттарының «шиыршық» қағидаты негізінде әзірленгеніне, яғни белгілі бір оқу кезеңінен кейін (оқу жылы барысында немесе келесі сыныптарда) оқу мақсаттары мен тақырыптардың, білім мен дағдының көлемі тереңірек, күрделірек қайта қарастырылатынына байланысты.

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген пікірді қолдаушылар саны артып келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді.

Жаңартылған оқу бағдарламасында ең алдымен, оқушылардың бойында қалыптастыру көзделетін төмендегідей құндылықтар мен дағдылар анықталған.

*Құндылықтар:*

- шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
- қарым-қатынас жасау қабілеті;
- өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;
- жауапкершілік;
- денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;
- өмір бойы оқуға дайын болу.

*Дағдылар:*

- сын тұрғысынан ойлау;
- білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;
- проблемаларды шешу қабілеті;
- ғылыми-зерттеу дағдылары;
- қарым-қатынас дағдылары;
- жеке және топпен жұмыс істей алу қабілеті;
- АКТ саласындағы дағдылар.

Оқу пәні бойынша білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді анықтайтын оқу бағдарламасын әзірлеу барысында жоғарыда келтірілген құндылықтар мен дағдылар ескерілген.

Оқу бағдарламасы мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін, біріздiлік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:

1-бөлім. «Тыңдалым және айтылым».

2-бөлім. «Оқылым».

3-бөлім. «Жазылым».

4-бөлім. «Әдеби тіл нормалары».

«Тыңдалым» мен «Оқылым» рецептивті дағдылар, ал «Айтылым» мен «Жазылым» продуктивті дағдылар қатарына жатады.




1-сызба – «Қазақ тілі» оқу бағдарламасының бөлімдері.

Бұдан әрі негізгі бөлімдер дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік деңгейіне қарай бөлімшелерге бөлінеді (2-5-сызбалар). Бөлімшелер әр сынып деңгейінде күтілетін нәтижелер түрінде оқу мақсаттарын айқындайды. Оқу мақсаттары әрбір бөлімше бойынша ілгерілеуді білдіріп, мұғалімдердің жоспарлауына және бағалауына, оқушылармен алдағы қадамдары туралы ойларымен бөлісуіне мүмкіндік береді.




2-сызба – Бірінші бөлім




3-сызба – Екінші бөлім




4-сызба – Үшінші бөлім




5-сызба – Төртінші бөлім

1) «Тыңдалым және айтылым» бөлімі оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- берілген ақпаратты түсіну;
- негізгі идеяны және түрлі жағдайлар тұрғысынан мәтіндегі көптеген көзқарастарды анықтау;
- тыңдалған материалға жауап беру;
- жасырын мәтінді анықтау, болжау;
- қоғамдық және іскерлік жағдайлардағы тіл мәдениетін түсіну және іске асыру;
- тыңдаушылардың назарын аудару үшін әдеби тәсілдерді пайдалану;
- тыңдалған материалды бағамдау;
- мультимедиа ресурстарын пайдалана отырып, сөйлеу және тыңдау.

2) «Оқылым» бөлімі оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- жазбаша ақпаратты түсіну;

- мәтіннің негізгі идеясы мен құрылымын анықтау;
- мәтіндегі лексиканың ерекшеліктерін түсіну;
- сұрақтарды тұжырымдау және бағамдау;
- мәтіннің түрлері мен стилін анықтау;
- әртүрлі оқылым стратегияларын пайдалану;
- түрлі ақпарат көздерінен қажетті ақпаратты алу;
- мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау.

3) «Жазылым» бөлімі оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:
- өз көзқарасын білдіре отырып мәтін жазу;
- тиісті стильді пайдалана отырып, алуан түрлі тақырып бойынша мәтін жазу;
- жоспар құру;
- өзіндік стильде мәтін құру;
- тыңдалым, оқылым және аудиовизуалды материалдар негізінде шығармашылық жұмыс жазу;
- түрлі жанрда мәтін құру;
- мәтіндерді салыстыру;
- мәтіндерді түзету және түрлендіру;
- оқырманның қызығушылығын оятып, сендіріп жазу;
- эссе жазу.

4) «Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімі аясындағы бөлімшелер оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:
- тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;
- тілдік заңдылықтарды, екпін түрлерін, интонацияны сөйлеу мәнеріне сай қолдану;
- сөздік қорды, тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білу;
- сөздің грамматикалық заңдылықтарын орынды қолдану;
- тыныс белгілердің түрлерін дұрыс қолдану [2].

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту осы төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Сабақты аталған дағдылар ерекшілігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгеруге септігін тигізеді. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аталған дағдылар туралы ақпараттар Кэмбридж басылымдары «The TKT course» (Cambridge University Press, 2011) және терминдерге анықтама «The TKT glossary» (UCLES, 2011) кітаптарынан алынды. Бұл кітаптарда айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым туралы негізігі түсініктер мен оны ұйымдастыру жолдары берілген. Әлемдік тәжірибелерді сипаттау барысында қазақ тілінің тілдік ерекшелігі және қолданыстағы терминдері ескерілді.

Коммуникативтік дағдыларды басшылыққа алып оқыту туралы қазақтың ағартушы-ғалымдары да айтып кеткен. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытов былай дейді: «*Баланы тілдің әр түріне машықтандырғанда белгілі жүйе қолданылсын. Жазу, оқу тыңдаудан, сөйлеуден соң келеді, соңғылар*

*тәжірибеден соң келеді. Сондықтан әуелі баланың көрген-білгені туралы әңгіме құрып, содан кейін оқуға, жазуға үйретілсін*».

Оқу пәнінің базалық білім мазмұны

«Қазақ тілі» пәнінің базалық білім мазмұны 1.3-кестеде көрсетілген.

1.3-кесте – «Қазақ тілі» оқу пәнінің базалық білім мазмұны

| *Сыныптар* | *Базалық білім мазмұны* | | | |
|---|---|---|---|---|
| | *Тыңдалым және айтылым* | *Оқылым* | *Жазылым* | *Әдеби тіл нормалары* |
| 5 | тірек сөздер арқылы тақырыпты болжау, негізгі ойды анықтау, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау, қыстырма, қаратпа, одағай сөздер арқылы өз ойын білдіру | мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтін арқылы тану, хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы, жанрлық ерекшеліктері, ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтіндер, оқылым стратегияларын қолдану, қажетті ақпаратты таба білу | мәтін бөлімдеріне (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) жоспар құру, хат, хабарлама, жарнаманы жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес жазу, сюжетті суреттер негізінде әңгіме жазу, эссенің бөлімдерін меңгеру (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды), мекен мен оқиғаны сипаттайтын не суреттейтін эссе жазу; | орфографиялық норма: қазақ тілінің дыбыстар жүйесі, үндестік заңы, емле заңдылықтары;<br>орфоэпиялық норма: ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал;<br>лексикалық норма:сөздердің тура және ауыспалы мағынасы, көп мағыналы сөздер, синоним, омоним, антоним;<br>грамматикалық норма: туынды сөздер, күрделі сөздер, зат есімнің мағыналық түрлері, сын есім, шырай категориясы, сан есім, мағыналық түрлері, төл сөз бен төлеу сөз, автор сөзі;<br>пунктуациялық норма: төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану. |
| 6 | көтерілген мәселені болжау, әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі көтерілген мәселені талдау, мәтін мазмұнын | мәтіннен негізгі және детальді ақпаратты анықтау, ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеуді тілдік құралдар арқылы тану, ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеудің құрылымдық | әртүрлі жанрдағы мәтіндер жазу үшін жоспар құру, мінездеме, өмірбаян, құттықтауды жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай жазу, графиктік мәтін құрастыру, эссе жазу барысында | орфографиялық норма: жеке, бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздер;<br>орфоэпиялық норма:сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін;<br>лексикалық норма: көнерген сөз, эвфемизим, дисфемизм, неологизм,термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздер;<br>грамматикалық норма: есімдік, етістік, етіс түрлері, салт және сабақты етістік, үстеу, үстеудің мағыналық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | түсіну, детальді ақпаратты түсіну, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау, жалпы және нақты сұрақтар, мәтін мазмұнын шынайы өмірмен байланыстыру, ресми сөздер мен тіркестерді, терминдерді орынды қолдану, диалогке қатысу | және жанрлық ерекшеліктерін ажырату, мәтін негізінде нақтылау сұрақтарын құрастыру, оқылым стратегияларын қолдану, комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу, сілтеме жасау | абзацты жүйелі құрастыру, «келісу, келіспеу» эссесін жазу, жинақы мәтін жазу, мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау | түрлері;<br>пунктуациялық норма: қазақ тіліндегі тыныс белгінің түрлері, даралаушы тыныс белгілері |
| 7 | мәтін негізінде оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау, әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармаларда н үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау, факті мен көзқарасты ажырату, дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау, дәлелді жауап беру, | мәтіндік және графиктік ақпаратты интерпретация лау, тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін тану, хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату, мәтіннің тақырыбын, құрылымын, мақсатты аудиториясын, тілдік ерекшеліктерін | күрделі жоспар құру, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу, графиктік мәтін түрінде берілген процесті сипаттап жазу, дискуссивті эссе жазу, жинақы мәтін жазу, мәтін негізінде лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау | орфографиялық норма:жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу;<br>орфоэпиялық норма: сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану;<br>лексикалық норма:фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану;<br>грамматикалық норма: есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлері, еліктеу сөздер, шылау түрлері, одағай, оқшау сөздер;<br>пунктуациялық норма: сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | салыстыру, талқылау, коммуникативтік жағдаятқа сайкөркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу | талдау, мәтін негізінде проблемалық сұрақтар құрастыра білу, комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу, сілтеме жасау | | |
| 8 | дәйексөз, үзінді негізінде мәселені болжау, әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау, астарлы ойды анықтау, тұрмыстық, әлеуметтік мәтіндерді талдау арқылы негізгі ойды анықтау, перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы | тұтас және аралас мәтіндердегі ақпаратты салыстыру, тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін тану, мақала, аннотация, презентация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату, ғылыми және публицистикалық стильде жазылған мәтіндерді талдау, сілтеме жасау | тезистік жоспар құру, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу, графиктік мәтіндердегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу, аргументативті эссе жазу,бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау | орфографиялық норма:бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу;<br>орфоэпиялық норма: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;<br>лексикалық норма:сөздік қор мен сөздік құрам;<br>грамматикалық норма: сөз тіркестерінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді және етістікті сөз тіркестері, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері, сөйлемнің бірыңғай мүшелері мен айқындауыш мүшелері, жай сөйлем,жай сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі;<br>пунктуациялық норма:қабаттаса қолданылатын тыныс белгілері |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау, коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу | | | |
| 9 | әртүрлі жанрдағы орта көлемді мәтіндердегі мақсатты аудитория мен тілдік құралдардың рөлін талдау, тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу, мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау, мәтінде айтылған ойға өз көзқарасын білдіру, сыни тұрғыдан баға беру | тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу, қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану, мақала, аннотация, презентация, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату, әртүрлі стильдегі мәтіндердің қызметін, құрылымын, ерекшелігін салыстыру, белгілі бір | күрделі жоспар құру, әртүрлі жанрдамәтіндер құрастыру, жағдаятты талқылау, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе), перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу, тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу | орфографиялық норма: жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру, мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру, мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу,эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе, оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу, жазба жұмысын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу, ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау | | абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау; орфоэпиялық норма: мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; лексикалық норма: лексикалық стилистика заңдылықтарын дұрыс қолдану; грамматикалық норма: құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу, салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану, сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану, аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану; пунктуациялық норма: құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану. |

Сонымен қатар, «Қазақ тілі» пәні бойынша әзірленген оқу бағдарламасына негіз болған маңызды қағидат оқу бағдарламасының спиральділік қағидаты болып табылады.

Спиральді оқу бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды;
- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі;
- жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

Спиральді оқу бағдарламасын жақтаушылар оның төмендегідей басымдықтарына назар аударады:

- оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады;
- спиральді оқу бағдарламасы қарапайым идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді;

- оқушыларды межеленген оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Оқу бағдарламасы оқу жылы көлемінде бөлімдердің оқытылу ретін көрсететін ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілді және ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша оқылатын шығармалар, тілдік дағдылар бойынша күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілді.

*Ұзақ мерзімді жоспар* білім беру деңгейі бойынша барлық сыныптардағы пән тарауларын белгілеп, олардың жалпы ережелерін анықтайды. Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының элементі ретінде оқу жылына арналған тақырыптар мен бөлімдерді анықтайды. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр тарауда қамтылуы тиіс оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

Ұзақ мерзімді жоспарларда: білімді дамытудың жалпы қағидалары (дамыту тұжырымдамасы); дамыту бағдарламасы және басты бағыты; алға қойылған білім беру мақсаттарына жітуді қамтамасыз ететін маңызды іс-шараларды жүзеге асырудың реті мен мазмұны көрсетіледі.

Ұзақ мерзімді жоспарда пән бойынша базалық мазмұнның, лексика-грамматикалық бөлімнің атаулары, грамматикалық тақырыптар төңірегінде қамтылатын грамматикалық материалдар, сөйлеу әрекетінің түрлері және тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттары тоқсандар бойынша көрсетілген. Мысалы, 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» үлгілік оқу бағдарламасындағы 1-тоқсанның ұзақ мерзімді жоспары 1.4-кестеде, 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» үлгілік оқу бағдарламасындағы 4-тоқсанның ұзақ мерзімді жоспары 1.5-кестеде, 9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» үлгілік оқу бағдарламасындағы 2-тоқсанның ұзақ мерзімді жоспары 1.6-кестеде көрсетілген.

1.4-кесте – 5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» үлгілік оқу бағдарламасындағы Ұзақ мерзімді жоспардан үзінді

| Лексика-грамматикалық бөлімдер | Грамматикалық материал | Тақырыптар/ жоспардың мазмұны | Оқыту мақсаттары. Білім алушылар білуге тиісті |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | | | |
| 1. Мәдениет: тіл және қарым-қатынас. Фонетика | Дауысты, дауыссыз дыбыстардың емлесі. Үндестік заңы. Орфографиялық норма | Тыңдалым және айтылым | 5.1.1.1 тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау;<br>5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру |
| | | Оқылым | 5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау;<br>5.2.2.1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану |
| | | Жазылым | 5.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 5.3.4.1эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу |
| | | Әдеби тіл нормалары | 5.4.1.1 қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу |
| 2. Киіну. Сән.Талғам. Фонетика | Дыбыс үндестігі | Тыңдалым және айтылым | 5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог,монологтердегі (ән мәтіні, жарнама) көтерілген мәселені түсіндіру;<br>5.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау |
| | | Оқылым | 5.2.3.1 жарнама құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату;<br>5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру |
| | | Жазылым | 5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, жарнама құрастырып жазу;<br>5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау |
| | | Әдеби тіл нормалары | 5.4.2.1 сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу |
| 3. Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Лексика | Сөз және оның мағынасы | Тыңдалым және айтылым | 5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама) көтерілген мәселені түсіндіру;<br>5.1.4.1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау |
| | | Оқылым | 5.2.4.1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру;<br>5.2.3.1 хаттың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату |
| | | Жазылым | 5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат құрастырып жазу;<br>5.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу |
| | | Әдеби тіл нормалары | 5.4.3.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздеркөркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану |

1.5-кесте – 7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» үлгілік оқу бағдарламасындағы Ұзақ мерзімді жоспардан үзінді

| 3-тоқсан | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Ғаламтор ғаламаты. Морфология | Шылау түрлері. Шылау емлесі | Тыңдалым және айтылым | 7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу;<br>7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау |
| | | Оқылым | 7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау;<br>7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру |
| | | Жазылым | 7.3.3.1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу;<br>7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу |
| | | Әдеби тіл нормалары | 7.4.4.3 шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану |
| 2. Қазақстандағы ұлттар достастығы. Морфология | Еліктеуіш сөз. Бейнелеуіш сөз | Тыңдалым және айтылым | 7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау;<br>7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сайкөркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу |
| | | Оқылым | 7.2.4.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;<br>7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату |
| | | Жазылым | 7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе);<br>7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | түзетулер енгізу, редакциялау |
| | | Әдеби тіл нормалары | 7.4.4.2 еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну |
| 3. Дұрыс тамақтану. Морфология | Одағай. Одағай түрлері | Тыңдалым және айтылым | 7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (пікірталас, жаңалық) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау;<br>7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу |
| | | Оқылым | 7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру;<br>7.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау |
| | | Жазылым | 7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру;<br>7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрастырып жазу |
| | | Әдеби тіл нормалары | 7.4.4.4 одағай түрлерін ажырата білу, қолдану |

1.6-кесте – 9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» үлгілік оқу бағдарламасындағы Ұзақ мерзімді жоспардан үзінді

| 2-тоқсан | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. ЭКСПО-2017 Синтаксис | Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары. Құрмалас сөйлемнің түрлері | Тыңдалым және айтылым | 9.1.2.1қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау;<br>9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу |
| | | Оқылым | 9.2.3.1 мақала, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату;<br>9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу;<br>9.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау |
| | | Жазылым | 9.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу;<br>9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау |
| | | Әдеби тіл нормасы | 9.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу |
| 2. Адам құқығы мен бостандығы. Синтаксис | Ыңғайлас салалас. Себеп-салдар салалас. Қарсылықты салалас | Тыңдалым және айтылым | 9.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру;<br>9.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту;<br>9.1.6.1 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау, орта көлемді монолог дайындау |
| | | Оқылым | 9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;<br>9.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру |
| | | Жазылым | 9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу(аргументативті эссе);<br>9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау |
| | | Әдеби тіл нормасы | 9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіру |

1.3-1.5 кестелерден көріп отырғанымыздай, 5-7-сыныптарда бір тоқсанда үш бөлімнен, ал 8-9-сыныптарда екі бөлімнен қарастырылады. Мұндай бөлу оқу пәнінің базалық мазмұнына байланысты. Сондай-ақ ұзақ мерзімді жоспарда оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік беретін лексикалық тақырыптармен қатар грамматикалық тақырыптар да берілген. Келесі бағанда грамматикалық тақырыптардың айналасында қарастырылатын грамматикалық материалдар ұсынылды және ол «Әдеби тілі нормалары» (ӘТН) деген атаумен тілдік дағдылармен қатар функционалдық-коммуникатиктік мәнмәтінде оқытылады. Келесі бағандарде тілдің төрт түрлі дағдысы мен әдеби тіл нормаларының оқу мақсаттары әр тоқсанға бөлініп берілген. Тілдік

дағдыларды меңгертуге арналған оқу мақсаттары әр тоқсанда екіден, ал «әдеби тіл нормаларын» меңгертуге бір-бір мақсаттан берілген.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында әр тарауды игеруге арналған сағат саны көрсетілмеген. Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылған. Бұл шешім оқу-әдістемелік бірлестігінің отырысында қабылдана алады. Жоспарлау кезінде мұғалімдер бекіту және қайталау сабақтарын ескерулері тиіс. Ең бастысы бір тоқсанда көрсетілген материал сол тоқсанда игерілуі керек.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының икемділігі мен жан-жақтылығы оның маңызды сипаттамасы болып табылады. Тиісті тоқсанның аясында тараулар мен тақырыптарды игеруге бөлінетін сағат санын анықтау мұғалімдердің еркіне қалдырылған.

Жаңартылған бағдарлама мазмұны бойынша оқушылар тілді сөйлеу әрекеті негізінде меңгереді. Қазақ тілін тыңдау және оқу барысында меңгеріп, оны сөйлеу және жазу барысында дұрыс қолдануға үйренеді. Коммуникативтік құзырет адамның жеке тұлғалық қасиетіне бірден айналмайды, ол қазақша қарым-қатынас жасау барысында ғана танылады. Сондықтан да қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді тиімді және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттар тудырылуы керек. Мұндай тілдік жағдаяттар тек қана коммуникативтік жаттығулар арқылы жүзеге асырылады. Жаттығуларда оқушылар түрлі оқу жағдаяттарына түсіріліп, тілді саналы түрде игере алады.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы осы мәселелердің барлығын дерлік қамтуды көздейді және коммуникативтік жағдаяттарды жүзеге асыру үшін өмірдің әртүрлі саласы бойынша лексикалық тақырыптарды ұсынады. Атап айтқанда әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек, тарихи-мәдени, саяси, экономикалық тақырыптар. *Мысалы, 5-сыныпта «Мәдениет: тіл және қарым-қатынас», «Киіну. Сән.Талғам», «Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер», т.б.* Бұндай тақырыптар оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді, белгілі бір тақырыптар аясында оқушылардың сөздік қорын байыта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге, оларды мақсатқа сай орынды қолдануды жүзеге асырады.

Сондай-ақ, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қызықты болатын, өмірмен байланысты *«Ғарышты игеру жетістіктері», «Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер», «Қоршаған орта және энергия ресурстары», «Қазақстандағы туризм және экотуризм», «Театр өнері мен мәдениеті», «Биотехнология және гендік инженерия келешегі»* бөлімдеріне қатысты лексикалық тақырыптар оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың болашақта мамандық таңдауына, дүниетанымын кеңейтуіне өз септігін тигізеді. Аталған тақырыптар туралы ғылыми деректерді оқушылар биология, география, тарих, өнер, физика секілді

пәндерден де алады. Бұл оқушының пән мен тілді қатар меңгеруіне ықпал етіп, академиялық тілін қалыптастырады. Пәнаралық байланыс орнайды.

Ж. Аймауытовтың «*Басқа пәндерден тіл оқыту айырым болмасын, қайта өзге пәндер тіл үйренуге керек етсін*» деген пікірі де бағдарламаның ұстанымын растайды. Кезінде Ж.Аймауытов оқытудың кемшілігі ретінде өмірге қажетсіз, қызықсыз әрі жаттанды «қысыр» білімнің өмірге, тұрмысқа бейімдемейтінін атап өтті. Мұның барлығы оқушыны кітаптан, заманнан алыстатынын да қоса айтқан. Ағартушы-педагог білім беру жүйесіне мынадай талаптар қояды:

«Мектеп бағдарламасында алған сабақ тақырыптары баланың ортасы, айналасына қатысты. Мысал келтірсек:

1. Мектеп, бала, үй іші (3 жұма).
2. Күзгі жаратылыс (3-4 жұма)
3. Мектеп және үй ішінің күзгі жұмысы (3-4 жұма) [5].

Бұл тақырыптардың сол кезеңдегі балалардың тұрмыс-тіршілігіне, жас ерекшеліктеріне тікелей қатысы бар екені айдан анық. Бұдан қандай тұжырым жасауға болады? Яғни оқу бағдарламасы баланың болашағына тікелей қатысы бар біліммен сусындатып, өмір сүру деңгейінің жоғарылауына септігі тиетін, баланың өз бетімен шешім қабылдауына мүмкіндік беретін дағдыларын қамтамасыз етуі керек дегенді білдіреді.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, жаңадан жаңаны табатын өнер», – деп түйіндеген Ж. Аймауытов өзінің зерттеулерінде пәндердің бірімен-бірі байланыспайтынын, жазылса үйлеспейтін, үйлеспек тұрсын біріне-бірі қайшы кеп, бірінің шын дегенін, бірі «өтірік мансұқ» деп отыратынын да көрсеткен.

«Шын білім тәжірибеде ғана туады. Білім жолының негізі – тәжірибе. Жаттап алып білген білім кісіден сұрап киген тон сияқты. Тойда тонымды бер деп шешіп алғандай, жаттап алып білген білім мектептің табалдырығын аттай бере естен шығады да ұмытылады», – деген Әлихан Бөкейханұлының тұжырымы оқу үдерісінде кеңінен қолдау тауып отыр. Оқушының белсенді оқу әрекетін ұйымдастыру арқылы білім алуына, талдау, салыстыру, анықтау, жүйелеу дағдыларының қалыптасуына, әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасай білуіне, өзгелерді тыңдау, өз ойы мен көзқарасын жеткізе білуге, өзгенің пікірін тыңдауға, сыни тұрғыдан ойлау және бағалауға жан-жақты мүмкіндік жасалып отыр. Оқыту үдерісінде оқушының өмірлік тәжірибесіне сүйеніп, күнделікті өмірде кездесетін құбылыстар мен жағдаяттарды талдауға, сол арқылы өмірге бейімделуіне бағыт-бағдар беріледі.

Сондай-ақ лексикалық тақырыптар бойынша «спиральділік» қағидаты сақталған. Мысалы, 5-сыныпта «Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер», 6-сыныпта «Ұлттық және отбасылық құндылықтар», 7-сыныпта «Сүйіспеншілік пен достық», 8-сыныпта «Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті», 9-сыныпта «Отбасы және демографиялық өзгеріс» тақырыптары қарапайымнан күрделіге қарай дамып отырады.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің 2013 жылғы оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер (білім, білік, дағды) тек оқытылатын грамматикалық білімдерге

сәйкес нақтыланған. Олар білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ретінде оқу бағдарламасының соңында берілген. Бұл тәсіл оқушылардың пәнді меңгеру деңгейін шынайы бағалауға мүмкіндік бермейді.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін пәндік нәтижелер әр бөлімдер мен бөлімшелер бойынша анықталған оқу мақсаттары түрінде берілген. Оқу бағдарламасының 3-тарауында «Оқу мақсаттарының жүйесі» деп аталатын оқу пәнінің мазмұнын анықтауға негіз болып табылатын күтілетін нәтижелер құрастырылған. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген. Әр сынып сайын оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып отырады. Сол себептен оқушы бойында дағды қалыптасады. Оқу мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімін функционалдық және шығармашылықта қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

Оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттерін қамти отырып, коммуникативтік дағдыларын сенімді қалыптастыруға, сол негізде күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталған.

Оқу мақсаттарының жүйесі бірізді, жеңілден күрделіге қарай «спиральділік» қағидаты сақталып жасалған және сыныптан сыныпқа қарай күрделеніп, толығып отырады. Мысалы, «Қазақ тілі» оқу пәнінің «Тыңдалым және айтылым» бөліміндегі «Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау» бөлімшесінің оқу мақсаттары (5-9-сыныптар) спиральділік қағидаты бойынша 1.7-кестеде берілді.

1.7-кесте – «Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау» бөлімшесінің оқу мақсаттары

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2. Әртүрлі жанрда ғы мәтін дерді талдау | 5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені | 6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтерде гі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген | 7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырып-тарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалар дан үзінді) | 8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды | 9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономика лық, ғылыми тақырыпта рға байланыс ты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндерде |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсіндіру | мәселені талдау | автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау | сөздердің рөлін талдау | гі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау |

Аталған оқу мақсаттарының «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарында сыныптар бойынша тақырыптық бөлімдерде нақтылануына тоқталайық. Мысалы, бөлімдер лексикалық және грамматикалық тақырыптарды, грамматикалық материалдарды және оқу мақсаттарын құрайды:

1) «Тыңдалым және айтылым» бөлімі

5-сыныпта:

Тақырып: «Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Лексика». Грамматикалық тақырып негізінде қамтылатын грамматикалық материал: сөз және оның мағынасы.

Тақырыптың оқу мақсаттары:

5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама) көтерілген мәселені түсіндіру;

5.1.4.1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау.

6-сыныпта:

Тақырып: «Ұлттық және отбасылық құндылықтар. Фонетика». Грамматикалық тақырып негізінде қамтылатын грамматикалық материал: екпін, оның түрлері.

Оқу мақсаттары:

6.1.4.1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау;

6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (құттықтау, интервью) көтерілген мәселені талдау.

7-сыныпта:

Тақырып: «Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы. Морфология».

Грамматикалық тақырып негізінде қамтылатын грамматикалық материал: етістіктің шақ түрлері. Рай түрлері.

Оқу мақсаттары:

7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (ән, интервью) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау;

7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау.

8-сыныпта:

Тақырып: «Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті. Фонетика».

Грамматикалық тақырып негізінде қамтылатын грамматикалық материал: сөйлеу ағымындағы әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс.

Оқу мақсаттары:

8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау;

8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау.

9-сыныпта:

Тақырып: «Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Пунктуация».

Грамматикалық тақырып негізінде қамтылатын грамматикалық материал: Түсіндірмелі салалас. Талғаулы салалас. Кезектес салалас.

Оқу мақсаттары:

9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау;

9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу.

2) «Оқылым» бөлімінде «Ақпаратты түсіну» бөлімшесінің оқу мақсаттары (5-9-сыныптар) шиыршық принципі бойынша 1.8-кестеде берілді.

1.8-кесте – «Ақпаратты түсіну» бөлімшесінің оқу мақсаттары

| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Ақпаратты түсіну | 5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау | 6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру | 7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау | 8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру | 9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу |

Кестеде берілгендей, «Ақпаратты түсіну» бөлімшесінің оқу мақсаттары ұзақ мерзімді жоспарда сыныптар бойынша спиральділік қағидаты сақталып, төмендегідей тәртіппен орналасқан.

5-сыныпта:

Тақырып: «Мәдениет: тіл және қарым-қатынас. Фонетика». Грамматикалық тақырып негізінде қамтылатын грамматикалық материал: дауысты, дауыссыз дыбыстардың емлесі. Үндестік заңы. Орфографиялық норма.

Оқу мақсаттары:

5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау;

5.2.2.1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану.

6-сыныпта.

Тақырып: «Әлемнің жеті кереметі. Лексикография». Грамматикалық тақырып негізінде қамтылатын грамматикалық материал: Көнерген сөздер. Эвфемизм. Дисфемизм. Табу.

Оқу мақсаттары:

6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру;

6.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу.

7-сыныпта:

Тақырып: «Ауа райы және климаттық өзгерістер. Фонетика». Грамматикалық тақырып негізінде қамтылатын грамматикалық материал: Интонация. Кідіріс. Логикалық екпін.

Оқу мақсаттары:

7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау;

7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру.

8-сыныпта:

Тақырып: «Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары. Лексика». Грамматикалық тақырып негізінде қамтылатын грамматикалық материал: Сөздік қор. Сөздік құрам.

Оқу мақсаттары:

8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру;

8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру.

«Жазылым» бөлімінде «Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру» бөлімшесінің оқу мақсаттары (5-9-сыныптар) спиральділік қағидаты бойынша 1.9-кестеде берілді.

1.9-кесте – «Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру» бөлімшесінің оқу мақсаттары

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру | 5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру | 6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, | 7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқау- | 8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, | 9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрастырып жазу | өмірбаян құрастырып жазу | лық, әңгіме құрастырып жазу | аннотация, тезис құрас-тырып жазу | құрастыру |

«Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру» бөлімшесінің оқу мақсаттары ұзақ мерзімді жоспарда сыныптар бойынша төмендегідей тәртіппен «шиыршық» принципі сақталып берілген.

5-сыныпта:

Тақырып: «Киіну. Сән. Талғам. Фонетика». Грамматикалық тақырып негізінде қамтылатын грамматикалық материал: дыбыс үндестігі.

Оқу мақсаттары:

5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу;

5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау.

6-сыныпта:

Тақырып: «Ұлттық және отбасылық құндылықтар. Фонетика». Грамматикалық тақырып негізінде қамтылатын грамматикалық материал: екпін, оның түрлері.

Оқу мақсаттары:

6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып мінездеме, құттықтауқұрастырып жазу;

6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау.

7-сыныпта:

Тақырып: «Көшпенділер мәдениеті. Орфография». Грамматикалық тақырып негізінде қамтылатын грамматикалық материал: Шылаудың емлесі. Орфографиялық норма.

Оқу мақсаттары:

7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру;

7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала құрастырып жазу.

8-сыныпта:

Тақырып: «Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті. Фонетика». Грамматикалық тақырып негізінде қамтылатын грамматикалық материал: Сөйлеу ағымындағы әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс.

Оқу мақсаттары:

8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру;

8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала құрастырып жазу.

9-сыныпта:

Тақырып: «Мәңгілік Ел – мұратым. Стилистика». Грамматикалық тақырып негізінде қамтылатын грамматикалық материал: мәтіндегі сөз таңдау, сөз қолдану (қисыны), сөз әрлеу.

Оқу мақсаттары:

9.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру;

9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;

9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы ой-пікірлерін білдіріп, оны талдай және бағамдай білуін талап етеді.

Бағдарламаның тағы бір ерекшелігі – сөйлеу әрекеті түрлерінің арасында байланыстың болуы. Мысалы, «тыңдалым және айтылым» бөлімінде:

• мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;

• тақырып бойынша пікірталасқа қатысады.

«Оқылым» бөлімінде:

• мәтіннен қажетті ақпараттарды табады;

• мәтіннің стильдік ерекшелігін анықтайды.

«Жазылым» бөлімінде:

• әртүрлі жанрда мәтіндер құрастырады;

• мәтіндерді түзетіп, редакциялайды.

«Әдеби тіл нормалары» бөлімінде:

• белгілі бір стильге байланысты лексикалық нормалар (синонимдер, терминдер, т.б.) анықтайды.

Грамматика функционалдық-коммуникативтік мәнмәтінде оқытылады.

Оқу мақсаттарын жүйелі түрде жүзеге асырудың нәтижесінде оқушылардың мәтінді талдау дағдысы қалыптасады. Бұл «грамматика» мүлде оқытылмайды деген сөз емес. Оқушы табиғат пен қоршаған ортаны тануда, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесіп қалатын табиғи құбылыстардың сырын ашуда, ой бөлісуде, пікір алмасуда тілді құрал ретінде пайдаланып, грамматикалық заңдылықтар мен формаларды дұрыс қолдана білуге үйренеді.

Жаңартылған мазмұндағы бағдарламада грамматикалық білім тыс қалған жоқ, грамматика – сөйлеудің де, ойлаудың да негізі. Тек оқушыларға берілу жолы оқушылардың алған білімін өмірде қолдануына дейін жеткізіп, практикалық, функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатын алға қойып отыр.

Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады. Оқушының әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуіне үлкен мән беріледі.

Грамматикалық тақырыптар мен онда қамтылған грамматикалық материалдарда тіл білімі жүйесінің (фонетика, лексика, морфология және синтаксис) реттілігі сақталған. Грамматика «Әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімінің»:

1) орфографиялық норма;

2) орфоэпиялық норма;

3) лексикалық норма;

4) грамматикалық норма;

5) пунктуациялық норма бөлімшелерінде қарастырылады [2].

Грамматиканы оқытудың ерешеліктері:

• белгілі бір контекст, коммуникативтік жағдаят негізінде оқытылады;

• грамматикалық ережені білуден гөрі орынды және дұрыс қолдануына мән беріледі;

• мәтіндердің стилі мен жанрына, коммуникативтік жағдаятқа байланысты оқушы грамматикалық бірліктерді дұрыс таңдай алуы тиіс;

• ауызша және жазбаша мәтін құрауда грамматикалық бірліктер мен құрылымдарды түрлендіріп қолдана білуі қажет.

Қазақ тілін қазақ мектебінде ана тілі ретінде дәстүрлі оқытуда грамматиканы «тіл формасынан тіл мазмұнына қарай жүрумен» оқытып келсе, грамматиканы функционалдық оқытуда «тіл бірлігінің қызметінен оның формасына қарай жүру» логикасына қарай өзгерді.

Грамматиканы функционалдық тұрғыдан оқытуда грамматикалық бірліктердің функциялары мен формалары тығыз бірлікте қарастырылады.

Грамматиканың формалды жағы – грамматикалық бірліктердің таптарға жіктелуі, категорияларға бөлінуі арқылы танылады. Енді осы грамматикалық бірліктердің мәтінді құруға қатысуда қандай функционалдық мағыналық қызмет атқарғанын таныту функционалдық грамматиканың міндеті болып табылады. Сөйтіп, грамматикалық дағдыларды қалыптастыру бірізділігі оның білдіретін мағыналық қызметімен тығыз байланыста жүргізілуі керек. Ондай мүмкіндіктер мәтіндерді қолдана отырып оқытуда молынан табылады.

Қазақ тілін оқытудың жаңа басым бағыттары: функционалдық, мәтінге негізделген, коммуникативтік әрекет. Сондықтан қазақ тілі сабақтарының заманауи талаптары: тіл бірліктерінің мәтінқұраушы және көркем-мәнерлі функцияларын таныту негізінде құрылған жаңа білім мазмұны, грамматиканы функционалдық негізде оқытудағы мәтіннің білім көзі ретіндегі маңызды орны, қазақ тілі мен қазақша сөйлеу және жазба тілінің тұтастықта танылуын көздейтін жаттығулар жүйесі.

Оқушы табиғат пен қоршаған ортаны тануда, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесіп қалатын табиғи құбылыстардың сырын ашуда, ой бөлісуде, пікір алмасуда тілді құрал ретінде пайдаланып, грамматикалық заңдылықтар мен формаларды дұрыс қолдана білуге үйренеді. Яғни, оқушылар грамматиканы дәстүрлі «жаттанды» әдіспен емес, өмірмен байланысты мәнмәтінде меңгереді. Ол оқу бағдарламасында сөйлеу әрекеті түрлері бөлімінен бөлек «Әдеби тіл нормалары» бөлімінде көрініс табады.

Әдеби тіл нормалары бөлімшелерінің оқу мақсаттарында да «спиральділік» принципі сақталған. Мысалы, «Орфографиялық норма» бөлімшесі бойынша 5-сыныпта «*қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу*»;

6-сыныпта «*тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу*»;

7-сыныпта «*жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу*»;

8-сыныпта «*тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу*»;

9-сыныпта «*мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу*» деген оқу мақсаттары сыныптан-сыныпқа қарай күрделеніп отырғанын байқауға болады.

Сонымен қатар, «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы оқушыларға түсіну мен жауап беруді, тілдесім мен аудиовизуалды материалды тыңдау барысында өз көзқарастарын білдіруді үйретеді. Көркем мәтін мен жай мәтіндерге қойылған мақсатқа сәйкес қорытынды, синтез, анализ жасау дағдыларын меңгертеді.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы оқушылардың төмендегідей дағдыларын қалыптастыруға және жетілдіруге бағытталған:

- оқушылар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретіндегі мәртебесіне лайықты қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметін танып біледі;
- қазақ тілінде тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді үйренеді;
- өзінің ойын ауызша және жазбаша түрде сауатты құрауға, ауызша және жазбаша түрде өз ойын жеткізуде әдеби тілдің нормаларын саналы түрде қолдана отырып, сөйлеу барысында өзара қарым-қатынас жасау тәсілдерін игеруге ұмтылады;
- қазақ әдеби тілінің фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, морфологиялық, грамматикалық, стильдік, пунктуациялық нормаларын меңгереді;
- тіл мен мәдениет арасындағы байланысты түсінеді, қазақ тілін ана тілі ретінде меңгеру арқылы оқушылар алған білімін әлемдік мәдениетпен ұштастыра алады, олар адамгершілік құндылықтарды таңдау, оған талдау жасау және бағалау дағдыларын қалыптастыра отырып, кез келген жағдайдан шыға білу дағдыларына ие болады;
- әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады, оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады;
- өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады, түрлі мәтіндерді өздігінен түсініп оқиды, оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары арқылы тың идеяларын өзгелермен еркін бөліседі.

Бағдарлама мазмұнында оқушылар тілді ғылым ретінде ғана меңгермей, тілдің негізгі функциялары тұрғысынан да таниды. Атап айтқанда:

✓ *Коммуникативтік қызмет* - адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы болу;

✓ *Ойлаумен байланысты қызметі* – ойлау формасы мен сөйлеу формасының құралы болу;

✓ *Танымдық/гносеологиялық қызметі* – тіл арқылы дүниені тану, зерттеп-білу, меңгеру құралы болу;

✓ *Номинативтік* – танылған нәрсе, іс-әрекет, құбылысқа атау беру, тілдік аталым беру құралы болу;

✓ *Аккумулятивтік* – адамзаттың тарихы, мәдениеті туралы жинақтаушы қызметін атқара білуі;

✓ *Эмоционалды-экспрессивтік* – адамның сезімі мен эмоциясын білдіру құралы болуы.

Осы аталған функциялар жаңартылған оқу бағдарламасында ұсынылған оқу мақсаттары, лексикалық тақырыптар, қолданылатын әдіс-тәсілдер арқылы толық қамтылды.

Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және оны бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

Нақты пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу үдерісінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

Кең ауқымды дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарына оқушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар оқушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

Бұл тұжырымдамалық ережелер мен идеялар «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеудің негізі болып табылады.

Жоғарыда аталған құндылықтар мектепте берілетін білімнің мазмұндық және іс жүргізу аспектілерін анықтаудың негізгі бағыты ретінде, сонан соң кең ауқымды дағдылар мектепті бітірген кездегі нәтижелер ретінде берілген. Келесі шеңберде білім салалары білім беру мазмұнының функционалдық толыққандылығының көрсеткіші ретінде берілген. Соңғы шеңберде оқу үдерісіне енгізілген барлық инновациялар ұсынылды.

«Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады.

## 2 «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жұмыстарын ұйымдастырудың түрлері мен әдістері

Қазақ тілінен білім беру мазмұнын жаңартудың басты мақсаты – коммуникативтік дағдыларды толықтай оқушыға игерту мен көшбасшылық қасиеттерді бойына сіңірту, топпен, командамен жұмыс жасауға, ақпараттық-технологияны меңгерген оқушы тұлғасын қалыптастыру.

Қазіргі таңда экономикалық өсу және азаматтардың әл-ауқаты үшін білімнің айтарлықтай маңызды екенін бүкіл әлем мойындауда. Қазіргі қоғамдағы, технология, коммуникация мен ғылым салаларындағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал етіп, әрбір азаматқа XXI ғасырда жан-жақты білімді, табысты болу үшін қажетті білім мен дағдыларды меңгеру қажеттігін алға тартып отыр.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі мектеп оқушыларына келешекте табысқа қол жеткізу үшін бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп дағдыларды меңгеру қажет.

Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей, т.б.) «білім алу жолдарын білетін», өз бетімен білім алуға ұмтылатын, шешім қабылдауға қабілетті, ынталы, қызығушылығы мен жауапкершілігі жоғары, өзіне сенімді, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру үшін педагог әртүрлі әдістер мен құралдарды пайдаланады. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу процесі оқушылардың өздерінің белсенді қызметімен сипатталатынын атап өткен маңызды. Бұл жағдайда мұғалім білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерінің ұйымдастырушысы ретінде болады.

Қазіргі кезеңде өздігінен білімді игеруі үшін оқушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі педагогикалық әдістер мен технологияларды қолдана алады. Атап айтқанда, олар:

- оқытудың коммуникативтік (қарым-қатынастық) тәсілдері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым);
- зерттеушілік тәсіл (оқушылар «не білемін?, нені білгім келеді?, нені үйрендім?» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);

- жүйелі-әрекеттік тәсіл;
- дамыта оқыту технологиясы (оқушылар оқу әрекетінің тәсілдерін игеріп, өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);
- саралап оқыту технологиясы (оқушыларды қабілеті, мүмкіндігі, ерекшелігіне қарай оқыту).
- мұғалім мен оқушының «субъект-субъектілік» дидактикалық қатынаста білім іздеу үдерісіне бірдей енуі;
- оқу проблемаларын шешу барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтасқан шығармашылық ізденіс әдістерін қолдану; оқу проблемаларын шешудің әдіс-тәсілдерін оқушыларға дамыта оқыту ұстанымына сай жолмен құру және көрсету;
- оқушының жеке пікірін тыңдау, олардың бұрын меңгерген білімдері мен қалыптасқан түсініктерін әрі қарай дамыту;
- ойын әдісі;
- «оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» арқылы қолдау жасау;
- сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру;
- тәжірибелік, шығармашылық оқу әрекеттеріне (түрлі шығармашылық жұмыстар жасау) ынталандыру;
- оқушылардың білімін жүйелілікпен мониторингілеу;
- оқушыларды зерттеушілік әрекетке және зерттеушілікке негізделген белсенді оқуға ынталандыру;
- оқушыларға алдын ала берілетін түрлі стильдегі жазба мәтіндердің үлгісін қолдану (мұғалім алдын ала модельдер мен үлгілер береді);
- оқушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (оқушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға, т.б. үйренеді);
- оқыту барысында «не білемін? не білгім келеді? нені үйрендім?» түріндегі кері байланысты жүзеге асыру.

«*Оқыту әдісі*» ұғымы дидактикалық мақсаттарға сәйкес оқыту процесінде мұғалімнің оқу жұмысы мен оқушылардың танымдық іс-әрекетімен байланыста шешілетін оқу іс-әрекетінің міндеттерімен сипатталады. Демек, оқыту әдістері – оқыту міндеттерін, яғни дидактикалық міндеттерді шешуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың біріккен іс-әрекетінің көрінісі болып табылады. Сонымен бірге дидактикада оқыту «тәсілдері» ұғымы кеңінен қолданылады. Тәсіл – әдіс элементі, оның құрамды бөлігі, бір реттік әрекет. Оқыту процесінде әдістер мен тәсілдер әр түрлі құрамда қолданылуы мүмкін [10].

Оқыту әдістері – күрделі, көп жақты, көп салалы құбылыс. Оқыту әдістері арқылы объективтік заңдылықтар, мақсаттар, мазмұн, принциптер, оқыту формалары бейнеленеді. Оқыту әдістері оқу-тәрбие процесінде үйретуші, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы (мотивациялық), бақылаушы және түзетуші кызметтерді атқарады. Әдістер көмегімен оқыту мақсаты жүзеге асырылады, яғни бұл – үйретуші функцияның байқалуы, оқушылардың даму

деңгейі мен қарқыны қамтамасыз етілетін – дамыту функциясы, сол сияқты тәрбие нәтижелерінің анықталуы – тәрбиелік функцияның жүзеге асырылуы болып табылады. Әдістер мұғалім үшін оқушыларды оқуға ұмтылдырушы құрал ретінде қолданылады, ал кейде танымдық іс-әрекетті ынталандыру қызметін атқарады [5].

*Оқытуды ұйымдастыру әдісі* - білімді игеру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған мұғалім мен оқушының бірліктегі іс-әрекеттік қимыл-тәсілдері. Оқу мақсаты жолындағы ұстаздың оқыту жұмысы мен шәкірттің оқып-үйрену әрекеттерінің өзара байланыстылығы осы оқу әдісінен көрінеді. Қандай болмасын оқыту әдісі, - дейді И.Я.Лернер, - оқушылардың білім мазмұнын игеруін, сөйтіп оқыту мақсатына жетуді қамтамасыз етерлік олардың танымдық, әрі практикалық әрекетін ұйымдастыратын белгілі нысанға бағытталған мұғалім әрекетінің жүйесі болып табылады.

Оқыту – жеке адамның қалыптасуының, ақыл-ойы мен жалпы білімін дамытудың маңызды құралы. Ол белгілі бір жүйеде және жоспар бойынша, мұғалімнің басшылығымен, нақты мақсатқа бағытталған процесс болып табылады. Пән бойынша оқыту процесінде білім алушылар білімнің жиынтығын меңгереді және сол саламен тығыз байланысты білік пен дағды қалыптасып дамиды [12].

Ұсынылған бағдарламада оқыту формалары, әдістері мен технологиялары әлемдік инновациялық оқыту тәжірибесін және оқушылардың бойында оқуға деген қызығушылық тудыратын заманауи білім беру технологияларын қолдану есебінен жаңартылған. Оқу бағдарламасына қосымша ретінде ұсынылған ұзақ мерзімді жоспардың негізінде орта мерзімді оқу жоспарлары әзірленеді. Орта мерзімді жоспарда ұзақ мерзімді жоспардағы бөлімдердің атаулары, тақырыптар/ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны, сөйлеу әрекеттерінің түрлері мен оқу мақсаттары, ұсынылатын әдіс-тәсілдер, мұғалімдерге ескертулер және оқыту ресустары беріледі.

Білім беру нәтижелеріне қол жеткізу табыстылығын қамтамасыз ететін логикалық, сыни және конструктивті ойлау негіздерін, алынған білімді оқу және тәжірибелік іс-әрекетте пайдалану іскерлігін қалыптастыру мақсатында тиімді оқыту формалары мен әдістері енгізілген.

Сынып ұжымын жаппай оқыту формасынан интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологиялары, сандық инфрақұрылымды қолдана отырып, әр оқушының жеке білім алу траекториясын жүзеге асыруға көшу қамтамасыз етілген.

Жалпы алғанда бағдарлама мазмұны, оқыту формалары мен әдістерінің жаңартылуы мұғалім мен оқушылар арасында серіктес және тату қатынастар қалыптастыруға септігін тигізеді. Білім алушылардың қолайлы дамуы үшін достық қарым-қатынастағы ортаны құру өте маңызды болып табылады.

Білім мазмұнын жаңарту аясында:

- энциклопедиялық сипаттағы фактологиялық материалды беруге бағытталған оқытудан, акцентті ақпарат алу тәсілдерін үйретуге ауыстыру;
- ынтымақтастыққа және дербестікке қабілетті тұлғаны әлеуметтендіру;

- ақпаратты өздігінен алу, талдау және тиімді қолдану дағдысын қалыптастыру;

- оқу бағдарламаларында көрсетілген білім мазмұны анықталатын білім салалары бойынша және қызмет аспектілерін көрсететін күтілетін нәтижелерге көңіл аударатын оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан бас тарту көзделеді, яғни оқушылар:

- «біледі»,
- «түсінеді»,
- «қолданады»,
- «талдайды»,
- «жинақтайды»,
- «бағалайды».

Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуде қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады. Оқыту әдістерінің басты қызметі – оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) маңызды болып табылады. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс-тәсілдер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістемелер жетілдірілмесе, білім мазмұнын жаңарту шараларының мүмкіндіктері мен нәтижелілігі төмендейді.

Оқытудың барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделген. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге үлкен ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болады. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларын, алған білімін қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуіне, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін жаттығулар орындауға жағдай жасау маңызды.

Қазақ тілі мұғалімдері оқушыларды өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді әртүрлі оқыту

тәсілдерін қолдану арқылы тәрбиелейді және дамытады:

- сенімді қатынас пен ынтымақтастық ахуалын қалыптастыру үшін жағдай жасау;

- әрбір оқушының жеке пікірін тыңдау және алынған білімдер мен түсініктерді қолдану, оларды дамыту маңыздылығына мән беру;

- іс-әрекеттердің белсенді түрлерін ұйымдастыру және тиянақты сараланған тапсырмалар мен жаттығулар арқылы ынталандыру және дамыта оқыту;

- оқушылардың сабақта зерттеу жұмыстарын жүргізуін қажет ететін проблемалық жағдаяттар туындату және проблемаларды шешу стратегияларын модельдеу және көрсету;

- «оқу үшін бағалауды» қолдану арқылы оқушылардың оқуына қолдау көрсету;

- белсенді оқуға және зерттеу жобаларын орындауға негізделген оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерін қолдау;

- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

- өз ойын жеткізе білу және дәлелдер келтіре алу, мәселелерді анықтау үшін өз пікірлерін жеткізу, болжам құру және ұсыныс жасау қабілетін дамытуға ынталандыратын жағдайлар жасау;

- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, сараланған тапсырмалар әзірлеу;

- жеке, жұптық, топтық және ұжымдық оқыту әдістері белсенді қолданылатын жалпы сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі» Т1 пәні бойынша білім мазмұнын жаңарту оқушының ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін, қазақстандық патриотизмді, өз ұлтының тіліне құрметпен қарауын, ұлттық және жалпыадами құндылықтарды қалыптастыруға баулу, ойлау, коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамытуға негізделген.

Оқушылар қазақ тілі пәнін меңгеру арқылы қоғамдық өмірге араласуға қажетті жазылым, айтылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын жағдаяттар жүйесі негізінде дамытады; олар қазақ тілінде түрлі өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады; қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады; түрлі мәтіндерді өздігінен түсініп оқиды; оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары арқылы тың идеяларын өзгелермен еркін бөліседі.

Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей, т.б.) «білім алу жолдарын білетін», өз бетімен білім алуға ұмтылатын, шешім қабылдауға қабілетті, ынталы, қызығушылығы мен жауапкершілігі жоғары, өзіне сенімді, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Практик-мұғалімге көмек ретінде оқу процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы тәсілдеріне, әдістеріне, технологияларына тоқталып өтейік.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыруда қолданылатын тәсілдер:

- ✓ Құндылықтарға бағдарланған тәсіл
- ✓ Зерттеушілік тәсіл
- ✓ Тұлғаға бағдарланған тәсіл;
- ✓ Іс-әрекетке бағдарланған тәсіл;
- ✓ Саралап оқыту тәсілі;
- ✓ Коммуникативтік тәсіл;
- ✓ Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- ✓ Проблемалық оқыту тәсілі;
- ✓ Дамыта оқыту тәсілі;
- ✓ Дербес оқыту тәсілі;
- ✓ Ойын арқылы оқыту тәсілі.

1. *Құндылықтарға бағдарланған тәсіл* – қазақстандық патриотизмді, толеранттылықты, өз елінің өткен тарихына, ата-бабаларымыздың әдебиеті, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көздейді.

Оқытудағы құндылықтарға бағытталған тәсіл – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған оқу процесі білім алушының бойында тұлғалық құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

Құндылықты бағдарлау – тұлғаның өз әрекетінде жекелеген құндылықтарды (құндылықтарға бағдарлану қабілеттілігі) бағдар ретінде таңдап алу қабілеттілігі (қасиеті), сондай-ақ оларды өзінің жеке әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі.

Құндылықтарды іске асыру құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру. Құндылықтардың мәні белгілі бір қоғамның сәтті әрекет етуі үшін қажетті ережелерді, дағдыларды, өмір салтын, мінез-құлық мәнерін қалыптастыруда көрініс табады.

Құндылықтар – қоғам қолдайтын және адамдардың көпшілігі бөлісетін белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттері мен өзін-өзі ұстау ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Құндылықтар тұлғаны ынталанырудың өте маңызды факторы ретінде мінез-құлығы мен іс-әрекеттерін көтермелейді.

Орта білім берудің құндылықтары «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарына негізделген. Орта білім берудің құндылықтары ретінде:

1) қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;
2) құрмет;
3) ынтымақтастық;
4) еңбек пен шығармашылық;
5) ашықтық;
6) өмір бойы білім алу белгіленді.

2. *Зерттеушілік тәсіл* негізінде білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу іске асырылады.

Зерттеушілік тәсіл:

- оқу процесінің барлық кезеңдеріне ғылыми зерттеулердің жалпы және жеке әдістерін енгізуді (қабылдаудан практикада қолдануға дейін);

- шығармашылық-ізденіс қызметтерін оқу және оқудан тыс уақытта ұйымдастыруды жобалайды.

Зерттеушілік тәсілі «мұғалім – білім алушы» өзара қарым-қатынасы сипатының ынтымақтастық жағдайына қарай өзгеруіне, сондай-ақ танымдық қызығушылығына тәрбиелеуге, білім алу мен оқуға деген оң уәждеме құруға, терең, сапалы білім алуды қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеушілік тәсілді қолдану жеке тұлғаның интеллектуалдық дамуына, өзіндік білім алу дағдыларын, белсенді танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3. *Тұлғаға бағдарланған тәсіл* – дамыта оқыту моделіне жатады, сабақтағы мұғалім мен оқушының субъект-субъектілі қатынастарын, оқушыға деген демократиялық қатынасты, оның жеке тұлғасына құрметін, оқушының оңтайлы моральды-этикалық қасиеттерінің, ықтималды мүмкіндіктерін есепке ала отырып таланттарын айтарлықтай ашу мен қалыптасуын білдіреді. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында тұлғаға бағытталған тәсіл оқушының жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін, өзіндік көзқарасы мен пікірін ескеруді көздейді.

Тұлғаға бағытталған тәсілдің мақсаты оқу процесін дараландыру, оның жеке психикалық және дене бітімі ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мінез-құлық уәждерінің әлеуетті мүмкіндіктерін ескере отырып білім алушыны тұлға ретінде үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу болып табылады.

4. *Іс-әрекетке бағдарланған тәсіл* – білім мен дағдылардың белсенді танымдық іс-әрекет барысында қалыптасатынын білдіреді, бұл деректер мен басқа да ресурстарды өз бетінше іздеу, интерпретациялау, талдау, тұжырымдау мен бағалауды білдіреді. Оқушылар проблемалық сұрақтарды бірлесіп талқылау, рөлдік ойындар мен белсенді оқыту формаларында белсенділік танытып, қатысады. Оқу бағдарламасында жаңа ақпаратты қолдану мен түрлендіру мүмкіндіктерін қолдануға баса назар аударылады, сондықтан ол оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Іс-әрекетке бағдарланған тәсілдің негізгі мазмұнында білім алушының білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіруі, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынатыны, оның ережелер жүйесін түсінуі мен қабылдауы жатыр, бұл өз кезегінде оның білімінің, біліктерінің және кең ауқымды дағдыларының белсенді әрі табысты қалыптасуына ықпал етеді.

Білім алушылардың оқу әрекеттері «білу», «түсіну», «қолдану», «талдау», «жинақтау», «бағалау» сияқты категорияларға топтастырылған.

Іс-әрекетке бағдарланған тәсіл өз бетінше ізденуді, түсіндіруді, талдауды, түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты тарату мен бағалауды, графикалық мәліметтер мен басқа үйретуші ресурстарды қолданады.

5. *Саралап оқыту тәсілі* – әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін олардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін ескеруді көздейді.

Саралап оқыту тәсілі әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігі, оқу-танымдық қызығушылықтары, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану – сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады.

Тілді оқытуда саралауды жүзеге асырудың әдіс тәсілдері: оқыту материалының көлемі; күрделілік деңгейі, шығармашылық деңгейі, оқушылардың өздігінен жұмыс жасай алу деңгейіне байланысты және оқушыларға қажетті қолдаушылықтың сипатына қарай іске асырылады.

Тілді саралап оқыту – мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын, тілді оқыту үдерісінің диалогтік сипатта, әрекеттік-шығармашылық сипатта өтуін, оқушының жеке тұлғасының дамып, қалыптасуын көздейтін дидактикалық үдеріс.

Саралап оқытуды ұйымдастыруда оқушылардың оқу және танымдық деңгейлерінің әртүрлілігі басты назарда болуы керек. Оқушылардың даму, жетілу, өсу, қалыптасу үдерістеріне қолдау танытып, олардың тұлғалық қасиеттері мен қабілеттерін тілді оқыту арқылы шешу жолдарын ұстану керек. Дидактикалық әдістер мен құралдар жүйесін осы мақсатқа бейімдеп қолдану керек.

Саралап оқыту әдісі оқушының табысқа жетуінде, пәнге деген қызығушылығын арттыруда, жаңа білімдер алуға құлшыныс тудыруда айтарлықтай нәтиже береді. Саралап оқытудың әдістері 1-суретте көрсетілген.




2-сурет. Саралау әдістері

Саралап оқыту – бір материалды барлық білім алушыларға әртүрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді. Мұнда білім алушы ойлау деңгейін іс-әрекетпен байланыстыра отырып, өнімді нәтижеге жетеді.

Жұмыс құралдары:

- Видео
- Эссе
- Комикс
- Плакат
- Веб-парақша
- Хат жазу
- Көрме
- Репортаж
- Жазбаша есеп
- Карта
- Демонстрация
- Фоторепортаж
- Брошюра
- PowerPoint таныстырлымы
- Сызба

6. *Құзыреттілік тәсіл.*

Құзыреттілік тәсілдің мақсаты дәстүрлі емес және типтік жағдаяттарда шешім қабылдау және іс-әрекет жасау, өз мақсатын анықтай алу дағдыларын меңгеру болып табылады.

Құзыреттілік тәсілінің басты міндеті білім алушылардың бастамашылдығы мен өз бетінше жұмыс істей алатынын көрсетуге деген ынтасы болып табылады. Ол білім алушылардың жеке әрекет ете алуына, өз қабілеті мен қызығушылығын ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

Құзыреттілік тәсілі білім алушылардың білім, білік дағдыларын жеке-жеке емес, кешенді түрде меңгертуді жобалайды.

7. *Коммуникативтік тәсіл* дегеніміз ақпаратты тарату мен жариялауда, білім, білік және дағдылармен алмасуда екіден асатын адамдардың сөйлеу арқылы атқарылатын әрекеттесу процесі. Коммуникативтік тәсілдердің нәтижесі болып тіл арқылы байланыс орнату қабілеттілігі, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана және қатынас жағдайына сай тиімді қатынас жүріс-тұрысын таңдай отырып, түрлі жағдайларда қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және алмасу қабілеттілігі болып табылады.

Коммуникативті тәсілге сәйкес ұйымдастырылған оқу процесінде қатынасу икемділігін қалыптастыратын тапсырмаларды және шынайы қатынас жағдайларына сай жұмыс режимдерін (жұптық және топтық жұмыстарды) кіріктіру керек.

8. *Интегративтік тәсіл.*

Білім алушыларды дамытуға арналған интегративтік тәсіл барысындағы оқыту процесі әртүрлі құралдар мен бірнеше іс-әрекеттерді біріктіру қағидатына сай құрылады. Интегративтік тәсілге көптеген белсенді қозғалыс

түрлері жатады: сергіту сәттері, театрландырылған ойындар, қозғалыс үзілістері (кідіріс)

Интегративтік оқыту тәсілі білім алушылардың сөздік қорын кеңейтуге, коммуникативтік біліктіліктерін дамытуға, эстетикалық талғамдарын дамытуға, көркемөнер туындыларын түсіну және бағалауға мүмкіндік береді. Аталған оқыту тәсілі психикалық процестерге әсер етіп қиындықтарды жоюға, оқу материалын тиімді, қолжетімді, жаңа деңгейде қабылдауға мүмкіндік береді.

9. *Ойын арқылы оқыту.*

Оқыту әдісі ретінде ойын түрлерін қолдану білім алушылардың танымдық қызығушылық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ойын түріндегі оқыту технологиясының басты элементтері:

- ойын алдында нақты оқу мақсаты қойылады;
- ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқыту іс-әрекеттері ойын ережелеріне бағынады, оқу материалдары ойын құралы болып табылады.

Ұжымдық іс-әрекет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері арқылы білім алушылар басқа шағын топ мүшелерінің пікірін сыйлауды, соңғы нәтиже мен өзіндік іс-әрекетін жобалай алуды, мақсатқа жету әдістерін анықтауды үйренеді.

10. *Жобалау тәсілі.* Оқу жобасы – білім алушылармен немесе білім алушылардың тобымен ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешуге бағытталған оқу-танымдық іс-әрекеті. Проблемаларды кең тұрғыда шешу әрекетімен және келісілген әдістерімен, жалпы ортақ мақсатының болуымен сипатталады.

Жобалау әдісінің элементтерін қолдану арқылы білім алушылар алға қойған проблеманы шешудің өзіндік жолдарын іздеп табады. Жобалау әдісі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іске асырылады. Жобалау әдісін қолдану барысында білім алушылардың ұжымдық, топтық жобалар дайындау бойынша атқаратын іс-әрекеттерін ұйымдастыру ұсынылады. Жобалау жұмыстарын ұйымдастыру сабақпен ғана шектелмейді, сабақтан тыс уақытта да бірлесіп жұмыс жасаулары қарастырылады.

11. *Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану* «Қазақ тілі» оқу пәнін оқыту процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдысын (ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру) дамыту үшін жағдайлар жасалуы қажет.

Компьютерлік немесе жаңа ақпараттық технологиялар дегеніміз – білім алушыларға білім мазмұнын компьютердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып даярлау және жеткізу жолдары.

Қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын АКТ құрамында түрлі бағдарламалық-техникалық құралдар болады, олар алға қойылған педагогикалық мақсатты шешуге бағытталады. Педагогикалық мақсат қазақ тілін оқытудың белгілі бір саласына байланысты болады және оқушылардың белгілі бір өзара ынтымақтасқан оқу-танымдық әрекетін дамыту көзделеді.

Қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын АКТ бірнеше параметрлер бойынша жіктеледі.

Белгілі бір педагогикалық міндеттерді шешуге байланысты қолданылуы:

• қазақ тілінен базалық білім беруді мүмкін ететін құралдар – электрондық оқулықтар мен оқу құралдары, оқыту жүйелері, білімді бақылау мен тексеру жүйелері;

• практикалық тұрғыдан дайындалуға арналған құралдар - электрондық жаттығулар, виртуалды қазақ тілі сабақтары, тілдік тренажерлер;

• қосымша оқу құралдары – электрондық энциклопедиялар, хрестоматиялар, компьютерлік тілдік ойындар, қашықтан оқыту жүйесі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың жұмыста, бос уақытында және қарым-қатынаста технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдалануын қамтиды. Бұл АКТ-ны пайдаланудың дағдылары арқылы қалыптасады.

Оқушылар жалпы білім беретін негізгі мектеп бағдарламасындағы барлық пәндерді оқу барысында ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын жетілдіре және бағалай отырып, АКТ-ны қолдану дағдыларын дамытады. Бұл «Қазақ тілі» бағдарламасында төмендегідей көрініс табады:

- онлайн сабақтар арқылы инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолданады;

- АКТ арқылы презентация жасайды, салыстырады, жетілдіреді, зерттейді, бағалайды және бірлесе отырып, пікірлерін дәлелдейді;

- АКТ арқылы қажетті ақпаратты таңдай алады.

Сондықтан сабақтың оқу мақсатына жету үшін мұғалімге пәнді оқытуды ұйымдастыруда мазмұнға сәйкес әдістер мен тәсілдерді дұрыс таңдай білу ұсынылады.

12. *Кейс-стади тәсілі.*

Кейс-стади - бұл накты оқиға мен жағдаятты талдауға арналған іскерлік ойын. Кейс-стадиді қолдану барысында білім алушылар топтық сұрақ-жауап кезінде шығарылған мәселенің маңызын түсіндіріп, жағдайды бағалайды, оқиға немесе процеске талдау жасайды, өзіндік шешу жолдарын көрсетеді.

Кейс-стадиді қолдану:

- жүйелі, корреляциялық, факторлық, статистикалық және тағы басқа талдау біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік береді;

- білім алушылармен қосымша тапсырмалар жасау нұсқаларын жобалайды;

- «ми шабуылы» пікірталасын өткізу, ғылыми дауласу, негізгі және әр жақты шешім бойынша дебаттар дайындалып өткізіледі деп жобалайды.

Кейс-стадиді қолдану барысында білім алушылардың дайын білімді меңгеруі емес оны өндіруге, яғни теориялық білімін практикалық міндеттерді шешуге қолдану дағдыларын дамыту және мұғаліммен білім алушылардың ынтымақтаса шығармашылықпен жұмыс жасауына басты назар аударылады.

13. *Дамыта оқыту тәсілі.*

Дамыта оқытудың мақсаты білім алушының күнделікті өмірге тәуелсіз,

сонымен қатар ақиқатты іздей отырып, өзіндік оқуы арқылы білім алуға қол жеткізуі.

Дамыта оқыту әр білім алушының дербес танымдық әрекеттерге ұмтылуға құштарлығын, белсенді өмірлік қағидаттарын қалыптастырады. Білім алушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Ол оқытуда қолданылатын дидактикалық ойындар, пікірталастар, сонымен қатар шығармашылық қиялы мен ойлауына, есте сақтауына, сөйлеуіне бағытталған түрлі іс-әрекеттерге білім алушыларды оқыту түріндегі оқыту әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Дамыта оқыту білім алушының жан-жақты тұлғалық сапасының дамуына, өзіндік ой-тұжырымын жасауға, өзіндік оқу іс-әрекетіне талдау жасауға және оны басқара білуіне бағытталған.

15. *Модульдік оқыту тәсілі.*

Модульдік оқыту – оқу ақпаратын блокты – модуль негізінде беру арқылы оқу процесін ұйымдастыру тәсілі. Оқу мазмұны ақпаратты блоктарда беріледі де меңгеру мақсатқа сәйкес жүзеге асырылады.

Модульдік оқыту барысында білім алушылар үшін оқытылатын білім көлемі ғана емес, оны меңгеру деңгейінің дидактикалық мақсаты тұжырымдалады. Модульдік оқыту білім алушылардың базалық дайындығының деңгейіне, жеке сұраныстары мен икемділігіне қарай оқытуды қамтамасыз етеді. Оқытуды дараландыруды: оқу мазмұнын, меңгеруін, өзіндік деңгейі, әдісі мен тәсілі, бақылау, өзін-өзі бақылауы бойынша қамтамасыз етеді.

16. *Проблемалық оқыту тәсілі.*

Проблемалық оқыту – өзіндік дүниетанымын қалыптастырудың барынша өзекті құралы. Проблемалық оқытудың тиімділігі ол білім алушылардың сыни, шығармашылық, диалектикалық ойлауын қалыптастыру міндетін шешуден тұрады.

Проблемалық оқыту логикалық тәсілдер жүйесін немесе жекелеген шығармашылық іс-әрекеттерін, жаңа жағдаятта білімін шығармашылықпен қолдану біліктілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ол шығармашылық тәжірибесінің молаюына, зерттеушілік әдістерді меңгеруіне, практикалық проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Проблемалық оқыту оқудың қажеттілігін, уәжін қалыптастыруға, яғни әлеуметтік құзыреттілігін, адамгершілік, танымдық қажеттілігін құруға мүмкіндік береді.

17. *Дербес оқыту тәсілі.*

Дербес оқу – оқу-тәрбие процесін дараландыруға, білім алушылардың жеке ерекшелігін ескеріп оқыту мен тәрбиелеуге, өзіндік танымдық іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастыруға, өзіндік білімін көтеруге дайын болуы мен қажетсінуіне, білім алушылардың ұйымшылдығын, дербестігін тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Бәрі бірдей ортақ қарқынды жұмыс жасау арқылы барлық сыныпқа арналған тапсырманы білім алушының өзіндік орындау іс-әрекетін көрсетеді.

Білім, білік, дағдыларын жетілдіруде және қалыптастыруда өтілген

материалды бекітуге дербес оқытуды тиімді пайдалануға болады. Дербес оқытуды тиімді пайдаланғанда әрбір білім алушының белсенді оқу әрекеті қамтамасыз етіледі. Ол әрбір білім алушының жеке қарқынды жұмыс істеуіне; білімде кеткен ақтаңдақтарды жоюға, саралап оқуға, әрбір білім алушының жұмысын жандандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар дербес оқыту білім алушының өзіндік бақылауын күшейтеді, өздігінен білім алуының негізі болып табылады.

*Мәтінмен жұмыс жасау дағдылары*

Мәтін — бұл жалпы (бір) тақырып төңірігіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастық тән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды (мәнді) сөйлемдердің тізбегі.

Мәтіннің түрлері:

- ақпараттық мәтіндер;
- талқылау мәтіндері;
- түсіндіру мәтіні;
- есеп не баяндама түріндегі мәтін;
- нұсқаулық немесе кеңес беру түріндегі мәтін;
- сендіру мақсатында жазылған мәтіндер;
- бағалау мәтіндері;
- талдау жасау мәтіні;
- баяндау мәтіні;
- сипаттау мәтіні.

*Ақпараттық мәтін* белгілі бір ақпарат беру үшін жазылады. Оның басқа мәтін түрлерінен ерекшелігі:

- етістіктері осы шақта болады;
- 3-жақта баяндалады;
- нақты сипаттау кездеседі;
- техникалық сөздік қор қолданылады;
- ресми тілде жазылады;
- тармақшаланған элементтер кездеседі;
- тақырыптар мен тақырыпшаларға бөлінеді;
- диаграммалар мен суреттер қоса берілуі мүмкін.

Ақпараттық мәтіндерге: жаңалық, кеңейтілген ақпарат, жазбалар, жарнамалық-ақпараттық мәтін, хабарландыру, кестелер, мақала, комментарий (түсініктеме) жатады.

*Талқылау мәтіндері* белгілі бір мәселе көтерілген мәтіндер бойынша мәселенің екі жағы қарастырылады. Күнделікті өмірдегі кез келген мәселе талқыланады. Проблемалық сұрақ қойылады. Мысалы: Мектепте каникул уақытының болғаны дұрыс па, жоқ па?

*Түсіндіру мәтіні* белгілі бір нәрсенің қалай және неге орын алатынын егжей-тегжейлі түсіндіру үшін жазылатын мәтіндер. Басқа мәтіндерден ерекшелігі:

- етістіктері осы шақта болады;
- себебін түсіндіру үшін қолданылатын шылаулар (себебі, егер);
- ретін санамалап көрсететін байланыстырушы сөздер (біріншіден, екіншіден);

- техникалық сөздік қор қолданылады;
- ресми тілде жазылады;
- тақырыптар мен тақырыпшаларға бөлінеді;
- диаграммалар мен суреттер қоса берілуі мүмкін.

Мысалы, Субмәдениет деген не? Жанартаулардың пайда болу себептерін түсіндіреді.

*Есеп немесе баяндама түріндегі мәтін* – бұл мәтіннің мазмұнында статистикалық деректер, тақырыптық ақпараттар, хронологиялық мәліметтер болады. Есеп немесе баяндама түріндегі мәтін ресми тілде жазылады. Бұндай мәтінге: өмірбаян, есеп беру, мінездеме, белгілі бір іс-шараға қатысты мақалалар, баяндама (есеп беру түріндегі), мемуар (өмірдерек) жатады.

*Нұсқаулық немесе кеңес беру түріндегі мәтін* бір мәселе жөнінде нұсқаулық немесе пайдалы кеңестер беру мақсатында жазылады. Басқа мәтіндерден ерекшелігі:
- тілі қарапайым, түсінікті болады;
- бұйрық райлы етістіктер (араластырыңыз, атқарыңыз, кесіңіз) қолданылады;
- кішігірім ақпарат беріледі;
- тармақшаланған элементтер кездеседі;
- диаграммалар мен суреттер қоса берілуі мүмкін.

Бұндай мәтіндерде біреуге бір нәрсені қалай орындау немесе жасау реті жөнінде нұсқаулық, кеңес, пайдалы кеңестер (мысалы, «Дәріні қайда сақтаған дұрыс»), заттарды пайдалану туралы нұсқаулықтар беріледі.

*Сендіру мақсатында жазылған мәтіндер* – сөйлеушінің басқаларды сендіру немесе бір нәрсе жасауға жігерлендіру үшін айтқан белгілі бір пікірі. Онда эмоция, риторикалық сұраулар қолданылады. Мұндай мәтін түрлері: жарнамалар, шешендік сөздер, көпшілікке тасталған үндеулер (мысалы, депутаттар, Елбасының сөздері) және т.б..

*Бағалау мәтіндері* – белгілі бір нәрсеге ғылыми сипатта пікір айту мақсатындағы мәтіндер, пікір білдіру. Оған аннотация, рецензия, баға беру элементтері бар мәтіндер (артықшылығы, кемшілігі, пайдасы) жатады.

*Анализ жасау* – бір мәселені бөлшектеп талдау, сынау, қайта біріктіру, қорытынды жасау мақсатында жазылған мәтіндер. Олар әдеби сын, ғылыми тақырыптағы мәтіндер, өнер туындыларын талдау мәтіндері болып келеді.

*Баяндау мәтіні* – белгілі бір оқиғаны суреттеп баяндау мақсатында жазылған мәтіндер. Басқа мәтіндерден ерекшелігі:
- өткен шақта жазылады;
- адамдарды, оқиға орнын , болған жағдайларды, іс-әрекетті баяндайды;
- ретін санамалап көрсететін байланыстырушы сөздер (біріншіден, екіншіден, кейін, содан кейін т.б.) қолданылады;
- көңіл-күй етістіктері қолданылады.

Ондай мәтіндерде оқиға кейіпкерлерінің сөзі, іс-әрекеті, мінезі, келбеті, оқиға болған күннің реті, жер жағдайы баяндалады.

*Сипаттау мәтіні* – белгілі бір нәрсенің, құбылыстың сын-сипатын егжей-тегжейлі сипаттайтын мәтін түрі. Басқа мәтіндерден ерекшелігі:

- өткен немесе осы шақта жазылады;

- сипаттама тіл (сын есімдер, үстеулер) қатысады;

- көңіл-күй етістіктері мен нақты зат есімдер қолданылады;

- сенсорлық елестетуді қолданады (көру, есту, елестету, дәм сезу, қолмен ұстағандай әсер, шынайы сезімдер туғызу);

- сипаттау үшін салыстыруды қолданады.

Мұндай мәтін түрлерінде табиғат көріністері, адам портреті, бейнесі, т.б. сын есімдер мен үстеу түрлері қолданылып, заттар нақты және салыстырмалы түрде сипатталады.

Барлық пәнді оқытуда қолданылатын мәтінмен жұмыс әдістемесі қазақ мектебінде оқытылатын қазақ тілі сабағында да тұрақты жүргізіледі. Қазақ мектебінде мәтін оқушының әрі танымын, әрі білімін толықтыратын көз ретінде, тәрбие құралы ретінде және дұрыс сөйлеу заңдылықтарын үйрететін жаттығу ретінде беріледі.

Оқушылар кез келген ауызша немесе жазбаша мәтіндерді сенімділікпен және сын тұрғысынан пайдаланып, басқалармен әртүрлі тақырып төңірегінде саналы әрі анық әңгіме жүргізіп, әртүрлі мақсатқа арналған тұшымды мәтін құра білулері керек. Бұл оқушыларды тарихи мәселелермен қатар, заманауи тақырыптар мен мәселелерді талқылауға дайындап, олардың осы пікірталасқа араласуына түрткі болады. Оқу бағдарламасы біліммен қатар, дағдыларды да қолдануды назарға алады.

Мәтінмен жұмыс үш кезеңнен тұрады:

*Мәтіналды* (*тыңдалым, оқылымалды*) тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалар, ой шақыру, сөздерді алдын-ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою, т.б.

*Мәтінмен жұмыс тапсырмалары*: әртүрлі оқылым/тыңдалым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар (сұрақтар). Алғашқы тапсырмалар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

*Мәтіннен кейінгі тапсырма*: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек.

Мәтіналды кезеңнің мақсаты – мәтінді түсіну қиындығын жеңілдету. Оқушыны мәтінді оқуға дайындау үшін жүргізіледі. Мұндай тапсырмалар қатарына:

• тілдік бірліктерді, жаңа сөздерді түсіндіру;

• қиын сөздердің (таныс емес) түсіндірмесін беру, пассив сөздерді контекстіде, сөйлем ішінде түсінуге мүмкіндік беретін инновациялық тапсырмаларды қамту;

• экстралингвистикалық фактор негізінде бөгде мәдениетке қатысты фондық білім құрайтын фактілерді әлеуметтік-мәдени түсініктемелер арқылы түсіндіру жұмыстары болу мүмкін. Мәселен, ол – автордың өмірбаяны,

кейіпкерлер, қоғамдағы тіршілік (тарихи оқиғалар).

Мысал ретінде мынадай тапсырма ұсынуға болады:

1. Оқушыға әдептілік және сыпайылық туралы мәтіндер беріледі. Оқушы мәтінді мұқият оқиды.

2. Нақты ақпаратты табуға анықталған «шын» не «жалған» сөздері арқылы төмендегі сұрақтарға жауап береді.

3. Келесі тапсырмада оқушы назарына негізгі экспортерлер туралы графиктік ақпарат беріледі. Оқушы графиктік ақпаратты түсінуі тиіс [9].

Оқу мақсаттарына байланысты оқушылардың оқылым дағдыларын қалыптастыруға бағытталып ұйымдастырылған жұмыс түрлері мәтінмен жұмыс кезеңіне жатады.

Мәтіннен кейінгі кезеңде оқушының мәтін ақпаратын түсінуі және оны бақылау тәсілі орындалады. Егер мәтін кезеңінде мәтіндегі лексикалық, грамматикалық бірліктерді игеру және мазмұнын түсіну мақсаты қойылса, мәтіннен кейінгі кезеңде мәтіндегі ойды тереңдеп білуге және оның мазмұнын бағалау түріндегі жұмыс орындалады. Мәтіннен оқыған ақпараттарды пайдалану, өмірмен, оқушы тәжірибесімен байланыстыру тапсырмалары жатады.

Қазақ тілінің оқу бағдарламасы спираль тәріздес болғандықтан 5-9-сынып аралығында негізгі дағдылар қайталанып келіп отырады.

Оқушылар өз дағдыларын қайта-қайта қолданып, оны жетілдірген сайын өздерінің алға ілгерілегенін көріп, тәуелсіз әрі еркін сезіне бастайды. Оқушыларды оқу бағдарламасының түрлі тақырыптары бойынша өз дағдыларын қолданып, одан әрі дамытуға ынталандыратын бірнеше әдістер бар. Мысалы:

- шеберліктің жоғары деңгейін талап ететін мәтіндермен қамтамасыз ету. Бұл анағұрлым ұзын мәтін, жаргон немесе арнайы лексика қолданылған мәтін немесе өзекті және басы артық ақпарат ұсынылған мәтін болуы мүмкін;
- оқушыларды модельденген мысалдармен қамтамасыз ету немесе тапсырманы орындауда қолдау көрсету;
- мәтін құру кезінде пайдалануға арналған жазылым құрылымдарын ұсыну.

Оқушылар белгілі бір дағдыларды қайта-қайта қолданған кезде олардың бұған дейін меңгерген білімі мен дағдыларын естен шығармай, соларды қолданғандары маңызды болып табылады. Бұл оқушыларға өз жетістіктерін жинақтап, қазақ тілі бойынша түрлі сыныпта және түрлі тақырып аясында меңгерген білімдерінің арасындағы байланысты көруге көмектеседі. Осы жағдайда көмек болатын бірқатар тәсілдер:

- оқушылардан нақты бір тақырыпқа қатысты білімін жетілдіру үшін жеке жетістіктерін көрсететін бағамдау немесе рефлексия жазуды сұрай аласыз. Бұл бағамдау/рефлексияны олар осы тақырыптың келесі деңгейін меңгеру кезінде есепке алу қажет. Нәтижесінде оқушылар өз үлгерімдерін бақылауға мүмкіндік алады, сондай-ақ жетілдіру мақсатында өзгеріс енгізіп, келесі оқу кезеңіне дайындалуға негіз етіп алады;

• оқушыларға алдыңғы білімі мен қазіргі тапсырманы байланыстыруға көмектесетін мақсатты сауалнама пайдалана аласыз;

• оқушылардан алдыңғы тарау немесе сыныптағы жұмыстың бір бөлігін қарастырып, жаңа білімдерін қолдана отырып, осы жұмысты қалай жақсартуға болатыны жөнінде ойлануды сұрай аласыз.

Оқушылар қазақ тілі пәнін меңгеру арқылы қоғамдық өмірге араласуға қажетті тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын жағдаяттар жүйесі негізінде дамытады; олар қазақ тілінде түрлі өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады; қазақ тілінде берілген кез келген ақпаратты тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады; түрлі мәтіндерді өздігінен түсініп оқиды; оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, ауызшы және жазбаша сөйлеу дағдылары арқылы тың идеяларын өзгелермен еркін бөліседі.

Мәтінді сөйлеу әрекеттерінің түрлерімен байланыстыру арқылы жұмыс жасау білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға, оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге, лексикалық, грамматикалық бірліктерді меңгертуге, тілдің көркемдік ерекшеліктерін танытуға, мәтін құрауға, мәтінді ықшамдауға, ойын еркін жеткізе білуге ықпал етеді.

Мәтін – қазақ тілін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінмен істелетін жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді. Мәтіннің қызметін таныту – оқушыға тіл бірліктерін функциональдық тұрғыдан танып-білуге, сол арқылы оқушының логикалық ойлауы бірізді қалыптасуына мүмкіндік береді. Өйткені, мәтінде тіл бірліктері (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) тегіс қатысады. Сондай-ақ мәтін стильге қатысты да танылады. Сондықтан мәтінмен жұмыс істеу әдістемесіне стилистикалық бағыттағы жаттығу жұмыстары да енеді.

«Оқылым» бөлімі «Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану», «Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау» бөлімшелері оқу мақсаттарының жүзеге асырылуын қарастырайық. Мысалы, 6-сыныпта:

Сабақ тақырыбы: «Су – тіршілік көзі».

Оқу мақсаттары: «6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану»;

«6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру».

*Тірек сөздер*: өмірдің анасы, басты қор, стратегиялық маңызы, ажалға ара түсу, судың да сұрауы бар.

Тапсырма мәтінімен жұмыс.

***Ой бөлісейік***

1. Кестеге суды сипаттайтын бес сөз тіркесін жазыңдар. Бұл тіркестерді публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің қайсысына қолдануға болатынына болжам жасаңдар.

Үлгі:

| Эпитет | Зат есім | Стиль түрі |
|---|---|---|
| Таза | су | Публицистикалық стиль |
| Айнадай мөлдір | су | Көркем әдебиет стилі |

Сен білесің бе?

Су – денсаулық нәрі. Ғалымдардың айтуынша, адам организмі 86 пайыз судан тұрады екен. Егер организмде судың мөлшері азайса, онда адам әртүрлі ауруға шалдығады. Денеде болатын күніне 2-4 литр су шығынының орнын қайта толтырып тұру қажет. Қанның 83 пайызы, бұлшық еттердің 75 пайызы, мидың 74 пайызы, сүйектердің 22 пайызы судан тұрады. Денеде 20 пайыз су жетіспеушілігі болу өте қауіпті. Адам организмі бір тәулікте шамамен 1,5-2 литр су жоғалтады. Сондықтан адам күніне сонша су ішіп отыруы қажет. Таңертең аш қарынға су ішуді әдетке айналдырған дұрыс. Мидан бастап, асқазанға дейін денедегі бүкіл мүшелердің су қажеттілігі бар. Сондықтан мол су ішіп, денедегі су жетіспеушілігінің алдын алу керек.

***«Кел, оқиық»***

1. Мәтіндерді оқыңдар.
2. Мәтіндердің идеясын анықтайтын «жуан-жіңішке» сұрақтар тізбесін жасаңдар.
3. Мәтіндерді салыстырып, қай стильге жататынын құрылымы, мақсатты аудиториясы және тілдік ерекшелігі арқылы дәлелдеңдер.
4. Қарамен берілген сөздер мәтіндердің идеясын, стилін анықтауда қандай қызмет атқарып тұрғанын түсіндіріңдер.

Су

**Өмірдің** ақ сүт берген **анасы** – су,
Көздің күлімдеген қарасы – су.
**Су бүріксең**, талған адам жияды есті,
**Ажалға**, су міндеті – **ара түсу.**

Қойма емес су тек қана балығы көп,
**Жайнайды** ол әр үйдің **жарығы** боп.
Аштыққа тағат сақтап шыдайды адам,
Ал шөлге ешкімнің де сабыры жоқ.
Су зырлап **өмір үшін** тыным таппас,
Сусыз көк, жердің ой мен қырын жаппас.
Суда өтсе демалысың шаттанасың.
Атақты суыменен Қырым, Кавказ.
Су – **пәктік, кепілі ол денсаулықтың**,
О баста, тіршілік боп судан шықтың,
Бұлақ, көл, өзен, теңіз, мұхиттардың,
Молдықтан қасиетін келмейді ұққың.
Бомбаңды, қылмыс суда сынауың әр,
Сынаған сайын жаным тым ауырар.

Жаулары жарық дүние, жадыңда ұста,
- **Судың да,** - дейді қазақ, - **сұрауы бар.**
**(О. Асқар)**

**2. Сарапшылар** XX ғасырдың басты қоры мұнай болса, XXI ғасырдың **басты қоры су** болады деп **пайымдауда**. **Себебі** қазіргі кезде су – аса қажетті, құнды, әрі ең қымбат **стратегиялық маңызды** қорлардың біріне айналуда. Табиғатта сусыз ештеңе өсіп-өнбейтіні баршамызға **белгілі жағдай**. Мысалы, тек қана бір алманы өсіру үшін 1000 тонна су, бір тонна сиыр етін өндіру үшін 7000 тонна су, бір тонна күріш үшін 5000 тонна су, бір тонна мақта үшін 10000 тонна су қажет екен. Ал **адамзат** тұтынатын бүгінгі тұщы судың басты **тіршілік көзі – негізінен** көлдер мен өзендер, жердің үстіңгі қабатына жақын орналасқан жер асты сулары болып табылады.

(Қаражанова Ж.К. ҚазҰУ хабаршысы, 2013 ж. №1)

***Сөйлесейік***

1. Жоғарыда берілген мәтіндер негізінде «интеллект картасын» құрастырыңдар.
2. «Интеллект картасы» бойынша судың пайдасы туралы хабарлама дайындаңдар.

***Кел, жазайық.***

Төмендегі сұрақтар төңірегінде ойланып**,** төменгі сынып оқушыларына арнап судың пайда болуы, судың пайдасы, суды ластамау, суды қорғау туралы «Су құпиясы», «Тамшының саяхаты», «Көңілді Бұлақ» тақырыптарының бірін алып, шағын ертегі жазыңдар.

- Су табиғатта қандай күйде, қай жерлерде кездеседі?
- Бұлақ, бастау, қайнар, тұма, сарқырама, өзен, көл, теңіз, мұхит туралы не білесіңдер?
- Ертегі жазуда төмендегі сөздер мен тіркестерді пайдаланыңдар.

*Күмістей, жарқыраған, жылт-жылт еткен, мөлдір, еңбекқор, таза, сыңғырлаған, сарқыраған, сылдыр қаққан, тірі, жанды, дана, нәрлі, көңілді, қуанышты, ойнақтаған, өмір сыйлаған, сиқырлы, саяхатшы, т.б.*

Иллюстрациясы: Сурет немесе фото да болады (Қос уыс алақанға мөлдіретіп ұстаған таза судың суреті және мәтінде айтылатын алма, күріш, мақтаның жайқалып өсіп тұрған суреттері. 4/1 көлемде.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Осы орайда халқымыздың рухани көсемі *Ахмет Байтұрсынұлының «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек»* деген сөзі әр маманның жадында болуы керек [42]. Жаңа технологияны

меңгерту мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Бұл технологияның өзін мұғалім түрліше іске асыруы мүмкін. Бұл жерде технологияны жүзеге асырушы тұлғаның компоненті, белгілі бір ерекшеліктері елеулі түрде әсер етеді, сонымен бірге оқушы әрекеті – оның қабылдауы, ынтасы, құштарлығы негізгі рөл атқарады.

Оқыту технологиясын таңдап, іріктеу – оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін басқаруда негізгі бір буын.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларын меңгерту – өте күрделі құбылыс. Кейде ол мұғалімнен үйреншікті әдіс-тәсілдерінен арылуды талап етеді.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде. Технология инновациялық іс-әрекет арқылы оқытудың жаңа формалары, амалдарынан іздене отырып, белгілі бір уақытта нақты, тұжырымды ғана мақсат қоя отырып, жоғарғы нәтижеге жетуді талап етеді. Жаңа педагогикалық технология ұғымы тың, белгісіз, жаңа оқыту амалдары, іс-әрекеттерінен ізденуді, яғни білім мен тәрбие берудегі ғылыми нәтижеге қол жеткізуді, жаңа ізденістерді дұрыс пайдалану, сол арқылы жоғары көрсеткіштерге жету деген сөз.

Мемлекетіміздің 2030-жылға дейінгі стратегиясы халқымыздың рухани, ғылыми және шығармашылық қабілеті болған жағдайда ғана Қазақстанның дамуындағы ұзақ мерзімге жекеленген мақсаттарға жетуге болатындығын анықтап берді.

Білімнің айрықша басымдылық алуы қазіргі қоғамдық прогрестік заңдылықтардан туындайды.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгертуі – маңызды мәселелердің бірі. Ал ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген XXI ғасырда жан-жақты дамыған басты шығармашылық жеке тұлғаны қалыптастыру – оқытушының басты міндеті болып табылады.

Қазіргі кезде мектептерде жаңа технологияны пайдаланудың тиімді жолдарына академик В.И. Монаховтың технологиясы, В.К.Дьяшенконың ұжымдық оқыту әдісі принциптері, Ж.Қараевтың білім беру жүйесін ақпараттандыру технологиясы, М.Жанпейісованың «Модулдік оқыту технологиясы», А. Әлімовтің «Интербелсенді әдістері» т.б. жатады.




3-сурет – Оқыту технологиялары

Бұл технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Оқушы санасына сәуле беріп түсінік пен ұлағатты ұғымды қалыптастырады. Оқу процесінде оқушылардың шығармашылығын дамытуға қолайлы жағдай туғызады.

Шығармашылыққа, жаңа, тың нәрсе жасау тән десек, ертеден белгілі нәрсені қайталауды немесе көшіруді шығармашылық деп айтуға болмайды, бірақ бұрыннан белгілі, таныс нәрселердің өзінен қандай да бір ерекшелік табу, оны жаңаша түрде жасау, ерекше қасиеттерін табу шығармашылыққа тән құбылыс деп тұжырымдауға болады. Шығармашылық әрекетке – оқушының проблеманы көре білуі, өз іс–әрекетінің бағдарламасын жасай білуі және ойды іске асыру үшін жаңа идеялар тудыра алуы жатады.

«Қазақ тілі» пәнін жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқытудың басты қағидасы «қалай білім алу керектігін білетін», дербес, ынталы, қызығушылығы жоғары, сенімді, жауапты, ой-өрісі дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастырып, дамытуда оқытудың түрлі стратегияларын қолданады. Атап айтқанда:

– оқушылардың жеке пікірін тыңдау, олардың алған білімдері мен қалыптасқан түсініктерін одан әрі дамыту үшін қолдау;

– мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы оқушыларды ынталандыру;

– проблемаларды шешу әдіс-тәсілдерін оқушыларға түсінікті жолмен көрсету;

– оқушылардың білім алуына «Оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау;

– оқушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуіне және зерттеу әдіс–тәсілдеріне негізделген белсенді оқытуға бейімдеу;

– оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

– оқушылардың жеке, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

*Қазақ тілін оқытуда тілдік дағдыларды дамыту*

Қазақ тілін оқи отырып, оқушылар негізгі төрт тілдік дағды бойынша түсініктері мен қабілеттерін кеңейтеді.

Сөйлеу әрекетінің түрлері – *тыңдалым және айтылым.* Тыңдалым рецептивті дағдылар қатарына жатса, айтылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Тыңдалым – тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну. Тыңдалым ауызекі сөйлеу тілін қамтығандықтан, оның тілі жазба тілден өзгеше болып келеді. Айтылым болса өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану.

Оқыту тілі қазақ тілі болып есептелетін мектептерде тыңдалым мен айтылым дағдысы бірге оқытылады.

1) «Тыңдалым және айтылым» бөлімі оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- берілген ақпаратты түсіну;
- негізгі идеяны және түрлі жағдайлар тұрғысынан мәтіндегі көптеген көзқарастарды анықтау;
- тыңдалған материалға жауап беру;
- жасырын мәтінді анықтау, болжау;
- қоғамдық және іскерлік жағдайлардағы тіл мәдениетін түсіну және іске асыру;
- тыңдаушылардың назарын аудару үшін әдеби тәсілдерді пайдалану;
- тыңдалған материалды бағамдау;
- мультимедиа ресурстарын пайдалана отырып, сөйлеу және тыңдау.

*Тыңдалым* дағдысын дамытуға арналған сабақты өткізудің негізгі мақсаттарының бірі оқушыларды тиімді тыңдауға үйрету, яғни ақпаратты түсіну үшін онымен не істеу керек екенін үйрету болып табылады. Шетелдік ғалым Мендельсон бұл әдістің оқушыларға тиімді стратегияларды қалай анықтау керектігін үйрететін тәсілге негізделген стратегияны қалыптастыратынын айтады. Ол стратегия дегенде әрекетті, қадамдар мен техникаларды меңзейді. Ал Рубин үздік тілдік әдіс-тәсілдер тілді жақсы меңгерген оқушыларды дайындауға мүмкіндік береді деп есептейді, алайда ол тыңдалымды оқыту оқылым, жазылым және айтылымға қарағанда анағұрлым қиынырақ деген болжам жасайды. Мендельсон мұғалімге оқушылардың білімін тексеруге емес, оның тыңдалым дағдыларын машықтандыруға, оларды жаттықтыруға баса назар аударуды ұсынады. Сондықтан үздіксіз жаттыға беруді жоспарлау арқылы тіл мұғалімдері оқушыларына тыңдалым дағдысын шыңдап, метатану стратегияларын дамытуға көмектесе алады [8].

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда тыңдалым/ айтылым дағдысы қатар жүреді. Мұғалім тыңдалымнан кейінгі айтылым тапсырмаларын дискуссия, дебат, сұхбат және т.б. белсенді жұмыс түрлері арқылы ұйымдастырады.

*Айтылым* – продуктивті дағдының түрі. Яғни тілді қабылдап үйренуден гөрі оны қолдану, сөйлеу көрініс тауып отырады. Қарапайым тілмен айтқанда, айтылым дегеніміз – өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында

ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану. Сөйлесу барысында кейбір әрекеттерді біз жиі қолданамыз және олар төмендегідей:

- сөздерді дыбыстау;
- сұрақтарға жауап беру;
- интонацияны қолдану;
- бір нәрсені түсінбеген жағдайда түсіндіріп беруді өтіну;
- сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру;
- пікірталасқа қатысу;
- сөйлеу барысында қажетті стильді қолдану;
- дилогқа қатысу (әңгімеге араласу);
- адамдармен сәлемдесу;
- сөйленетін сөзін жоспарлау (презентация жасау барысында);
- жест, мимиканы қолдану;
- ақпаратты сұрау немесе айту;
- грамматикалық тұлғаларды қолдану;
- сөз және сөйлем екпінін қолдану;
- сөйлеуші сөзін аяқтаған кезде кезек алып сөз бастау
- оқиғаларды баяндап беру;
- тілді сауатты қолдану;
- сөйлемді қайта құрастыру (*перифраза*), яғни бір нәрсені айтып берудің басқа жолын қарастыру;
- сөйлеушінің сөзін бөлу;
- сөйлеу барысында кідіріс жасап отыру.

Айтылымның ішкі дағдылары мынадай:

• грамматиканы, сөздерді және қарым-қатынасқа түсу функцияларын (қарым-қатынасқа түсу себебі мен мақсаты, мысалы: сәлемдесу, кеңес беру, кешірім сұрау, т.б.) қолдана білу;

• сөйлеу барысында қажетті стильді қолдана білу;

• сөздерді дыбыс үндестігінің ерекшелігіне сай айта білу;

• вербальді емес тілді қолдана білу (ым-ишара, мимика);

• мәтін түрлерін (жарнама, хат, мақала) жаза білу;

• ауызша флуенттілік (нормаға сай жылдамдықта, аздаған кідіріспен, қайталаулармен өзін-өзі түзете отырып сөйлесе білу және дыбыс үндестігін табиғи түрде қолдана білу);

• интерактивті стратегияларды (сөйлесу барысында адамдарды қызықтырып, тілдесуге тартудың жолдарын білу) пайдалана білу.

Айтылымның ерекшелігін білу мұғалімге оны терең дамытуға, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақты жоспарлауға мүмкіндік береді.

*Айтылымды сыныпта қолдану.* Айтылым әртүрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Оқушылардың айтылымдағы жетістігі олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар арқылы дамыту арқылы көрініс табады. Яғни айтылымның белгілі бір аспектісіне назар аударып, практикалық жұмыстарды жүйелі жүргізу арқылы оқушыларға көмектесуге болады. Мысалы: интонация, флуенттілік (еркін сөйлеу), сөздерді қолдана білу, т.б.

Бастапқы уақытта айтылым дағдыларының көп бөлігін жаттықтыру барысында бақылауға алынған практика әдісі қолданылады. Ол жаттығуларға сөздерді дауыстап айту, қайталау және сөздерді жаттап айту (есте сақтау) сияқты әдістер жатады. Бұл оқушыларға сөздерді, олардың дыбысталуын, грамматиканы айтылым барысында сауатты қолдануға көмегін тигізеді. Сонымен қатар қолданып тұрған сөздерінің дұрыс екенін білу оларға сенім ұялатады. Бұл әдістен басқа жартылай бақылауға алынған практика және еркін практика сияқты әдістер бар. Оларды төмендегі кесте арқылы салыстыра отырып түсінуге болады [9].

2.1-кесте - бақылауға алынған, жартылай бақылауға алынған және еркін практика әдістері

| | | |
|---|---|---|
| • бақылауға алынған немесе шектелген практикалық жаттығу – сабақ барысында оқушылар тілдік бірліктің белгілі бір түрін ғана қолдануды үйренеді;<br>• тілді сауатты қолдану үшін практикалық жұмыстар жүргізіледі;<br>• жаттығулар тілдің белгілі бір формасына ғана негізделеді | • жартылай бақылауға алынған практикалық жаттығу – оқушыларға белгілі бір тілдік бірлікті қолданумен қатар өзге де форманы таңдау мүмкіндігі беріледі;<br>• тілді сауатты қолдану және қарым-қатынасқа түсу үшін практикалық жаттығулар ұйымдастырылады;<br>• тапсырма өмірге қажетті жағдаяттарға негізделеді. | • еркін практикалық жаттығулар – қарым-қатынасқа түсуге қажетті еркін практикалық тапсырмаларды қамтиды;<br>• тапсырмалар еркін сөйлеу тақырыптарына негізделеді |
| 1-жаттығу | 2-жаттығу | 3-жаттығу |
| **Төмендегі сөйлемдерге *ұнатамын* және *ұнайды* сөздерін қойып, айтып көр!**<br>1. Мен гүл өсіргенді ..... .<br>2. Маған гүл өсірген .... .<br>3. Мен шахмат ойнағанды ... .<br>4. Маған балық аулаған .... . | **Сен үшін ең жақсы демалыс сәтін сипаттап айтып көр!**<br>Төмендегі сөздерді және болжалды келер шақ жұрнағын пайдаланып!<br>-ар; -ер; -р.<br>Мысалы: ...қыдырар едім, ...барар едім, ...көрер едім, суретке түсірер едім, ...саяхаттар едім, ...дем алар едім. | Қазір екі топқа бөлініп, «Мектеп формасы оқушы еркіндігін шектейді» деген тақырыпта пікірталасқа түсесіздер. Көк шаршыны суырып алғандар, «Иә, келісеміз» деп аргументтерін ұсынады, ал қызыл шаршыны суырып алғандар қарсы пікір айтып, өз дәлелдемелерін ортаға салады. |

Бақылауға алынған жаттығуларда мұғалім де оқушы қателігін түзетіп отыра алады, себебі бұл әдістің мақсаты сауатты сөйлеуге үйрету. Флуенттілікті дамыту барысында оқушы қателігін бірден түзетпеген дұрыс. Солай жасаған кезде ғана оқушы өз ойын жеткізіп, коммуникацияға түсе алады. Ал кеткен қателіктерді жазып алып (әсіресе, сыныпқа ортақ), жаттығудан кейін сыныппен бірлесе отырып түзетуге болады.

Флуенттілікті жаттықтыру кезінде оқушылар сөйлеу тақырыбын өздері таңдай алады және оны дамытуға арналған жаттығулар жоба жұмысы,

пікірталас, мәселені шешу, себебін анықтау сияқты тапсырмалардан тұрады. Бұл тапсырмалардың барлығы да оқушыларға жаңа ақпараттарды бір-бірімен бөлісуге және қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік береді.

Тілді жаңадан меңгеріп жүрген оқушылар үйренген сөздерін айтылым кезінде қолдануда уақытты қажет етуі мүмкін. Кейбір сыныптар, әсіресе, жаңадан үйренушілер, үнсіздік кезеңін бастан өткереді. Сол себепті де бастапқы уақыттарда оларға мәтінді көбірек тыңдауға, айтып үйренуге уақыт беріледі, яғни сабақ барысында үнсіз, жай ғана тыңдаушы ретінде отыруына рұқсат етіледі. Алайда олардың түсінген түсінбегендігі ым-ишара қолдану арқылы тексеріліп отырады. Мысалы, егер оқушы түсінсе, басын изейді, қолын көрсетеді.

Айтылымға арналған сабақ құрылымы төмендегідей:

1. *Кіріспе*: сабақ тақырыбын таныстыру және сол сабаққа қажетті жаңа сөздерді немесе тілдік форманы үйрету.

2. *Негізгі бөлім*: жаңадан үйренген сөздерді немесе тілдік форманы жаттықтыруға арналған тапсырмалар. Бұл жаттығулар бақылауға алынған практикалық жұмыстардан бастап, жартылай бақылауға алынған практикалық жаттығуларды қамтуы мүмкін. Оның барлығы сынып деңгейі мен сабақ мазмұнына байланысты.

3. *Бекіту бөлімі*: оқушыларға тақырып аясында еркін сөйлеуге және үйренгендерін қолдануға мүмкіндік беретін тапсырмалардан тұрады.

Қазіргі заманғы көптеген жаңа тәсілдер ақпараттық-үдерістік модельге негізделеді. Левельт төрт үдерісті ұсынады:

1) тұжырымдау (мәтінді жоспарлау);

2) қалыптастыру (мәтін құру);

3) артикуляция (мәтінді айту);

4) өзін-өзі бақылау (қателерді тауып, өз бетінше түзету).

Оқушыны сөйлетудің алуан түрлі мақсаттары бар, айталық, қатысу (араласу) үшін сөйлеу, түсіндіру үшін сөйлеу, өз білімін байқату үшін сөйлеу, бағамдау үшін сөйлеу. Әр мақсат барлық төрт үдерістің болуын көздейді, алайда әрбір кезеңге жұмсалған уақыт ерекшеленетін болады.

Айтылым оның кімге арналғанына, мақсаты мен мәнмәтінге тығыз байланысты: бір мезгілде көптеген адам ауызша қарым-қатынасқа түсе алады немесе оның барысында ықпал ете алады. Жазылым тіліне қарағанда, айтылым тілінде грамматика толық сақталмайды, шаблонды фразалар мен қайталамалар жиі қолданылады. Соның нәтижесінде тыңдаушылар нашар жазылған мәтінге қарағанда, мардымсыз, сапасы нашар сөзге анағұрлым жеңіл қарайды. Принг мұғалімдер оқыту мен оқудың барлық аспектілері бойынша оқушының сөйлегені маңызды екенін мойындайды, өйткені танымдық тұрғыдан қалыптасу барысында оқушылар үшін оның қалай жүретінін білген маңызды. Басқа дағдылар сияқты, айтылым дағдысына үйрету де жоспарлы түрде жүргізіліп, оған қолдау көрсетіліп, лайықты түрде бағалануы тиіс [8].

Коммуникативтік әрекеттерді дамытуға бағытталған тапсырмалар өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір жүйемен жүзеге асады. Мысалы, тыңдалым

дағдысын жүзеге асыру үшін тыңдалым алды, тыңдалым, тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар ұйымдастырылуы тиіс.

*Тыңдалым және айтылымға арналған сабақ құрылымы:*

• *тыңдалым алдындағы тапсырма*: тақырыпты таныстыру; тыңдалымдағы тірек сөздерді үйрету; тақырыпқа қатысты сұрақтар құра отырып, сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау.

• *тыңдалым тапсырмасы*: әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобы; олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады.

• *тыңдалымнан кейінгі тапсырма*: тыңдалымдағы тақырып туралы сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға өз көзқарастарын білдіріп, тәжірибелерімен байланыстыра отырып жауап берулері тиіс. Сонымен қатар сұрақтар жауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді пайдалана алатындай құрылуы қажет [6].

Мұғалім тыңдалымнан кейінгі айтылым тапсырмаларын дискуссия, дебат, сұхбат және т.б. белсенді жұмыс түрлері арқылы ұйымдастырады.

Тыңдалым материалдарына:

- аудио мәтін;
- видео материал;
- кино, мультфильмнен үзінді;
- ән;
- теледидар бағдарламалары;
- аудио кітаптар;
- мұғалім немесе оқушының мәтінді ауызша оқуы жатады.

«Тыңдалым және айтылым» бөлімінің оқу мақсаттары 2.2-кестеде берілген.

2.2-кесте – «Тыңдалым және айтылым» бөлімінің оқу мақсаттары

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Болжау | 5.1.1.1 тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау | 6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау | 7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау | 8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау | 9.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түп-нұсқамен салыстыру |
| 2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау | 5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, | 6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтерде | 7.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырып-тарына байланысты диалог, монолог, | 8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, | 9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыпта |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру | гі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдау | полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалар дан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау | полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау | рға байланыс ты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндерде гі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемде-гіш құрал-дардың рөлін талдау |
| 3. Мәтінн ен ақпара тты анықта у | 5.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау | 6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау | 7.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу | 8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау | 9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелерм ен байланыст ыра білу |
| 4. Негізгі ойды анық тау | 5.1.4.1 тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау | 6.1.4.1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау | 7.1.4.1 мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау | 8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау | 9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау |
| 5. Тыңда лым матери алы бойын ша жауап беру және бағала | 5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру | 6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты | 7.1.5.1 проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауа-бын өзгенің | 8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген | 9.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| у | | шынайы өмірмен байланыстыру | жауабымен салыстыру, талқылау | мәселе бойынша ой тұжырымдау | |
| 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту | 5.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру | 6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу | 7.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысу, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білу | 8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу | 9.1.6.1 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау,орта көлемді монолог дайындау |

Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша ұсынылған әр бөлімше белгілі бір дағдыны төменгі сыныптан жоғарғы сыныпқа дейін біртіндеп қалыптастыратын дағдыдан, яғни оқу мақсаттарынан құралады. Төмендегі кестеден (2.3-кесте) «Тыңдалым/айтылым» бөлімі бойынша «Тыңдалған мәтінді талдау» дағдыларының 5-сыныптан 9-сыныпқа дейін қалай қалыптасатынын анық көруге болады.

2.3-кесте – «Тыңдалған мәтінді талдау» дағдыларының қалыптасуы

| | **5-сынып** | **6-сынып** | **7-сынып** | **8-сынып** | **9-сынып** |
|---|---|---|---|---|---|
| 2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау | әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру | әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдау | әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырып-тарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені | әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау | қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | талдау | | Жолдау) мақсатты аудитория мен көр-кемде гіш құрал-дар дың рөлін талдау |

Оқыту процесінде мұғалім оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін әр сынып үшін ұсынылған оқу мақсаттарын басшылыққа алады. Ұсынылған оқу мақсаттары бойынша дағдыны қалыптастырудың кезеңдерін жоспарлайды, лексикалық тақырыптар аясында материалдарды іріктеп, оқушының тәжірибеде өздігінен білім алуына, ізденуіне мүмкіндік береді. Тіпті бір сынып бойынша оқу мақсаттарының әр лексикалық тақырыпта қайталанып ұсынылуы, белгілі бір дағдыны жетік меңгертуге жағдай туғызады.

«Тыңдалым және айтылым» бөліміндегі «Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау» бөлімшесінің «әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдау» оқу мақсатының жүзеге асырылуын қарастырайық.

Оқушылар әртүрлі жанрдағы мәтіндерді тыңдайды. Мәтін ретінде ән, хабарлама, жаңалық материалдары болуы мүмкін. Мәтін бойынша ашық және жабық сұрақтар беріледі. Ұсынылған сұрақтар арқылы автор көзқарасын, көтерілген мәселені, көркемдегіш құралдарды, олардың мәтінде атқарып тұрған рөлін талдайды. Мысалы, оқушы бұқаралық ақпарат құралдарынан үш түрлі бейнебаян үзінділерін көруі мүмкін. Түрлі жағдаяттардағы әртүрлі бейнебаяндар көрсетіледі. Оқушылар бейнебаян үзінділерін тыңдап, бір-біріне өз көзқарастарын, ойларын айтады, пікір алмасады.

Қазақ тілі сабағында медиақұралдарды қолдану арқылы оқушылардың тілдік дағдыларын дамытады. Медиақұралдарды қолдану оқушылардың қызығушылығын оята отырып, грамматикалық норманы сақтай білуге дағдыландырады.

Оқу мақсаттары:

- Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау.
- Оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу.

*1-тапсырма.*

Көрсетілген бейнежазбаның соңын болжап көріңіз. Сіз оқиғаны қалай аяқтар едіңіз?

Оқшау сөздерді түртіп алыңыз.

Бағалау критерийлері:

- Бейнежазбаның мазмұнын түсінеді.
- Оқшау сөздерді кірістіре отырып, креативті болжам жасай алады.

*2-тапсырма.*

https://www.youtube.com/watch?v=pJLiWgv-UeY (3 минут)

Берілген бейнежазбадағы оқиғаға оқшау сөздерді қолдана отырып, дубляж жасаңыз.

Бағалау критерийлері:

• Оқшау сөздерді орынды қолданады.

• Синхронды дубляж жасай алады.

Тыңдалым материалы негізінде сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған белсенді әдіс-тәсілдер арқылы бірнеше жұмыс түрлерін ұйымдастыруға болады.

«Тыңдалым/айтылым» бөлімінің «Мәтіннен ақпаратты анықтау» бөлімшесіндегі «6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау» және «Сөйлеу мәдениетін дамыту» бөлімшесіндегі «6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу» оқу мақсаттарын жүзеге асыру жолдарын қарастырайық.

Жетістік критерийлері:

✓ Мәтіннің мазмұнын түсінеді;

✓ Өмірмен байланысты материалдарда көтерілген мәселелерді түсінеді;

✓ Ақпаратқа талдау жасай алады;

✓ Детальді ақпаратты анықтайды;

✓ Ресми сөздер мен тіркестерін орынды қолданады;

✓ Өз ойын өмірмен байланыстырып анық жеткізеді.

«*Әңгімелеуші –тыңдаушы*» әдісі

Қатысушыларды екі-екіден жұптастырып, оларды ішінара рөлге бөлуге болады. Бірі – әңгімелеуші, екіншісі – суретші. Әңгімелеушілер қолына тақырып бойынша суреттер таратылады. 1,5 минут ішінде әңгімелеуші қолындағы суретті сипаттап жұптағы сыңарына түсіндіруі тиіс, ал тыңдаушы суретін салады. Уақыт аяқталған соң, олар салынған сурет пен түпнұсқаны салыстырады, сәйкестігін анықтайды.

Тыңдалым мәтіні мұқият тыңдалады.

Әр топқа жеке тапсырма беріледі.

1-топ. Блум бойынша талдау. Кім? Не? Қайда? Қашан? Неіліктен? Қалай? Қаншалықты?

2-топ. Ақпаратты SWOT кестесіне салып талдаңыз.

| | |
|---|---|
| S (жақсы жақтары) | W (әлсіз жақтары) |
| O (мүмкіншіліктері) | T (қаупі) |

3-топ. Негізгі ойларды ментальді картаға түсіріп, әңгімелеп беріңіз.




Айтылым «*Кейіпкерге сұрақ*» әдісімен жүзеге асады. Сыныптағы белсенді оқушы ортаға шығады. Ол кейіпкердің рөлін ойнайды. Қалған оқушылар оған түрлі сұрақтар қояды (сұрақ негұрлым қызықты болса, жауап та соған сәйкес болуы тиіс). Жауапқа қолдау көрсетіліп отырады.

Айтылымды «*Егер.....Онда.......Өйткені*» әдісі арқылы да жүзеге асыруға болады.

Қатысушылар үш-үштен топтарға бөлінеді. Дайындыққа 1 минут + қорғауға 2 минут. Шамамен 6-7 минут.

Әр топқа тақырыпқа қатысты жағдаяттар беріледі. Әр топ 1 минут ішінде жағдаятты талқылайды. Біріншi ойыншы «Егер....» деп бастайды, екінші ойыншы «Онда.......» деп сол ойды жалғастырады, үшінші ойыншы «Өйткені......» деп ойды қорытындылайды.

Соңынан рефлексия жасалады.

| | |
|---|---|
|  | 1- қандай жаңа білім алдым?<br>2- мақсатқа жету үшін не істедім?<br>3- көңіл-күйім қандай болды?<br>4- қандай көмек бере алдым?<br>5- қандай кедергі болды? |

«Тыңдалым/айтылым» дағдыларын дамытуға арналған тапсырма үлгілері.

7-сыныпта «Ғылыми фантастика» тақырыбына төмендегідей белсенді оқыту тапсырмаларын құрастыруға болады:

1. Қиял-ғажайып әңгіме

| | |
|---|---|
| *Тілдік деңгейі* | |
| *Тілдік мақсат* | Әңгіме құрастыру |
| *Дағды* | Айтылым |
| *Ойлау әрекеті* | Қиялдау және құрастыру |
| *Оқыту әдісі* | Шығармашылыққа ынталандыру – қателерді қабылдау |
| *Қарым-қатынас түрі* | 7-сыныпқа сай топтық жұмыс |

Жүргізілу барысы:

1. Сыныпта үш топқа бөлу.

2. Бірінші топ ғылыми фантастикада пайда болатын кейіпкерлер туралы ойлануы керек.

3. Екінші топ ғылыми фантастикалық әңгімеге қажетті оқиға орны (ғарыш, қала) жайлы ойлануы қажет.

4. Үшінші топ ғылыми фантастикалық әңгімеге сюжет ойластырады.

5. Әр топ талқылайды, белгілі бір шешімге келеді. Кейін әр топтан бір оқушы шығып жаңа топ құрады («Джигсо» әдісі). Жаңа топ кейіпкерлер сарапшысы, оқиға орны сарапшысы және сюжет сарапшысынан құралады. Олар бірлесе отырып әңгіме құрастырады.

Әңгіме жоспары:

| | |
|---|---|
| Кейіпкерлер | Сен, сенің досың, келімсек, ғарыш жаратылысы, құбыжықтар, астронавттар |
| Оқиға орны | Планета, болашақ, өткен шақ, джунгли, шөл, үңгір |
| Сюжет | Ғарышта адасқандар; БҰН-мен кездескендер; Уақыт бойымен болашаққа / өткенге сапар шеккендер; Жаңа планета ашу |

*Қосымша*

- Оқушылар өз әңгіме жоспарларын кестеге жазады.
- Әр топ әңгіме құрастырып, оны таныстырады. Жұмыстар сынып бөлмесінің қабырғаларына ілінеді.

*Тыңдалымға ұйымдастырылған сабақ түрі*

*Оқу мақсаттары: Т/А3.* Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау;

*ӘТН1.* Тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу.

*Сабақ мақсаттары.*

*Барлық оқушылар:* Мәтінді түсініп, әр ақпаратпен бөліседі, бірге жазылатын сөздер туралы білім алады.

*Оқушылардың көпшілігі:* Мәтіндегі әр ақпаратты түсінеді, қосымша ақпараттармен толықтырады, бірге жазылатын сөздерге мысал келтіреді.

*Кейбір оқушылар:* Мәтіндегі әр ақпаратты түсінеді, қосымша ақпараттармен толықтырады, бірге жазылатын сөздерге мысал келтіреді, сауатты жазады.

*Бағалау критерийі:*

- Мәтіндегі ақпаратты талдап түсінеді;
- Әр деталіне тоқталады
- Біріккен сөздер ережесін меңгереді;
- Мысал келтіреді.

*Оқыту деңгейі*: білу, түсіну, талдау, қолдану.

*Тілдік мақсат:* Ақпараттарды түсініп, біріккен сөздерді дұрыс жазады.

Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: деталь, біріккен сөздер.

Талқылауға арналған сұрақтар: Музыка адам жанының үні дегенді қалай түсінесіңдер?

Дамыту тапсырмалары:

№1 ТАПСЫРМА.

*Тыңдалым алды тапсырма.*

Ой тастау, ойланту арқылы сабақты болжайды:

Жеті санына қатысты қандай ұғымдарды білесіздер? (7 – ата, қазына, жарғы, шелпек, бір аптада жеті күн, ғалам т.б.).

№2 ТАПСЫРМА.

Ж *және* ЖЖ. *«Жұптас, ойлан, бөліс» әдісі*

*Мақсаты:* Ынтымақтаса жұмыс жасай отырып, мәтіннің мазмұнын түсінеді, детальді ақпаратты анықтайды.

- Бейнефильмді көреді және 38-беттегі 5-тапсырманы тыңдайды;
- Әр оқушы алдымен өзі орындайды, көршісімен ақылдасады, топқа түсіндіреді.

Кесте

| Жеті кереметтер | Орналасу орны | Қай ғасырға тән | Несімен таңқалдырады |
|---|---|---|---|
| | | | |

*Дескриптор:*

- Мәтінді түсінеді;
- Мәтіндегі әр ақпаратты анықтайды.

*№ 2 ТАПСЫРМА.*

ТЖ, ЖЖ *«Сұхбат алу» әдісі*

*37-беттегі ережені оқып, түсінгендерін топта талқылап, бір-бірінен сұхбат алады.*

| Біріккен сөздер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Жер-су аттары | Дене мүшелері | Жануарлар | Ойын аттары | Терминдер | Ауру аттары |

*Дискриптор:*

- Ережені түсінеді;
- Ереже бойынша мысалдар келтіреді.

*Оқылым* рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Яғни оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтудан гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Оқылым белсенді немесе бейтарап болуы мүмкін. Бейтарап оқылым – оқушылар мәтінге сыни талдау жасауды мақсат етпей, өзінің қызығушылығын қанағаттандыру үшін оқу. Бұл оқушыларға мәтін түрлерінің ауқымы кең екенін, лексикасы мен мазмұны бай екенін көрсету үшін пайдалы болуы мүмкін, әрі оның балалардың сыныптағы оқуына жанама ықпалы бар екені сөзсіз. Мұғалім оқушыларды өз қызығушылығын қанағаттандыру үшін бейтарап оқылымды қолдануға түрткі бола білгені дұрыс, алайда сыныпта басты назарда белсенді оқылым тұруы қажет.

Белсенді оқылым – тілді оқытудың негізгі элменттерінің бірі, мұндай оқылым барысында оқушы өзінің сыни талдау дағдыларын дамыту мен жетілдіру үшін мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі кезеңдерінде бірқатар әдіс-тәсілдерді қолданады. Белсенді оқылымды олар мәтінді игеру үшін, оқығанын терең түсіну үшін және сыни талдау дағдыларын жетілдіру үшін пайдалана алады. Венден оқылым әдіс-тәсілдері оқушының өз бетінше оқуына жауапкершілік ала отырып, оқудағы проблемаларын шешуге мүмкіндік береді деп қорытады [8].

Оқылым әдіс-тәсілдері 3 кезеңді қамтиды:

• *оқылым алдындағы кезеңде* – оқушылар мәтін мазмұнын терең ұғу үшін, сонымен қатар, оқылымды барынша тиімді қолдануға көмектесу үшін суреттерді, тақырып атауларын және басқа да элементтерді қалай пайдалану керектігін үйренеді;

• *оқылым барысында* – оқушылар маңызды ақпаратты қажет емес бөліктерінен қалай ажырату керектігін, соның ішінде оқу жылдамдығын қалай арттырып, бейтаныс сөздердің мәнін қалай ажырату керектігін үйренеді;

• *оқылымнан кейінгі кезеңде* – оқушылардан қайталап оқуды, белгілі бір ақпаратты табуды және қорытындылауды сұрауға болады [9].

Қазақ тілді мектептердің мұғалімдері үшін негізгі мақсат олардың оқылымның тиісті әдіс-тәсілдерін өз бетінше анықтап пайдалана білуі болып табылады.

Камбурн оқылымға арнап мәтін таңдаған кезде мәтіннің деңгейіне ғана мән беріп қоймай, сонымен бірге мәтіннің мазмұны да қызықты болуына назар аударған жөн деп тұжырымдайды. Себебі мәтін оқушылардың деңгейіне сай келіп, әрі олар үшін қызықты немесе маңызды болатын болса, оқушылардың ол мәтінді зерделеу үдерісі де барынша табысты болмақ [8].

Оқылым – жазба тілдегі мәтінді түсіну, мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіну.

«Оқылым» бөлімінің оқу мақсаттары 2.3-кестеде берілген.

2.4-кесте – «Оқылым» бөлімінің оқу мақсаттары

| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Ақпаратты түсіну | 5.2.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау | 6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру | 7.2.1.1 мәтіндік және графиктік (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау | 8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру | 9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу |
| 2. Мәтіннің стильдік | 5.2.2.1 лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік | 6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің | 7.2.2.1 публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін | 8.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктері | 9.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ерекшелігін тану | айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану | стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану | қолданылған тілдік құралдар арқылы тану | н қолданылған тілдік құралдар арқылы тану | сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану |
| 3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату | 5.2.3.1 хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату | 6. 2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату | 7.2.3.1 хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату | 8.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату | 9.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамалар, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату |
| 4. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау | 5.2.4.1 ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру | 6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру | 7.2.4.1 идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсатты аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау | 8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау | 9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау |
| 5. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу | 5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру | 6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру | 7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру | 8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру | 9.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру |
| 6. Оқылым | 5.2.6.1 оқылым стратегияларын | 6.2.6.1 оқылым стратегиялар | 7.2.6.1 оқылым стратегияларын | 8.2.6.1 оқылым стратегиялар | 9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| стратегияларын қолдану | қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу | ын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу | қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу | ын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу | оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу |
| 7. әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу | 5.2.7.1 энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу | 6.2.7.1 энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау | 7.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану, авторына сілтеме жасау | 8.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау | 9.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау |

«Мәтіндегі ақпаратты түсіну» бөлімшесі мәтіндік және графиктік ақпараттарды түсіне білу, оларға интерпретация жасау дағдыларына арналған.

«Стильдік ерекшеліктерді анықтау» оқу мақсатымен жұмыс жасауда әр сынып сайын оқушылар белгілі бір стиль түрін, олардың тілдік және жанрлық ерекшеліктерін меңгеріп отырады. Осыған сәйкес мәтіндерді талдау жұмыстарын жүргізеді және аталған стильдер бойынша мәтін құрастыра білу дағдысын игереді.

«Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату» бөлімшесі түрлі жанрда (хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландыру, хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалар, мақала, аннотация, презентация) жазылған мәтіндермен жұмыс жасай отырып, жанрлық ерекшеліктерін ажыратуға арналған.

«Оқылым стратегияларын қолдану» бөлімшесі әртүрлі жанрдағы көркем шығармаларды оқуға, қазақ әдебиетінің озық үлгілерімен танысуға арналған.

«Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау» бөлімшесі мәтіндердің тілдік ерекшеліктерін, құрылымын, рәсімделуін, мақсатты аудиторияға сай қызметін танытуға ұсынылған оқу мақсаттарынан тұрады. Оқушыларға тақырып бойынша газет-журнал, ғаламтордан мәтіндер беріледі. Қосымша ақпарат көздерінен алынған мәтіндерді оқи отырып, қажетті ақпараттарды табады.

«Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу» бөлімшесі әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді оқу, негізгі мәтінмен салыстыру үшін берілген оқу мақсаттарынан тұрады.

«Оқылым» бөліміндегі «Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау» бөлімшесінің «ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын,

мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру» оқу мақсатының жүзеге асырылуын қарастырайық.

Оқылымалды кезеңде мұғалім алдымен оқу мақсаттарымен таныстырады. Оқу мақсаттарында мәтіндердің тақырыбы мен түрлерін салыстыру ұсынылған. Мұғалім алдымен тақырып бойынша ой бөлісу сұрақтарын қояды. Оқушылар жұпта немесе топта сұрақтарды оқып, ойларын айтады. Талқылау аяқталған соң мұғалім оқушылардың жауабын тыңдап, мәтіннен алынған тірек сөздердің мағынасын түсіндіреді.

Мәтінмен жұмыс кезеңінде жалпы мазмұн түсіндіріледі. Оқу мақсаты мәтіндерді салыстыру болғандықтан, оқушылар алдымен әр мәтінді жеке оқып түсініп алады және мәтін бойынша жалпы мазмұнын түсінуге берілген сұрақтарға жауап береді. Егер мәтінде оқушыларға таныс емес сөздер кездессе, мұғалім түсіндіріп кетеді, қосымша сұрақтар қойып, мәтіндерді толық түсінгенін тексереді.

Осы кезеңде накты ақпараттармен жұмыс жүргізіледі:

• оқу мақсаттарына сай оқушылар мәтіндерді берілген сұрақтар бойынша салыстыруы қажет;

• сұрақтар оқушылардан барынша накты ақпараттарды, дәлелдерді табуды қажет етеді;

• оқушылар мәтіндердің мазмұнымен алдын ала таныс болғандықтан сұрақтарға жауап береді және мәтіндерді салыстырады;

• егер осы тапсырма оқушыларға бірден берілсе, оқушылар қиналып қалады.

Мәтіннен кейінгі кезеңде оқылым нәтижесіне бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Оқушылар мәтіндермен толық таныс болғандықтан, оларға жазылым тапсырмасы ұсынылады. Постер дайындауға құрылған жазылым тапсырмасы оқушылардан мәтіндерден барынша көп ақпаратты қолдануды, шынайы өмірмен байланыс орнатуды қажет етеді. Яғни оқылым дағдыларынан жазылым дағдыларына ауысады.

Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау:

➢ оқушының негізгі оқылым және жазылым дағдыларымен қатар, пәндік теориялық білімін де жан-жақты көтеруге мүмкіндік береді;

➢ әр түрлі контекстегі мәтіндерді өздігінен түсініп оқи алады;

➢ оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, тың идеяларын өзгелермен бөлісе алады;

➢ оқылым және жазылым дағдыларын және синтез, анализ жасау, бағалау қабілеттерін жетілдіреді;

➢ коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуге үйретеді;

➢ ғылыми сараптама жасау дағдылары жетіледі.

Салыстырмалы талдау жұмыстары оқушылардың мәтіннің түрі, мақсаты, мазмұны, стилі мен тілін талдай отырып, тіл теориясын кешенді түрде меңгеруге ықпал етеді.

*Оқылымның ішкі дағдылары:*

мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу (skimming) – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу;

нақты ақпараттарды табу үшін оқу (Scanning) – мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу;

детальді түрде оқу – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз;

сөз мағынасын контекстен ажырату – мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын түсіну (болжау) үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару;

мәтін құрылымын түсіну – мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім;

болжай білу – оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі;

мәтін түрлерін ажырата білу – әр мәтіннің өзіне тән ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ (листовка), хабарландыру, т.б.

Экстенсивті оқылым – үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) оқу.

Интенсивті оқылым – мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін оқу. Мұндағы мақсат оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру.

*Оқылым дағдыларын сыныпта қолдану:*

• егер оқушы жоғарыда аталған дағдыларды (оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым) өз ана тілінде меңгерген болса, онда оқушыға ол дағдыларды екінші тілде қолдану оңайға түседі. Оларды екінші тілде қалыптастыру көп жағдайларда қиынға түседі. Сол себепті төрт тілдік дағдыны әуелі ана тілінде қалыптастырған дұрыс;

• мәтінді түсіну үшін оқушыларға өз білімдерін пайдалана білдіру мақсатында сабақтың кіріспе бөлімінде жаттығулар ұйымдастыруға болады. Жаттығулар мәтіндегі суретпен немесе тақырып мазмұнын болжаумен байланысты болу мүмкін. Сонымен қатар, миға шабуыл жаттығуын да қолдануға болады, яғни тақырыпқа байланысты идеялар, сөздер немесе оқушылардың тәжірибесін тақтаға жазу, кейін оқып болған соң салыстыру.

• сонымен қатар мәтін оқушылардың жасына, тілдік деңгейіне сай дұрыс таңдалуы қажет. Мазмұны қызықты етіп алыған мәтін оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Егер мәтіндегі сөйлем құрылысы тым күрделі болса, онда ол оқушыларға түсінуге тым қиын болуы мүмкін.

*Оқу нормативтері бойынша ұсынымдамалар*

*5-9-сыныптардағы оқу жылдамдығы*

Ана тілдің қадірін түсіну туған тілінде жазылған кітап оқудан басталады. Өйткені оқу — ойлау мен ақыл-ой дамуының қайнар көзі. «Оқуды тоқтатқан адам, ойлауды тоқтатады», - дейді Дени Дидро [13].

Сол себепті де бастауыш сыныптан-ақ негізі қалануы тиіс маңызды міндеттің бірі - оқушылардың оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру. Оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру мынадай талаптардан туындайды:

1.Оқу техникасы (дұрыс, тез қабылдау және сөздерді дыбыстау).

2. Мәтін мазмұнын түсіну (негізгі ойды, мазмұнын ажырату). Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені оқу техникасын жетілдірмей – түсіну, дұрыс оқу жүзеге аспайды.

Оқу жылдамдығын дамыту – мәтіндегі сөздерді қалай болса, солай бастырpмалатып немесе сөздердің ара жігін айырмай оқу емес. Бұл – оқығанды түсінетіндей қалыптағы шапшандықпен оқу. Оқушы – кішкентай оқырман. Жылдам оқудың жай оқудан өзіндік ерекшелігі бар. Жылдам оқитын, «оқырман» мәтіннің құрылымы мен маңызына тез бойлап, оның мағыналық бөліктерін пайымдап, салыстыра алады. *Оқу жылдамдығы* дегеніміз – белгілі бір уақыт ішінде оқылған мәтіннің көлемі. Оқу жылдамдықтарын тексеру кезіндегі оқып шыққан мәтін бөлігінің мазмұнын қабылдаулары төмен болғандықтан, оқушылардың оқу машықтарын жетілдіру және оқу дұрыстығын қалыптастыру үшін оқушылардың оқу машықтарын тексеру мен бақылауды жаңа үлгіде қарастыру қажет болады. Оқу дағдысының қалыптасуы оқушыларға ұсынылатын материалдың түсініктілігіне , жеңілдігіне және қызықтылығына байланысты. Баланың мәтінді дұрыс түсініп , шапшаң және мәнерлеп оқуға үйрету мәтін бойынша жұмыс дұрыс жүргізілгенде ғана сабақ өзінің нәтижесін береді, тиімділігі артады, *оқу сапасы* жақсарады.

Қандай да болмасын дағдыға бала басқалармен қарым-қатынас жасау барысында үйренеді. Бала үлкендердің істеген әрекеттерін көріп бақылап, оған еліктейді, кейін оны өзі істей бастайды. Баланың эстетикалық талғамын дамыту ертегі, көркем әңгіме, өлең, оқу, сурет, музыка т.б. арқылы іске асырылады. Оқушының бастаған істі аяқтап шығу, көздеген нәтижеге жету, ұқыптылық, уақытты дұрыс пайдалану т.б. мінез-құлық саналары тәрбиелене бастайды.

Оқу жылдамдығы – оқушы тұлғасының қалыптасуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Оқытудың екінші негізгі кезеңінде де оқушылардың оқу жылдамдығын қалыптастыру жалғасады: алайда 5-9-сыныптарда түсініп оқуға емес шапшаң оқу мен мәнерлеп оқуға басты назар аударылады.

Оқудың 2 түрі бар: дауыстап оқу және ішінен оқу. Оқудың екі түрі де мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1) *дұрыстығы;*

*2) түсініктілігі;*

3) *жүгіртіп оқу.*

Дауыстап оқуға мәнерлеп оқу талабы да қойылады.

*Дұрыс оқу* – бұл мәтіннің дыбыс жағының қатесіз және бір қалыпты айтылуы.

*Түсініп оқу* оқырманның мәтін мазмұнын анық, терең түсінуінен көрінеді.

*Жүгіртіп оқу* деп оқу кезінде қабылдаудың саналылығын қамтамасыз ететін және қарқынына сәйкес келетін оқу қарқынын атайды.

*Мәнерлеп оқу* – бұл оқырман өзінің даусымен автордың ойы мен оқылған мәтінге өз көзқарасын білдіре білуде көрінетін дауыстап оқу сапасы.

*Оңтайлы оқу* – бұл ауызша сөйлеу жылдамдығымен оқу, яғни қарқынмен минутына 120-дан 150 сөзге дейін оқу.

*Түсініп оқу* дегеніміз оқушының оқыған мәтіннің мазмұнын анық, терең ұғынуы болып табылады. Бұл әр сөздің , сөйлемнің мағынасын түсінуден, әр бөлімді логикалық, психологиялық байланыстырудан келіп шығады. Оқығанын толық түсіну оқушылардың мәтіндегі басты ойды айыра алуларынан, оның мазмұнына өзінің көзқарасын білдіруінен көрінеді.

Түсініп оқуда оқушылардың назары шығарманың идеялық мазмұнына аударылады. Түсініп оқу барысында оқушыларды елес, ұғым, бейне, жоғары сезімдер пайда болады. Түсініп оқуды жүзеге асыруда қиыннан күрделіге қарай принципі сақталады.

Шығарманың идеялық мәні мен мазмұнын оқушыларға ұғындыру үшін сөздік жұмысын жүргізудің пайдасы бар.

Мәнерлеп оқуда зор рөл атқаратын *интонация*. *Интонация* – сөйлеу сазы. Ол сөйлеудің ритмі мен үнін, дауыстың бірде жоғарылап, бірде төмендеуін білдіреді. Интонация мына элементтерден тұрады: сөз бен ой екпіні, сөйлеудің қарқыны, ритмі, паузасы, сазы. Шығарманы, мәтіндерді оқуда сөзге екпін қойып оқудың мәнерлі оқуға ықпалы зор.

Көптеген ғасырлар бойы адамның артикуляциялық аппараты дәл осындай жылдамдыққа үйреніп қалды, мәтінді дәл осындай жылдамдықта жақсы түсінуге болады [15].

Үш аспектті бөліп көрсетуге болады: оқыту, дамыту және тәрбиелеу аспектілері.

Әртүрлі аймақтардағы мектептердің тәжірбиесінде минутына оқу жылдамдығы өте төмен болғаны анықталған, 40 сөз оқитын 5-9-сынып оқушылары кездескен. Мұндай жылдамдықпен, әдетте, 1-сынып оқушылары оқиды. 9-сыныпта үй тапсырмасы орта есеппен бір күнде шамамен оқулықтың 8 бетін немесе 6500 сөзді құрайды. 6500 сөзді минутына 40 сөз оқу жылдамдығына бөлеміз. Сонда үй тапсырмаларының мәтіндерін бір рет оқып шығу үшін 162 минут немесе шамамен 3 сағат (2,7 сағат) қажет. Бірақ мұндай оқу техникасымен, әрине, оқушы оқулықта жазылғанды бірден түсінбейді. Оған мәтіндерді кем дегенде 3 рет оқып шығу керек, бұл дегеніміз – 9 сағат оқу уақыты, мектепте 6 сағат қажет. Міне, 15 сағаттық жұмыс күні. Бірақ оған қоса жазбаша тапсырмалар бар.

5-сыныпта бастауыш сыныптардағыдай оқу жылдамдығын тексеруді бақылап отыру қажет. Бақылау мақсаты тез, жылдам оқу емес түсініп оқу болатынын ескерген жөн.

*5-9-сыныптардағы оқу жылдамдығына қойылатын талаптар*

Мәнерлеп оқу, логикалық екпінді ең маңызды сөздерге қойып оқу. Оқу барысында сөз бұзылмай, автордың айтатын ойы дұрыс жеткізіледі.

*2.4-кесте – 5-9-сыныптардағы оқу жылдамдығының нормасы*

| Сыныптар | Міндетті деңгей | Мүмкіндік деңгейі |
|---|---|---|
| 5-сынып | 105 – 115 сөз | 110 – 120 сөз |
| 6-сынып | 115 – 125 сөз | 120 – 130 сөз |
| 7-сынып | 125 – 135 сөз | 130 – 140 сөз |
| 8-сынып | 135 – 145 сөз | 150 – 160 сөз |
| 9-сынып | 145 – 155 сөз | 170 – 180 сөз |

Жаңартылған білім мазмұнына орай оқу дағдыларына қойылатын талаптар біршама өзгерді:

2.5-кесте – Оқу дағдыларына қойылатын талаптар

| Сыныптар | Тыңдалым | | Оқылым | Жазылым | Айтылым | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тыңдалым ұзақтығы | мәтіндегі сөз саны | | | диалог | монолог |
| 5 | 3-5 минут | 200-300 сөз | 300-400 сөз | 150-200 сөз | 6-8 сөйлем | 8-10 сөйлем |
| 6 | 3-7 минут | 300-500 сөз | 300-500 сөз | 200-250 сөз | 8-10 сөйлем | 10-12 сөйлем |
| 7 | 5-9 минут | 300-700 сөз | 500-700 сөз | 250-300 сөз | 10-12 сөйлем | 12-14 сөйлем |
| 8 | 5-11 минут | 500-900 сөз | 500-800 сөз | 300-350 сөз | 12-14 сөйлем | 14-16 сөйлем |
| 9 | 5-13 минут | 500-1000 сөз | 500-900 сөз | 350-400 сөз | 12-14 сөйлем | 14-16 сөйлем |

Оқу жылдамдығын тексеру рәсімі қалыпты жағдайда, ізгі ниетте өтуі қажет.

Оқушы мәтінді оқып отырғанда ескерту жасалмау қажет, оқып отырған оқушыны 1 минутта оқыған сөздерін санау үшін тоқтатпау керек, барлық оқушылардың көзінше ауызша оқушының оқу деңгейіне баға беруге болмайды. (ауызша немесе журнал).

*5-9 сыныптарда оқу жылдамдығын тексерудің ерекшеліктері*

Оқу жылдамдығын тексеруге арналған мәтіндер төмендегі талаптарға сай болуы қажет:

• нақты сюжеттік негізінің бар болуы;

• күрделі емес құрылымда құрылған сөйлемдерден тұруы қажет;

• мәтіндер диалогтерден, өлең жолдарынан, түсініксіз сипаттаулардан болмауы керек ;

• оқушыларға таныс сөздерден тұруы қажет;

• мүмкіндігіне қарай эмоционалдық қарым-қатынастан бейтарап болуы керек.

Оқу жылдамдығына талдау жасау барысында ескеріледі:

• оқу тәсілі;

• оқу қарқыны;

• оқу сауаттылығы;

• түсініп оқуы;

• мәнерлеп оқуы.

Оқу жылдамдығын тексеруге таңдалатын мәтіндер бала танымына жақын, етене таныс, күнделікті қарым-қатынас жасап отырған ортаға байланысты таңдалады. Мәтіндер қызғылықты, қоршаған орта мен табиғатты терең тануға ықпал ететін, дүние танымын кеңейтетін, ұлттық рухты көтеретін, батырлыққа, ерлікке жетелейтін, баяндалатын іс-әрекет пен оқиғалар сабақтаса байланысқан, бірін-бірі толықтыратын болып келу жағы қарастырылады [15].

Оқу жылдамдығын тексеру барысында мына төмендегі материалдарды пайдалануға болады:

1) жыл мезгілдері және олардың бір-бірінен өзгешеліктері, ерекшеліктері;

2) оқушылардың өз бастарынан кешкендері;

3) оқыған кітаптары, естіген әңгімелері, көрген кинофильмдері;

4) қоршаған орта мен табиғатты бақылаудан алған әсерлері мен ой-пікірлері;

5) балалардың еңбек әрекеттері, ойындары;

6) отбасы, ауылы, туған өлкесі;

7) үй жануарлары және олардың қасиеттері;

8) жабайы аңдар және құстар;

9) түрлі кәсіп жайында;

10) туған елдің тарихы, ұлы ойшылдары мен ақын-жазушылары, билері мен батырлары т.б. [15]

*Оқу жылдамдығын тексеруге арналған үлгі мәтіндер:*

5-сынып: «ІЗДЕНУ»

Ермек пен Әсия бір сыныпта оқиды. Пәндер бойынша үлгерімдері жақсы. Бүгін де ана тілінен тест тапсырған. Бұл тесттің ерекшелігі – іздену қажет. Оны апайы айтты.

– Тестегі сұрақтарға жауапты ана тілі оқулығынан табуға болады. Тек талмай іздену керек, – деді.

Ермек те, Әсия да тест сауалдарына сай жауаптарды белгіледі. Өз ойларынша дұрыс. Әсияның тестке қайтарған жауаптары түгелдей дұрыс болып шықты.

– Ұқыппен даярлағаның көрініп тұр. Өз бетіңше жауап іздегенің байқалады.

– Ал, Ермек сен ғұлама ғалым әл-Фарабидің туған жерін дұрыс белгілемепсің?

– Апай, ондай сұрақтың жауабын таба алмадым. Содан соң, күмәнданғаным рас.

– Мен сендерге үнемі айтамын ғой. Іздену керек деп. Ізденіс қана өз жемісін береді, – деді апай сыныптағы оқушыларға өз сөзін нықтай түсіп.(110 сөз)

6-сынып: «ЕКІ САУЫСҚАН» (мысал)

Бірде аңшының әкесі қатты ауырып қалады. Емшілердің бірі:

– Егер де әкеңе сауысқанның өтін ішкізсең, ауруынан құлан таза жазылып кетеді, – дейді.

Аңшы емшінің айтқанын орындамақ болады. Бір кезде үйінің жанындағы ағаш қораның үстіне екі сауысқанның қатар келіп қонғанын байқайды.

Аңшы мылтығын оларға кезеп, шүріппені басып қалды. Сауысқанның бірі ағаш қораның арғы тасасына құлап түсті. Екіншісі ұзап ұшып кетпей, сол тұсқа айналсоқтап қайтадан ұшып келді.

Аңшы ағаш қораның арғы бетіне барғанда аман қалған сауысқанның оқ тиіп, жаралы болған сауысқанды тұмсығына іліп, ары қарай сүйрелеп, әкетіп бара жатқанын байқайды.

– Апырым–ай, – дейді аңшы қайран қалып, – сауысқандарды өте сақ деуші еді. Олар сонымен бірге бір-біріне өте мейірімді екен-ау. Жаралы серігін жолда қалдырғысы келмей, өлермен халде өзімен бірге әкетіп бара жатқанын қарасаңшы!

Аңшы сол күні алғаш рет емшінің айтқан сөзін орындауға шынайы пейіл танытпады. (130 сөз)

7-сынып: «ҚАЙЫРЫМДЫ ӘПКЕ»

Гүлнәр мен Дәурен үйде қалды. Мамасы жұмысқа кетерде, малға уақтылы шөп салуды Дәуренге ескертті.

Гүлнәр үй ішін сыпырды, еденді таза шүберекпен сүртті. Терезе алдында өсіп тұрған үй гүлдеріне су құйды. Дәурен достарымен бірге балық аулауға кетті. Ауыл жанындағы өзеннен он шақты балықты түске дейін қиналмай-ақ ұстады.

Су бетіндегі қалытқы тұңғиыққа тастай батып кеткенде, қармағына іліккені жайын балық болатын. Дәурен бұған мәз. Балық аулаймын деп күннің түс ауып кеткенін Дәурен кеш байқады. Мамасының сөзі есіне түсті:

–Ау, достарым, мен үйге қайттым. Мамам «малға шөпті уақтылы бер» деген еді, – деп ұстаған балықтарын жинастыра бастады.

Үйге кірерде Дәурен ең алдымен малды қораға қарай бұрылды. Қора ішінен байқағаны – екі сиыр алдындағы мол шөптен жеп тұр.

– Дәурен, балықты көп ұстапсың ғой, – деді Гүлнәр.

– Балықтың қызығына түсіп, кеш келдім.

– Сен кешіккен соң, малдарға шөп салып қойдым.

– Рақмет, Гүлнәр, – деді Дәурен ризашылығын білдіріп.(140сөз)

8-сынып: «КҮН МЕН АЙ»

Өте ерте заманда Жер – Ананы Күн мен Ай айналып жүріпті.

Күн соңынан сансыз күндер, жыл соңынан жүздеген жылдар өтіпті. Бірде Күн мен Ай бір сұрақтың шешімін таба алмай, өзара өкпелесіп қалады.

– Күн жақсы ма, Ай жақсы ма?

Күн айтады: – Мен Жер бетіне сәуле, жылу таратамын. Адамдар ерте тұрып еңбек етеді.

Ай да уәжді сөзден қалыспайды: – Мен Ай десе аймын. Сен айналаны қараңғыға бояған сәтте түндерді аппақ нұрға бөлеймін. Ақындар айлы түнде жүрегіне жақын жанды өлеңі мен жырына өрнектеп қосады.

Күн мен Айдың өзді-өзін мақтай сөйлеген лебіздерін Жер – Ана байыппен тыңдап, былай депті: – Күнім мен Айым, сендер болмасаң, мен бусанып жатпас ем. Көсегем көгермес еді. Бірің жылу дарытып, топыраққа түскен дәнге жан бітіресің. Ал Ай болса, мызғыған тіршілікке сұлулық әкеледі. Шаршаған жанға қуат дарытады. Сондықтан екеуің де маған қымбатсыңдар.

Жер – Ана толғана тұрап: – Менің бағыма орай Күн мен Ай мәңгі жасай беріңдер, – деді. Күн сол сәтте сәулесін молынан төге түсті. Ай да сол мүлгіген түні төңіректі керемет сұлулыққа бөледі. (160сөз)

9-сынып: «ЕКІ БОЗТОРҒАЙ»

Ерте, ерте, ертеде кең далада екі бозторғай балапаны жұмыртқаны жарып шығып, дүниеге келіпті. Сайын дала төсінде көктен себелеген күн нұры олардың бойына қуат беріп, тезірек өсуіне жәрдем етіпті. Қос бозторғай балапанының түр–түсі бірдей болғанымен, мінездері ұқсамапты. Екеуі жиі-жиі шекісіп қалады екен. Ұрыс-жанжалды үнемі бірінші бастағанына қарамай, енелері «пысық» деп, мінезі шадыр балапанын жақсы көріпті. Бір жаққа бармақ болса, қасына соны ертіп, момын балапанын ұяда қалдырып кетеді екен.

Көктем шығып, ағаштар жаңа-жаңа бүр жара бастағаннан-ақ, құс біткен алуан түрлі әнге басыпты. Айналадағы тіршілік иелері бұлбұлдың жүрек тебірентер әдемі әуеніне тәнті болыпты. Таудың биігіне ұя салып, жер бетін зеңгір көктен шолып, қалақтап жүретін бүркіттің саңқылдаған батыл даусынан бойларына күш жинапты.

Бірде ән салу кезіндегі өз дегенінен қайтпайтын бозторғайға тиіпті. Ол әркімге бір еліктеп, бірде бұлбұлға, бірде қарлығаштың даусына ұқсас әуенге басты. Бұл ән әуені құстарды зеріктірді.

Осы мезетте кең далада шырылдай жөнелген дауыс естілді. Әсем бұлбұл да, қыран бүркіт те, аппақ төс қарлығаш та нәзік, мұңды, сағынышқа толы ән ырғағына елітіп тыңдай қалыпты.

– Маған ән салуды туған далам, жұлдызды түндері мен сыбдыр қаққан өзені үйретті. Осы алтын бесігімде ешкімге еліктемей өстім (180 сөз).

Мұғалімдерге қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы екіталай. Осы орайда халқымыздың көсемі *Ахмет Байтұрсынұлының «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек»* деген сөзі әр маманның жадында болу керек.

Оқыту технологиясының өзін мұғалім түрліше іске асыруы мүмкін. Бұл жерде технологияны жүзеге асырушы тұлғаның компоненті, белгілі бір ерекшеліктері елеулі ықпал етеді, сонымен бірге оқушы әрекеті – оның қабылдауы, ынтасы, құштарлығы негізгі рөл атқарады.

Оқылымға арналған сабақ құрылымы төмендегідей:

*оқылым алдындағы тапсырма*: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою;

*оқылым тапсырмасы*: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс;

*оқылымнан кейінгі тапсырма*: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек.

Мәтінмен жұмыс, мәтінді талдау – оқылым дағдысын жетілдірудің негізі. Мысал ретінде оқылым дағдысына арналған сабақ үлгісін қарап көрейік:

Оқылым және мәтін талдауға А және Ә мәтіндері берілуі мүмкін.

А мәтіні – Ахмет Байтұрсыновтың тіл тазалығы туралы мақаласы.

Ә мәтіні – тіл туралы блогта жазылған пікір.

Оқушылар екі мәтіннің тілі мен стилін, формасын, ұқсастығын және айырмашылығын сараптауы тиіс.

Мұғалім мәтін үзінділерін алған кезде оқушылардың жас ерекшелігіне сай сөз көлемін, ақпараттық-мазмұндық идеясын ескеруі тиіс.

*Оқылым және мәтінді талдау.*

Төменде берілген мәтіндердің бірі - Ахмет Байтұрсыновтың 1926 жылы жазылған тіл өнері туралы мақаласынан үзінді, ал екіншісі - 2011 жылы жазылған блог авторының қазіргі қазақ тілі туралы пікірі. Мәтіндер әр түрлі кезеңдердегі қазақ тілінің даму үрдісінен көрініс береді.

***Тапсырма:***

Екі мәтінді салыстырып, олардың тілі мен стилін, формасын, ұқсастығын және айырмашылығын сараптаңыз.

| А мәтіні: Ахмет Байтұрсынов, Тіл тазалығы, 1926 ж. | Ә мәтіні: Тіл туралы блогта жазылған пікір, 2014 ж. |
|---|---|
| Тіл тазалығы<br>Тіл тазалығы дейтініміз - ана тілін басқа тілдің сөзімен шұбарламау. Басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу қажет. Орыстың жақсы жазушыларын алсақ, олар көбінесе мына түрлі сөздерден қашқан:<br>а. Ескірген сөздерге жоламаған.<br>ә. Жаңадан шыққан сөздерден қашқан.<br>б. Өз тілдерінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашқан.<br>в. Жергілікті сөздерге, яғни бір жерде айтылып, бір жерде айтылмайтын сөздерге | Басқа тілден сөз алу тіл дамуында айтарлықтай орын алатын үрдіс. Басқа тілден келген сөздер екі тіл қауымдастығы арасындағы мәдени қарым-қатынастың нәтижесі деп санайды зерттеушілер. Сөз алу екі жақты болуы мүмкін. Мысалы, қандай да бір түсініктің немесе заттың мүлдем басқа мәдениеттен келуі. Бұған араб және парсы тілдерінен басқа тілдерге тараған ‘шахмат’ (шах өлді) ойыны және оның атауы жақсы мысал бола алады.<br>Бірақ, көп жағдайда бұл үрдіс бір жақты болып кетеді. Бір жақтылық – екі тіл қауымдастығының біреуінің қандай да бір |

| | |
|---|---|
| жоламаған.<br>Қазақ әдебиеті қатып, пісіп жетпеген уақытта біз қазақ сөзін ескі, жаңа деп талғамаймыз, жергілікті сөз екен деп оған қатал қарап, қашып тұрмаймыз. Жалғыз-ақ, біздің мықтап қашатынымыз - жатшылдық (жат сөзшілдік) болуы тиіс. Себебі біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдениет жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, өз ана тілімізден қарастырып, сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалады. | артықшылыққа ие болуының көрсеткіші. Яғни, «сөз беруші» жақ ие болып отырған түсініктер мен дүниелердің «сөз алушы» жақты қызықтыратын, құнықтыратын күшке ие болуы.<br><br>Сонымен, оқырманның назарын қазақ тілшілері мен ғаламтор қолданушылары кеңінен қолданып жүрген ***глобалды*** және ***контент*** сөздеріне аудармақпын. Қазақ сөздік қорында ***глобалды*** деген сын есімге *жаһандық, **ауқымды, дүниежүзілік*** деген баламалар жетіп жатыр. Сонда бұл бөтен сөзді қабылдаудың қажеттілі бар ма? |

Білім алушылардың оқылым дағдыларын зерттеп оқу стратегиялары арқылы дамытуға болады.

Зерттеп оқу – оқушыдан тек оқылым мазмұнын түсініп қана қоймай, негізгі ойды автор көзқарасымен бірге байланыстыра талдау, дерек пен фактіні ажырату, себеп пен салдарды анықтау, өмірмен байланыстыру, көтерілген мәселені талдау, өз пікірін білдіру және дәлелдеу, тұжырым шығару, артықшылығы мен кемшілігін саралау, автор ойын бағалау, проблемалық сұрақтар арқылы зерттеу секілді дағдыларын қамтитын оқылым стратегияларының бірі.

Зерттеп оқу стратегияларын қолдану үшін мұғалімдер мыналарды білуі тиіс:

- ✓ Зерттеп оқу стратегияларының өзге оқылым стратегияларынан (шолып оқу, жүгіртпе оқу, рөлге бөліп оқу, іріктеп оқу) айырмашылығын ажырату;
- ✓ Зерттеп оқу стратегияларын қолдану мен ұйымдастырудың негізгі қадамдарын білу;
- ✓ Зерттеп оқу стратегиясы бойынша ұсынылатын тапсырмаларды айқындау.

Жүргізілу барысы:

1. Әр қатысушы сағат 3, 6, 9,12-де кездесетін досын таңдайды.
2. Уақыт айтылған сайын әр қатысушы уақытқа сай кездесетін досын табады, кездесу орнына (жұбына) бару сұралады.
3. Әр белгіленген уақытта жұптарға тапсырма беріліп, жұптар ой бөліседі.
4. Сонда бір қатысушы 4 досымен жұптық талқылауға түсіп, тәжірибе алмасады.

Зерттеп оқу стратегияларын қолдану мен ұйымдастырудың негізгі қадамдары мынадай:

1-қадам.

Зерттеп оқу стратегиясы бойынша мәтінді өте мұқият таңдай отырып ұсыну қажет, себебі түсіну және білу деңгейін қамтитын мәтіндер көбіне зерттеп оқуға сәйкес келмейді. Зерттеп оқу стратегияларына арналған оқылым мәтіндері төмендегідей аспектілерді қамтуы тиіс:

*Дискурсивті мазмұндағы оқылым мәтіні,* бұл оқушының жан-жақты, екі жақты көзқарастағы мәтіндерді зерттеуі өзіндік қорытынды шығаруына көмегін тигізеді;

*Өзекті проблемалық оқылым мәтіні* – оқушы көтерілген проблеманың себебі мен салдарын, шығу жолдарын тұжырымдап шығара алатындай мүмкіндік жасаған дұрыс;

*Астарлы ой мен ирония, сатира бар оқылым мәтіні* болуы қажет. Себебі, оқушы автордың негізгі ойын әрбір сөз, сөйлем, абзац астарынан анықтап, мысал келтіру арқылы автор көзқарасын, ойын талдау қажет;

*Сандық көрсеткіштер мен аргументтер қамтылатын оқылым мәтіні,* мұнда оқушы ұсынылған тақырыптағы мәтінді толық зерттеп, артықшылығы мен кемшілігін, мүмкіндігі мен қауіп-қатерін нақты анықтайды;

*Сараптама мен болжам қамтылған оқылым мәтіні арқылы* оқушы оқылым мәтінін зерттей отырып, автор ойын бағалайды, өз болжамымен автор ойын байланыстыра алады [7].

2-қадам.

Мәтін таңдалынғаннан кейін әдістерді іріктеу қажет. Оқушының зерттеушілік-жобалаушылық қабілетін дамыту үшін мәтінге лайық әдістер таңдалу қажет. Мысалы, көтерілген мәселені талдау, себебін анықтау, шешу жолдарын ұсыну секілді мазмұндағы зерттеп оқу тапсырмасы үшін *«Мәселелерді зерттеу ағашы», «FILA», «Мәселе-себеп-салдар айналмасы»* әдісін пайдалануға ыңғайлы және пайдалы.

Негізгі ойды анықтау, пікірін білдіру, көзқарастарды талдау, аргумент келтіру мақсатындағы оқылым тапсырмасы үшін *«Ой-пікір-дәлел-қорытынды», «Дербес пікір», «Пікірлер алаңы»* әдістері көбірек сай келеді.

Автордың ойын бағалау, тұжырым шығару, болжам жасау, артықшылығы мен кемшілігін саралау, проблемалық сұрақтар арқылы зерттеу секілді оқылым тапсырмалары үшін *«Логикалық мағынаға негізделген эвристикалық жобалау технологиясы», «Форсайт», SWOT-талдау, «5 проблемалық сұрақ және жауап», «Блум түймедағы», «Журналистік сауалдар»* әдістерін қолдану тиімдірек [7].

3-қадам.

Мәтін, әдіс таңдалғаннан кейін оқушының зерттеп оқу алгоритмін, фокусын нақты нұсқау арқылы дұрыс ұйымдастыру қажет.

Зерттеп оқудың мынадай әдістері бар:

- *«Логикалық мағынаға негізделген эвристикалық жобалау технологиясы»;*
- *«Форсайт»;*

• *«Себептер мен салдар айналмасы»;*
• *«Мәселелерді зерттеу ағашы»;*
• *FILA;*
• *SWOT-талдау;*
• *«Ой-пікір-дәлел-қорытынды»;*
• *«Журналистік сауалдар»;*
• *«Блум түймедағы».*

Зерттеп оқудың аталған әдістеріне жеке-жеке тоқталайық:




2.1-сурет – «Мәселелерді зерттеу ағашы» әдісі




2.2-сурет – «*FILA*» әдісі

Зерттеп оқу әдісінің келесі түрі – «Логикалық мағынаға негізделген эвристикалық жобалау технологиясы» әдісі. Бұл әдісті қолдана отырып, білім алушылар мәтінде көтерілген мәселені, мәселенің өзектілігін, мақсатты аудиториясын, астарлы, тұспалы ойларды, көздеген мақсаттарды, фактілер мен көзқарастарды, қарама-қайшылықтар мен өз ой-пікірлерін жазып шығады. Бұл әдістің артықшылығы білім алушыға мәтінді толық түсінуге мүмкіндік береді.




2.3-сурет – «Логикалық мағынаға негізделген эвристикалық жобалау технологиясы» әдісі




2.4-сурет – «*SWOT-талдау*» әдісі

2.6-кесте – «5 проблемалық сұрақ және жауап» әдісі

| Сұрақ | | Жауап |
|---|---|---|
| Не себепті? | 5 | Себебі, |
| Неге? | | Себебі, |
| Неліктен? | | Себебі, |
| Ненің салдарынан? | | Себебі, |
| Не үшін? | | Себебі, |




2.5-сурет – «Себептер мен салдар айналмасы» әдісі




2.6-сурет – «Журналистік сауалдар» әдісі

Сондай-ақ кері байланыс беруде «Плюс-минус-қызықты» әдісін қолдануға болады. Яғни, білім алушы сабақта нені үйреніп, нені түсінбегенін, өзі үшін ненің қызықты болғанын төмендегі кестеге жазып береді.

2.7-кесте – «Плюс-минус-қызықты» әдісі

| П (+) | М (-) | Қ (қызықты) |
|---|---|---|
| | | |

Төмендегі кестеде «О6.Оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу» оқу мақсаты бойынша «Домбыра – қазақтың рухы» тақырыбындағы сабақ жоспары ұсынылды.

2.8-кесте – Оқылым дағдысын қалыптастыру үшін ұйымдастырылған сабақ үлгісі

| | |
|---|---|
| | |
| | СЫНЫП: 7 |
| Сабақтың тақырыбы: 5.Домбыра – қазақтың рухы<br>Тұйық етістіктің түрленуі | Күні: |
| Сабақ негізделген оқу мақсаттары | 7.О6.Оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу.<br>7.Т/А4; Негізгі ойды анықтау. Мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау.<br>7.ӘТН Тұйық етістіктің түрленуі. |
| Сабақ нәтижесі: | Бүгін сабақта:<br>• Домбыра туралы мәлімет ала отырып, сұрақтар қою арқылы жылдам әрі дұрыс жауап таба білуге дағдыланамыз;<br>• тұйық етістіктің түрленуін түсінеміз;<br>сөйлем ішінен тұйық етістіктің қалай түрленгенін анықтай білуді үйренеміз;<br>тұйық етістікті қатыстырып сөйлем құрауға машықтанамыз. |
| Бағалау критерийі | Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады. |
| Тілдік құзіреттілік | Тұйық етістік |
| Ресурстар | Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. |
| Әдіс-тәсілдер | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия. |
| Пәнаралық байланыс | Музыка, қазақ тілі. |
| Алдыңғы оқу | Етістіктің түрлері |

| Сабақтың жоспары | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жоспарлан ған уақыт | Сабақ барысы : | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| Білу<br>5 минут<br> | Оқу алды тапсырма<br>Оқушыларға тақырыпты болжатуға өлең жолы ұсынылады.<br><br>Қос қазық, екі желі, сегіз ноқта,<br>Сөйлейді шежіредей адам соқса.<br>Тағы да бір мінезі таңғажайып,<br>Еш уақытта сөйлемейді адам | Жауабын ұсынады<br><br>Оқу мақсатымен танысады | | Домбыра<br>Презентация<br><br>Сабақтың оқу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жоқта.<br>Бұл жұмбағымның жауабын кім біледі ? (домбыра...)<br>-Ия балалар, Қадыр Мырзалиев атамыз айтпақшы «*Нағыз қазақ — қазақ емес, Нағыз қазақ — домбыра». Ендеше бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Домбыра – қазақтың рухы».*<br>*Ал оқу мақсаты:*<br>7.О6.Оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу.<br>7.Т/А4; Негізгі ойды анықтау. Мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау.<br>Сабаққа SMART мақсат құрайық.<br>Бүгін сабақта:<br>• Домбыра туралы мәлімет ала отырып, сұрақтар қою арқылы жылдам әрі дұрыс жауап таба білуге дағдыланамыз;<br>• тұйық етістіктің түрленуін түсінеміз;<br>сөйлем ішінен тұйық етістіктің қалай түрленгенін анықтай білуді үйренеміз; тұйық етістікті қатыстырып сөйлем құрауға машықтанамыз. | | | мақсаттарымен таныстыру<br>Презентация |
| Түсіну<br>7.О6.Оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу.<br>10 минут | *тапсырма*<br>*Оқылым тапсырмасы:*<br>*1.«Домбыра» мәтінін топта мұқият оқыңдар. Қолдарыңа берілген домбыраға қарап, мәтін бойынша сипаттама беріңдер.*<br>Домбыра<br>Домбыра — қазақтың ең көп тараған ішекті, көп пернелі музыкалық көне аспабы. Дыбыс өткізгіштігі жоғары қарағай, дыбыс жаңғырту қасиеті күшті тұт, қатты жынысты үйеңкі, емен секілді ағаштардан, негізінен, екі түрлі әдіспен құралып не ойылып жасалады. Сыртқы нұсқасына, бөлшектеріне, ішек санына, дыбыс ауқымы мен ерекшеліктеріне | Оқушылар мәтінмен танысып, домбыра бөліктерін таныстыруға дайындалады. Мәтіндегі негізгі ой, негізгі ақпарат, қосымша ақпаратты анықтайды.<br>Негізгі ой: домбыра аспабымен таныстыру | «Бес саусақ» бағалау<br>Кері | https://www.youtube.com/watch?v=rcRXwmqbBJY<br>Оқулық, Мәтіндер<br>Стикерлер. Плакатқа салынған нысана суреті |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>қарай “үш ішекті”, “кең шанақты”, “желбезекті”, “тұмар”, “қуыс мойын”, “қос мойын”, “бүктемелі”, “қос шанақты”, “үшем” аталатын түрлері бар.<br>Домбыраның құрылыс бөліктері: басы, екі құлағы, пернелері, мойын, шанақ, бетқақпақ, ішек, ілгек; қосымша бөліктері: үш түрлі тиек, кемер ағаш, тұжымағаш, бастырма, ойық, қалқа, түйме, өрнек, желкелік.<br>Ән, жыр айтуға арналған домбыраның пернелері 8-9, көп болғанда 14-15, күй тартыларында перне саны жиырмадан асады. Ішек қағыстары да түрлі: сермеп ойнау, іліп ойнау, шертіп ойнау. Құлақ күйі әуен сазына сәйкес оң және теріс бұрау арқылы түсіріледі.<br>2. «Сен білесің бе?». (Карточкаға сұрақ оның астына жауабы жазылады. Оқушылар бір-біріне барып карточкадағы сұрақты оқиды, жауабын естиді, қатесі болса, түзетеді, жауабын мүлде білмесе, өзі айтып түсіндіреді).<br>3. «Бір минуттық жаттығу» (қалпақтың ішінде сұрақтар жазылып қойған қағаз қиындылары болады, одан басқа оқушылардың есімдері жазылған таяқша қолданылады. Оқушы сұраққа бір минуттың ішінде мәтін мазмұны бойынша жауап беру керек болады)</td>
<td>Негізгі ақпарат : домбыраның сипаты, құрылысы. Қосымша ақпарат ретінде оның неден жасалатындығы, қандай түрлері бар екендігін анықтайды.<br>
</td>
<td>байланыс. «Сызғыш» әдісі бойынша оқушылар өз деңгейлері н анықтайды.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Талдау<br>Қолдану<br>10 минут</td>
<td>2-тапсырма. Жазылым тапсырмасы:<br>Жеке , жұптық, топтық белсенді жұмыс.<br>❖ 1В. Мәтіндегі етістіктерді табыңдар.<br>❖ Әр етістікті бір стикерге жаз.<br>❖ Оны топта талқылап, бірдей жазылған етістіктердің біреуін ғана қалдырыңдар.<br><table><tr><td>Есімше лер</td><td>Көсемше лер</td><td>Тұйық етістіктер</td></tr></table></td>
<td>Балалар алдымен өз бетінше мәтінннен етістіктерді тауып жазады. Оны жұбымен салыстырады. Топта талқылап , бір етістіктен ғана қалдырады. Тақтаға шығып, кестеге жүктейді.</td>
<td>«Сызғыш» әдісімен кері байланыс. Балалар аттары жазылған стикерді түсіну деңгейін е қарай шкала бағанасы ның тиісті мөлшері</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Топтан баяндаушы шығып, өзінің стикерлерін тиісті бағанға жүктесін. | | не қояды. | |
| Қолдану<br>10 minut | 3-тапсырма: Тыңдалым<br><br>«Домбыра туралы баллада» әнін тыңдап, ән мәтінінен етістіктерді жазғызу.<br>Етістіктерді тұйық етістіктерге айналдырып, түрлендіру.<br>1- топ<br>Көптік жалғауы арқылы түрлендіреді.<br>2- топ<br>Септік жалғаулары арқылы түрлендіреді.<br>3- топ<br>Тәуелдік жалғау арқылы түрлендіреді.<br><br>Әні . Кеңес Дүйсекеевтікі<br>сөзі. Шөмішбай Сариевтікі<br><br>Күй ойнайды қазағымның қанында,<br>Күй ойнайды қазағымның жанында.<br>Жүрегінің, жүрегінің, жүрегінің дүрсілі –<br>Күмбірлеген домбырасы барында.<br><br>Бабамыздың мұңысың сен, домбыра,<br>Анамыздың сырысың сен, домбыра.<br>Қазағымның жүрегінен жаралған,<br>Даламыздың үнісің сен, домбыра!<br><br>Домбыра бұл, үнсіз қалып көрмеген,<br>Қуаныш та, қайғы-мұң да кернеген.<br>Үзіледі, үзіледі, үзіледі әуендер,<br>Ғашықтардың көз жасындай перneден.<br>Бабамыздың мұңысың сен, домбыра,<br>Анамыздың сырысың сен, домбыра.<br>Қазағымның жүрегінен жаралған, | Оқушылар әнді тыңдап, ән мәтінінен етістіктерді тауып жазады. Оны постердегі кестелерге жүктейді. | | Аудио: Ән Әлішер Каримов «Домбыра туралы баллада»<br><br>Постер<br>Стикер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Даламыздың үнісің сен,<br>домбыра!<br>Домбырадай шежіре жыр<br>болмаған,<br>Даламыздың тағдырларын<br>толғаған.<br>Армандарын, армандарын,<br>армандарын халқымның,<br>Аманат қып ұрпағына жолдаған.<br>Бабамыздың мұңысың сен,<br>домбыра,<br>Анамыздың сырысың сен,<br>домбыра.<br>Қазағымның жүрегінен<br>жаралған,<br>Даламыздың үнісің сен,<br>домбыра! | | | |
| Жинақтау | Халық әні «Домбыраны» тыңдап «Домбыра –қазақтың рухы» тақырыбында ой толғайық | Сұрақ - жауаптар | | |
| Үйге тапсырма | «Домбыра –ұлтымның рухы» тақырыбында ой толғау жазу<br>Тұйық етістіктердің түрленуін оқу | | | |
| Рефлексия 2 минут | Рефлексиялық нысана | | | |

Оқылым дағдысы бойынша қалыптастырушы бағалау тапсырмалары:

*1-тапсырма. Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.*

| | |
|---|---|
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

А) Мысалы, бұрын оқушы қыздар қызыл қоңыр түсті көйлектер мен фартук киіп, алмалы-салмалы жағалар тағынып жүрген. Үйлеріңізде әжелеріңіздің ескі суреттері сақталған болса, тағы да бір үңілулеріңізге әбден болады.

Ә) Кейінірек қыз балалар ақ көйлек пен қара белдемшелер, ұл балалар ақ көйлек пен қара шалбар киетін болды.

Б) 2006 жылдан бастап, бірыңғай мектеп формасына көшу туралы заң қабылданғаннан кейін, мектеп формасы бір жүйге келтірілді.

В) Оқушының оқушы екендігін білдіретін нышан ретінде арнайы мектеп формасы болады.

Г) Көйлектердің жеңі мен жағасы қарапайым ғана безендірілген және оны тағып жүру міндетті саналады.

Ғ) Кейінірек қыз балалар мереке күндері қызыл қоңыр түсті көйлектерімен ақ фартук тақса, қарапайым күндері қара фартук киіп, бастарына бантик байлап жүретін болды.

1. Бұл мәтін не туралы?

а) киім туралы

ә) мектеп формасы

б) ұлдардың киімі туралы

в) қыздардың көйлектері туралы
2. Оқушы қыздар бұрын қандай түсті көйлектер киген?
а) қара
ә) қызыл қоңыр
б) қоңыр
в) көк
3. Оқушы қыздар формаларына қандай жағалар тағынып жүрген?
а) ақ түсті жаға
ә) алмалы-салмалы
б) әдемі жаға
в) өзіне ыңғайлы
4. Оқушы қыздар мереке күндері қандай фартук таққан?
а) ақ
ә) қара
б) қызыл қоңыр
в) қоңыр
5. Бірыңғай мектеп формасына көшу туралы заң қай жылы қабылданған?
а) 2003 жылы
ә) 2001 жылы
б) 2006 жылы
в) 2004 жылы

*2-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.*

Армысың, жас ұрпақ!

Өмір, шіркін, адам үшін бір жалт еткен сәуле екен, мен оны тоқсанға келгенде өз көзіммен көріп отырмын. Қол дірілдемеген, көз бұлдырамаған, кәрі жүрек шабысынан танбаған шақта аталарың батасын бермекші, қарақтарым, құлақ сал.

Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, сынаушысы – халық, қорғаушысы – сабыр, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар, барлығының ардақтысы – өмір. Өмір бір-ақ рет беріледі, жарқ етіп өте шығады. Сондықтан әр күніңді ардақта, әр мезетіңнің құнын біл. Дүниедегі ең қызық – сыйласу, ең қымбат – сыйласу, ең жақсы – сыйласу, ең тәтті де сыйласу, ұмытпа, ұмытпа.

Ал сау болыңдар, ұрпақтар. Менің сендерге деген махаббатым шексіз. Менің берген батамды мұра етіңдер. Мен сендерге тыныш өмір, үлкен бақыт тілеймін. Мерейлерің үстем болсын. Теңіз күрсінбесін, таулар сілкінбесін!

Қош!

*Аталарың Ыбырай Жақаев.*

1. Бұл сөздердің авторы Ы.Жақаев кім?
а) ғалым
ә) малшы
б) күрішші

в) жазушы

2. Автор өзінің жастарға үндеуін не деп атайды?

а) өлең

ә) бата

б) аманат

в) хат

3. Автордың негізгі ойы не туралы?

а) Өмірдің әр күнін, әр мезетін бағалай білу туралы

ә) Өзінің тоқсанға келгендігі туралы

б) Жастарға махаббаты шексіз екендігі туралы

в) Автордың бата бергісі келіп тұрғаны туралы

4. Ы.Жақаевтың ойынша, өмірдің мәні неде?

а) көңілді жүруде

ә) еңбек етуде

б) сыйласуда

в) іскерлікте

5. Мәтінге сай ойды табыңыз.

а) Өмір – бір сәт, ойна да күл!

ә) Адам ақылды, ойлы, арлы, сабырлы, арманшыл, талапты болуы керек.

б) Адамдардың бәрін сыйлау қажет емес.

в) Арсыз, талапсыз, армансыз адамдар да бақытты болады.

Оқылым дағдысын жетілдіруге қажетті ресурстар мыналар:

- оқулықтар;
- газет-журналдар;
- сөздіктер;
- энциклопедиялар;
- электронды кітаптар;
- ғаламтор материалдары;
- брошюра, афиша және т.б.

*Жазылым* – төрт дағдының бірі және ол өнімді дағдылар қатарына жатады. Яғни өнімді дағды дегеніміз – тіл құбылыстары туралы ережелерге, модельдерге сүйене отырып сөйлеу немесе жазу. Қарапайым тілмен айтқанда, жазылым хабарды қағаз бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз. Жазылым түрлері: тізім жасау, құттықтау қағазы, электронды хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б.

Жазылым түрлерінің әрқайсысының өздеріне сай ерекшелігі болады. Ол жазылым түрлерінің құрылымына және мақсаты мен шешуі тиіс міндеттеріне байланысты болып келеді. Мысалы, жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері); жазуда мәтінді немесе ақпаратты жазудың өзіндік тәртіптері ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы.

Жазылым дағдысын қалыптастырудың бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары –продуктивті жазылым және жазылым үдерісі.

Егер жазылымды үлгі беру арқылы үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни мұғалімдер жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым үлгісі оның мазмұнымен, лексикасымен, стилімен және құрылысымен таныс болуға көмектеседі. Сонымен қатар, үлгілер оқушыға қалай жазуы керек туралы идеяны да береді.

Ал егер мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл жазылым үдерісі деп аталады. Толығырақ айтқанда, жазылымды жоспарлаудан бастап, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге дейінгі оқушылардың әрекетін ұйымдастыру. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалауға, яғни өз жұмысының артықшылығы мен кемшіліктері туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Жазылым – бұл оқушылардан үйлесімді мәтін құру үшін көптеген күрделі дағдыларды меңгеруді талап ететін міндет. Дегенмен, оқушылар өздері меңгерген шеберліктерін үнемі көрсете бермейді, өйткені жазу барысында олар өз назарларын басқа дағдыға шоғырландырып, бай сөздік қорын көрсету мақсатында тілдік құралдарды қолданамын деп, тыныс белгілерін назарсыз қалдыруы мүмкін.

Флауэр мен Хайс жазу үдерісін авторлар шығарма жазу кезінде жүзеге асыратын ойлау үдерістерінің ерекше жиынтығы деп мәлімдейді. Иерархиялық тұрғыдан бұл өте көпдеңгейлі процесс, әрі ол процестер өзара орын ауыстыра беруі мүмкін; жазушының бірнеше мақсаттарымен басқарылатын ойлаудың нысаналы үдерісі болып табылады және жазушы өз еркіне қарай мақсаттарын екі негізгі тәсілмен таңдайды: жоғары деңгейлі мақсат және жазушының мақсатты қалай іске асыратынын көрсететін қосымша мақсат белгілеу, екіншісі, жазу барысында үйренгендерін ескере отырып, арасында басты мақсатты өзгерту немесе мүлде жаңа мақсат белгілеу [8].

Оқу бағдарламасында берілген жазылым дағдылары:

- ✓ жоспар құру;
- ✓ әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;
- ✓ жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;
- ✓ эссе жазу;
- ✓ оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу;
- ✓ мәтіндерді түзету және редакциялау.

«Жазылым» бөлімінің оқу мақсаттары 2.9-кестеде берілген.

2.9-кесте – «Жазылым» бөлімінің оқу мақсаттары

| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Жос пар құру | 5.3.1.1 берілген мәтінге сәйкес | 6.3.1.1 әртүрлі жанрдағы | 7.3.1.1 әртүрлі жанрдағы | 8.3.1.1 тақырып бойынша | 9.3.1.1 жинақтал ған |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру | мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру | мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру | материал жинақтап, тезистік жоспар құру | материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру |
| 2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру | 5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу | 6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу | 7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу | 8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу | 9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру |
| 3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну | 5.3.3.1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру | 6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру | 7.3.3.1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу | 8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу | 9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу |
| 4. Эссе жазу | 5. 3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен | 6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген | 7.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы | 8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған | 9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу | мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі) | шешілу жолдары немесе себептеріне өз көзқарасын жазу (дискуссивті эссе) | шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе) | екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе) |
| 5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу | 5.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу | 6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу | 7.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу | 8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу | 9.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу |
| 6. Мәтіндерді түзету және редакциялау | 5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау | 6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау | 7.3.6.1 мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау | 8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау | 9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау |

«Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру» бөлімшесі жанрлық және тілдік ерекшеліктерін сақтап, әртүрлі мәтіндер (хат, жарнама, хабарландыру, мінездеме, құттықтау, өмірбаян, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме, аннотация, тезис) құрастыра білу дағдысына құрылған оқу мақсаттарынан тұрады.

Оқушыларды әртүрлі мәтіндер құрастыру үшін алдымен жазылымға дайындау, яғни үлгі мәтін ұсыну, мәтінді талдау, тапсырма бойынша ой бөлісу, жоспар құру жүргізіледі. Бұдан кейін жазылым тапсырмасы: критерий ұсыну, алғашқы нұсқаны жазу (шимай), өңдеу және редакциялау, соңғы таза нұсқаны жазу орындалады. Жазылымнан кейінгі тапсырмада: жұмыстарымен таныстыру, жазылым тапсырмасы бойынша ой бөлісу, рефлексия жүргізіледі.

Жазылым үдерісін жоспарлаудың тиімді жолдары:

1. Алдын ала дайындық жүргізу бойынша жазбалар жүргізу

Идеяларды жинақтау үшін алдын ала жазбалар жүргізудің түрлі тәсілдерін қолданыңыз. Мұндай тәсілдерге «Миға шабуыл», «Кластерлеу», «Еркін жазба», «Айналымдық жазба», «Журналист сұрақтары» тәсілдерін жатқызуға болады.

«Миға шабуыл» тәсілі қажетті терминдер мен ережелерді еске түсіріп отырып, аз уақытта ауқымды ақпаратты жинақтауға мүмкіндік береді. Оқушыға ұсынылатын жұмыс алгоритмі:

- шағын топтарға бірігуді;
- идеяларды біріктіріп жазып отыратын көшбасшы таңдауды;
- барлық иедялардың қабылданатынын ескеруді;
- түсініксіз идеялар болса, ұсынған оқушыға түсіндіріп беруді;
- барлық идеяларды ұқсастықтары бойынша біріктіруді ұсыну.

«Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну» бөлімшесінде:

6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру;

7.3.3.1 мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу;

8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу деген оқу мақсаттарын іске асыруда сурет, сызба, диаграмма, шартты белгілер, кестелерді қолданып, белгілі бір тақырып бойынша әңгімелеу, сипаттау, пайымдау мәтіндерін жазу ұсынылады.

5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінің бірінші бөлімі «Мәдениет: тіл және қарым-қатынас. Тіл-қарым-қатынас құралы» деп аталады. Жазылым дағдысы бойынша «Жоспар құру» бөлімшесінің «*Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру*» деген оқу мақсатын «Тіл – қарым-қатынас құралы» тақырыбындағы 1-сабақта тиімді қолдануға болады. Себебі, Т/А2., О1., Ж1 мақсаттары бір-бірін толықтырады. Осы үш мақсатты қолданғанда оқушылардың көбі берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі, және қорытынды бөлімдерді қамтып, қарапайым жоспар құрады. Бұл мақсатты іске асыру үшін мынандай әдіс-тәсілдерді: **«**Дана үкілер», кластер толтыру т.б. қолданған дұрыс.

«Дана үкілер» әдісі төмендегідей жолмен жүзеге асырылады:

1. Мәтінмен жұмыс істеудің негіздері – мәтіннен негізгі (жаңа) ұғымдарды тауып, оларға анықтама беру.

2. Маңызды өмірлік, даналық (мәтіннің негізгі ойын) тұжырымын бір сөйлеммен білдіру.

3. Таныс және таныс емес (мәтіннен сізге алдын ала таныс болған және сізге мүлдем таныс емес) ақпаратты табу.

4. Иллюстрациялық бейнелеу (мәтіннің негізгі ойын сурет, сызба арқылы бейнелеп көрсету).

5. Үлгі боларлық қорытынды (оқыған мәтіннен келешекте қажет болатын маңызды қорытынды шығару).

«Кластер» әдісі:

Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды жинақтау, тұжырымдау. Тақырыптардың байланыстары туралы сұрақтар құрастырып, оларға жауап іздейді, идеяларды жинақтайды. Тұжырымды ойларын картаға түсіріп, топтық жұмыс қорғалады (постер).

Білім алушылар мәтінді тыңдай отырып, шағын жоспар құрады. Мысалы, төменде берілген мәтін бойынша мынадай тапсырмалар құрастыруға болады:

*Тіл дегеніміз - адамды адаммен, халықты халықпен жақындастыратын ерекше құрал. Сол себепті біздер достықтың құралы және еліміздегі бірліктің негізі ретінде тілді ерекше құрметтеуіміз керек. Ана тілінде әркімнің білім алуына жағдай жасау, олардың ұлттық мәдениетін дамыту - маңызды мемлекеттік стратегия.*

*Қазақ халқының ана тілі - қазақ тілі. Қазақ тілі - бай тіл. Бұл күнде қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды. Қазақстанда тұратын ұлты басқа халықтар да қазақ тілін үйренуде. Олар қазақ тілін арнайы курстарда, мектептер мен университеттерде оқиды.*

Тапсырма:

1. Берілген сөз тіркестерінен сөйлем құрастырыңыздар: ана тілі, мемлекеттік мәртебе, басқа халықтар, жағдай жасау, достықтың құралы, мәдениетті дамыту.

2. Берілген сөздерді сөз құрамына талдаңыздар: құрметтеуіміз, жолдауында, дәстүрін, жақындастыратын, ғасырлық, мәдениетін, достықтың, еліміздегі, халықты.

Қазақ тілінің 2-бөлімі «Киім. Сән. Талғам» деп аталады. Осы бөлімде жазылым дағдысының «Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру» бөлімшесінің Ж2. «*Жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу*» оқу мақсатын қолдана аламыз. Оқушылар сабақта әртүрлі жанрда мәтіндер құрастырады. Бұл олар үшін қызықты әрі пайдалы. Олар болашақта өз кәсіптерінде жарнама, хабарландыру, хат жазу талаптарын сауатты орындайтын болады. Бұл оқу мақсатын жүзеге асыру үшін «*Дербес пікір жазу*» әдісін қолдануға болады. Мысалы:

*Қазақ халқында бас киім қадірлі де қасиетті саналған. Себебі, бас киім адам құты, бақыты болған. Оны үнемі жоғары қойып, ешкімге бас киімдерін бермеген. Олай істейтін себебі киген бас киімі басқанікі болса, оның бақыты ұрланды деп есептелген.*

Тапсырма:

«Баскиім-қазақтар үшін қасиетті киім» деген мәтін бойынша өзіңнің дербес пікіріңді жаз.

Дербес пікір жазуға қойылатын талаптар:

1. Өзіндік пікір идея - бір сөйлем
2. Дәлелді екі сөйлеммен келтіру керек
3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал - екі сөйлем
4. Өз пікіріне қарсы пікір - бір сөйлем
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал екі сөйлемнен тұру керек
6. Қорытынды - екі сөйлемнен тұрады

*«Жұптас-ойлан-бөліс» әдісі*

ЖЖ. «Жұптас-ойлан-бөліс» әдісі («үштік одақта» жұмыс істеу):

Оқушылар ойына келген жауаптарды немесе идеяларды барынша көп жазу арқылы өз идеяларымен бөліседі.

Балалар бірнеше жұпқа бөлінеді:

Бірінші оқушы оқиды немесе ауызша айтады.

Екінші оқушы тыңдайды.

Үшінші оқушы түртіп алады, кейін өз пікірін айтады.

Тапсырма.

Киім үлгілерінің біреуін таңдап алып, топта жарнама құрастырыңдар. Ұсынылған сөздерді тиімді пайдаланыңдар.

Ұсынылатын сөздер: *сән әлемі, заманауи үлгі, әуесқойлық, көрікті, ыңғайлы, тиімді баға, жеңілдіктер.*

Ең жақсы жарнама «*Автор орындығы*» әдісі арқылы қорғалады. *Дескриптор:*

- жарнама жанрының талаптарын сақтайды;
- тақырыпқа сай мәтінін дайындайды;
- жарнама дайындауда ұсынылған сөздерді қолданады.

«Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну» бөлімшесінің «*Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру*» оқу мақсатын 3-бөлімде қолдануға болады. Оқушылар бұған дейін мәтін бойынша жоспар құрып, түрлі жанрдағы мәтіндер жазып үйренгендіктен, оларға жазған мәтіндерін түрлі формада ұсыну қызықтырақ болады. Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының негізгі мақсаты жеңілден күрделіге қарай өту болғандықтан, 5-сыныптың оқушыларына жас ерекшелігін ескере отырып, берілетін тапсырманы күрделендіреміз. Бұл бөлімнің тақырыбы «Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер» деп аталады.

Кестемен жұмысты «*Ойлан. Жұптас. Бөліс*» әдісі арқылы жүзеге асырамыз.

Ж. Суреттер бойынша тірек сөздер жазады, ортақ тақырып қояды, шағын әңгіме құрайды.

ЖЖ. Жұпта талқылап, бірін-бірі толықтырады.

| Суреттер | Тірек сөздер | Сөйлемдер |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
|  | | |
|  | | |
|  | | |

*Дескриптор:*

- Суреттер бойынша тірек сөздер жазады;
- Ортақ тақырыбын табады, дәлелдейді;
- Суреттегі көңіл толқытарлық жағдаяттар туралы суреттеп, сөйлемдер құрайды.

«Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу» оқу мақсаты бойынша төмендегідей тапсырма түрлерін орындатуға болады.

***№ 1 тапсырма.***

•Бір аптаның әр күніндегі – таңертеңгі, түскі, кешкі мезгілдегі ауа райының өзгерісін бақылаңдар. Берілген сызбаны ауа райына қатысты шартты белгілермен толықтырып, апталық ауа райының көрсеткішін дайындаңдар.

•Жасаған диаграммаларыңның көрсеткіші бойынша «Бізге бұл аптаның ауа райы...» деп бастап, 120-150 сөз көлемінде мәтін жазыңдар.




2.1-сурет - «Бізге бұл аптаның ауа райы...» тақырыбының диаграммасы

***№ 2 тапсырма.***

•Берілген сызбадағы сөздерді апта күндеріндегі ауа райымен сәйкестендіріп, диаграмма құрыңдар.

• «Климаттың адам мінезіне әсері» деген тақырыпта 120-150 сөз көлемінде мәтін жазыңдар.




2.2-сурет - «Климаттың адам мінезіне әсері» тақырыбының диаграммасы

***№ 3 тапсырма.***

«Саяхатқа алып шығатын заттар» сауалнамасынан реттік нөмірі бойынша сөздерді атап, сызбаға түсіріңіз.

2.10-кесте – «Саяхатқа алып шығатын заттар» сауалнамасы

| № | *Бір тағамды атаңыз* | *Бір киімді атаңыз* | *Бір құралды атаңыз* |
|---|---|---|---|
| 1 | шырын | бас киім | қолшатыр |
| 2 | бауырсақ | спорттық киім | доп |
| 3 | жемістер | күрте | фотоаппарат |
| 4 | су | джинси | кітап |
| 5 | алма | сырт киім | қолшам |
| 6 | құрт | спорттық киім | компос |
| 7 | нан | жейде | шатыр |
| 8 | тәтті тоқаш | орамал | сағат |

Сызбаның жобасы шамамен төмендегідей болуы тиіс:



2.8-сурет – «Саяхатқа алып шығатын заттар» сауалнамасының сызбасы.

*№ 4 тапсырма.*



*Шартты белгілерді пайдалана отырып, «Саяхат» тақырыбында графикалық сызба дайындаңдар.*




*(Ауа райының, демалыс орындарының, жол ережелерінің, карталардың, географиялық атаулардың шартты белгілерін алуға болады.)*

2.9-сурет – «Саяхат» тақырыбындағы графикалық сызба

***№ 5 тапсырма.***

Төмендегі суреттерді қолданып, «Алмастың белгілер еліне саяхаты», «Хайуанаттар бағына саяхат» тақырыбы бойынша әңгімелеу мәтіндерін жазыңыз.




2.10-сурет – «Алмастың белгілер еліне саяхаты» тақырыбындағы графикалық сызба




2.11-сурет – «Хайуанаттар бағына саяхат» тақырыбындағы графикалық сызба

***№ 6 тапсырма.***

«Берілген тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, сызба құрастырыңыз» деген тапсырманы оқушы былай орындауы мүмкін.




2.12-сурет – «Үстірт қорығына саяхат» тақырыбындағы графикалық сызба

***№ 7 тапсырма.***

Берілген мәтін мазмұны бойынша Кеңес Одағы батырларының әр облыс бойынша санын диаграммаға салыңыз.

«Қазақстандықтар – Ұлы Жеңістің батырлары» кітабында Кеңес Одағының Батыры атанған қазақстандықтар әр өңір бойынша жіктеліп көрсетілді. 615 батырдың ішінде, 606 адам Қазақстанның әр түрлі өңірлері бойынша берілді. Ал қалған 9 адам – Өзбекстан, Ресей, Украина секілді елдерде тұрып келген отандастарымыз. Сонымен, Ақмола облысынан шыққан Кеңес одағы батырларының саны – 40. Ақтөбе облысы - 35, Алматы облысы - 58, Атырау облысы - 9, Шығыс Қазақстан облысы - 104, Жамбыл облысы - 28, Батыс Қазақстан облысы - 40, Қарағанды облысы - 35, Қостанай облысы - 41, Қызылорда облысы - 17, Маңғыстау облысы - 4, Павлодар облысы - 27, Солтүстік Қазақстан облысы - 50, Оңтүстік Қазақстан облысы - 50, Астана - 10, Алматы - 58. Барлығы - 606 адам




2.13-сурет – Кеңес Одағының Батыры атанған қазақстандықтардың саны бойынша диаграмма

Бұл тапсырманы мұғалімдердің шеберлігіне, аудио-бейнематериалдардың мүмкіндігіне қарай басқаша құрастыруға да болады. Мысалы,

*№ 8 тапсырма.*

Бейнематериалда берілген деректер бойынша «Кеңес Одағының батыры атанған қазақстандықтар» тақырыбында кесте дайындаңдар.

| Кеңес Одағының батырлары | Екі мәрте Кеңес Одағының батыры «Қазақ сұңқары» | Қазақстандық батыр ұшқыштар | Пулемет амбразурасын кеудесімен жапқан батыр | Рейхстагка ту тіккен батыр |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 500 | Талғат Бигелдинов | • Леонид Беда<br>• Иван Павлов<br>• Сергей Луганский | Сұлтан Баймағамбетов | Рақымжан Қошқарбаев |
| Батыр Панфиловшылар | Батыр партизан | Қазақтан шыққан тұңғыш пулеметші батыр қыз | Мерген-батыр | Қазақтан шыққан тұңғыш ұшқыш «Түнгі мыстан» |
| • Мәлік Ғабдуллин<br>• Төлеген Тоқтаров | Қасым Қайсенов | Мәншүк Мәметова | Әлия Молдағұлова | Хиуаз Доспанова |

2.14-сурет – Кеңес Одағының Батыры атанған қазақстандықтар» тақырыбында кесте

Мұғалім жазу үдерісінің әр кезеңінде оқушыларға қолдау көрсетіп отырады. Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін жазылым үш кезеңді қамтиды:

• өз бетінше жазудың алдында идея тудыру кезеңі;

• жазу жұмысы барысындағы кезең;

• жазба жұмысынан кейінгі кезең.

*Өз бетінше жазудың алдында* идеяны тұжырымдауға қолдау көрсетеді, жоспарлаудың әртүрлі әдістерін модельдеп көрсетеді және бастапқы нұсқаны (нобайын) жазу үдерісін ұйымдастырады;

*жазу барысында* оқушылардың нақты іріктелген лексикалық бірліктерді қолданғанын (тіркестерді таңдау), грамматикасы ережеге сай екенін (мысалы, етістік шақтарын, етіс түрлерін дұрыс қолдануы), сөздердің үйлесімдігін (байланыстырушы сөздердің қолданылуы) қадағалайды;

*жазып болғаннан кейін* жұмыстың алдын ала белгіленген критерийлерге сәйкестігін тексереді, түзетеді, жетілдіреді, мәтін аудиторияға сай келе ме, жоқ па, мақсатына сәйкес пе, жоқ па екенін анықтайды, жазудың одан кейінгі кезеңдерін талқылайды, қажет болса, оқуды күрделендіреді [7].

Жазылым үдерісін жоспар-нобай-түзету-жетілдіру түрінде модельдей отырып, әрі оқушыларға осы ретпен жұмыс істеуге жағдай жасай отырып, мұғалімдер оқушыларға кідіріс жасап, жазылым жаттығуы үшін талап етілетін барлық дағдыларға тоқталып, ойлануға мүмкіндік беретін жағымды ахуал қалыптастырады.

Жазылым дағдысы тақырыпты аша білу, грамматикалық сауаттылық, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеу, қорытынды шешім шығарып, өз көзқарасын білдіру деңгейіне бағытталады.

Жазылым 4 дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады. Кейбір оқушылар табиғатынан шапшаң болады да, тілді игеруде сөйлеуден, тыңдаудан ерекше қабілеттілік танытады. Ал, біреулері қабілеттері бола тұра, бетпе-бет сөйлесу мен тыңдауға келгенде қиындықтарға кездесіп жатады, яғни тым жай қабылдайды. Көптеген дерек

көздеріне сүйенсек, жазылым дағдысы дәл осындай асықпай ойлап, баяу қимылдайтын оқушыларға лайықты дағды екендігі көрсетілген. Олар әр сөйлеміне баса мән беріп, ерекше идеяларын жинақтап баяндауға тырысады және бұл істе керемет шеберлік танытады. Алайда, бұл шапшаң оқушылар жазылымды игеріп алды деген сөз емес. Ең басты нәрсе, оқушының осы дағдыны өмірде қолдана алуы, сол қажеттілікті мұғалімнің оқушы санасына жеткізе білуі.

Жазылым дағдысы қарапайым стратегиялардан бастау алады. Олар:

- шимай жазу;
- сызбалар түсіру;
- сөздерді құрастыру;
- белгілеу;
- көшіру.

Тапсырмаларды осы бағытта құрған мұғалім еш қателеспейді.

Жазылым жұмысының сәтті шығуы, ең алдымен, сөздік қордың мол болуына тікелей байланысты. Сөздік қор оқылым арқылы келеді. Бұны танымал адамдардың мынадай сөздері арқылы дәлелдеуге болады: «*Жазушының көп уақыты оқумен өтеді. Жазушы бір кітап жазу үшін кітапхананың жарты бөлігін аралайды. Көп оқитын адам ғана жақсы жаза алады» (Самуэл Джонсон); «Жазу құмырашының балшығы секілді пайдаға асқанша бірнеше түзетулерден өтеді» (Walsh);«Жазу - біздің ойымызды тілге аударушы» (Byren).*

Мұғалім оқушыға жазуды үйретпес бұрын өзіне мына сұрақтарды қойған дұрыс:

1. Оқушылардан не туралы жазуды сұрайсыз?
2. Оқушыларға жазылым дағдысын қалай игертуге болады?
3. Жазба жұмыстарын қалай түзетесіз?
4. Жазуды үйретуде қандай қиындықтар кездесті?

Осы сұрақтарға жауап бергенде ғана жазылымдағы бағытын анықтай алады.

Оқушылар жазылым дағдысы бойынша мынадай жұмыстарды жаза алады: шағын өлең жолдары, шағын әңгіме, ашықхат (құттықтау), e-mail хаттар; диалогтар, қойылым сценарийлері, жарнамалар, газет-журналдарға мақалалар, пікірлер, оқиғаны аяқтау, эссе.

Бұл жазба жұмыстарын 5 бағытта топтастыруға болады: еркін жазу, әңгімелеу, сипаттау, түсіндіру, дәлелдеу.

Жазылым түрлерінің әрқайсысының өздеріне сай ерекшелігі болады. Ол жазылым түрлерінің құрылымына және мақсаты мен шешуі тиіс міндеттеріне байланысты болып келеді. Мысалы, жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бесресми (ауызекі сөйлеу); жазуда мәтінді немесе ақпаратты жазудың өзіндік тәртіптері ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы.

Жазылым дағдысын қалыптастырудың бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары – продуктивті жазылым және жазылым процесі.

Егер жазылымды үлгі беру арқылы үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни мұғалімдер жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып,

мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым үлгісі оның мазмұнымен, лексикасымен, стилімен және құрылысымен таныс болуға көмектеседі. Сонымен қатар, үлгілер оқушыға қалай жазуы керек туралы идеяны да береді.

Ал егер мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл жазылым процесі деп аталады. Толығырақ айтқанда, жазылымды жоспарлаудан бастап, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге дейінгі оқушылардың әрекетін ұйымдастыру. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалауға, яғни өз жұмысының артықшылығы мен кемшіліктері туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Белгілі бір жазылымды толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады:

- әуелі жазылуы көзделген нәрсені анықтап алу;
- ойыңды дұрыс жеткізуді жоспарлау;
- шимай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру;
- түзету және редакциялау (қателерді түзету және мазмұнын толықтыру);
- тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу);
- дұрыс нұсқаны (екінші немесе соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу.

Жазылымның ішкі дағдыларын екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – сауаттылық, ал екінші тобы – идеяны (ойды) жеткізе білуі.

Сауаттылыққа қатысты дағдылар:

- орфограяфиялық қатесіз жазу;
- әріптерді дұрыс және қосып жаза білу;
- пунктуацияны дұрыс қолдану;
- қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу;
- сөздерді дұрыс таңдай білу;
- грамматиканы дұрыс қолдану;
- сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу;
- абзацты (жаңа абзацтан басталған, бір идеяға ғана негізделген көлемділеу жазылым бөлігі) дұрыс ұйымдастыра білу.

Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар:

- стильді дұрыс таңдай білу;
- идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу;
- мәтін түрлерінің ерекшеліктерін қолдана білу және мағынасын жеткізе білуде қажетті функцияларды пайдалана білу.

Функцияларға баяндау, шағымдану, өтініш білдіру, алғыс айту, қысқарту (бірнеше сөздермен негізгі идеяларға тоқталу), қорытындылау жатады.

Жазылымда қарастырылатын тағы екі аспект – үйлесімділік пен жүйелілік.

Үйлесімділік дегеніміз сөйлеу және жазу тілінде грамматикамен сөздердің логикалық үйлесімде болуы. Үйлесімділік құралдарына үстеулер (кейін, сосын, келесі); есімдіктерді (ол, сол, бұл); шылауларды (дегенмен, әйткенмен, себебі), т.б. жатқыза аламыз.

Жүйелілік дегенге келетін болсақ, ол оқырманға түсінікті болу үшін жазу тіліндегі идеялардың жүйелі және логикалық дұрыс байланыста болуы.

*Абзацты жазуға негізделген сабақ үлгісі.*

1. Оқушыларға төмендегі мәтін ұсынылады.

*Сүт — адам организміне өте пайдалы сусындардың бірі. Құрамындағы кальций сүйектер мен тістердің дұрыс дамуына әсер етеді. Магний, калий, фосфор және натрий мөлшері басқа сусындармен салыстырғанда біршама жоғары. Цинк жыныс жолдарының ауруларының алдын алуға септігін тигізсе, йод қалқанша безінің жұмысын жақсартып, иммундық жүйеге әсер етеді. Майсыздандырылған сүт бірнеше диета түрінің негізі болып саналады. Себебі ол белоктар бай және аппетитті болдырмайтын қасиетке ие. Қорыта келе, сүт – адам денсаулығын нығайтатын бірден-бір қажетті тағам.*

Тапсырма:

1. Мәтінді оқып шығып, төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1) Абзацқа тақырып болатын сөйлемді тауып көр және астын сыз.

2) Тақырыптық ойды қолдаушы сөйлемдер тауып, астын сыз.

3) Келтірілген мысалдар немесе фактілер болатын сөйлемдер қайсы?

4) Қорытынды сөйлемді тауып, астын сыз!

2. Мұғалім нұсқасымен салыстырады.

*Сүт — адам организміне өте пайдалы сусындардың бірі. Құрамындағы кальций сүйектер мен тістердің дұрыс дамуына әсер етеді. Магний, калий, фосфор және натрий мөлшері басқа сусындармен салыстырғанда біршама жоғары. Цинк жыныс жолдарының ауруларының алдын алуға септігін тигізсе, йод қалқанша безінің жұмысын жақсартып, иммундық жүйеге әсер етеді. Майсыздандырылған сүт бірнеше диета түрінің негізі болып саналады. Себебі ол белоктар бай және аппетитті болдырмайтын қасиетке ие.*

*Қорыта келе, сүт - адам денсаулығын нығайтатын бірден-бір қажетті тағам.*

Абзац жазудың негізгі шарттары:

• мәтіндер негізінен бірнеше абзацтан тұрады;

• бір абзацта бір ой толықтай ашып жазылады;

• әр абзац тақырыптық сөйлемнен, қолдаушы сөйлемнен және қорытынды сөйлемнен тұрады;

• тақырытық сөйлем – абзацтың негізгі идеясын көрсетеді;

• қолдаушы сөйлемдер – тақырыптық сөйлемдегі ойды ашатын сөйлемдер;

• қорытынды сөйлем – абзацтағы ойды қорытындылайтын сөйлем;

• сонымен қатар, ойды толықтыру үшін деректер мен мысалдарды да қосуға болады;

• ең бастысы абзац жаңа азат жолдан басталып жазылады.

Мысалы: Тақырыптық сөйлем: 1. Майлы тағамдар асқазанға зиян.

Қолдаушы сөйлемдер: 2. Тағам ретінде оларды көп қолдану оның бұзылуына әкелуі мүмкін. 3. Кейбір жағдайларда семіздікке әкеліп соқтырады. 4. Сонымен қатар, жүрек-қан тамырларына да әсері бар.

Қорытынды сөйлем: 5. Денсаулықты күтудің ең басты жолдарының бірі – майлы тағамдарды аз қолдану.

3. Төменде ұсынылған тақырыптық сөйлемдерді қолдана отырып, бір абзац құрастырады.

2.11-кесте – абзац жазу әдісі

| | |
|---|---|
| Тақырыптық сөйлем:<br>1. Жемістер мен көкіністердің пайдасы өте көп.<br>Қолдаушы сөйлемдер:<br>2.<br>3.<br>4.<br>Қорытынды сөйлем:<br>5. | Тақырыптық сөйлем:<br>1. Жемістерді сақтаудың түрлі әдістері бар.<br>Қолдаушы сөйлемдер:<br>2.<br>3.<br>4.<br>Қорытынды сөйлем:<br>5. |
| Тақырыптық сөйлем:<br>1. Темекі шегу денсаулыққа зиян.<br>Қолдаушы сөйлемдер:<br>2.<br>3.<br>4.<br>Қорытынды сөйлем:<br>5. | Тақырыптық сөйлем:<br>1. Денсаулықты нығайтудың бірнеше жолдары бар.<br>Қолдаушы сөйлемдер:<br>2.<br>3.<br>4.<br>Қорытынды сөйлем:<br>5. |

Бірлескен жазылым әдісін қолданғанда мұғалім жазушы болу дегеніміз не екенін көрсетеді: табысты жазушы болу үшін мәтінді құрастыру, ауызша қайталау, оны жазу және қайтадан оқып шығу үдерістері қамтылады. Сонымен қатар, әртүрлі нысандарда, әдеби (әңгімелер мен өлеңдер) және әдеби емес (ақпараттық мәтіндер) мәтін түрлерінде сөз, сөйлем және мәтін деңгейінде жазылым жүйесі қандай рөл атқаратынын түсіндіру көзделеді.

Бірлескен жазылым әдісі қарастырылатын сабақ оқытудың интерактивті түрі, онда мұғалім алдымен көрсетеді, содан кейін жазушы рөлінде әрекет етеді, оқушыларға қолдау көрсете отырып, мәтінді құрастыруға мүмкіндік береді, оқушылардың идеяларын жинақтап, оларды толықтырып түзетеді. Мұндай тәсіл оқушыларға өздерін соншалықты табысты сезінуге мүмкіндік береді, себебі жеке жұмыс барысында олар өздерін бұлай сезіне алмайды. Бергер оқушыларға «жетістікке жақын екенідігін көруге мүмкіндік берілсе, бұдан кейін бұл оқушылар осыған дейін болғанындай енді ешқашан болмайды. Ол өзінің жаңа бейнесін, жаңа мүмкіндіктерін көреді. Содан құлшыныс, алға ұмтылу туындайды» деп мәлімдейді.

Оқу бағдарламасындағы коммуникативтік әрекеттер жыл сайын қайталанып, қарапайымнан күрделіге қарай өзгеріп отырады. Сол себепті де оқушылардың бойында дағды қалыптасады. Жазылым әрекетіндегі жоспар құруды алсақ, оқушылар 5-сыныпта қарапайым жоспар құрудан бастап, жоғарылаған сайын тезистік, күрделі жоспарларды құруды үйренеді.

Мысалы:

5-сынып: 5.Ж1. Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру.

6-сынып: 6.Ж1. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру.

7-сынып: 7.Ж1. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру.

8-сынып: 8.Ж1. Тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру.

9-сынып: 9.Ж1. Жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру.

Жазылым үрдісінің тиімді моделі мынадай:

1-қадам – жоспарлау;

2-қадам – алғашқы нұсқасын ұсыну;

3-қадам – қайта қарастыру;

4-қадам – түзету және редакциялау;

5-қадам – соңғы нұсқа.

Жазылым мақсаттарына жету оқушыдан да, мұғалімнен де көп жауапкершілік пен табандылықты қажет етеді. Оқушылар жазуды бастамас бұрын алдымен жоспарлау керек:

Жоспарлау үдерісі:

- аудиторияны анықтау;
- мақсатты анықтау;
- оқырмандар білгісі келетін ақпаратты анықтау;
- ақпаратты кеңейту;
- сөз көлемін белгілеу.

Осылайша жоспарлау логикалық жүйелілікпен жазуға және мақсатты мазмұндауға дағдыландырады.

Жаңа технологияларды қазақ тілі сабағында қолданғанда жазылым дағдысы бойынша күтілетін нәтижелер:

- Оқушылардың жазбаша сөйлеу тілінің дамуы сөйлесім әрекетінің түрлерімен (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бірлікте қалыптасады;
- Шағын әңгіме, мәтін, ертегі, әңгімені өз бетімен аяқтай алады;
- Оқушылар құттықтау хат, жарнама, шақыру хаттарын жаза алады;
- Оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;
- Грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуіне көмектеседі;
- Оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;
- Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады.

Қазақ тілі оқу бағдарламасының бөлімдері бойынша оқу жоспары оқылым, тыңдалым, жазылым дағдыларын және нақты тақырыпты зерттеу үшін айтылым дағдыларын біріктіреді. Белсенді және аудиовизуалды тәсілдерді біріктіре отырып жоспарлау және оқыту моделі жазылым бойынша үлгерімін бағалап, жылдам жетілдіруде, сондай-ақ оқушының көзқарасын өзгертіп, уәжін арттыруда табысты болып шықты, яғни ол тілді жаттап алу қажет

грамматикалық құралдар жиынтығы емес, ақпаратқа қол жеткізіп, қарым-қатынас жасау әдісі ретінде қарауға мүмкіндік береді

2.12-кесте – Белсенді оқу мен жазылым кезеңдері

| Оқылым кезеңі | Ойды түртіп алу кезеңі | Жазылым кезеңі |
|---|---|---|
| Мәтін түрінің өзіндік ерекшеліктерін анықтау үшін оқу | Идеяларды жинақтау, жазуға дайындалу | Түпкі жазбаша жұмысты әзірлеу үшін бірлесіп, мұғалім жетекшілігімен және өз бетінше жазу |

Бұл үш идея баланы жазылымға әбден дайындайды. Оқылым кезеңінде оқығанын терең түсінуге тырысады. Алайда кейбір жанама мәселелер, тіпті негізгі мәселенің өзі түсініксіздеу болып жатса, онда тұрған ештеңе жоқ. Өйткені алда ойды түртіп алу кезеңі бар. Оқушыға мәселені пысықтауға уақыт беріледі. Сол кезеңде оқыған ақпаратты мәтінді талдауға арналған стратегиялар немесе тірек сызбалар арқылы талдап, негізгі мәселені ойына түйіп алады. Қажетті ақпаратты толық ой елегінен өткізген соң ғана қолына қалам алады. Яғни бала жазылым кезінде керек болатын сөздік қорды меңгергенге дейін жазуға ешқандай тапсырма берілмейді. Сонымен қатар оқу үдемелілігінде мұғалімдердің оқылым мен жазылымды дамыту үшін айтылым мен тыңдалымға назар аударуға мүмкіндіктері болады. Барлық оқушы оқу мен жазудан бұрын тыңдап, тыңдағанын айтып беруді үйренеді. Өзара әрекет, қарым-қатынас кезінде жазылым мен оқылым дағдыларына қарағанда, айтылым және тыңдалым дағдысы көбірек жетілетіні сөзсіз. Мұғалім оқушыларға осы дағдыларды қалыптастыруға уақыт бөле отырып:

- идеяларды жинақтап, жазба жұмысының жоспарын ойластыруға;
- түсініктерін нақтылай отырып, жауап берер алдында ойларын жинақтауға;
- білімдерін нығайтып, не үйренгендері туралы айтуға;
- негізгі мәселені бірлесе шешуге мүмкіндік береді.

Жаңартылған бағдарламада оқушылардың тыңдалым дағдыларын дамытуға ерекше мән берілген. Ол «танымдық үдеріс» ретінде түсіндіріліп, оқылым, жазылым, айтылымға қарағанда қиынырақ дағды деп есептеледі. Оқу жоспарында телехабар, фильм, ән, үлкен адамдарды тыңдау және оларға жауап беруді көздейтін жаттығулар кездеседі. Аталған жаттығулар бірнеше аптаны қамтитын тізбектелген сабақтар топтамасында дағдыларды, соның ішінде тыңдалымды дамытуды көздейтінін байқау қиын емес. Осылайша, оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдыларының әрқайсысын жеке-жеке дамыта отырып, оларды бір-бірімен өзара тығыз байланыста кешенді түрде оқытады. Оқу кезінде олар сөз тіркестерінің құрылымына, сөздердің орын тәртібіне, сөйлем құрылысына және сөйлеуге назар аударады. Жалпы жаңартылған бағдарлама әсіресе оқылым мен жазылымда оқушылардың бірлесіп жұмыс істеуін басты назарда ұстайды.

Бірлескен оқылым мен жазылым сабақтарын ұйымдастыруда мұғалімге үлкен шеберлік керек. Өйткені оның өз қиындықтары бар. Ең бастысы өз бетімен оқу немесе жазуға қарағанда тапсырма күрделірек болуы шарт. Адам өзінің шамасы келмейтінін түсінген кезде жанындағы адамның көмегіне жүгінеді. Егер шамасы келетін болса, әркім өз бетінше орындап, бірлескен жұмыс іске аспай қалады. Бірлескен жұмыстағы ұстаным: «мен» емес, «біз» болуы шарт. «Біз жеңіске бірге жеттік!» немесе «Біз мақсатты бірге бағындырдық!» Осындай жұмыстарды орындау барысында бала «жұмыла көтерген жүктің жеңіл» болатынын немесе «жалғыздың үні шықпайтынын» өздері түсінуі тиіс.

Бірлескен оқылымда мұғалім «Джигсо-2, диалогтік оқыту, кітапты талдау әдісі, тізбектеп оқыту әдісі, «Өрмекші торы» сияқты басқа да стратегияларды қолданса, ал бірлескен жазылымда «Жүгіру диктанты», «Төрт сөйлем» тәсілі, «Ара ұяшығы» әдісі, «Уақыт тізбегі», «Бес, бес, бір» стратегияларын қолдана алады.

Ал енді мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылым мен жазылымға келетін болсақ, бұлардың екеуі де оқудың сындарлылық теориясына негізделеді. Оқушылар сөздің мәні мен мағынасын түсініп, оны бұған дейін алған білімдерімен байланыстыра отырып, жаңа ұғымдар мен түсініктерді сын тұрғысынан талдауға ұмтылады. Мұғалім жетекшілігімен жүретін оқылымда мұғалімнің рөлі нақты, мәтін мағынасын ашатын сұрақтар қою және жаңа білімді игеруге қолдау көрсету арқылы ойлау үдерісін жетілдіреді.

Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін топтық жұмыс оқушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз ете отырып оқытуға және бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін жұмыстың барлығы оқушының ауызша, жазбаша тиімді қарым-қатынас жасауына ықпал етіп, баланың тілдік дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс. Оқушылардың топтағы белсенділігі мұғалім назарында болады. Оқушы бақылаусыз, өзімен-өзі қалмауы тиіс. Және мәтіннің күрделілік деңгейі әр бала еңсере алатындай дәрежеде болғаны жөн. Мұғалімнің рөлі бақылай отырып, оқушылардың түсініп оқуын қамтамасыз ету, керек жерінде қолдау көрсету. Оқылым сабақтарында, яғни оқу мақсатын оқылымнан алған кезде әрбір оқушыда оқылатын мәтін болуға тиіс. Мұғалім оның мәтінді оқып, мағынасын түсінуіне, шамасы жеткенше зерттеу жұмыстарын жүргізуіне жетекшілік етіп отырады. Мұғалімдер мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым сабағының ретін жақсы білуі тиіс. Ол біліктілікті арттыру курстарында жан-жақты түсіндіріледі. Оны былай жоспарлауға болады.

2.13-кесте – Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін оқылым сабағының реті

| Реті | Жоспар |
|---|---|
| Кіріспе | Мақсат таныстырылып, маңызды ойлар анықталады. Жаңа сөздер таныстырылады. |
| Әдіс-тәсілдерді таңдау | Жаңа сөздердің мағынасына анықтама беріліп, қандай тәсілдермен оқитыны түсіндіріледі. Қажет болса үлгілеп |

| | |
|---|---|
| | көрсетуге болады. |
| Өз бетінше оқу | Оқушылар өз бетінше оқиды. Мұғалім тыңдап, түсініктерін тереңдету мақсатында сұрақтар қояды. Қолдау көрсетіп, мадақтайды. |
| Мәтінге қайта оралу | Мәтінге қайта оралып, негізгі ойды және нені нақтылау керегін анықтайды. |
| Жауап беру | Оқушылар өз ойын айтып, мәтінді талқылайды. |

Мұғалім жетекшілігімен жүретін жазылымда да мұғалімдер оқушылардың белгілі бір жазылым дағдыларын үйренуіне жетекшілік етеді. Ол өз бетінше жазуға көмектесетін құрылымдалған жазылым түрлері болуы мүмкін. Мұғалімнің жетекшілігімен жүретін жазылым барысында оқушыларға жазылым үдерісінің түрлі сатыларында қолдау көрсетіледі. Алдымен өз бетінше жазудың алдында:

- идея тудыру үшін;
- мәтіннің бастапқы нұсқасын жоспарлау, оны қағазға түсіруді модельдеу үшін;
- жаңа сөздерді назардан тыс қалдырмау мақсатында тыныс белгілері қойылған сөйлем құрылымдарын жазу үшін;

Екінші, жазбаша жұмыс жазылып жатқан кезде:

- тіркестерді таңдауға;
- сөздер мен сөйлемдерді мейлінше дұрыс байланыстыруға (сөздерді шағы, жағы және райы бойынша байланыстыру және т.б.);
- құрмалас сөйлемдерді қолдануға;

Жазбаша жұмыстан кейін:

- оқушылардың жұмыстарын бағалау критерийлеріне қол жеткізілуі тұрғысынан тексеру;
- оқып отырған адамға, оның ықпалын бейнелеу, жазылымның келесі қадамы қандай болу керектігін талқылау және қажет болса тапсырманың күрделілігін арттыру үшін қолдау көрсетіледі.

Мұғалімдер бір немесе бірнеше аптаны қамтитын тізбектелген сабақтар топтамасын оқыту кезінде «мұғалімнің жетекшілігімен жүретін әңгіме» арқылы оқушылардың айтылым немесе тыңдалым дағдыларын дамыта алады. Айталық, оқушыны түрлі жағдайларда сенімді сөйлеуге немесе тыңдауға үйрету, өзінің зейін қоя тыңдап отырғанын көрсету үшін мазмұнға қатысты сұрақ қоя білу, диалог барысында әртүрлі рөлдерге ене алу.

Мұғалімдер оқушылардың қазіргі қоғамда, әртүрлі салада, әртүрлі жағдайларда айналасындағылармен өзара түсіністікте болуы үшін қажетті қарым-қатынас жасай білу құзыреттерін, тілдік қабілеттерін іс жүзінде қолдануына түрткі болуға тиіс. Бүгінгі таңда мектеп бітіріп, қоғамға араласқан адамға ең керегі – осы. Егер бала осы дағдыларды бойына сіңірмесе, өзін толыққанды қоғам мүшесі ретінде сезіне алмайды да, жалқаулыққа, масылдыққа бой алдырып, ата-ананың мойнына жүк болады. Ең қауіптісі – осы.

Интербелсенді әдістемені зерделеп жүрген ғалым Асқат Әлімов: «Педагог білім тасымалдаушыдан (қара жұмыс) білім әлеміне жол көрсетуші дәрежесіне көтеріліп, «ізгі қызмет, нағыз ұстаздық харекетті атқарушы болады», – дейді.

«Жазылым» бөлімінің бір бөлімшесі – «Эссе жазу».

Бүгінде көп қолданылатын жазба жұмыстарының бірі эссе екендігі белгілі. Эссе – жазатын адамның өз ойы, бірақ ол ой оқылған кітап, журналдан, көрген бейнефильм, бағдарламалардан, қарастырылған статистикалық мәліметтер мен зерттеулерден туындайды. Сондықтан ойыңызды жазбас бұрын сол пікірдің қалыптасуына себеп болған мәліметті және сол мәліметтің ресурсын көрсету керек. Эссе құрылысын және әрбір бөлімінде не жазылуы керек екенін анықтап алу қажет.

1. Кіріспе. Мұнда 3-4 сөйлем жеткілікті. Бірінші сөйлемде оқырмандарды қызықтыру керек. Ол үшін эссенің тақырыбы өзекті екендігін дәлелдейтін мәлімет жазылуы керек. Тағы да еске түсіріп кетейік, плагиатқа жол бермеу үшін ресурсты көрсету керек. Эсседе белгілі бір мәселені толық 100 пайыз қарастыру міндетті болып саналмайды. Сондықтан екінші сөйлемде жалпылама айтып кеткен мәселенің ішінде негізгі тоқталатын 2-3 (эссе түріне байланысты) қырын/аспектісін таңдағаныңызды көрсету керек. Үшінші сөйлемде эсседе осы қырларды/аспектілерді таңдаудағы мақсатты көрсеткен дұрыс. Бұл салыстыру, талдау, жасау, шешімдерді ұсыну болуы мүмкін, оның мақсаты эссе түріне байланысты.

2. Негізгі бөлім үш абзацтан тұрады. Әрбір абзац кіріспе бөлімінде көрсетіп кеткен мақсатқа сәйкес болуы керек. Яғни, егер сіз аспектілерге талдау жасауды мақсат етсеңіз, әрбір абзацта талдау жасалу керек. Ал әрбір абзац 5-7 сөйлемнен құралғаны жөн. Мұнда да кіріспеде қолданылған қағидат қолданылады. Мәселен, 1 және 2-сөйлемдерде мәселенің белгілі аспектісі туралы мәлімет беріледі. Ал 3 және 4-сөйлемдерде осы мәліметтер бойынша сіздің ойыңыз келтіріледі. 5-сөйлемде жалпы тұжырымдалған ойыңызды 1 сөйлеммен қорытындылау керек.

3. Қорытынды жазуда абай болу керек. Себебі эссенің бұл бөлімінде сіз жаңа мәлімет қоса алмайсыз. Алайда сіз негізгі бөлімнің әрбір абзацында қорытынды бір сөйлем жазған болсаңыз, эссенің қорытынды бөлімін оңай құрастыруға болады. Сол жазылған үш қорытынды сөйлемді өзгертіп, басқа сөздермен жазуыңыз керек. Содан кейін үш қорытынды сөйлем жалпылап, қорытынды тұжырымдалған бір сөйлеммен жазылуы тиіс.

Тексеру жұмыстарын ұйымдастыру.

Бұл жұмыстар оқушының жазба жұмыстарын жақсартуға әсер етеді. Жазба жұмыстарын тексеру үшін жұмысты түрлі тәсілдер арқылы ұйымдастыруға болады. Оқушы өз жұмыстарын өзі не жұптағы сыншыл досымен немесе шағын топта жұмысын сағат тілімен жіберу арқылы тексере алады. Осыған байланысты төмендегідей тәсілдерді қолдануға болады. Бұл негізінен қалыптастырушы бағалау болып табылады [6].

1-тапсырма

| *Белгілер* | *Сипаттамасы* |
|---|---|

| | |
|---|---|
| | Сөйлемнің мағынасы түсінікті деп есептейсіз бе?<br>Сөйлем берілген тақырыпқа жататынына сенімдісіз бе?<br>Бұл тұста ойды толықтыру қажет деп ойламайсыз ба?<br>Сөйлемді қайта құрылымдап көргіңіз келмей ме?<br>Сөйлемге түзетулер енгізсеңіз қалай болады екен? |

2-тапсырма

| |
|---|
| *Жұмысты жақсарту үшін тексеру шарттары*<br>*1. Өз жазғаныңызды өзіңізге не жұптасыңызға дауыстап оқып шығыңыз.*<br>*2. Егер қажет болса, жазған сөйлемдеріңізді өзгертіңіз, түзетулер енгізіңіз немесе сөйлем қосыңыз.*<br>*3. Жазғаныңызды қайта дауыстап оқып шығыңыз.* |

3-тапсырма

Тексеру белгілері

| ***Түзетіңіз*** | ***Ой қосыңыз*** | ***Алып тастаңыз*** |
|---|---|---|

Мұндай тапсырма парақшасын күнделікті әр оқушының алдына беруге болады, оқушы өзара бағалау жүргізген шынайы кері байланыс жүргізуге дағдыланады.

4-тапсырма

Бұл жұмыс парақшасын оқушылар өзара бір-бірінің жазба жұмыстарын тексеру кезінде қолданады.

| |
|---|
| Тексеру парақшасы<br>*Қосыңыз*<br>Сөйлемдер мен сөздер қосу керек пе? (сол тұсқа Қ әрпін қосыңыз).<br>*Ауыстырыңыз*<br>Сөйлемдердің орнын ауыстыру қажет пе? (сол тұсқа А әрпін қосыңыз).<br>*Дөңгелетіңіз*<br>Жақсы сөздер не идеялар болса дөңгелетіңіз.<br>*Бөлісіңіз*<br>Өзгелермен қандай ойыңызбен бөліскіңіз келеді? (сол тұсқа А әрпін қосыңыз). |

Жазба жұмыстарын орындаған кезде міндетті түрде тексеру кезеңі болуы керек екендігін әр мұғалім ұмытпауы тиіс. Тексеру жұмыстары тиімді болуы үшін мұғалім төмендегі нұсқауларды есте сақтауы қажет:

1. Оқушыларға нақты критерийлер беріп отырыңыз. Критерийлер арқылы оқушы өзінің жұмысын тексере алатындай, оқушыға түсінікті тілмен жазылуы қажет. Оқушы берілген критерийлерден нақты неге қол жеткізу керек екендігін түсінуі керек. Мысалы, жазған жазба жұмысы үш бөлімнен тұра ма, әлде төрт бөлімнен бе? Қорытынды жасау кезінде бір дәлелді пікір ме, әлде екі дәлелді пікір қажет пе? Оқушы жұмысынан не күтетініңізді түсінуі қажет.

Рубрикалар мен алгоритм қолдану – оқушыға нақты не қажет екендігін түсіндірудің, көрсетудің негізгі жолы. Әрине, рубрикалар құрастыруға біршама

уақыт кетеді, дегенмен, мұның нәтижесі кеткен уақыттан әлдеқайда маңыздырақ. Рубрикаларды жасаған кезде ұзақ сөйлемдер жазудан бас тартуымыз қажет, себебі бұл оқушылардың қабылдауы мен түсінуін тежейді. Суреттер немесе қысқа сөйлемдер қолданған дұрыс. Мысалы:

| |
|---|
| Тапсырма:<br>Акула барлық теңіздер мен мұхиттарда кең тараған, тұщы суларда да (Амазонка өзені, Ганг) кездеседі. Денесінің ұзындығы 15 см-ден 20 м-ге дейін болады, салмағы 14 т-ға дейін тартады. Дене пішіні сүйірлеу, тұмсығы ұзын, аузы алқымға таяу орналасқан.<br>***Жазба жұмысына арналған рубрика*** |

| | | |
|---|---|---|
| Менің жұмысымда тапсырма бойынша негізгі тақырып ашылған | | |
| Мен акула туралы үш дулел келтіре алдым | | |
| Мен акуланың өмірі туралы екі дерек келтіре алдым | | |
| Мен қорытынды бөлімде өз ойымды жаза алдым | | |
| Оқушының аты-жөні:<br>Күні: | | |

2. Оқушыларды өз жұмыстарын қайта тексеріп отыруға үйрететін стратегиялар ұсынып отырмыз. Бұл арқылы сіз оқушыларды жауапкершілікке біртіндеп үйрете аласыз. Мысалы, «қайта қарау» стратегиялары («Бүгін мен сіздерге әр параққа тақырып таңдай отырып, оқыған мәтіндерді қайта қарап шығуды үйретемін...» деп бастауыңызға болады). Алдымен сыныптағы барлық оқушыларға жеребе бойынша төмендегі қима қағаздарды таңдап алуды ұсыныңыз. Содан соң әр оқушы тапсырмаларды оқи отырып, сол қима қағаздарға өз ойын жалғастырып жазуы тиіс. Мысалы:

| |
|---|
| Мен жазғанымды кейіпкерлердің әрекеті бойынша көптеген ұсыныстарымды қоса отырып, қайта қарастыра аламын... |
| Жазбаларымды қайта қарастыру үшін мен мәтінде кездескен жер атауларын қоса отырып, ерекше идеяларымды ұсына аламын...<br><br>Мен жазғанымды уақыт өлшемдерін қолдана отырып, қайта қарастыра аламын...<br>Біріншіден, ... екіншіден, ... содан соң, ... соңында, ... |

Осындай т.б. қималарды қолдана отырып оқушының жазған жұмысын қайта қарастырып, тексеруіне мүмкіндік беруге болады. Бұл жұмыстың алгоритмі төмендегідей әрекеттерден тұрады:

1) Алдымен жоғарыда ұсынылған стратегияны өз пәніңізге сай өзгертіп алыңыз.

2) Қима қағаздардағы оқушыға ұсынылатын әрекеттерді екі оқушыға бір қима қағаз келетіндей етіп жасауыңыз қажет.

3) Қима қағаздар ашық, қызықты суреттермен көркемделгені абзал.

4) Жеребе арқылы оқушыларға қима қағаздарды таратып береңіз.

5) Оқушылар жасаған жұмыстарын ауыстырып, қайта қарастыра алады.

3. Оқушыларға сарапшы рөлін беріп, жұмыстарын қайта қарастыруды ұсыныңыз. Оқушылардың бір-бірінің жұмысын қайта қарастыруы ең тиімді тәсілдердің бірі болып табылады. Бұл жұмыс аса тиімді болуы үшін уақыт қажет, дегенмен, егер оқушы сарапшы болуға дағдыланған болса, бұл жазба жұмыстарын тексерудің керемет стратегияларының бірі болатыны анық. Оқушылар жақсы сарапшы ретінде жазба жұмыстарын тексеруді дұрыс жүргізуі үшін төмендегідей *қайта қарастыру* және *түзету кестесін* ұсынуға болады. Бұл тәсілді жүзеге асыру үшін сыныптағы барлық оқушыларды үлкен топта бір үстелдің басына отырғызу қажет. Мұғалім бұл жұмысқа қатыспайды. Ол тек оқушылардың әрқайсысына тексеру кестесін таратып береді де, бақылаушы ретінде оқушылардың жұмысын бақылауы тиіс. Оқушылар кесте бойынша жұмыстарын аяқтаған соң, үстел басындағы орындарын ауыстырып, түзету жұмыстарын жалғастырады.

| Қайта қарастыру және түзету кестесі |
|---|
| 1. Жазған жазба жұмысыңызды қайта қарастыру үшін жұп тауып алыңыз.<br>2. Бірінші оқушы жазған жұмысын қатты дауыстап оқып береді, екіншісі тыңдайды.<br>3. Оқыған жұмысты жұпта бірге талқылаңыздар, қай тұсқа өзгертулер енгізу қажет екендігін жұмыстың астыңғы жағына бірге жазыңыздар.<br>4. Рөлдеріңізді ауыстырыңыздар. Енді екінші оқушы өз жұмысын дауыстап оқиды, екеуі оқығанды талқылайды және түзетулер енгізу жұмыстарын жүргізеді.<br>5. Өз орындарыңызға барып, жазба жұмыстарыңызға түзету жұмыстарын жүргізіңіз. |

Бұл жұмысты жүргізу барысында оқушы төмендегі ережелерді қадағалауы тиіс:

• Бір-бірінің жазбаларын оқымайды (бұл жердегі маңызды нәрсе – оқушылардың өз жазбаларын бір-біріне оқып беруі).

• Жұмысты жазған оқушының жазба қағазына түзетулерді екінші оқушы жазып бермейді, оқушы өз жұмысына өзі түзету енгізуі тиіс.

•Түзетулерді жұпта талқылап отырғанда жазып отыру қажет, мұнда оқушы стикерлерді қолдана алады.

Мұндай тексеру жұмыстарын жүргізген кезде кез келген стратегияларды қолдануға болады. Маңыздысы оқушылардың жауапкершілікті өз қолдарына алып, шынайы кері байланыс бере алуында. Мұны күнделікті жүргізіп отырған кезде оқушыда жазба жұмысын дұрыс тексеру дағдылары пайда болады.

4. Түзетулер енгізу бойынша жұмыстар немесе редакциялау. Жазба жұмыстарына түзетулер енгізу немесе редакциялау жазу дағдыларын дамытудың аса маңызды құралдарының бірі болып табылады. Тексеру жұмыстарын аяқтаған соң бірден түзетулер енгізу жұмыстарын орындатқан абзал. Осының нәтижесінде оқушы өз жұмыстарына жақсарту жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік алады. Оқушыға өз жұмысын жақсарту мақсатында

түзетулер енгізу бойынша жұмыстарды төмендегідей алгоритм бойынша беруге болады.

1. Жұмысыңызда сөйлемдер толық аяқталғандығына сенімдісіз бе?

2. Сөйлемдердің орын тәртібі дұрыс қойылған ба?

3. Сөйлемдермен сөздерде тексеру жұмыстары кезінде шыққан грамматикалық қателерді түзете алдыңыз ба?

4. Пунктуация бойынша тексеру жұмыстарынан кейін түзетулер енгіздіңіз бе?

5. Жазба жұмысыңызға толық тексеру жұмысын енгізген соң қайта қарап шықтыңыз ба?

6. Түзетулер енгізген жұмысыңызды сыныптағы сыншы досыңызға қарап шығуды ұсындыңыз ба?

Немесе төмендегідей тексеру парақтарын таратып беруге болады.

1-тексеру парағы

| ??? | Бар/жоқ | Қай тұста | Қалай түзеттім? |
|---|---|---|---|
| Орфографиялық қателер<br>Грамматикалық қателер<br>Пунктуациялық қателер<br>Сөйлемдердің орын тәртібі | | | |
| 2-тексеру парағы | | | |
| 1. Менің жазба жұмысымда өз ойым бар.<br>2. Бірнеше мықты мысалдар келтіре алдым.<br>3. Сөйлемдерім өзара байланысты.<br>4. Жақсы қорытынды жасай алдым.<br>5. Жазбаларымда грамматикалық қателер жоқ.<br>6. Жазбаларымда пунктуациялық қателер жоқ. | | | |

Оқушыларды осы сұрақтарға жауап беріп отыруға үйретіңіз. Оқушы жұмысын мұғалімге жай ғана тапсыра салмай, оның алдында жоғарыда көрсетілген жұмыстарды орындағанына сенімді болыңыз.

5. Орындалған жазба жұмыстарын таныстыру бойынша жұмыстар. Оқушының орындаған жұмысы әрдайым «жарияланып» отырғаны дұрыс, яғни жасалған жұмыс тексерусіз, қадағалаусыз қалмауы тиіс. Әрине, тексеру дегенде баға қою деп түсінбеген дұрыс, бұл оқушының орындаған жұмысының құнды екендігін көрсетіу. Сол кезде ғана оқушы әрі қарай жұмыс істеуге бағыт ала отырып, келесі жолы жүзеге асырылатын жұмысқа ниеттене бастайды. Мұны әртүрлі тәсілдер арқылы жүргізуге болады:

1. Жазба жұмысын жаңа парақ қағазына жазып, шеңбер бойымен басқа оқушыларға жіберу. Осы кезде өзара бағалау жүргізіледі. Мұнда «Екі жұлдыз, бір тілек» немесе «Сэндвич» тәсілін қолдануға болады.

2. Сыныптың бір бұрышында барлық жазба жұмыстардың әрқайсысына қалташа арнап, оқушыларды ұсыныстар жазуға дағдыландыруға болады.

3. Мұғалімнің өзі жұмыстарды жинап алып, оқушыға кері байланыс береді.

4. Сынып ішінде оқушы жазба жұмысын дауыстап оқып береді.

5. Сынып ішінде хабарландырулар тақтасын жасап, сол тақтаға жұмыстар ілінеді.

6. Жұмысты мектеп газетіне немесе журналына жариялауға ұсынуға болады.

7. Интернеттегі мектеп қауымдастығының сайтында жарияланады. Бұл – негізі жақсы идея. Себебі бүгінгі таңда әр мектептің жеке сайты бар, сонда «Оқушылар бұрышы» деген атаумен оқушылардың жазған жұмыстарын жариялап отыруға болады.

8. Барлық жазба жұмыстарын жинап алып, «Сыныптың естелік кітапшасы» деген атаумен оқушылардың жазған жұмыстарын жариялап отыруға болады.

Сонымен, оқушылардың жазылым дағдыларын дамыту үшін төмендегі әрекеттерді ескерген дұрыс:

1. Оқушыларды аз көлемді жазба жұмысынан үлкен көлемді шығарма жазуға жетелеңіз. Алдымен оқушылардың не білетінін анықтап алыңыз. Оқушыға бірден қолынан келмейтін жұмысты орындатпаңыз. Бұл оның келесі жолы мұндай жұмыстан бас тартуына әкеліп соғады.

2. Оқушыларды сөйлемдерді байланыстыра отырып жазуға жетелеңіз. Бұл үшін оқушылардың жазба тілінің деңгейін анықтап алыңыз. «Оқушы не істей алады? Нені біледі? Қолынан не келеді?» деген сияқты т.б. сұрақтар әр сабақ сайын мұғалімнің ойында тұруы тиіс.

3. Оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттырып отырыңыз. Ұрсу, жекіру сияқты әрекеттерге бармаңыз, әрі қалыптастырушы бағалаудың баға қою емес, керісінше, оқушыға көмек беру үшін жасалатын үдеріс екендігін ұмытпаңыз.

4. Кез келген жұмысты орындатпас бұрын ол жұмысты қалай жасау керек екендігін көрсететін жұмыс алгоритмін беруді ұмытпаңыз. Бұл оқушылардың ойын бір жүйеге келтіреді, әрі сіздің оқушыдан не талап етіп отырғаныңызды түсінуге көмектеседі.

«Эссе жазу» бөлімшесінің «*Эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу*» оқу мақсаты бойынша «Бос уақытта саяхаттау пайдалы» деп аталатын 5-бөлімде саяхат тақырыбына эссе жазғызуға болады. Оқушылардың көбі сипаттама мәтін жазып үйренеді.

1-топ «Астана қаласы, «Бәйтерек» мұнарасын;

2-топ «Алматы қаласы, «Медеу» мұзайдынын;

3-топ «Ақсу – Жабағылы» қорығын;

4-топ «Шымкент қаласы «Бәйдібек би» саябағын сипаттап жазады.

Мысалы: *«Этносаябақ» «Бәйдібек би» ескерткіші жақтан қарағанда оң жақ бетте орналасқан. Жасыл желек баққа кірген бойда ең алдымен көзіңізге субұрқақ түседі. Жай субұрқақ емес. Әуенмен мың бұрала билейтін субұрқақ. Ол кешкі 19:00 мен 22:00 аралығында қала тұрғындарына керемет көңіл күй сыйлайды. Одан сәл жоғары көтерілсеңіз, екі сарқыраманы көресіз. Таудың төбесінен етегіне төгілген су, саябақ бойлап ағып жатыр. Сылдырап аққан судың дауысы жаныңызға рахат сыйлайды. Көзіңізді жұмсаңыз, Оңтүстіктің аптап ыстығын ұмытып, тау бөктерінде жүргендей сезімде боласыз. Ал*

*саябақтың бірнеше жерінде орналасқан шатыр астындағы сөрелер (ротон) жастардың жиі бас қосатын мекеніне айналған. Мұнда қала тұрғындарынан бөлек, шетелдік туристер де көптеп келеді. Әсіресе түнгі мезгілде. Өйткені, осы уақытта субұрқақтар қосылып, түрлі түсті жарықтар жанады. Оның үстіне ағаштар мен шөптерді кешкі уақытта суғарғандықтан, саябақтың іші өте салқын болады. Бақтың жап-жасыл түске еніп жатқаны жақсы ғой.*

Дескриптор:

▪ берілген мәтін мен суреттен тақырыпқа қатысты өз ойын жазады;

▪ мәтін мен сурет бойынша оқиға құрастырады;

▪ кіріспе бөлімінде саяхаттау сөзіне түсініктеме береді;

▪ негізгі бөлімінде таныс мекенге ойша саяхат жасау арқылы, дәлел келтіре отырып, оқиғаларды сипаттап, суреттеп жазады;

▪ қорытынды бөлімінде түйген ойын жазады. Осылайша оқушылар өз ойларына ерік беріп, саябақты суреттейді.

«Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу» бөлімшесінің «*Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу*» оқу мақсатын іске асыруда алдындағы төрт мақсатты орындауды меңгерген бала жинақы мәтін жазуға дайын болатыны сөзсіз. 5-сыныпта «Сырттқы келбет және өмір салты» деген 8-бөлімде «*Төрт сөйлем*» тәсілі арқылы оқушыларға жинақы мәтін жаздыруға болады. Ол үшін оқушыларға сурет беріледі. Сол суреттегі адамдардың аттарын табу үшін бірнеше сөйлемдер беріледі. Суретші салған бейнені дәл тапқан оқушыны марапаттауға болады. Мысалы:

«*Бас киім киіп тұрған биік және арық кісінің аты Марат емес. Сәбиттің және Жомарттың қасында тұрған адамның көзілдірігі жоқ. Арық және аласа адам Сәбиттің қасында. Мұртты адамның қасында тұрған кісі Марат. Сақалы бар қара шашты адамның аты Марат емес. Арық және аласа адамның аты Жеңіс емес. Жомарттың қасындағы адамның бас киімі жоқ. Жеңіс Сәбиттің және Ержанның қасындағы адамның арасында тұр»* деген мәтінге қарай отырып, жинақы мәтін жазады. Өз пікірлерін «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып жазады.

1. Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікіріңді бір сөйлеммен жаз.
2. Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
3. Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

«Мәтіндерді түзету және редакциялау» бөлімшесінің «*Мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып түзету және редакциялау*» оқу мақсатына жету үшін көпшілік оқушылар мәтіндегі орфографиялық қателерді өздері анықтайды, түзетіп, редакциялайды. Мұндай тапсырманы орындау үшін «*Ақпаратты сүзу*» әдісін қолдануға болады.

Дескриптор:

- Ағаштардың үш түрін жазады;
- Үш ғажайып өсімдікті жазады;
- Өсімдіктің адамзатқа тигізер үш пайдасын жазады;
- Сөздерді орфографиялық сөздіктен қарап, түзетеді.

Жақсы, адамзатқа пайдалы емдік қасиеті бар өсімдіктерді халыққа қалай таныстыруға болады? Ол үшін «*Ақпаратты сүзу*» әдісін пайдаланып, маңызды емес сөздерді құбырға ағызып жіберіп, маңызды сөзді ғана «сүзгіде» қалдырыңыздар.

«*Мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып түзету және редакциялау*» оқу мақсатын қызығушылықты ояту кезеңінде «Миға шабуыл», топтастыру, Т кестесі стратегияларын қолдану арқылы жүзеге асыру тиімді. Бұл – мәтін мазмұнын тез түсініп, ойын қағазға түсіруіне мүмкіндік беретін оңай әдістердің бірі.

Осы кезеңде алдыңғы өткен материалды тексеру мақсатында тест жұмыстарын өткізу арқылы оқушының білім деңгейін қадағалап, жаңа сабақты бастар алдында «Топтастыру» стратегиясы арқылы оқушылармен бірлесе жұмыс жасауға болады. Осылайша, күн сайын сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді енгізе отырып, жазылым дағдысын да қызықты етіп өткізуге болады.

«Мағынаны тану» кезеңінде «Кейіпкерге хат жазу» немесе «RAFT» стратегиясын, Түртіп алу, Джигсо, Талдау картасы тәсілдерін қолдану тиімді.

«Ой толғаныс» кезеңінде эссе жазу, «Топтастыру», «Пирамида», «Құндылық сызығы», «Т кестесі», «Sinkuein» немесе «Бес жолды өлең», RAFT, «Түйін сөз», Семантикалық карта, Концептуалды таблица, «Бір айналым сұхбат» стратегияларын қолдану жазылым дағдысын дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

Феррис оқушылардың өз жазба жұмыстарына сыныптастарынан тікелей кері байланыс алуы олардың жазылым сапасына жағымды әсер ететінін анықтады [8].

Жазылым дағдысы оқылым арқылы келетіндігі жоғарыда аталып өтілді. Соған дәлел ретінде газет-журнал мақалаларымен жұмысты алуға болады. Мысалы, «Негативтен-позитивке» тапсырмасы мақаланы қайта өңдеп жазуға көмектесумен қатар, кейбір грамматикалық ұғымдарды игеруге де көмектеседі. Ол үшін жағымсыз хабар айтылған газет мақалаларын қиып ала келесіз. Әр оқушыға әр түрлі мақаланы беріп, оқуды тапсырасыз. Мақаланың ішінен өздеріне жағымсыз әсер тудыратын сөздерді бірінің астына бірін теріп жазғаннан соң, сол сөздерге антоним сөздерді табады. Сөйтіп, тапқан сөздерін пайдалана отырып, позитив мақала жазып шығады.

Осылайша, күн сайын сабаққа жаңа әдіс-тәсілдерді енгізе отырып, белсенділігі аз жазылым сынды дағдыны да қызықты етіп өткізуге болады.

Қазақша ойлап, қазақша сөйлейтін оқушы үшін ең бастысы – қазақ тілі арқылы бейнелі ойлауға көше алуы. Қазақ тілінің бар байлығын меңгеріп, тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мол қырын игеру, абстрактылы мағынаны түсініп, орнымен жұмсай алуы, ойдың айқындығы мен сөз дәлдігіне қол жеткізу, шебер сөйлеу заңдылықтарын меңгеру, шешен сөйлеуге ұмтылу. Мұның бәрін қазақ тілінің функционалды грамматикасын жетік білгенде ғана жүзеге асыруға болады.

Қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік грамматикасы — оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың негізі. Қазақ тілі жүйесінен білім алу, қазақша тіл мәдениетін қалыптастыру, қазақша тіл

және сөйлеу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту арқылы қазақша *тілдік тұлға қалыптастыру* қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың басты мақсаты болып танылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгертілуі басты орында болуы керек. Қазіргі қазақ мектептеріндегі қазақ тілі әлі де болса, формалды грамматика логикасы негізінде оқытылып келеді. Оның салдары — меңгертілетін таза грамматикалық ережелер мен сабақта, сабақтан тыс орындалатын жаттығулардағы тілдік талдаулардың оқушылардың күнделікті өмірінде қажетін атқара алмауына әкеліп отыр.

Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік бағдарда оқытуда «тілден — тілдік форма мен тілдің функциясына» және «тілдің функциясынан тілге» қарай жүру логикасы ұсталынады. Тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің қызметі — өзінен жоғары тұрған тіл бірлігін құруға қатысуы, сөйтіп адам сөйлеуінде барлық тіл бірліктерінің қызметінің көрініс табуы тілдің функционалдық ерекшелігі болып табылады.

Қазақ тілінің коммуникативтік қызметі дегенде, жай сөйлемнің, құрмалас сөйлемнің, мәтіннің адам ойын білдірудегі құрылымдық-жүйелік, мағыналық ерекшеліктері басты назарда болуы туралы айтылып отырғаны белгілі. Сөйлемнің коммуникативтік типі дегеніміз – коммуникациялық актідегі сөйлем шегіндегі айтылымның функционалдық қолданыс мақсатын анықтайтын категория. Сөйлемнің ең басты қызметі де, белгісі де — коммуникация бірлігі ретіндегі болмысы. Сондықтан да сөйлемнің басты жіктемесі дәстүрлі тіл білімінде «коммуникацияның мақсаты» деп аталатын коммуникативтік ұстанымға негізделеді. Қазақ тілін оқытудың басты мақсаты — қазақ тілінің төменде көрсетілген басты қызметтерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту, өмірлік жағдаяттарда еркін әрі сауатты қолдануға дағдыландыру [3].

Оқушыларға тіліміздегі стильдерден білім мен дағды берудегі маңызды жаттығу жұмыстарының бірі – ол стильдік талдау жүргізу.

Талдау жасату арқылы оқушылар тіл стильдерінің қолдану аймағын, ойды жеткізу формасын және олардың тілдік құралдарын жете ажыратуға дағдыланады.

Бүгінгі күні білімді дайын қалпында қабылдамай, оны өздігімен құрастырудың тұлғаны дамытатындығы, өздігімен құрастырылған білімнің есте ұзақ мерзімде сақталатындығы дәлелденіп отыр. Қайталау мен жаттауға негізделген білім (репродуктивтік) тек есте сақтау дәрежесінде болса, бұл күнде құрастырылған (конструктивтік немесе сындарлы) білім үйренушіден түсіну, қолдану, талдау, ақпарат негізінде жаңа мазмұн құрастыруды қажет етеді. Ал бұл мақсатқа әр сабақта интербелсенді әдістемені қолдану арқылы ғана жетуге болады.

Білімдік парадигмадан таным процесіне қатысушылардың белсенді әрекеттерін талап ететін әрекеттік парадигмаға көшу.

Күні кеше ең басты мақсат үйренушілерде қандай да болмасын білім қалыптастыру еді, яғни шәкірттер ақпарат пен мәліметтерді (фактілер, формулалар, анықтамалар, сандар мен даталар, ережелерді) есінде сақтауы

қажет еді. Сол себепті ұстаздар білім мазмұнын құрастырумен шұғылданатын, шәкірттердің білімі қандай дәрежеде болуы керектігін айқындайтын, ең басты мәселе «білу» еді.

Қазірде білім игеру процесінің ең басты мәселесі мен мақсаты үйренушілердің белсенді әрекеттерін ұйымдастыру болып табылады. Белсенді әрекеттер арқылы шәкірттер білімді өздігінен меңгереді, үйренеді. Негізгі қағида «не білу» емес, «не жасай білу».

Оқу процесінің мазмұнын *зерттеу жұмыстары* құрайды.

Бұрында кез келген сабақ ақпаратпен танысып, сол ақпаратты қайталау нысанында ұйымдастырылып отырылған. Ал қазір сабақ зерттеу процесіне айналған, әр сабақта үйренушілердің келесі әрекеттермен шұғылданғандығы дұрыс:

- зерттеу жобасын жазу;
- ғылыми жұмыстарға аннотация мен пікір (рецензия) жазу;
- әдебиет көздерін талдау картасын құрастыру;
- ғылыми пікірталастар ұйымдастыру;
- портфолио құрастыру;
- мақала, реферат, баяндама, сценарий жазу;
- «Қазақша Уикипедияға» мақала жазу;
- сауалнама, тест, диагностикалық құрал, жоспар, бағдарламалар әзірлеу;
- тәжірибелер жасап, оларды сипаттау, талдау және бағалау т.б.

Мақсаттың өзгеруі: зияткерлі (парасатты, интеллектуалды) тұлғадан рефлексиялы тұлғаға көшу.

Тұлғаның тек білімді болуы бүгінде жеткіліксіз. Білім беру/алу жүйесінің басты мақсаты – мынандай рефлексиялық қасиеттері бар тұлға қалыптасуға мейлінше тиімді жағдайлар жасау:

- өзіне-өзі есеп беріп, ойлары мен әрекеттерін талдай білетін,
- өзін-өзі бағалай алатын,
- өзінің мүмкіншіліктері мен қабілеттерін жүзеге асырып, өркендей білетін,
- өз өмірі мен іс-әрекеттерін ешкімге де жүгінбей, өздігімен жоспарлай алатын, жауапкершілігі жоғары.

Мұндай рефлексиялық қасиеттерді бойында қалыптастырған тұлға жаңа әлем жағдайында өмірдегі өз орнын тауып, қоғам игілігіне нәтижелі еңбегімен қызмет жасайды.

Бүгінгі күні маманға қойылатын талаптар біліммен жұмыс жасау бағытына ауысқан.

Дамыған елдердің экономикасы нақты емес жағдайда жұмыс жасай білетін, проблеманы айқындай біліп, оны шешу жолдарын белгілеп, стратегиялық бағыттарды айқындай білетін мамандарды көптеп қажет етуде.

Қазақстан экономикасы да біліммен жұмыс жасай алатын, білімді нақты жұмысқа айналдыра білетін мамандарды қажет етеді. Қазақстан Республикасында білім беруді 2011-2020 жылдарда дамытудың мемлекеттік

бағдарламасы ауқымында білім алушылардың оқуды аяқтағанда қандай құзыреттіліктерді меңгеруі қажет екендігін былайша көрсетуге болады:

- Қазақстандық идея мен өзінділікті қалыптастыру негізінде өз Отаны үшін жауапкершілікті өзіне жүктеу дайындығы;
- Өзіндік тұрғыдан танымдық әрекеттерге дайын болуы;
- Проблемаларды шешуге дайын болуы;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тұтынушы деңгейінде тиімді қолдану дайындығы;
- Тұлғааралық қарым-қатынасқа ауызша және жазбаша түрде дайын болуы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде);
- Әлеуметтік өзара әрекеттесуге дайындық;
- Өзін-өзі дамыту, өркендету, жүзеге асыруға дайындық.

Міне, бүгінгі заманның осындай ерекшеліктері үйрену/үйрету ісінде интербелсенді әдістеменің қажеттілігін дәлелдейтін тәрізді. Барлық деңгейлерде оқу процесі шәкірттердің өздігімен атқаратын белсенді әрекеттерінен құралуы қажет.

Қазақ мектебіндегі қазақ тілін оқытуда сыни тұрғыдан ойлау, кейс-стади, синектика, ой қозғау, пікірталас, ақпараттық және проблемалық жағдаяттар арқылы оқыту технологиялары сияқты толып жатқан технологиялар қазір де қолданылады.

*Қазақ тілін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер*

1) Оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері:

- тілдік әдістер (әңгіме, дәріс, семинар, диалогтік оқыту, топтық оқыту, бірлесе оқыту т.б.);
- көрнекілік әдістер (иллюстрациялар, көрсету, презентация);
- репродуктивтік әдістер;
- практикалық әдістер (жаттығулар, тәжірибе жасау, қолмен түрлі бұйымдар (постер, кластер, буклет т.б.) жасау;
- проблемалық-ізденушілік әдістер;
- өзіндік жұмыс әдістері (мұғалім басшылығымен және өз бетімен).

2) Оқу-танымдық әрекетті ынталандыру және уәжді арттыру әдістері.

3) Оқу-танымдық әрекеттің тиімділігін бақылау және өзіндік бақылау жасату әдістері.

4) Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әдісі.

5) Оқушының рухани жан дүниесін байытатын қазақ тілінің этно-мәдени лексикасын, даналық сөздерін меңгерту, ана тілінде қарым-қатынас жасаудағы сөз әдебіне баулу, жағдаяттық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда ізгілендіру технологиясын қолдану;

6) Оқу үдерісінде түрлі жағдаяттар, рөлдік ойындар, «дөңгелек үстел», «брифинг», баспасөз конференциялары, «Көңілділер, тапқырлар клубын» ұйымдастыру;

7) Оқу үдерісінде түрлі үнтаспаларды, бейнетаспаларды, медиаматериалдарды, бейнероликтерді, интернет материалдарын, электронды

оқулықтарды, компьютер мен лингофондық аппараттарды, белсенді оқыту әдістері мен пәнаралық байланыс сабақтастығын кеңінен қолдану әдістері;

8) Интербелсенді әдістер («әңгіме», «сұхбат», «пікірлесу», «бірлескен әрекеттер») [9].

*Белсенді оқу* оқушылардың белсенді қызметпен айналысуы арқылы мұғалім берген ақпараттың мәнін ұғынып, алған білімдерін есте сақтап, оны қолдана алуын қамтамасыз етуді көздейді. Шетелдік ғалым Хэттидің мидың қызметін талдай отырып жүргізген шолуы дағдыларды меңгерту шеберлігі тек іс жүзіндегі белсенді қызмет арқылы жүзеге асатынын, оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екендігін көрсетеді. Қызметтің мұндай түрлері оқушылардан өздері тапқан ақпаратты талдау және түсіндіру үшін зерттеу және жоспарлау дағдыларын қолдануды талап етеді, болашақта өз дағдыларын жақсарту мақсатында басқа нәтижелерді бақылауды және талдауды қажет етеді.

Белгілі қазақ ағартушысы Ж. Аймауытұлы айтқандай, сабақ барысында *«баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен білім тапқандай қылса, жұмыс жасайтын материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсе»* оқудың анағұрлым тиімді болатынын естен шығармаған дұрыс.

Белсенді оқу тәсілі оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді. Сыныпта қолданылатын мұндай тәсілдерге топтық жұмыстар және пән бойынша белгілі тақырыптағы ойын түрлері кіреді.

Мәселен, тіл үйретуде тиімді қолданылатын белсенді оқу стратегиялары:

- жаңа лексика мен идеяларды қоса алғанда, драмалық шығармалардағы бейнелер мен мәтіндерді зерделеу және бағалау;
- мәтіндерді бағалау және өзінің ойын білдіру үшін графикалық органайзерлерді қолдану;
- мәтіннің сюжетін, құрылымын, лексикасын және сөйлемдердің құрылымын талқылау мақсатында әңгімені бірігіп оқу;
- ойлануды қажет ететін мәселелерді ортаға салу және талқылау.

Сабақта белсенді оқу әдістерін қолдану оқушының өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, сыныптағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге, оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, құрдастарымен қарым-қатынасының дамуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұғалімнің сабағын қызықты ұйымдастыруына, оушыларының танымдық әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай түсіуіне ықпал етеді.

Мұғалімдер кері байланыстың көмегімен және модельдеу, көрсету, сұрақ қою, бақылау, танымдық ойын түрлерін қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуіне үнемі қолдау көрсетуі керек. Оқушылардың пән бойынша терең білім алуы мұғалімдердің дағдыларына да байланысты, яғни олар оқушылардың жаңа білімдерін бұған дейінгі білімдерімен ұштастыра алуын бақылай білулері маңызды.

Белсенді оқу барысында мұғалімдер:

- барлық оқушылардың оқу үдерісіне қатысуын қамтамасыз ететін жағымды оқу ахуалын қалыптастыруға;

- сенімді, жауапты, белсенді, жаңалыққа ұмтылатын және өзінің іс-әрекетін талдап, рефлексия жасай білетін оқушыларды тәрбиелеуді мақсат етуге;

- оқушылардың дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар мен белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануға;

- алға қойылған оқу мақсаттарына қол жеткізу арқылы жоспарланған сабақты тиімді өткізу үшін материалдары, ресурстарды және қосымша құралдарды пайдалана отырып, бүкіл сынып қатысатын, топтық немесе жұптық жұмыс түрлерін, оқушылардың жеке жұмыс істеуін ұйымдастыруға;

- оқушыларды мадақтап, оқуға еліктіре, қызықтыра отырып, ұғымдарды түсіндіруде және мағынасын ашуда, нұсқаулық беруде түсінікті, анық, қарапайым тілді пайдалануға;

- оқушылардың оқуын бақылап, оларға кері байланыс ұсынуға тиіс.

Белсенді оқу үдерісінде мұғалім үшін:

- ой салып, ынталандыратын материал ұсыну;

- оқушылар ғылыми жоба барысында пайдалана алатын тәжірибелік және эксперименттік дағдыларды қалыптастыру;

- оқушыларға өздері қызығатын салаға қатысты сұрақ тұжырымдауға көмектесу;

- жұпта, шағын топта және құрамы өзгеріп отыратын жұпта жұмыс істеуге арналған жаттығу дайындау;

- оқушыларды өз бетінше ойлануға бағыттау;

- оқушыларға өздерінің ойлау және зерттеу дағдыларын қолдануды еске салу;

- оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;

- оқушыларға өз бетінше жұмыс істегенде жетістікке жетуге мүмкіндік беретін жобаларды ойлап табу және ұйымдастыру маңызды.

Бүгінгі таңда осы аталған әдістердің ішінде кеңінен қолданылып жүрген белсенді оқу әдістерінің бірі – ***интербелсенді әдістер.***

Білім саласындағы инновациялық өзгерістер оқудың/оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені динамика мен өзгерістерге толы ақпараттық дәуір экономикасы адамның білімді әрі білікті тұлғасына тәуелді, бұл дәуірдің идеологиялық, әлеуметтік, саяси сұраныстары адамнан мынандай құзыреттіліктерді талап етеді:

- ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап, оны пайдалану;
- проблемаларды шешу және шешім қабылдау;
- өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу;
- ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу, жанжалдарды болдырмау;
- өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру;

- өздігімен үйрене білу, өз білімін әрқашан да дамытып отыру.

Сол себепті де тұлғалық даму ұстанымы білім игеру процесіне қатысушылардың (үйренуші мен үйренуші) бұрынғы авторитарлы-коммуникативтік қарым-қатынасын гуманитарлы-коммуникативтік қарым-қатынасқа өзгертуді талап етеді. Бұл ұстаным таным процесінің «білім беру», «оқыту», «үйрету» деген кешегі күнгі түсініктерін енді екі жақты процесс ретінде қарастырып, оларды *«білім алу/игеру», «оқу», «үйрену» деп өзгертеді, бұл процесте үйренуші негізгі рөл атқарып, білімді өздігімен құрастырады деп түсінеді.*

Егер де дәстүрлі «білім беру» өз мақсаты мен мағынасын нақты белгіленген (мемлекеттік стандарттарда көрсетілген пәндер, тақырыптар мен сабақтардың аумағында) білім жиынтығын игерумен шектесе, *тұлғалық даму* мен *өздігінен білім құрастыруды* негізгі идея деп ұстанған инновациялық көзқарас оқу/үйренудің негізін тек пәндер емес, ойлау мен рефлексияға негізделген интербелсенді (интерактивті) әдістер құрауы керек деп түсінеді. Ал интербелсенді әдістер мен тәсілдер үйренушілердің тұлғалық тұрғыдан өзіндік және дербес түрде дамуына әкеледі, оларды өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

Таным әрекеттерін ұйымдастырудың арнаулы әдістемесі ретінде интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесіне қатысушылардың (үйренуші мен үйретушілердің) тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «*interactive*» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «*inter*» дегеніміз *«өзара»* мағынасында, ал «*act*» - «әрекет жасау» дегенді білдіреді, яғни интербелсенді әдістер – үйренуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқу/оқытудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер.

Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Ал «интербелсенді оқу» дегеніміз өзара қарым-қатынасқа (коммуникацияға) негізделген оқу/оқыту, диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші-үйренуші», «үйренуші – өзімен-өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «пікірлесу», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін былайша ұйымдастыруға ынталы:

✓ барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;

✓ әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау;

✓ үйренушілер білімді өздігінен құрастыратын орта құру.

Интербелсенді оқу/оқыту – әрекет көмегімен және әрекет арқылы үйрену/үйрету, ал мұндай ұстаным қомақты нәтижелерге жеткізетін ең тиімді жүйе деп есептелінеді, өйткені адамның жадында бірінші мезетте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Кун-цзы) 2500 жыл бұрын былай деген екен: *«Маған айтып берсең*

*– ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!»* [8].

Сол себепті де интербелсенді оқу/оқыту үйренушілердің оқу процесіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде таниды. Сондықтан да интербелсенді оқу/оқыту оқу процесінің тиімділігі мен нәтижелігін үйренушілердің есте сақтау дәрежесімен өлшемей, олардың әрекеттерімен бағалайды, тек әрекет арқылы ғана үйрену ықтимал деген қағида ұстанады.

Интербелсенді оқу/оқыту оқушының өз тәжірибесі және өзге де оқушылардың тәжірибесі тұрғысынан жасаған белсенді қарым-қатынасқа негізделеді. Ал үйренушілердің тәжірибесі дегеніміз олардың өзіндік пікірлері мен көзқарастары, ойлары мен идеялары, ұстанымдары мен пайымдаулары, тұжырымдары мен қорытындылары, дәлелдері мен уәждері деп айтуға тұрарлық. Оқушылар таным процесінде бір-бірімен осы тәжірибесімен бөліседі, міне, осындай байланыста, қарым-қатынаста жаңа білім құрастырылып, саналы түрде игеріледі.

Интербелсенді оқуда/үйренуде білім алушылар мынандай білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап алу;
- ақпаратты жан-жақты талдау;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік позиция (көзқарас, дүниетаным) ұстану;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- басқа да балама пікірлерді ескеру;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;
- ортақ жұмысқа жұмыла білу;
- басқалармен тиімді қарым-қатынас құру, өзара әрекеттесу;
- үйренушілер ұжымына ортақ бірлесе жұмыс жасаудың рухани және моральды ережелерді қабылдау;
- оқушы топты ұжым ретінде қабылдайды.

2.13-кесте – Интербелсенді оқу/оқытудың негізгі қағидалары мен мақсаттары

| **Қағидалар** | **Мақсаттар** |
|---|---|
| Орта қалыптастыру | - *Білім алушы оқып/үйренуде өз әрекеттерінің жемісті екендігін сезінетін жағдайлар жасау;*<br>- *Үйренушілер арасында ашық, еркін, шығармашылық қарым-қатынас орнату;*<br>- *Үйренушілерге білімді дайын күйде бермей, оны ізденуге бағыт-бағдар сілтеу.* |
| Әрекет арқылы | - *Үйренушілерге білімнің өзіндік әрекеттер арқылы ғана* |

| | |
|---|---|
| үйрету/үйрену | *тиімді түрде меңгерілетіндігін дәлелдеу;*<br>*- Үйренушілерді белсенді әрекеттерге баулып, олардың білім игеру әрекеттерін ұйымдастыру.* |
| Өмірмен байланыстыру | *- Үйрету/үйренуді практикалық әрекеттерге негіздеу, пән мен тақырыпты күнделікті өмірде туындайтын проблемаларды шешу деп қарастыру.* |
| Өзінділік пен дербестікке баулу | *- Үйренушілердің дайын жауаптарын қанағат тұтпай, оларды ой-толғаныс арқылы өзіндік пікір құрастыруға, проблема шешуде өзіндік пікір құрастыруға, проблема шешуде өзіндік тұрғыдан жауап табуға ынталандыру (егер оқушы жауап бере алмаса, дұрыс жауапты өзі бермей, оны басқа оқушылардың табуына ықпал жасау);*<br>*- Үйренушілерде сыни және аналитикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру (күмәндану, өзіндік түсінікке ұмтылу, ақпараттан әртүрлі мағынаны көре білу, дәлелдеме келтіру).* |

Бұл біліктер тұлғаның тұрақты қасиеттеріне айналып, тек оқушы сыныбында орын алып қана қоймай, сонымен бірге өмірдің басқа да жақтарынан тиянақты түрде көрінеді.

Дәстүрлі оқытуда басты мақсат «нәтиже» болып, ұстаз өзінің барлық күш-қайратын «үйретуге» бағыттайды, шәкіртті қорытынды нәтижеге ең қысқа жолмен жетелеуге тырысады. Мұнда оқытудың нәтижелігі бірінші кезекте ақпаратпен байланыстырылады: үйрету процесі оқушыға ақпарат «беруге» бағытталады, оны жаңа мәліметпен қамтамасыздандырумен шектеледі. Дәстүрлі оқытуда білім беру процесі көп жағдайда оқушының сабаққа «таза парақ» (tabula rasa) күйінде келіп (немесе іші қуыс ыдыс секілді), мұғалімнің оны сабақта біліммен «толтыруымен» айналысатын құбылыс деп түсініледі. Шәкірт сабақта жаңа білім алып, сабақтан кейін оны бекіту жұмысымен ғана айналысты.

Ал интербелсенді оқу/оқыту басты назарды «үдеріске», «процеске», яғни үйренудің өзіне, оқушылардың «қалай» және «қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне» аударады. Мұндағы мақсат – оқушылардың өзара белсенді әрекеттер арқылы өздігімен білім игеруінде, оны ізденуінде, құрастыруында. Мұндай сабақтарға шәкірттер «таза парақ» күйінде келмей, алдын ала дайындалып келеді, олар сабақ басында тақырып бойынша өз түсініктері мен пікірлерін келтіріп, әрі қарай оларды дәлелдеу жүйесін құрады, пікірталас жүргізеді, өзге пікірлерді тыңдап, балама көзқарастарды ескереді. Басқаша сөзбен айтқанда, шәкірт өмірде әр адамға қажетті білік-дағдыларды қалыптастырады. Ал сабақтан кейін сол білімдерін өздігімен дамыта түседі.

Сол себепті де интербелсенді оқу/оқытуда үйренушілер мынадай әрекеттерді атқаруға дайын болуы керек:

- бірлескен жұмыс,
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту,
- бастамашылдық,
- кері байланыс жасау,
- проблема шешу, шешім қабылдау.

Интербелсенді оқу/оқыту барысында үйренушілер әрқашанда белсенді болып, өзіндік пікір қалыптастырып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге, өз көзқарасын дәлелдеуге, пікірталас жүргізуге, басқаларды тыңдауға, өзге пікірді сыйлауға және онымен санасуға үйренеді. Мұндай сабақтарда бір ғана дұрыс жауап болмайды, өйткені басты мәселе дұрыс жауапты табуда емес, керісінше үйренушінің жеке тәжірибесіне негізделген іздену процесінің өзі болып табылады.

Интербелсенді оқу/оқыту мектепте мынандай жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады:

• бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл сыныппен),

• жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары,

• оқу, рөлдік және өндірістік (іскерлік) ойындар,

• пікірталастар,

• ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, Интернет, құжаттар, мұражай т.б.),

• шығармашылық жұмыстар,

• жағдаяттар (ситуациялар) арқылы үйрену: нақты ситуацияларды талдау, кейс-стади,

• презентациялар,

• компьютерлік оқыту бағдарламалары,

• тренингтер,

• интервью,

• сауалнама өткізіп, оның қорытындыларын талқылау мен талдау,

• кез келген оқу әрекеттерін кері байланыспен аяқтау т.б.

Интербелсенді оқу/оқыту бірлесе үйрену идеяларын ұстанғандықтан, бұл жерде әсіресе *бірлескен топтық жұмыс* әдістерінің маңызын баса айту керек. Топтық жұмыс өзін-өзі және басқа адамдарды танудың тиімді құралы болып табылады, дүниетаным қалыптастырып, тұлғаның өзіндік дамуы мен басқалардың іс-әрекеттері мен олардың себептерін түсінуге ықпал жасайды. Топтық жұмыстар барлық үйренушілердің жұмысқа белсене қатысуын қамтамасыз етеді. Мұндай жұмыста шәкірттер өздерінің коммуникативтік дағдыларын (тыңдай білу, әр пікірді ескеру, ортақ шешім қабылдау, жанжалдарды болдырмау) іс жүзінде қолданады, өздері «ойнап шығады».

Бірлесе үйренуде әрбір үйренуші танымның (оқу, үйренудің) ортақ мағынасына және қорытынды нәтижесіне өз үлесін қосып, басқалармен өзінің білгенімен, идеяларымен, ойларымен алмасады, тиімді нәтижеге (білімге) қандай бірлескен үйрену әрекеттері арқылы жете алатындығын анықтайды.

Мұндай қарым-қатынастағы бірлескен әрекеттер бірін-бірі жақтыру, өзара сыйласымдық пен қолдау атмосферасында өтіп, тек қана жаңа білім игеруге жағдай жасап қана қоймай, сонымен бірге таным процесін ынтымақтастық пен бірлесу деңгейлеріне көтереді, яғни қарым-қатынас пен оның негізгі нысаны – диалогты танымның басты құндылығына айналдырады.

Төмендегі кестеде Н. Кравченконың идеялары бойынша дәстүрлі оқыту мен интербелсенді оқудың айырмашылықтары берілді [8].

2.14-кесте – Дәстүрлі оқыту мен интербелсенді оқудың айырмашылықтары

| **Оқу жүйелері** / **Пара метрлер** | **Дәстүрлі білім беру** (білімді жинақтауға негізделеді) | **Интербелсенді оқу** (білімді өздігінен игеруге негізделеді) |
|---|---|---|
| Мұғалім рөлі | Білім көзі, белсенді үйретуші, біліммен «бос ыдыстарды» толтырушы, оқушылардан анағұрлым көп білуші, «солист», «жалғыз актерлі театр» актері, «асаба» | Таным процесі мен үйренуді ұйымдастырушы, жүргізуші, бағыт-бағдар сілтеуші, проблемалық түрде оқушылар түйсінетін және талдайтын болмысты құрастырушы |
| Оқушы рөлі | Ырықсыз, бәсең, айтқанды орындаушы, қайталаушы, тыңдаушы | Белсенді, өз біліміне деген жауапкершілікті түсінуші, білімді өздігімен игеруші, өз қажеттіліктерін айқындаушы |
| Мұғалім әрекеттері | Мәліметтер мен ақпараттар береді;<br>Өзі жасаған қорытындылар мен тұжырымдарды келтіреді;<br>Тапсырмалар береді;<br>Оқушылардың білімін тексереді | Оқушыларда мынандай қабілеттерді дамытуға ұмтылады:<br>өзіндік әрекеттер мен көзқарас қалыптастыру және дамыту,<br>ақпаратты өздігінен игеру: талдау, шешім қабылдау, жаңа мазмұн құру;<br>проблеманы айқындау және оны шешу жолдарын қарастыра білу,<br>келіссөздер және пікірталас жүргізе білу,<br>өз сөзіне иландыру және бітімге келе білу. |
| Оқушы әрекеттері | Бастамашылдық пен ынтаны көрсетпейді, олардың есіне өз міндеттерін жиі салып, әрекеттерін қадағалап, бақылап отыру керек.<br>Сабақта енжарлық пен ықтиярсыздықты байқатады.<br>Бәсеңсіздік пен ырықсыздыққа беріліп, қорытынды нәтижеге деген қызығушылығы мен жауапкершілігі жоқ | Білімді өздігінен игереді; олар білімді өзіндік түсінік, ойлар, идеялар, көзқарас деп түсінеді.<br>Өз біліміне деген жауапкершілігі жоғары оларға еш қысым жасаудың қажеті жоқ.<br>Бастамашыл, белсенді |
| Әдістемелік ұстаным | Білім дайын күйде беріледі, шығармашылыққа жол берілмейді. Оқу/оқыту – есте сақтау деп түсініледі. | Білім дайын түрде берілмейді, білімді күманданып, қабылдау: бұл ұстаным диалогтық қарым-қатынас, сыни көзқарас пен шығармашылық белсенділікке негізделеді. |
| Әдістемелік тәсілдер | Монолог, авторитаризм, қысым жасау, жасандылық, | Диалог, еркіндік, қысымнан арылу, өзінділік, мәдени ықпал. |

| | | |
|---|---|---|
| | ұрандар, «мәдени жаншу» | |
| Проблемаларға қатынасы | Проблемалардың пайда болуы жеңіліс деп түсініледі | Проблемалардың пайда болғаны оларды шешу жолдарын іздестіруге бастайды |
| Негізгі мақсаты | Адамдардың күнделікті болмысқа бейімделуі, «біліктілік» тұжырымы бойынша білім, білік, дағды «беру» | Күнделікті болмысты адам мұқтаждарына сәйкес түбегейлі өзгерту, «құзыреттілік» тұжырымы бойынша құзырлардың қалыптасуына тиімді орта мен жағдай жасау |

Сонымен интербелсенді оқу/оқытудың мынандай идеялары мен қағидаларын келтіруге болады:

- Үйрету мүмкін емес, тек үйрену ғана ықтимал.
- Білім дайын күйде берілмейді, ол тек өздігімен игеріледі.
- Білім игеру үйренушілердің белсенді әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.
- оқу/оқытудың негізгі мазмұнын «не нәрсеге оқу/оқыту» емес, «қалай оқу/оқыту» құрайды: білік, дағды, машық, құзырлық, білімді игеру практикасы.
- Өмір бойы өздігінен үйрену.
- Білім тек өзіндік тұрғыдан игеріледі, өйткені «білім» дегеніміз жеке адамның қандай да болмасын мәселе мен проблема, ақпарат пен мәлімет бойынша құрастырған ойы, идеялары, пікірі, көзқарасы, түсінігі, дәлелдері, уәждері, тұжырымы. Ал оқу/оқыту – үйренушінің «МЕН-і» бірінші орынға қойылатын процесс.
- Білім бірлескен әрекеттер арқылы игеріледі: үйрену/оқу – коммуникативтік процесс, бірлесе үйренудің тиімділігі жалғыз үйренуден анағұрлым жоғары.

Қазіргі күні ғалымдар негізінен ойлаудың үш түрін ажыратады (әрине, ойлаудың түрлері де, жіктеулері де көп, алайда біз бұл классификацияны қарастырып көрейік:

1. Сыни ойлау.
2. Проблема шешуде қолданатын ойлау.
3. Шығармашылық ойлау.

| **Сыни ойлау** | **Проблема шешуде қолданатын ойлау** | **Шығармашылық ойлау** |
|---|---|---|
| Белгіленген критерийлер бойынша бағалау,<br>рефлексия түріндегі күмәндану,<br>дербес түрде пайымдау, қорытындылау,<br>логикалық талдауды қолдану,<br>жүйелі түрде ойлау | Аналитикалық ойлау,<br>эмпирикалық ойлау,<br>жүйелі түрде ойлау,<br>эвристиканы қолдану,<br>алгоритмдерді қолдану,<br>конвергенттік ойлау,<br>сызықтық ойлау (проблемалар бірінен соң бірі шешіледі) | Интуитивтік ойлау,<br>жорамалдылық,<br>күмәндану,<br>әртүрлі тәжірибелерді жинақтау, біріктіру |

*Сыни ойлау* – сенім («Не нәрсеге/кімге сенуім керек?») мен құндылықтарды таңдау, қандай да болмасын мәселе бойынша барлық туындаған сұрақтар қарастырылғанша «сыпайы» түрде күмәндану: *«Шынымен-ақ осылай бола ма? Мүмкін олай болмай, былай болар? Ал егерде тіпті былайша болса қайтер еді? Мұның пайдасы қандай? Маған берері бар ма? Мұнымен не істеуге болады?Бұл дұрыс па, бұрыс па?Бұның қандай жағымды/пайдалы жақтары бар? Мұның кемшіліктері қандай? Мұны немен алмастыруға болады? Мұны қалай жақсартуға болады?*

*Проблема шешуде қолданатын ойлау* – жүйелі талдауды қажет ететін ойлау процесі, мұнда бұрыннан белгілі білім білмейтінді анықтау үшін, оны іздену үшін қолданылады (эвристика). Ойлаудың бұл түрі *бақылау, қорытындылау, жалпыламау, жорамалдау (гипотеза құру)* мен оны тексеру секілді ой әрекеттері арқылы атқарылады. Мұнда тәжірибе қою арқылы (эмпирикалық тәсіл) проблемалар арасында байланыстар анықталып, олар бір-біріне жақындастырылады.

*Шығармашылық ойлау* проблеманың қиял мен фантазия, елестету арқылы варияциялары көп шешімдерін келтіруді меңзейді. Мұның нәтижесінде жаңа мазмұн құрастырылады.

Рефлексия жасағанда адам көптеген шешімдерді сараптап, оларды ой елегінен өткізіп, өз құндылықтары мен түсініктерінің, түйсігі мен қажеттіліктерінің таразысына салып, проблеманың байыбына жетуге тырысады. Осыдан соң адам өзі таңдап алып, көңілі қалаған шешімді тура сол қалпында қабылдамай, оны жан-жақты қарастырады, оның оң мен солын ажыратады, кемшіліктерін келтірумен қатар оны қуаттау үшін дәлелдер іздейді. Бұл тұжырымдауға қанағаттанбай, өз шешіміне балама іздестіреді, жаңа ұсыныстар мен болжамдар жасайды. Ылғи да өзіне еш бүкпесіз шындық тұрғысынан сұрақ қойып, оған жауап іздейді, жауап тапса, қайтадан сұрақ қойып, енді соның жауабын іздестіреді, оған да қанағаттанбай, әрі қарай «қаза береді», «қаза береді». Сұрақтар, сұрақтар, сұрақтар. Жауап іздеу, жауап іздеу, жауап іздеу. Үздіксіз іздену мен зерттеу...

Ойлаудың осындай толассыз түрі *сыни ойлау* деп аталады. Мұнде ойлау тізбекті (сызықты) түрде бір нүктеден екінші нүктеге бір бағытпен жылжымай, біресе алға, біресе артқа ойысады. Проблеманың шешімін табу мұнда ең аяққы нүкте деп саналмайды: оны дәлелдеп беру керек, оның тиімділігі мен ықтимал қолайсыздықтарын айқындау қажет, оған балама келтіру керек. *Дұрыс жауап беру жеткіліксіз, оны дәлелдеп беру керек.*

Сыни ойлау проблема шешуге бағытталумен қатар өзінділікпен (дербестік) ерекшеленеді: қандай да болмасын мәселе/ақпарат бойынша өзіндік түсінік қалыптастырып, оған тәуелсіз тұрғыдан баға беру, дербес шешім қабылдау.

Сыни ойлауды дәріптеушілердің бірі Ричард Поль мына аумалы-төкпелі, күнделікті өзгеріп отырған заманда адам «өз инстинктеріне бостан босқа сенбеуі керек» деп есептейді. Мұның себебі мынада: адам өз түсініктерін, ұстанымдарын, құндылықтар мен нанымдарын бірден қалыптастырмай (мысалы, сезімдер жетегімен немесе басқа біреудің айтқаны бойынша), олар

туралы терең ойланып, оның бәрін күмәнмен қабылдап, «тұла бойынан» өткізуі қажет. Ричард Польдің пайымдауы бойынша, адамдар «өздерінің басына түскенді дәл сол қалпында қабылдамауы керек. Олар ақиқат деп ұсынылған нәрсенің бәрін де ақиқат деп түсінбеуі қажет. Олар өздерінің өмірлік тәжірибесін жалған деп ойламауы керек». Демек, олар өмірдің барлық жайттары мен көріністерін ой елегінен өткізіп, олардың өміршеңдігі, құндылығы мен қажеттілігі туралы өзіндік пікір қалыптастастыруы керек. Сол себепті сыни ойлауды көп жағдайда «сыпайы күмәндану» деп атайды.

Сыни ойлау оқушылардың ойлау дағдыларын дамытып, оларды оқу мен өмірде туындайтын проблемаларды/мәселелерді өздігінен шешуге бағыттайды. Осы арқылы сыни ойлау оқушыларды ақпаратпен жұмыс жасауға, жан-жақты тұрғыдан кез келген жайтты талдауға, бағалауға, таңдау жасап, шешім қабылдауға баулиды. Оқушылар бұл секілді жұмыстарды жасау нәтижесінде өздеріне және өзгелерге толассыз сұрақтар қойып, оларға жауап іздеп, өз жауаптарын ұтымды дәлелдермен айғақтайды, дербес шешімдер қабылдайды.

Сыни ойлау әр адамды табиғатындағы менмендіктен және ортаға тәуелділіктен арылтады: адам басқалармен тиімді қарым-қатынасқа түседі, қоғамдағы пікірлерді ақиқат ретінде қабылдамай, оларға күмәнмен қарай бастайды, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін сараптай біледі. Осылайша сыни ойлаушы өзін-өзі шектей біледі, басқалардың пікірлерімен санасып, өз көзқарасын олармен салғастырады, қоғамда кеңінен таралып, көпшіліктің қабылдаған көзқарастарды мойындамай, олардың дәлелдері мен тұжырымдауларын іздестіреді. Алайда бұл күмәндану жоққа шығаруды білдірмейді: осындай әрекеттер арқылы сыни ойлау аталмыш көзқарасты қабылдауға әкелуі әбден ықтимал. «Сыни ойлау» ұғымында «сынау», яғни «кемшіліктерді айқындау» мағынасы жоқ. Сыни ойлаудың мәнін «байыбына үңілу», «терең бойлау», «зерделеу», «екшеп-екшеп», «жан-жақты қарастыру», «өзіңе сұрақ қойып, соның жауабын іздестіру» деп те келтіруге болады.

Сонымен, сыни ойлау мынадай жағдайларда:

- кез келген проблема не ақпаратпен өздігінен жұмыс жасағанда;
- кез келген проблема не ақпаратты өзіндік тәжірибе (өмірлік, кәсіби) тұрғысынан қарастырғанда;
- кез келген проблема не ақпарат туралы өзіндік (дербес) пікір қалыптастыру барысында;
- өз пікірі мен көзқарастарын тұжырымдап, оларды дәлелдеуде;
- кез келген проблема не ақпаратты жан-жақты тұрғыдан қарастырғанда;
- бірлесе жұмыс жасағанда (топта, жұпта, командада);
- өзгелердің пікірлерін бағалап, қабылдағанда іске асады.

Ал *сыни ойлаушының* ерекшеліктері мынндай болады деп тұжырымдауға болады:

- кез келген проблема не ақпарат бойынша нақты сұрақтар қояды;
- ең маңызды жайттарды бөліп шығарады;
- проблема не ақпаратқа қатысты деректерді қолданады;
- критерийлер мен стандарттарды қолданады;

- критерийлер мен стандарттарға негізделінген дәлелді қорытынды мен шешімдер келтіреді;
- өз пікірі мен көзқарастарына деген жоғары жауапкершілігі бар;
- ақпаратты бір мағыналық жүйеден екіншіге аударады (вербальдыдан визуалдыға немесе керісінше);
- қарастырып отырған мәселені басқаларымен салыстырады;
- балама ұсыныстар мен көзқарастарды тұжырымдайды;
- икемді болады: өз ойлары мен пікірлерін өзгерте біледі, қателерін мойындап, оларды түзейді;
- себеп-салдарды анықтайды;
- талдайды, тұжырым жасап, қорытындылайды;
- мәселеге ауқымды тұрғыдан қарап, бірінші мезетте тек қомақты жайттарды бөліп қарастырады;
- шешім қабылдауда басқалармен тиімді түрде ынтымақтасады;
- ақпаратты шығармашылық тұрғыдан түрлендіреді;
- әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпарат табады, оның мазмұнын, бағытын, мақсатын өздігінше түсінеді;
- өз әрекеттерін бақылайды, оларға баға береді, жақсарту жолдарын іздейді;
- басқалармен тіл табысып, ортақ мәмілеге келуге тырысады.

2.15-кесте – Оқушының сыни ойлауының қалыптасу деңгейлері

| **Бастапқы деңгей** | **Орта деңгей** | **Жоғары деңгей** |
|---|---|---|
| - өз көзқарасы мен ұстанымын жан-жақты тұрғыдан қалыптастыра алмайды;<br>- өз ұстанымын толық дәлелдей алмайды, оның артықшылықтарын толық көрсетпейді;<br>- жан-жақты салыстырмайды;<br>- ұтымды мысалдар келтірмейді;<br>- себеп-салдарын дәлелді түрде келтіре алмайды;<br>- талдау мен синтездеуді толық жасамайды;<br>- жан-жақты баға бере алмайды | - ойлау қадамдарын ретімен қолданады;<br>- өз көзқарасы мен ұстанымын қалыптастырғанымен, оларды ұтымды түрде дәлелдей алмайды;<br>- өз ұстанымдарын өзгелермен салыстырады, оның артықшылығы мен кемшіліктерін ажыратады;<br>- өзіне айтылған сынды сабырмен қабылдай алмайды;<br>- өзге ұстанымдарды өз мақсатына пайдалана алмайды;<br>- өзге ұстанымдарды жан-жақты талдамайды;<br>- өз ұстанымын икемді түрде өзгерте алмайды | - негізгі ойлау қадамдарын ретімен, логикалы түрде және тереңінен қолданады;<br>- өз көзқарасы мен ұстанымдарын ұтымды түрде дәлелдей алады;<br>- өзіне-өзі нақты баға бере алады;<br>- өзге пікірлерді бағалай біледі;<br>- ұсыныстар мен гипотезалар жасай біледі;<br>- айтылған сынға байыппен қарайды: өз ұстанымдарын икемді түрде өзгерте алады;<br>- өз жұмысын жақсарту жолдарын іздестіреді |

Қазақ тілі сабақтарының «Қызықты грамматика әлемінде», «Квест-сабақтар», «Жоба сабақтар», «Ойын сабақтар» сияқты оқу іс-әрекеттері белсенді өтетін түрлермен көбірек ұйымдастырылуы арқылы оқушылардың өз бетімен қазақ тілін меңгеру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік мол болады. Осы айтылғандармен қатар, қазақ тілі сабақтарында оқушылардың «рефлексиялық жаттығулар» орындауына, білімін тексерудің тестілік түрін қолдануына, жаңа ақпараттық технологияларды мұғаліммен және өз бетімен қолдануына, жоба жұмыстарын түрлі формада қорғауына, өзара пікірталастар мен семинар-сабақтар ұйымдастыруына жағдайлар жасап, белсенділігін арттыру жолдары көзделеді [3].

Интербелсенді оқыту – әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істері қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен : «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары əн тәсілдері ретінде танылады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- тереӊ ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, таңдап алу;
- өздігінен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

- бірлескен жұмыс;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік таныту.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық);
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар;
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.);
- презентациялар;
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама т.б.

Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет:

Бірінші ереже. Жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.

Екінші ереже. Балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін-өзі көрсетуіне жол беру.

Үшінші ереже. Кабинет талапқа сай болуы қажет.

Төртінші ереже. Жұмыс орнына назар аудару қажет. Оқу орны ыңғайлы және жайлы болуы қажет. Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.

Бесінші ереже. Оқу барысында процедураға және регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау.

Алтыншы ереже. Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау.

Интерактивтік әдістеме өзара қарым-қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелері білім берудің негізгі көзі саналады. Оқу процесінің барысында мынадай қарым-қатынасқа түседі:

- ✓ Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
- ✓ Өзге балалармен (қосақталып жұмыс істеу барысында)
- ✓ Шағын топтармен (3-5 баламен);
- ✓ Балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып бір мәселені талқылау барысында);
- ✓ Балалардың тобымен және халықпен (топ әлеуметтік сауалнама жүргізеді);
- ✓ Кейбір техника түрлерімен (мысалға , компьютермен).

Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді. Оған дәлел: Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады деген Хэтти (2014).

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында көңілді білім алады. Жаңартылған оқу бағдарламасын және критериалды бағалау жүйесін енгізу тұрғысынан мұғалімдер өз шеберлігін көрсетеді. Мұғалімдер әр сабақ соңында оқушыдан күтілетін нәтижелерді анықтайды, яғни бүгінгі тақырыпқа деген жаңаша түсінік пайда болды ма, немесе жоспар іске асты ма деген сияқты және т.б.

Интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады.

Оқыту тәжірибесі барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған

білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

«*Маршрут*» ойыны.

Бұл ойын чайнворд ұстанымы бойынша жүреді. Чайнворд (ағыл. chain – шынжыр және word – сөз) бас қатыру есебі – ойланып табылған сөздің әріптерін, алдыңғы сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырады.

Мысалы, Алматы-ыдыс-сабын-нар-рахмет-тарақ,-қарбыз т.б.

«*Екі әріп*» ойыны.

Бірінші қатысушы бір сөз, зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әрпіне сөз ойлап табады. Бір қызығы балалар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды.

«*Еске түсіру*» ойыны.

Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса көйлегінің түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

«*Екі ассоциация*» ойыны. Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Мысалы, егер бірінші бағанға мысық, екіншісіне жарық деп жазылса, екі сөзді қосып «жарыққа жылынған мысық», «шамның спиралы мысықтың мұртына ұқсайды», «шам сияқты мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы шам сияқты» т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады.

«Қара жәшік» ойыны. Оқушылар екі топқа бөлінеді. Стол үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай

қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ оларды жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы керек.

«Дұрыс-дұрыс емес» ойыны. Ойынға қатысушыларды екі топқа бөледі. Оларды бір-біріне қарама-қарсы отырғызған дұрыс. Ортаға бос екі орындық қояды. Бір орындық «дұрыс» дегенді білдірсе, екінші орындық «дұрыс емес» дегенді білдіреді. Мұғалім немесе бір оқушы қағазда жазылған ой-тұжырымды оқиды: Ы.Алтынсарин – алғаш мектеп ашушылардың бірі». Бұл тұжырымды дұрыс деп санаса, олар тез барып «дұрыс» орындығына отыруы тиіс. «Дұрыс емес» деп санаса, соған сәйкес белгіленген орындыққа отырады. Қайсысы бірінші барып отырса және жауапты дұрыс тапса, сол жеңімпаз болады.

«*Жолға шығу*» ойыны. Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады? деген сұрақ қойылады. Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек.

«*Кемпірқосақ*» ойыны. Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады.

«*Еске түсіру*» ойыны. Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса көйлегінің түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді:

1. «Ыстық орындық» әдісі. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық.

2. «Автор орындығы» оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

3. «*Миға шабуыл*» стратегиясы. Тақырыпқа байланысты идеяларды көбірек жазады. Уақыт аяқталғанда кезектесіп өз идеяларын оқиды, идея қайталанбау керек. Қайталанған идеяларды сызып тастап отырады.

4. «*3 таяқша*» әдісі. Берілген тақырыпқа байланысты әр топ 1 сұрақ, 1 жауап, 1 идея даярлап, көпшілікке ұсынады.

5. «*Бинго*» ойыны. Лотоға түскен сандарға байланысты сұрақтар беру.

6. «Өзіңізді тексеріңіз» әдісі. Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ па немесе ЖАЛҒАН ба? Өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіріледі. Мысалдарды оқу кезінде оқушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтайды.

7. Ширату (Оқушыларға ширату түрлерін жасату).

8. «*Он сұрақ*!» әдісі. Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі.

9. «*Серпілген сауал*» әдісі. Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылар арасында сұрақтар тасталады.

10. «*Сұрақтар жаңбыры*» әдісі.

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сұрақ қою және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: оқушылар топтарға өз еркімен, қалауымен бөлінеді. Әр топ параққа сұрақтар жазып, бір-біріне лақтырады. Алған сұрақтарына жауап жазып, кері лақтырады. Жауап жазылған парақты қағып алған ойыншы, сол жауаптан сұрақ тудырып, ары қарай лақтырады. Ойын осылай жалғасады.

11. «*Детектив*» әдісі.

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сыни ойлау, көшбасшылық дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: оқушылар екі топқа біріктіріледі. Екі топқа да шытырман оқиғалы мәтін шағын бөліктерге бөлініп, қима қағаздарға жазылып беріледі. Олар 15 минут ішінде осы мәтіндегі шытырман оқиғаның шешімін табуы тиіс. Әр топ өз шешімдерін айтады. Қандай тәсілмен анықтағандары талқыланып, ақпараттармен жұмыс істеу туралы ой бөліседі.

12. «*Коллаж әңгіме*» әдісі.

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сыни ойлау және коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: оқушыларға түрлі-түсті суреттері бар журналдар беріледі. Олар журналдардан қиып алған суреттерін флипчартқа жабыстырып, әңгіме құрастырады.

13.«*Менің сөзім*» әдісі.

Ұйымдастыру: ұжыммен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сабақта алған білім, білігін бағалау.

Сипаттамасы: сыныптан бір оқушы тұрып, сабақтан бүгінгі үйренгендерін қорытындылап айтады. Айтып болған соң, басқа бір оқушының

атын атайды. Сөзді сол оқушы жалғастырып, сабаққа рефлексия жасайды. Барлық оқушы сабақты қорытындылауға осы ретпен қатысады.

14.«*Жағымды, жағымсыз, даулы*» әдісі.

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сыни ойлау, талдау дағдыларын дамыту, сабаққа қызығушылықтарын арттыру.

Сипаттамасы: оқушылар шағын топтарға біріктіріледі. Әр топ оқылған әңгімені немесе мәтінді «жағымды, жағымсыз, даулы» мәселелерге бөліп, талқылап, өз ойларын (идеяларын) айтады. Содан кейін әр топқа тек бір мәселені бөліп беріп, олар үлкен топқа өз ойларын (идеяларын) ұсынады, ал басқа топтар толықтырып немесе қарсы пікірлер айтуына болады.

15. «*Суретті әңгімеле*» әдісі.

Ұйымдастыру: барлық сыныппен, жұппен жұмыс.

Мақсаты: бір бөлігі берілген сурет бойынша әңгімелету, суреттегі оқиғаның басын және соңын болжату арқылы тапқызу.

Қажетті материалдар: сериялы суреттер.

Сипаттамасы: оқушыларға сурет көрсетіліп, әңгімелетіледі. Қажет болған жағдайда әңгіменің жаңа сөздерін алдын ала үйретуге болады. Сурет әңгіменің бір бөлігі екені ескертіледі. Оқушыларға суретте бейнеленген сәттің алдында не болғаны және кейін не болатыны болжатылады. Оқушылардың өз әңгімелері тыңдалғаннан кейін әңгіменің толық нұсқасы оқып беріледі.

Оқушылар өздері құраған әңгіме мен әңгіменің шынайы сюжетін салыстырады. Оқушыларға әңгімедегі негізгі ойды табу тапсырылады.

16. «*Неге? Неге? Неге?»* әдісі.

Ұйымдастыру: ұжыммен жұмыс.

Мақсаты: орындалған тапсырмалардың түйінді тұстарымен ой бөлісу және оқушылардың рефлексиялық ойлауын дамыту.

Сипаттамасы: оқушылар шеңбер бойымен тұрады. Жүргізуші осы сабақта не үйренгенін айтады және соңғы сөйлемін «неге?» деген сұрақпен аяқтайды. Келесі оқушы сол сұраққа жауап беріп, қасындағы әріптесіне «неге?» деген сөзі бар сұраулы сөйлем айтады. Келесі ойыншылар да осы әрекеттерді тізбек бойынша жалғастырады. Ойынның соңында оқушылар орындалған тапсырмаларды еске түсіріп, олардың түйінді тұстарымен ой бөліседі.

17. «*Әңгімеге негізделген жазу*» әдісі.

Ұйымдастыру: топпен/жұппен жұмыс.

Мақсаты: әңгіме желісі бойынша орындалған жұмысты топтарда немесе жұптарда талқылай отырып жазу; әңгіме туралы өз ойларын ортаға салу және пікір алмасу.

Қажетті материалдар: ақ парақтар, қалам.

Сипаттамасы: берілген әңгіме бойынша шақыру қағазын, хат, ашықхат, электрондық хат, күнделік жаздыру үшін оқушылар шағын топтарға немесе жұптарға бөлінеді. Оқушылар берілген жұмыс түрлерінің бірін таңдайды немесе жеребе арқылы анықталады. Жазу уақыты белгіленіп, оқушыларға ескертіледі. Әр топта немесе жұпта бір хатшы сайланады. Оқушылар не жазатындарын талқылап, бір-бірімен пікір алмасады. Жазып біткеннен кейін олар өз жұмыстары төңірегінде ой бөліседі.

«*Бағдаршам*» әдісі.

Ұйымдастыру: ұжыммен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту.

Сипаттамасы: әрбір оқушыға бағдаршам түстеріне сәйкес карточкалар таратылады. Мұғалім олардан сабақты түсінген-түсінбегеніне сәйкес карточкаларды көтеруін сұрайды. Жасыл карточка көтерген оқушылар барлығын түсінген боп есептеледі. «Не түсіндің?» сұрағы қосымша қойылады. Сары және қызыл карточка көтергендерден не түсініксіз болғаны айқындалып, тақырып төңірегінде қосымша жұмыстар жүргізіледі. Бұл жүйе арқылы тақырыпты пысықтауға немесе әлі де жетілдіру керектігін білуге болады.

Оқытудың мұндай типінің артықшылығына төрт аспектінің арасында: біріншіден, зияткерлік мүмкіндіктердің өсуі арқылы; екіншіден, сыртқы марапаттаудан ішкі марапаттауға өту арқылы; үшіншіден, жаңалық ашу арқылы және соңғысы, жадыны дамыту үшін осындай оқытудың тиімділігі арқылы қол жеткізіледі. Осы кезде оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді.

Басқаша айтсақ, оқушыға бағдарланған оқыту ортасында мұғалім оқушылардың сыныпқа келген кездегі бастапқы сенімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге ала отырып, өз пайымдарын жасауға қабілетті екенін түсінеді. Егер оқу үдерісі оқушы мен оқу материалын жалғастыратын «көпір салуға» негізделсе, онда осы үдерісті үйлестіретін мұғалімдер көпірдің екі жағын да қадағалай білуі тиіс. Мұғалімдер оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырысады.

Жалпы жоғарыда аталған әдіс-тәсілдер сабақта тиімді қолданылса, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты, жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой-

пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді, сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады.

*Оқу мақсаттарымен жұмыс жүргізу жолдары:*

Оқу жоспарында көрсетілген оқыту мақсаттары оқушыларды, тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым әрекеттерін қамти отырып, коммуникативтік дағдыларын сенімді қалыптастыруға, сол негізде сыныпты аяқтағанда күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталған;

мұғалім сабақ жоспарын құруда лексикалық тақырыпты басшылыққа ала отырып, сынып деңгейіне, тақырып қажеттілігіне қарай бір академиялық сағатта бір немесе екі коммуникативтік әрекетті негіз етіп алады, ал басқа коммуникативтік әрекеттер жанама түрде қолданыла береді. (Мысалы, тыңдалым/ айтылым, оқылым/ жазылым);

әрбір әрекет бірнеше оқу мақсаттары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сабақ жоспарын құру барысында коммуникативтік әрекеттің барлық түрін бір деңгейде қатар алмаған дұрыс. Олардың бірі не екеуі негізгі болса, қалған екеуі жанама түрде дамытыла береді. Мұғалім орта мерзімді жоспарда ұсынылған лексикалық тақырыпқа бөлінген оқу мақсаттарының орын тәртібін сабақ түрі мен әдістерінің қажеттілігіне қарай өзгерте алады.

*Ресурстармен жұмыс:*

Қазақ тілі сабақтарында мұғалім оқулықтармен қатар, ғаламтор желісінен алынған есту және көру материалдарын, аудиохабарламаларды, телебағдарламаларды, газет-журналдардан алынған ақпараттарды, кесте, диаграмма, сызбаларда берілген мәліметтерді де таңдай алады.

Оқу жоспарында ұсынылған ресурстар мұғалім үшін бағыт-бағдар ретінде беріліп отыр. Мұғалім оларды қажеттілігіне, сынып деңгейіне, жас ерекшелігіне қарай өзгерте алады.

«Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы оқушысына қазақ тілін ана тілі ретінде тілдік қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтін түзімдік қызметін танытуды, тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құратудағы заңдылықтарды үйретуді, тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын меңгертуді, әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін меңгертуді көздейді.

Қазақ мектептерінде тілді үйрету емес, тілді дамыту мақсаты көзделеді. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру тек мектептегі сабақтың аясымен ғана шектелмей, пәнаралық байланыс, қосымша сабақтар, үйірмелер, түрлі клубтардың жұмысы арқылы да іске асырылуы керек.

## 3 «Қазақ тілі» пәнінен қысқа мерзімді жоспар жасау және оқушылардың білімдерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Қазіргі заманның талабы – шығармашылықпен өз бетінше жұмыс істейтін, өзгермелі өмірде бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, құзіретті тұлға тәрбиелеу.

Құзыреттілік тәсіл жағдайында оқу жетістіктерін бағалау – жеке, өте маңызды әдістемелік проблема. Ғалымдардың пікірінше, адамның бойында өз іс-әрекеті мен оның нәтижелерін өздігінен бағалай алу қалыптасса, дәл сол уақытта ол құзыретті болып табылады. Мұндай мүмкіндік сабақта білім алушыларды критериалды бағалау кезінде пайда болады.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында *критериалды бағалау жүйесіне* көшу қарастырылған.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі:

- оқыту мен бағалаудың біртұтастығына негізделеді;
- білім алушылардың ілгерілеушілігі мен үлгерімін қамтамасыз етуде біртұтас тәсілді қалыптастыруға бағытталады;
- оқу бағдарламаларына сәйкес дағдыларды дамыту және білім алуға дәлелдемелер жинақтау мен оқыту мақсаттарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- әрбір сынып үшін пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұны негізінде бағалау түрлері мен әдіс-тәсілдерінің алуан түрлерін қамтиды.

Критериалды бағалау білім алушылардың өз әрекетін бақылау және бағалай білу, функционалдық сауаттылығын және кең спектрлі дағдыларын қалыптастырудағы оқыту процесінде туындайтын қиындықтардың себептерін анықтау және жоя білу қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім алушыларға дер кезінде қолдау көрсету, оқытудағы алға басуын көрсету, оқыту нәтижесі бойынша ата-аналарын хабардар ету мақсатында әрбір сабақта бағалау элементтерін қолдану ұсынылады.

Мұндай бағалау жүйесі балаларды оқуда табысқа жетуге ынталандырады, білімдегі кемшіліктерді анықтауға және олардың жетістіктерін көрнекі түрде көрсетуге бағыттайды. Білім алушы мен мұғалім жеке және бірлесіп одан әрі даму үшін алдағы іс-әрекеттердің жоспарын әзірлей алады.

Критериалды бағалау білім алушылардың дағдыларын дамыту дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір сабақ оқу мақсаттары мен оларға жету критерийлерін айту/көрсетуден басталуы керек. Білім алушы қойылған оқу мақсатын түсінуі, ұғынуы және оған қалай қол жеткізуге болатынын білуі тиіс.

Критериалды бағалау технологиясы білім алушылардың жетістіктерін оқу материалын қалай игергенін, практикалық дағды қалай қалыптасқанын анықтауға мүмкіндік беретін, нақты анықталған, алдын ала танылған критерийлермен салыстыруға негізделген.

Әрбір білім алушы дайындығының жалпы деңгейіндегі өзгерістерді де, бұрынғы жетістіктерімен салыстырғанда оның жетістіктерінің динамикасын да атап өту маңызды.

Мұғалімге мақсатқа бағытталған белсенділікті, бастамашылықты, мақсатқа жетудегі дербестікті, таңдау жасай білуді, рефлексияға қабілеттілікті, жауапкершілікті ұстану маңызды.

Бағалау жүйесі мұғалім мен ата-аналар арасындағы тығыз байланысты қолдауды және ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізуді қарастырады. Білім алушылардың ата-аналарына жаңа бағалау жүйесінің мақсаты мен негізгі принциптері түсіндіріледі, ата-аналарға арналған практикалық тренинг немесе мастер-класс өткізіледі.

Критериалды бағалау, ол – білім алушылардың оқу және дүниетанымдық біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін нақты анықталған, бір-біріне сәйкес келетін білімнің мазмұны мен мақсаты, сонымен қатар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін алдын ала анықталған критерийлер.

Критериалды бағалау, ол – білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал ететін, тиісті білім беру мақсаты мен мазмұны, барлық процеске қатысушыларға алдын-ала белгілі, ұжыммен әзірленген, анық айқындалған критерийлері бар, білім алушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Мұғалім бағалауды мұғалімдерге, ата-аналар мен білім алушыларға көмек ретінде әзірленген нормативтік-құқықтық актілер мен әдістемелік материалдарға сәйкес өткізуі тиіс:

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 272 бұйрығы;

– «2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;

– Жаңартылған білім беру мазмұны аясында орта мектептерге арналған критериалды бағалауды құжаттандыру және рәсімдеу бойынша нұсқаулық.

Критериалды бағалаудың қызметтері:

- оқытушылық;
- бақылаушылық;
- дамытушылық;
- тәрбиелеушілік;
- диагностикалық;
- уәждемелік.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- оқу процесінің әрбір кезеңінде әр білім алушының дайындық деңгейін анықтау;
- оқу бағдарламасына сәйкес оқыту нәтижелерін және білім алушылардың қысқа мерзімді мақсаттарға жетулерін талдау;

- білім алушының дамуының жеке траекториясын түзету және жеке прогресс мониторингі;

- оқу бағдарламасын меңгерудегі бар кемшіліктерін жоюға білім алушыларды ынталандыру;

- әртүрлі іс-әрекеттерді орындағаны үшін алған бағалардың маңыздылығын саралау;

- оқу бағдарламасы тиімділігінің мониторингі;

- оқу материалын игеру және оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, білім алушы және ата-аналар арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету.

Критериалды бағалау жүйесіне көшудің *негізгі мақсаты* сапалы бағалау мен тұлғаны дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, қоршаған әлеммен тиімді өзара әрекеттесуге, өздігінен білім алуға және дамуға дайын, алдын ала белгілі және нақты критерийлер бойынша объективті бағалау болып табылады.

Жаңа бағалау жүйесі білім алушыда өз әрекетін бақылау мен бағалау, туындаған қиындықтардың себептерін анықтау мен қалпына келтіру қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді [12].

Оқыту процесі білім алушылардың бойында функционалдық сауаттылықты және кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Бұл оқыту процесінде оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан алшақтап, білім берудің 6 саласы бойынша айқындалып күтілетін нәтижелерге негізделеді және білім алушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды», яғни іс-әрекеттік аспектіні болжайтынын ескеру маңызды.

Оқыту мақсаттары күтілетін нәтижелер түрінде ұсынылып отыр. Әрбір бөлімшелерге дәйекті түрде енгізілген оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау барысында білім алушылар:

– өздерінің танымдық және ойлау қабілеттерінің деңгейін арттыру үшін оқытудың әр түрлі әдістерін қолдану;

– жаңа білімді меңгеру барысында табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсіну;

– сын тұрғысынан ойлау, өз ойын еркін айту, білімін көпшілік алдында көрсету (ұсыну), өзін-өзі және сыныптастарын бағалау арқылы кері байланыс орнату;

– өздігінен жаңа білім алу, оқу әрекетін ұйымдастыру, мақсат қою, жоспарлау, өзін-өзі бақылау және өз әрекетінің нәтижесін бағалау, өз әрекетінің болуы мүмкін нәтижелерін алдын-ала болжау дағдыларын меңгереді;

– бастапқы фактілер мен болжамдарды, теориялық модельдер мен нақты нысандарды түсіндіру үшін, олардың арасындағы айырмашылықты түсіну;

– белгілі фактілерді түсіндіру және ұсынылған болжамды эксперименттік жолмен тексеру, процестер мен құбылыстардың теориялық модельдерін әзірлеу үшін болжамдар мысалында ыңғайлы оқу әрекетін меңгеру;

– қабылдау, өңдеу және ақпаратты сөз, образдық, белгілік түрлерде беру, алынған ақпаратты қойылған мақсатқа сәйкес талдау және қайта өңдеу дағдыларын қалыптастыру;

– оқыған мәтіннің негізгі мазмұнын белгілеу, қойылған сұраққа мәтіннен жауап табу және мәтіннің мазмұнын баяндау;

– танымдық мақсаттарды жүзеге асыру үшін ақпараттың жаңа технологияларын, өз бетінше іздеу, талдау және іріктеп алу үшін түрлі ақпарат көздерін пайдалану;

– монологтік және диалогтік сөйлеуді дамыту, өз ойын жеткізу және сұхбаттасушысын тыңдай білу білігі, оның көзқарасын түсіну, басқа адамның ойларын қабылдау мүмкіндігі;

– ерекше жағдаяттарда қажет болатын әрекет түрлерін, проблемаларды шешу әдістерін және эвристикалық әдістерді меңгеру;

– әлеуметтік түрлі рөлдерді орындау арқылы топта жұмыс істеу білігін қалыптастыру, оқыту және өз көзқарасын және пікірін қорғау, пікірталас жүргізу мүмкіндігіне ие болады.

Мұғалім критериалды бағалау жүйесін қолдану үшін сыныптағы білім алушылардың дайындық деңгейін және ерекшеліктерін ескере отырып, пәннің оқу мақсаттарына сәйкес «білу және түсіну», «қолдану», «сыни ойлау және зерттеу», «коммуникация және рефлексия» және т.б. критерийлері бойынша дескрипторлар әзірлеуі тиіс. Әр критерий оқушының тапсырманы орындауын жүйелі бағалауға мүмкіндік беретін дескрипторлардан тұрады, сонымен қатар білім алушылар осы дескрипторларға сүйене отырып өз жұмысының нәтижесін бағалай алады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқыту мақсаттарымен жоспарланған, қол жеткізген нәтижелері дәрежесіне сай алдын ала белгіленген нақты критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, білім алушының жеке тұлғасы емес, оның жұмысы ғана бағаланады; білім алушының жұмысы басқа білім алушылардың жұмыстарымен емес, оларға алдын ала белгілі (өте жақсы орындалған жұмыс түрінде) эталонымен салыстырылады. Не нәрсеге үйретеді, соны ғана бағалауға болады, сондықтан бағалау критерийі – оқу мақсаттарының нақты көрсетілімі.

Мұғалімге критериалды бағалауды оқу процесін барынша тиімді ұйымдастыруға болатындай түрде пайдалану, білім алушыларға дер кезінде қолдау көрсету және олардың оқудағы алға жылжуын қамтамасыз ету, мүдделі тараптарға оқу нәтижелері туралы ақпаратты беріп отыру ұсынылады. Мұндай бағалау жүйесі алдымен білім алушыларды табысты оқуға ынталандыруға, білімдегі олқылықтарын анықтауға және олардың өсуін көрнекі түрде көрсетіп отыруға бағытталған.

Жаңартылған білім мазмұны аясында білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі *қалыптастырушы бағалау* мен *жиынтық бағалаудан* тұрады.

*Қалыптастырушы бағалау* мұғалім тарапынан тоқсан бойы жүйелі өткізіліп отыратын оқу процесінің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен оқушы

арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, формативті бағалау кезінде оқушылардың өз қателігін түзетуге мүмкіндік беріледі. Бұл оқушылардың мүмкіндігін анықтауға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, уақытында оқу процесін түзетуге жағдай жасайды.

Халықаралық тәжірибеде қалыптастырушы бағалау барынша маңызды рөл атқарады және жалпы білім алушылардың қажеттіліктеріне қарай оқу мен оқытуды бейімдеу үшін қолданылатын бағалаудың түрі ретінде анықталады [12].

Сондай-ақ, түрлі әдебиеттерді талдау барысында қалыптастырушы бағалаудың құрылымдық элементтерінің сипаты, қолдану жағдайы мен қарастырылатын мақсаттарына қатысты бірнеше рет өзгеріп отыруы мүмкін деп те түсіндіріледі (3.1-кесте).

3.1-кесте. Қалыптастырушы бағалаудың құрылымы

| | |
|---|---|
| ЭЫДҰ/ Білім беру және инновация аясындағы зерттеулерге қатысты Орталықтың халықаралық конференциясы (2008) | Сыныпта мәдени орта құру<br>• Оқу мақсаттарын тұжырымдау<br>• Білім алушылардың түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытудың әр түрлі әдістерін қолдану<br>• Білім алушылардың материалдарды түсінгенін бағалайтын түрлі тәсілдерді қолдану<br>• Анықталған қажеттіліктерге қарай оқу үдерісін бейімдеу және білім алушыларға кері байланыс беру<br>• Білім алушыларды оқу үдерісіне белсенді қатыстыру |
| Блэк және Уильям (2009) | • Оқу нәтижесінің айғақтары ретінде пайдаланылатын тапсырмалар мен сұрақтарды қолдану, сыныпта тиімді талқылау жұмысын жүргізу<br>• Білім алушыны дамытуға бағытталған кері байланысты ұсыну<br>• Бағалау критерийлері мен күтілетін нәтижелерді түсіндіру<br>• Білім алушыларды өз білімдерін өздері құрастырушы ретінде қалыптасуына мүмкіндік беру<br>• Білім алушыларды өзара оқыту ресурстары мен дереккөздері ретінде қолдану |
| Кларк (2013) | • Оқу мәдениетін дамыту<br>• Білім алушыларды жоспарлау кезеңіне қатыстыру<br>• Белгілі оқу мақсаттарына қарай білім алушылармен бірге бағалау критерийлерін түрлендіру<br>• Сабақта талқылау және пікірсайыстарды қолдану<br>• Білім алушылардан, сыныптастарынан және мұғалімінен тиімді кері байланыс алуға мүмкіндік беру |

Осылайша, ұсынылған қалыптастырушы бағалаудың құрылымынан жалпы мынадай элементтерді атап көрсетуге болады: білім алушыларды бағалау үдерісіне белсенді қатыстыру, білім алушылардың қабілеттеріне қарай оқытуды бейімдеу, сапалы және сындарлы (конструктивті) кері байланыс беру. Яғни, қалыптастырушы бағалау – көптеген өзара байланыстағы элементтер арқылы оқу мен бағалауды кіріктіруге мүмкіндік беретін мұғалімнің тәжірибесі.

Оқу бағдарламасындағы бөлімнің әрқайсысындағы оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелері қалыптастырушы бағалаудың тәжірибелік мазмұнын анықтайды. Сонымен бірге қалыптастырушы бағалау үдерісі

стандартталмайды, яғни әр мұғалім өз бетінше қалыптастырушы бағалауды өз тәжірибесі арқылы анықтай алады, оның нәтижесіне қатысты жауапкершілікті өз мойнына алады.

Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарындағы жетістіктеріне мониторинг өткізу үшін және сабақта сараланған жұмысты одан әрі тізіп қою, соның ішінде орындалған үй жұмысының қорытындысы және педагогтің жазбаша түріндегі (дәптерлеріне немесе күнделіктеріне) немесе ауызша ұсыныстарына мониторинг өткізу үшін жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалау бұл – бағалаудан кейін оқушының нәтижесі мұғалімге оқыту әдісін түзету үшін немесе оқушыға өз оқуын түзету үшін қажет болатын жоспарланған процес ретінде сипатталады.

Қалыптастырушы бағалау рәсімдері 1-сызбада көрсетілген.




3.1-сызба – Қалыптастырушы бағалау рәсімдері

Қалыптастырушы бағалаудың тәжірибелік мазмұнын оқу бағдарламасындағы бөлімдердің оқу мақсаттары, яғни күтілетін нәтижелері анықтайды. Пәнді оқытуда қалыптастырушы бағалау процесі келесі кезеңдер арқылы іске асырылады:

- қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;
- қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдау;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау;
- кері байланыс беру.

*Қалыптастырушы бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру*

Қалыптастырушы бағалау үдерісін білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес және тиімді жоспарлау үшін мұғалімге оның формасын, мазмұнын, жиілігін, сондай-ақ құралдарын өз бетінше анықтау мүмкіндігі беріледі.

Мұғалім оқу үдерісіне және қалыптастырушы бағалауға оқу бағдарламасына сәйкес барлық оқу мақсаттарын енгізуі қажет. Сол үшін мұғалімге көмек ретінде оқу мақсаттары бойынша бағалау критерийлері, дескрипторлары бар тапсырмалар үлгілері берілген қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы дайындалды. Қалыптастырушы бағалаудың жинақтары сабақты жоспарлау кезінде тапсырмаларды іріктеу үшін дереккөздері ретінде қолданылады және басып шығару талап етілмейді. Қалыптастырушы бағалаудың тапсырмаларын өз бетінше құрастыру үшін мұғалімге:

• оқу бағдарламасымен, оқу жоспарымен танысу, оқу мақсаттарына талдау жасау;

• оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;

• тапсырма құрастыру кезінде саралау (дифференциялау) тәсілін қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне бөлу;

• бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру;

• әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру ұсынылады.

Қалыптастырушы бағалау теориясына сәйкес (Уильям, 2007) үдеріске қатысушыларды есепке ала отырып, үш позицияны ұйымдастыру қарастырылады: мұғалімнің бағалауы, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау.

*Мұғалімнің бағалауы*

Аталған нұсқаулықта берілгендердің көбісі мұғалімнің бағалау үдерісінің сипатын көрсетеді. Сондықтан берілген ұсыныстарды мұғалімнің қаншалықты түсінетіні, бейімдеуі, қолдануы, жетілдіруі олардың қалыптастырушы бағалауды өз тәжірибесінде тиімді қолдана алуына байланысты.

*Өзін-өзі бағалау*

Мектепте білім алушылардың дағдыларды бойға сіңіруі және өзін-өзі бағалау тәжірибесі жинақталуы қажет. Білім алушылардың өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру кезінде негізгі назарды өзін-өзі реттеуіне, өз бетінше білім алуына ынталандыруға аудару керек.

Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы оқу үдерісінде өзінің күшті және әлсіз тұстарына өзі талдау жасай алуына мүмкіндік береді. Білім алушыларды не білетініне, қандай дағдыларды меңгергеніне объективті қарауына, өз кемшіліктерін және нәтижесінде неге қол жеткізгісі келетінін анықтауға үйрету маңызды. Алайда, білім алушының өзін-өзі бағалауы тым жоғары немесе өте төмен болатын жағдайлар да кездеседі. Бұл сабақта өзін-өзі бағалауды өткізудің жалпы оңтайлы әсерін төмендетеді. Мұндай білім алушыларға мұғалім барынша объективті түрде көмек бергені дұрыс. Мысалы, мұғалім жетекші сұрақтарды қолдануына болады (3.2-кесте).

3.2-кесте. Өзін-өзі бағалауға қатысты сұрақтардың мысалы

| Өзін-өзі бағалауды өткізу мақсаты | Сұрақтар |
|---|---|
| Өз оқуына болжам жасау | Сіздің оқуыңыздың күшті/әлсіз жақтары қандай? |
| | Өз жетістігіңізді/ нәтижеңізді/ ілгерілеуіңізді сіз қалай бағалайсыз? |
| Өз оқуына жауапты болу | Сабақта оқу/күтілетін нәтижеге жету үшін сіз не істедіңіз? |
| | Қалай ойлайсыз, сіздің бағаңыз әділ ме? |
| Білімі мен дағдысындағы кемшіліктерді анықтау | Берілген тапсырмалардың барлығын орындадыңыз ба? Егер жоқ болса, неге орындамадыңыз? |
| | Тапсырманы орындау кезінде ең қиын болған тұсы қайсы? |
| Келешектегі оқуы үшін нақты мақсатты анықтау | Жұмысты жетілдіру үшін сіз не істер едіңіз? |
| | Күтілетін нәтижеге жету үшін сіздің не істеуіңіз қажет? |
| Өз оқуындағы өзгерістерді қадағалау | Бұрын білмегендеріңіздің ішінен қазір нелерді білесіз? |

Бұдан басқа, өзін-өзі бағалау кезінде мұғалім білім алушыларға дәлелдер келтіру, өзін-өзі бағалау нәтижелерін талқылау, дескрипторларды қолдану, үздік жұмыс үлгілерін көрсету және т.б. арқылы да көмек беруіне болады.

*Өзара бағалау*

Өзара бағалау тиімді қалыптастырушы бағалау өткізуге қатысты көптеген мүмкіндіктерді ұсынады. Ол білім алушылардың бір-біріне көмектесуіне, өз жұмысын жетілдіруіне бағытталған. Бұдан басқа өзара бағалау тек кері байланыс алатын білім алушыларға ғана емес, сонымен қатар кері байланыс беруші білім алушыға да пайдалы.

Д.Уильям (2015) кері байланыс беруші және сыныптасының жұмысын зерделеуші білім алушылар өз нәтижелерін келешекте айтарылықтай жақсартатынын атап көрсетеді. Бұл арқылы олар бағалау критерийлерін терең түсініп, қолдана бастайды, сондай-ақ, «жақсы» жұмыстың қандай болатыны туралы ұғымы пайда болады. Сондықтан ұйымдарда критерийлер мен бағалау тапсырмаларын құрастыруда, білім алушылардың жұмыстарының үлгісін таныстыруда өзара бағалауға көбірек назар аударады.

Өзара бағалау салыстыру, аргумент келтіру, коммуникация, дәлелдер іздеу, сыни ойлау сияқты белгілі дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Білім алушылардың жауапкершілігін, ынтасын, қызығушылығын арттыруда өзара бағалаудың мүмкіндігі ерекше. Білім алушылар кеңесші және сарапшы рөлінде сөйлеуге мүмкіндік ала отырып, өз түсініктерін сыныптастарының түсінігімен салыстыра алады. Мұның барлығы өзара бағалау қалыптастырушы бағалаудың маңызды компоненті екенін көрсетеді.

Білім алушылардың өзара бағалау үдерісінде мұғалімнің рөлін атап өту қажет. Мұғалім білім алушылардың өзара бағалау мақсатын түсінетініне, сыныптағы мәдениетті сақтап, дамытатынына, өзара бағалауда нақты болжалды ұсынатынына көз жеткізуі керек. Мұғалімнің өзара бағалау үдерісінде жетекшілік жасауы, нұсқау беруі ғана емес, мүмкін болатын салдарларды

қадағалауы да маңызды. Мұнда өзара бағалау білім алушылардың нәтижелерін жетілдіруге мүмкіндік бере ме, олардың арасындағы өзара бағалауды арттыра ма және т.б. сұрақтар қойылуы қажет.

*Қалыптастырушы бағалаудың әдістері*

Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады: «Екі жұлдыз, бір тілек», «Қолмен белгі беру», «Бағдаршам», «Жинақтау парақшасының индексі», «Бір минуттық эссе», «Сөйлеу үлгілері», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызша бағалау», викториналар, сұрақтар және т.б..

Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін, оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде, тақырыпты түсіндіру, тапсырманы орындау, білім алушыларға кері байланыс беру кезінде қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде де қолдануға болады.

Қалыптастырушы бағалаудың ажырамас элементі мұғалім тарапынан және білім алушылар арасында қойылатын сұрақтар (сауал, диалог, әңгімелесу және т.б.) болып табылады. Сондықтан сұрақтарды тиімді құрастыру техникасын меңгеруі, сыныпта диалогті қолдану мәдениетін дамытуы маңызды. Сұрақтардың түрлеріне қарай көптеген топтастырулар бар. Көбінесе қолданылатын сұрақтар тобы: ашық және жабық сұрақтар.

Ашық сұрақтар талдауды және бағалау ақпараттарын талап етеді, қиялдауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынталандырады.

Жабық сұрақтар қысқа жауапты қажет етеді, мысалы, деректің, оқиғаның кезеңін атау, түсінгенін анықтау және т.б.

Сұрақты дұрыс қойғанда өз ойын айтуға, ақпарат алмасуға, диалогтік оқуды дамытуға, маңызды кезеңдерге назар аудартуға, оқудағы бастамашылдығын қолдауға мүмкіндік беруі, қызықтыруы мүмкін.

Осылайша, сұрақ білім алушы қалайтындай, жауап бере алатындай немесе оқуда, жауап іздеуде қызықтыратындай берілуі қажет.

Қалыптастырушы бағалау әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарда қолдануға болады.

*Жеке жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау*

Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқу әрекеттері нәтижелерін ұғынуға бірден-бір мүмкіндік жасайды. Бұл олардың өз оқуын «құрушылар» ретінде жағдай жасауына мүмкіндік береді, алған нәтижелеріне деген жауапкершілігін арттырады.

Жеке жұмыс кезінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін мұғалім білім алушылардың әрекеттерін жүйелі қадағалап және аралық нәтижелерді тіркеп отыруы қажет. Нәтижелерді тіркеу кезінде білім алушылар жұмысының күшті жағына да, әлсіз тұстарына да назар аударып отырған дұрыс.

Жеке жұмыс нәтижелерін талқылауды тікелей білім алушылармен бірге жүргізуді есте сақтау қажет. Сондай-ақ, білім алушылардың өз ойын айтуына мүмкіндік беру маңызды болып табылады. Жұмысты әрі қарай жоспарлау кезінде білім алушылардың мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін ескерген дұрыс.

*Жұптық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау*

Жұптық жұмыс қалыптастырушы бағалаудың тиімді формаларының бірі болып табылады. Жұптық жұмыста жалпы мұғалім, жұптар бір-бірін және жұп ішінде бірін-бірі бағалауына болады. Мұндай өзара қарым-қатынас кезінде білім алушылардың дайындық деңгейіне қарамастан өзара көмегі, рефлексиясы, өзін-өзі реттеуі белсенді байқала бастайды.

Жұптық жұмыста қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау кезінде білім алушылар тапсырманы орындау, оның нәтижесіне бірдей жауапкершілікпен қарау қажет екенін түсінуі керек.

Сондықтан оларды өз әрекетімен келісуге, өзара әрекеттесуге, пікір алмасуға, сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге үйрету маңызды.

*Топтық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау*

Қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім белгілі бір дағдыны бағалаудың тиімді тәсілі ретінде қолданып, топтық жұмысты ұйымдастыруына болады. Білім алушылар алдын ала бағалау критерийлерімен таныс болуы тиіс. Топтық жұмыс кезінде мұғалім әр топтағы білім алушылардың талқылауын тыңдайды, қадағалайды: кейбір білім алушылар оқу мақсатына жетуді бағалау критерийлеріне сәйкес тез көрсете алуы мүмкін.

Әрі қарай мұғалім білім алушыларға қосымша қолдау көрсетуге қажетті сұрақтар қояды, бақылайды, мысалы:

- *Бұл туралы сіз не ойлайсыз?*
- *Сіздің тобыңызда қандай талқылау болғанын айтып бере аласыз ба?*

Егер білім алушылар тәжірибелік тапсырмалар орындайтын болса, онда осы тапсырмаға қатысты сұрақтар болуы мүмкін, мысалы:

- *Сіз қазір не істеп жатырсыз?*
- *Сіз қалай ойлайсыз, әрі қарай не болады?*
- *Осы тапсырмада ерекше бір нәрсе байқадыңыз ба?*

Топтық жұмыс кезінде мұғалім барлық топтың және әр жеке білім алушының жұмыстарын бақылауы қажет. Топтарды бақылауды тапсырма орындау кезінде қатысып, бірлесе жүргізуге де болады. Бұл жағдайда білім алушыларға:

• жаңа идеяны тұжырымдауды;
• екі (одан да көп) идеяларды салыстыруды;
• идеяларды бағалауды;
• топтық талқылау негізінде пікір білдіруді;
• сұрақтарға жауап беруді ұсынуға болады.

Жоғарыда аталған бөлімдер белгілі оқу мақсатына жетудің дәлелін көрсетеді.

*Кері байланыс беру*

Кері байланыс сабақтың әр кезеңінде қолданылады, мұғалімнің білім алушылармен үздіксіз өзара әрекет етуін жүзеге асыруға, нәтижесінде оқу үдерісін түзетіп, сабақты әрі қарай жоспарлауына мүмкіндік береді.

Кері байланыс беру кезінде мұғалімдерге:

• білім алушылардың жақсы жақтарын ескеруі;

• тапсырманың дұрыс орындалмағанын нақты түсіндірмей тұрып, «олай емес», «дұрыс емес» деген сөздерді қолданбауы;

• білім алушылардың жұмысын жетілдіру немесе кемшілік тұстарын жөндеудің жолдарына ұсыныс беруі;

• кері әсер ететін сөздерді, білім алушыларды кекету, келемеждеуге қатысты, мысалы, «орынсыз жауап», «осыны ойлауға ақылың қалай жетті» деген сияқты сөздерді мүлдем қолданбауы ұсынылады.

Кері байланыс беру кезінде мұғалім де, білім алушы да 4-кестеде ұсынылған сұрақтарды негізге алғаны дұрыс. Аталған сұрақтарға толық жауап беру кері байланыстың тиімділігін көрсетеді.

Қажет болған жағдайда кері байланыс ауызша, жазбаша, графикалық немесе кез келген басқа түрде берілуі мүмкін. Аталған үдеріс құжаттаманы қажет етпейді.

Мұғалімдер кері байланыстың көмегімен және модельдеу, көрсету, сұрақ қою, бақылау, танымдық ойын түрлерін қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуіне үнемі қолдау көрсетуі керек. Оқушылардың пән бойынша терең білім алуы мұғалімдердің дағдыларына да байланысты, яғни олар оқушылардың жаңа білімдерін бұған дейінгі білімдерімен ұштастыра алуын бақылай білулері маңызды.

Мұғалім оқу мәнмәтінін, өз білім алушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды іріктеп алады немесе құрастырады.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында «Қазақ тілі» пәні бойынша қалыптастырушы бағалауды білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес тиімді жоспарлау үшін мұғалім оның түрін, мазмұнын, жиілігін, сондай-ақ құралдарын өз бетінше анықтайды.

Осыған орай, қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын құрастыру келесі қадамдар арқылы іске асырылады:

– оқу бағдарламасымен және оқу жоспарымен танысу, оқу мақсаттарына талдау жасау;

– оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;

– тапсырма құрастыру кезінде саралау (дифференциялау) тәсілін қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне бөлу;

– бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру;

– әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру [15].

Сонымен қалыптастырушы бағалау сабақ барысында іске асырылады, сондықтан сабақтағы қалыптастырушы бағалау тікелей сабақты жоспарлаумен байланысты.

*Бағалау критерийлері* – білім алушылардың оқу жетістіктеріне бағалау жүргізуге негіз болатын белгі ретінде сипатталады. Сондықтан пән бойынша

формативті бағалау тапсырмаларын құрастыруда бағалау критерийлерінің оқу мақсаттарына сәйкестігін анықтау маңызды болып табылады.

Критерийлер оқытудың әрбір мақсатына әзірленеді және оқушылар нені білуі, түсінуі, қолдануы және әр кезеңде қалай талдау, жинақтау және бағалай білуі тиіс екендігін көрсетеді.

Мұғалім білім алушылардың оқу жетістіктерінің бағалау критерийлерін өзі таңдап, әзірлей алады.

Бұл ретте жетістіктерді бағалау үшін қажетті (негізгі) нәтижені барлық сынып білім алушылары көрсете алатындай критерийлерді таңдау қажет. Басқа критерийлер барлық белгілі бір мерзімге қосымша ретінде қабылданады. Бірқатар білім алушыларды қосымша критерийлермен бағалауға болады, бірақ барлық 100% білім алушылардың әрі қарай оқуда табысқа жетуі үшін негізгі базалық критерийлерге сәйкес нәтижелерін ғана көрсету жеткілікті.

Әр жұмысты әртүрлі критерийлермен бағалауға болады, бірақ білім алушы алдымен бір критерийдің призмасы арқылы нәтижесін көруді, содан кейін бірнешеуін көруді үйренуі маңызды. Тапсырманы орындауға дайындық барысында мұғалім білім алушылардан: «Біз қандай дағдыларды, қандай ережені тексереміз?»,- деп сұрайды. Солай критерийлер қалыптасады.

Білім алушылар оқу тапсырмаларын бірнеше критерийдің призмасы арқылы көруге, бірнеше критериймен өзін бағалауды үйренеді.

Тапсырманы орындай отырып білім алушы іс-әрекетінің өзін-өзі бақылау және қалыптасқан критерийлер бойынша өзін сауатты бағалауы жүзеге асырылады.

Диктант, шығарма, бақылау жұмысы, эссе жазуға дайындық кезінде білім алушылар тұжырымдалған критерийлерді басшылыққа алады. Критерийлерге негізделген нәтижелердің бағасы мұғалімнің объективті болуына, білім алушыға орындаған тапсырмалар деңгейін болжауға, қателердің себептерін анықтап, ескертуге мүмкіндік береді.

Мұғалім мен білім алушылардың оқу қызметінің нәтижелеріне жақсы баға бергені маңызды. Ал білім алушылардың қателерін әрі қарай жетістіктерге, білім беру мақсаттарына қол жеткізуге пайдалану қажет.

Төменде «Қазақ тілі» пәнінің ерекшеліктерін ескере отырып бағалау критерийлері келтірілген.

3.3-кесте – «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу мақсаттары, ойлау дағдыларының деңгейлері және білім алушыларды бағалау критерийлері

(Қазақ тілі, 6-сынып)

| Оқу бағдарламасына сілтеме | Оқыту мақсаттары | Ойлау дағдыларының деңгейі | Бағалау критерийлері |
|---|---|---|---|
| Тыңдалым және айтылым | | | |
| 1. Болжау | 6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау | Білу<br>Түсіну | Ұсынылған ақпаратты түсінеді;<br>мәселелерді өз сөзімен тұжырымдайды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау | 6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық, интервью) көтерілген мәселені талдау | Қолдану Талдау | Өмірде қолдана біледі; өз білімін көрсетеді |
| 3. Мәтіннен ақпаратты анық тау | 6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау | Түсіну Талдау | Ақпаратты түсінеді; бөлімдерге бөледі; топта талқылайды |
| 4. Негізгі ойды анықтау | 6.1.4.1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау | Қолдану талдау | Ақпаратты анықтайды; жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды |
| 5. Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау | 6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру | Жинақтау бағалау | Нақты жауаптарды топтастырады; өзіндік қорытынды жасайды; бағалайды |
| 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту | 6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу | қолдану жинақтау | Тақырыпқа сай мәселелерді зерттейді; өз жобаларын ұсынады |
| Оқылым | | | |
| 1. Ақпаратты түсіну | 6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру | Білу түсіну | Ақпаратты есте сақтайды; негізгі бөлімдерді әңгімелейді |
| 2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану | 6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану | Түсіну қолдану | Ақпараттың ерекшелігін таниды, қолданады; ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеу стиліне тән белгілерді анықтайды |
| 3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату | 6. 2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату | Түсіну жинақтау | Ақпаратты табады; өзіндік тұжырым жасайды; жанрлық ерекшелігін ажыратады |
| 4. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау | 6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру | Жинақтау бағалау | Тұжырым жасайды; өзіндік көзқарас тұрғысынан баға береді |
| 5. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу | 6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру | Қолдану талдау | Тақырып бойынша өз білімін көрсетеді; ақпаратты талдайды; сұрақтар құрастырады |
| 6. Оқылым стратегияларын қолдану | 6.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу | Түсіну қолдану | Ақпаратты анықтайды; оқуды түрлендіріп қолданады |
| 7. Әртүрлі | 6.2.7.1энциклопедия, сөздік, | Қолдану | Ақпаратты таңдайды; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу | балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу, авторына сілтеме жасау | жинақтау | алынған ақпаратты топтастырып жинақтайды |
| Жазылым | | | |
| 1. Жоспар құру | 6.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру | Білу түсіну | Ұсынылған ақпаратты есте сақтайды;<br>ақпаратты талқылайды, жоспар құрайды |
| 2. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрас тыру | 6.3.2.1жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, құттықтау, өмірбаян құрастырып жазу | Қолдану талдау | Ақпарат жайлы өз білімдерін көрсетеді;<br>ерекшелігін ашып көрсетеді |
| 3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну | 6.3.3.1 ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру | Талдау жинақтау | Бөлімдерді салыстырады;<br>Ақпаратты ұсынады |
| 4. Эссе жазу | 6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу<br>(«келісу, келіспеу» эссесі) | Қолдану бағалау | Өз түсінігін жинақтап қолданады;<br>ойын дәлелдейді |
| 5. Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу | 6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу | Талдау қолдану | Ақпаратты талқылайды;<br>өз білімін көрсетіп, жинақы мәтін жазады |
| 6. Мәтіндерді түзету және редакциялау | 6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау | Жинақтау бағалау | Ұсынылған ақпаратқа өзіндік тұжырым жасайды;<br>қорытынды жасайды |
| Әдеби тіл нормаларын сақтау | | | |
| 1.Орфографиялық норма | 6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу | Білу түсіну | Мәтіннен орфографиялық нормаға сай жазылмаған сөздер мен сөз тіркестерін анықтайды;<br>анықталған қателерді сөздіктерге сүйеніп, түзетеді |
| 2. Орфоэпиялық норма | 6.4.2.1 екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану | Талдау қолдану | Екпін түрлерін ажыратады;<br>сөз және сөйлем ішінді орынды қолданады |
| 3. Лексикалық | 6.4.3.1 көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, | Қолдану талдау | Жаңа жағдайдағы ақпаратты табады; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| норма | диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу | | көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздерді ажыратады |
| 4.Грамматика -лық норма | 6.4.4.1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану;<br>6.4.4.2 етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану;<br>6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану | Түсіну қолдану | Ұсынылған ақпаратты түсіндіреді,<br>Есімдіктің қызметін түсінеді;<br>Етістік пен етіс түрлерін ауызша және жазбаша жұмыстарда қолданады |
| 5.Пунктуация -лық норма | 6.4.5.1 қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану | Түсіну қолдану | Тыныс белгілерінің қызметін түсінеді;<br>тыныс белгілерді ауызша, жазбаша жұмыстарда дұрыс қолданады |
| *1-тоқсан* | | | |
| 1. Қазақстан-дағы көрікті жерлер. Лексико-графия | 6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау;<br>6.1.4.1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау<br>6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;<br>6.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу<br>6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу | Білу<br>Түсіну | Ұсынылған ақпаратты түсінеді;<br>мәселелерді өз сөзімен тұжырымдайды;<br>Жетекші сұрақтар арқылы мәтіннен негізгі ойды анықтайды<br><br>Ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеу стиліне тән белгілерді анықтайды<br><br>Бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді сөздіктерге сәйкес дұрыс жазады |
| 2. Ұлттық және отбасылық құндылықтар. Фонетика | 6.1.4.1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау;<br>6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;<br>6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын | Қолдану<br>Талдау | Жаңа жағдайдағы ақпаратты табады;<br>Ақпаратқа қатысты негізгі ойды анықтайды<br>Ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеу стиліне тән белгілерді анықтайды<br>Ресми стилдің ерекшеліктерін сақтай |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сақтай отырып мінездеме, құттықтау құрастырып жазу;<br>6.4.2.1 екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану | | отырып мінездеме, құттықтау құрастырып жазады;<br>Екпін түрлерін ажыратады;<br>сөз және сөйлем ішінді орынды қолданады |
| 3. Әлемнің жеті кереметі. Лексикографи я | 6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау;<br>6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру;<br>6.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру;<br>6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі)<br>6.4.1.1 тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу | Білу<br>Түсіну | Ақпаратты анқтайды, есте сақтайды;<br>Ақпаратты түсіндіреді, өмірмен байланыстырып айтады<br><br>Мәтін бойынша қарапайым жоспар құрады<br><br>Эссе талаптарын сақтай отырып келісу-келіспеу эссесін жазады<br>Бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді сөздіктерге сәйкес дұрыс жазады |
| | *2-тоқсан* | | |
| 4. Астана – мәдениет пен өнер ордасы. Лексика | 6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (хабарландыру, жаңалық) көтерілген мәселені талдау;<br>6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сайресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу<br>6.2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату;<br>6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі);<br>6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне | Талдау<br>Қолдану | Ақпаратты талқылайды;<br>Мәтіннің түрін анықтайды, көтерілген мәселені талдайды<br>Тыңдалған мәтін негізінде сұрақтар қояды;<br>Сұрақтар құрастыруда дайын тіркестер мен терминдерді қолданады;<br>Мәтіннің жанрлық ерекшеліктерін ажыратады<br><br>Эссе талаптарын сақтай отырып келісу-келіспеу эссесін жазады<br><br>Орфографиялық және пунктуациялық нормаға сәйкес мәтінді түзетіп, редакциялайды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сүйеніп, түзету, редакциялау<br>6.4.3.1 неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу | | |
| 5. Тарихи тұлғалар. Лексика | 6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау;<br>6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру<br>6.3.1.1 әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру;<br>6.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, өмірбаян құрастырып жазу<br>6.4.3.1 көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу | Білу<br>Түсіну | Ұсынылған ақпаратты түсінеді;<br>мәселелерді өз сөзімен болжайды<br>Ақпаратты түсіндіреді, өмірмен байланыстырып айтады<br>Жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып қарапайым жоспар құрады<br>Көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөз, табу сөздерді ажыратады |
| | *3-тоқсан* | | |
| 6. Су – тіршілік көзі. Қазақстандағы өзен-көлдер. Морфология | 6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау;<br>6.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру<br>6.2.1.1 мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру;<br>6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру<br>6.4.4.1 сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану | Түсіну<br>Қолдану | Ұсынылған ақпаратты анықтайды,<br>Ақпаратты түсіндіреді, өмірмен байланыстырып айтады<br><br>Негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды, түсіндіреді<br>Ауызекі және ресми стильдегі мәтіндерді салыстырады<br>Есімдіктің қызметін түсінеді;<br>ауызша және жазбаша жұмыстарда қолданады |
| 7. Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары. Морфология | 6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, өмірбаян) көтерілген мәселені талдау;<br>6.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау<br>6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, | Талдау<br><br>Қолдану | Мәтіндегі мәселені талдайды;<br>Стильдік ерекшеліктерін анықтайды<br>Мәтіннің мазмұнын түсінеді, ақпаратты анықтайды<br>Ауызекі және ресми стильдегі мәтіндерді салыстырады |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | тілдік ерекшелігін салыстыру<br>әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру;<br>6.4.4.2 етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің тіркесімдік мүмкіндігін ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану | | Жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып қарапайым жоспар құрады.<br><br>Етістік пен етіс түрлерін ауызша және жазбаша жұмыстарда қолданады |
| 8. Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз. Морфология | 6.1.1.1 мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау;<br>6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (жаңалық, құттықтау) көтерілген мәселені талдау<br>6.2.3.1 ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату;<br>6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау<br>6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану | Түсіну Қолдану | Мәтіндегі ақпаратты болжайды;<br><br>Стильдік және жанрлық ерекшеліктерін анықтайды<br><br>Ауызекі және ресми стильдегі мәтіндерді салыстырады<br><br>Орфографиялық және пунктуациялық нормаға сәйкес мәтінді түзетіп, редакциялайды |
| | *4-тоқсан* | | |
| 9. Әлемдегі ірі кітапханалар. Морфология | 6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (өмірбаян, хабарландыру) көтерілген мәселені талдау;<br>6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сайресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу<br>6.2.4.1 ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру;<br>6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру<br>6.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей отырып, жинақы мәтін жазу;<br>6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық | Талдау Қолдану | Стильдік және жанрлық ерекшеліктерін анықтайды, талдайды<br><br>Ауызекі және ресми стильдегі мәтіндерді салыстырады<br><br>Нақтылау сұрақтарын құрастырады;<br>мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау<br>6.4.4.3 үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану | | |
| 10. Ғылым мен технология жетістіктері. Пунктуация | 6.1.2.1 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (нұсқаулық, интервью) көтерілген мәселені талдау;<br>6.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу, ойын анық жеткізу<br>6.2.2.1 ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;<br>6.2.5.1 мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, көтерілген мәселені анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру<br>6.3.4.1 эссе тақырыбынан ауытқымай, абзац түрлерін жүйелі құрастырып, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу («келісу, келіспеу» эссесі)<br>6.4.5.1 қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану | Талдау<br>Қолдану | Стильдік және жанрлық ерекшеліктерін анықтайды;<br>мәтінді талдайды<br><br>Диалогта ресми сөздер мен тіркестерді, дайын тіркестер мен терминдерді қолданады<br><br>Нақтылау сұрақтарын құрастырады;<br>мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды<br><br>Жазбаша жұмыстарда тыныс белгілерді дұрыс қолданады |

3.4-кесте – «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу мақсаттары, ойлау дағдыларының деңгейлері және білім алушыларды бағалау критерийлері (Қазақ тілі, 8-сынып)

| Оқу бағдарламасына сілтеме | Оқыту мақсаттары | Ойлау дағдыларының деңгейі | Бағалау критерийлері |
|---|---|---|---|
| Тыңдалым және айтылым | | | |
| 1. Болжау | 8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау | Білу<br>Түсіну | Ұсынылған ақпаратты түсінеді;<br>мәселелерді өз сөзімен тұжырымдайды |
| 2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау | 8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор | Талдау<br>Қолдану | Мәтіннің жанрлық ерекшелігін анықтайды;<br>экспресивті-эмоционалды сөздердің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау | | рөлін талдайды;<br>өмірде қолдана біледі; |
| 3. Мәтіннен ақпаратты анық тау | 8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау | Түсіну<br>Қолдану | Ақпаратты түсінеді;<br>бөлімдерге бөледі;<br>талқылайды, астарлы ойды анықтайды |
| 4. Негізгі ойды анықтау | 8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау | Талдау<br>Қолдану | Мәтінді талдайды, негізгі ойды анықтайды |
| 5. Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау | 8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау | Жинақтау<br>Бағалау | Нақты жауаптарды топтастырады<br>Өзіндік қорытынды жасайды<br>Бағалайды |
| 6. Сөйлеу мәдениетін дамыту | 8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу | Қолдану<br>Талдау | Тақырыпқа сай мәселелерді зерттейді<br>Өз жобаларын ұсынады |
| Оқылым | | | |
| 1. Ақпаратты түсіну | 8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру | Түсіну<br>Қолдану | Ақпаратты есте сақтайды<br>Ақпараттарды салыстырады |
| 2. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану | 8.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану | Түсіну | Ақпараттың ерекшелігін таниды<br>Қолданады |
| 3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату | 8.2.3.1мақала, аннотация, презентация, құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшелікте рін ажырату | Түсіну<br>қолдану | Ақпаратты табады<br>Өзіндік тұжырым жасайды |
| 4. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау | 8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау | Жинақтау<br>Бағалау | Тұжырым жасайды<br>Өзіндік көзқарас тұрғысынан баға береді |
| 5. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу | 8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру | Білу<br>Түсіну | Алынған ақпаратты топтастырып жинақтайды, сұрақтар құрастырады |
| 6. Оқылым стратегияларын қолдану | 8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану:<br>комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу | Түсіну<br>Қолдану | Ақпаратты анықтайды;<br>Түрлендіріп қолданады |
| 7. Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті | 8.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау | Талдау<br>Қолдану | Қосыша ақпарат көздерін жинайды;<br>талдайды, қолдана алады |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ақпарат алу | | | |
| Жазылым | | | |
| 1. Жоспар құру | 8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру | Білу<br>Түсіну | Ұсынылған ақпаратты есте сақтайды;<br>топта талқылайды |
| 2. Әртүрлі жанрда мәтін дер құрас тыру | 8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу | Талдау<br>Қолдану | Ақпарат жайлы өз білімдерін көрсетеді;<br>ерекшелігін ашып көрсетеді |
| 3. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну | 8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу | Қолдану<br>талдау | Бөлімдерді салыстырады;<br>ақпаратты ұсынады |
| 4. Эссе жазу | 8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе) | Жинақтау<br>Бағалау | Өз түсінігін жинақтап қолданады;<br>өз ойын дәлелдейді |
| 5. Оқылым және тыңдалым материалдар ы негізін-де жинақы мәтін (компрессия) жазу | 8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу | Талдау<br>Жинақтау | Жинақы мәтін жазады |
| 6. Мәтіндерді түзету және редакциялау | 8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау | Жинақтау<br>Бағалау | Ұсынылған ақпаратқа өзіндік тұжырым жасайды;<br>мәтінді стильдік жағынан редакциялайды |
| Әдеби тіл нормаларын сақтау | | | |
| 1.Орфографи ялық норма | 8.4.1.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу | Білу<br>Түсіну | Күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазады |
| 2. Орфоэпиялы қ норма | 8.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану | Түсіну<br>Қолдану | Ақпаратқа қатысты ойын көрсетеді;<br>интонацияны қолданады |
| 3. Лексикалық норма | 8.4.3.1 сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану | Түсіну<br>Қолдану | Жаңа жағдайдағы ақпаратты табады;<br>ақпаратқа қатысты ойын талдайды |
| 4. Грамматикал ық норма | 8.4.4.1 сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, | Талдау<br>Қолдану | Байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қолдану;<br>8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану;<br>8.4.4.3 сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді қолдана білу;<br>8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану | | ажыратады.<br>Сөйлем құрауда тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерді дұрыс қолданады<br>Сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді қолданады |
| 5. Пунктуациялық норма | 7.4.5.1 сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану | Талдау<br>Қолдану | Сөйлем соңындағы тыныс белгілерді дұрыс қолданады |
| *1-тоқсан* | | | |
| 1. Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы. Орфография | 8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау;<br>8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау<br>8.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;<br>8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау<br>8.4.1.1 тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу | Білу<br>Түсіну | Мәтіндегі көтерілген мәселені анықтайды<br><br>Мәтіннің мазмұнын түсінеді;<br>негізгі ойды анықтайды<br><br>Стильдің ерекшеліктерін анықтайды<br><br>Мәтіннен стильдік қателерді талдайды;<br>қателерді түзетеді;<br>мәтінді редакциялайды |
| 2. Адамзаттық құндылықтар және әлем мәдениеті. Фонетика | 8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау;<br>8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау<br>8.2.3.1 мақала, презентация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату<br>8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру;<br>8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала құрастырып жазу | Талдау<br>Қолдану | Ұсынылған ақпаратты түсіндіреді,<br>жаңа жағдайдағы түсінікті түрлендіреді<br><br>Мәтіннен негізгі ойды анықтайды<br><br>Мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін ажыратады<br><br>Тезистік жоспар құрады<br>Жанрлық және стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып мақала құрастырып жазады |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 8.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану | | |
| *2-тоқсан* | | | |
| 3. Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары. Лексика | 8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау;<br>8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру<br>8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)<br>8.4.3.1 сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктерін түсініп қолдану | Түсіну<br>Қолдану | Мәтіндегі көтерілген мәселені анықтайды;<br>негізгі ойды анықтайды<br>Сұрақтар құрастырады<br><br>Эссе талаптарын сақтайды;<br>өз ойын дәлелдеп, эссе жазады |
| 4. Ғарышты игеру жетістіктері. Синтаксис | 8.1.3.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау;<br>8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу<br>8.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;<br>8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, аннотация, тезис құрастырып жазу;<br>8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу<br>8.4.4.1 сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану | Түсіну<br>Қолдану | Мәтіндегі көтерілген мәселені болжайды;<br>Ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданады<br>Публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін танып біледі<br>Жанрлық және стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып тезис құрастырып жазады<br><br>Ақпараттарды жинақтайды;<br>Жинақы мәтін жазады<br>Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлерін, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажыратады |
| *3-тоқсан* | | | |
| 5. Биоалуан-түрлілік. Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер. | 8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау;<br>8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді | Талдау<br>Қолдану | Ұсынылған ақпаратты түсіндіреді;<br>Мәтіндегі көтерілген мәселені тұжырымдайды;<br><br>Ғылыми және халықаралық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Синтаксис | орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу<br>8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау;<br>8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру<br>8.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала құрастырып жазу;<br>8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу<br>8.4.4.2 тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану | | терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданады<br><br>Публицистикалық стильдің ерекшеліктерін салыстырады<br><br>Сұрақтар құрастырула перифразаны қолданады<br>Жанрлық және стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып мақала құрастырып жазады.<br>Сөйлем құрауда тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерді дұрыс қолданады |
| 6. Қоршаған орта және энергия ресурстары. Синтаксис | 8.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау;<br>8.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогта өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу<br>8.2.2.1 публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;<br>8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау<br>8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу;<br>8.3.6.1 БАҚ материалдары негізінде стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау<br>8.4.4.3 сөйлем ішінде бірыңғай | Түсіну<br>Талдау | Мәтіннен негізгі ойды анықтайды<br>Ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып өз ойын дәлелдейді<br><br>Мәтіндердің стильдік ерекшеліктерін ажыратады<br><br>Мәтіндердің стильдік ерекшеліктерін салыстырады<br><br>Жанрлық және стильдік ерекшеліктерді сақтайды; жинақы мәтін құрастырып жазады<br><br>Мәтінді стильдік жағынан редакциялайды<br><br>Бірыңғай мүшелер және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мүшелер және айқындауыш мүшелерді қолдана білу | | айқындауыш мүшелерді сөйлемді дұрыс қолданады |
| 7. Жасөспірім және заң. Синтаксис | 8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау;<br>8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау<br>8.2.3.1 мақала, презентация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату;<br>8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу;<br>8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру;<br>8.3. 4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)<br>8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану | Талдау<br>Қолдану | Ұсынылған ақпаратты түсіндіреді,<br>жаңа жағдайдағы түсінікті түрлендіреді<br><br>Мәтіндегі астарлы ойды анықтайды<br><br>Мақала, презентацияның жанрлық ерекшеліктерін ажыратады<br>Оқылым стратегияларын қолданады, талдайды;<br><br>Тезистік жоспар құрады<br><br>Эссе талаптарын сақтай отырып, өз ойын дәлелдеп эссе жазады<br><br>Жай сөйлемдердің ерекшілігін түсінеді |
| | *4-тоқсан* | | |
| 8. Театр өнері мен мәдениеті. Синтаксис | 8.1.2.1 әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас үзінді) автор көзқарасы мен экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау;<br>8.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау<br>8.2.4.1 тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау;<br>8.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау<br>8.3.1.1 тақырып бойынша материал жинақтап, тезистік жоспар құру;<br>8.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің | Талдау<br>Қолдану | Ұсынылған ақпаратты түсіндіреді;<br>жаңа жағдайдағы түсінікті түрлендіреді<br><br>Мәтіндегі астарлы ойды анықтайды<br><br>Ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндерді салыстырады<br><br>Қосымша ақпарат көздерінен деректерді қолданады;<br>авторға сілтеме жасайды<br>Тезистік жоспар құрады<br><br>Оқылым және тыңдалым ақпараттарын қолданып |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу<br>8.4.4.4 жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану | | жинақы мәтін жазады |
| 9. Қазақстан-дағы туризм және экотуризм. Пунктуация | 8.1.1.1 мәтіннен алынған дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау;<br>8.1.5.1 перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ой тұжырымдау<br>8.2.1.1 тұтас және аралас мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, сурет) ақпараттарды салыстыру;<br>8.2.5.1 перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру;<br>8.2.6.1 оқылым стратегияларын қолдану: комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу<br>8.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу;<br>8.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)<br>8.4.5.1 сөйлем соңында қабаттасып қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану | Түсіну<br><br>Қолдану<br><br>Бағалау | Ақпаратты анықтайды;<br>Көтерілген мәселені болжайды<br><br>Ақпараттарды салыстырады<br><br>Мәтін негізінде сұрақтар құрастырады<br><br>Оқылым стратегияларын қолданады, талдайды<br><br>Эссе құрылымын сақтап, өз ойын дәлелдеп эссе жазады<br><br>Сөйлем соңында қабаттасып келетін тыныс белгілерді дұрыс қолданады |

3.5-кесте – «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу мақсаттары, ойлау дағдыларының деңгейлері және білім алушыларды бағалау критерийлері (Қазақ тілі, 9-сынып)

| Оқу бағдарламасына сілтеме | Оқыту мақсаттары | Ойлау дағдыларының деңгейі | Бағалау критерийлері |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | | | |
| 1. Мәңгілік Ел – мұратым. Стилистика | 9.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру;<br><br>9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға | Білу<br>Түсіну<br><br>Талдау | Мәтін бойынша сұрақтарға болжаммен жауап береді; түпнұсқамен салыстырады.<br>Әртүрлі жанрдағы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (Жолдау) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау;<br>9.2.3.1 мақала құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату;<br><br>9.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;<br><br>9.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру;<br>9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;<br><br>9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау;<br><br>9.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу | Түсіну<br><br>Білу<br>Түсіну<br><br>Қолдану<br><br>Қолдану<br><br>Бағалау<br><br>Қолдану | мәтіндердегі көркемдегіш құралдардың рөлін талдайды.<br><br>Мақаланың құрылымы мен жанрлық ерекшеліктерін ажыратады.<br>Стиль мен шешендік сөздің түрлерін тілдік құралдар арқылы таниды.<br><br>Ауызша және жазбаша мәтіндерге күрделі жоспар құрады.<br><br>Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастырады.<br><br>Жазба мәтіндерді абзацтар мен бөліктерге бөледі;<br>жазбаша мәтіндердегі қателерді талдайды, түзетеді, редакциялайды.<br>Тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай дұрыс жазады. |
| 2. Жаһандану мәселелері. Стилистика | 9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау;<br><br>9.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту;<br><br>9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;<br><br>9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау<br>9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу;<br><br>9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе | Білу<br>Түсіну<br><br>Талдау<br>Бағалау<br><br>Жинақтау<br><br>Талдау<br><br>Жинақтау<br><br>Қолдану<br>Бағалау | Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.<br><br>Мәтіндегі ойға өз көзқарасын білдіреді;<br>мәтінге сыни баға береді.<br><br>Ұсынылған мәліметтерді салыстырады;<br>мәліметтерді өңдейді.<br><br>Стильдері әртүрлі мәтіндерді салыстырып талдайды.<br>Мәтін құрылымын сақтайды.<br>Графиктік мәтіндердегі деректерді салыстырады.<br>Маңызды тұстарын анықтап жазады.<br>Көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді талқылайды; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)<br>9.4.3.1 стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білу | <br><br><br>Қолдану | Өз ойын дәлелдеп, эссе жазады.<br><br>Тілдік бірліктерді стиліне қарай дұрыс қолданады |
| 2-тоқсан | | | |
| 3. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан. ЭКСПО-2017 Синтаксис | 9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс, интервью) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау;<br>9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу<br>9.2.3.1 мақала, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату;<br><br>9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу;<br><br>9.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау<br>9.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша автордың негізгі ойын сақтай отырып, перифраз тәсілдері арқылы жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу;<br>9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау<br><br>9.4.4.1 құрмалас сөйлем жасалу жолдарын, түрлерін білу | Түсіну<br>Қолдану<br><br><br><br><br>Қолдану<br><br><br>Талдау<br><br><br><br>Қолдану<br><br><br>Қолдану<br>Бағалау<br><br><br><br>Қолдану<br>Бағалау<br><br><br><br>Талдау<br><br><br><br><br>Қолдану | Әртүрлі жанрдағы мәтіндердегі көркемдегіш құралдарды талдайды.<br><br><br><br><br>Мәтіндегі ақпаратты өмірмен байланыстырады.<br>Мақаланың, тезистердің жанрлық ерекшеліктерін ажыратады.<br><br><br><br><br><br>Түрлі дереккөздерден алынған деректерді қолданады;<br>деректердің авторына сілтеме жасайды.<br>Автордың негізгі ойын сақтай отырып, аннотация, тезис жазады.<br><br><br>Жазба мәтіндерді абзацтар мен бөліктерге бөледі;<br>жазбаша мәтіндердегі қателерді талдайды, түзетеді, редакциялайды<br>Құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын біледі;<br>Құрмалас сөйлемдерді түрлеріне қарай талдайды |
| 4. Адам құқығы мен бостандығы. Синтаксис | 9.1.1.1 мәтін мазмұны бойынша дайындалған сұрақтарға болжаммен жауап беру, түпнұсқамен салыстыру;<br>9.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіреді, сыни тұрғыдан баға беріп айту;<br><br>9.1.6.1 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау, орта | Түсіну<br>Қолдану<br><br>Бағалау<br><br><br><br>Қолдану | Мәтіндегі көтерілген мәселені болжайды;<br>түпнұсқамен салыстырады.<br>Мәтіндегі ойға өз көзқарасын білдіреді;<br>мәтінге сыни баға береді.<br>Коммуникативтік жағдаятқа сай сөздер мен фразаларды таңдайды; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | көлемді монолог дайындау<br><br>9.2.4.1 әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;<br><br>9.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру<br>9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе);<br>9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау<br><br>9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіру | <br><br>Талдау<br><br><br><br>Талдау<br>Бағалау<br><br><br>Қолдану<br>Бағалау<br><br><br><br><br>Қолдану<br><br><br><br><br>Қолдану | монолог дайындайды.<br><br>Публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін талдайды.<br>Мәтіндегі мәселеге талқылау сұрақтарын құрастырады.<br><br>Эссе талаптарын сақтай отырып, өз ойын дәлелдеп эссе жазады.<br><br><br><br><br>Жазба мәтіндерді абзацтар мен бөліктерге бөледі;<br>жазбаша мәтіндердегі қателерді талдайды, түзетеді, редакциялайды.<br>Салалас құрмалас сөйлемдердің түрлерін ажыратады |
| 3-тоқсан | | | |
| 5. Отбасы және демографиялық өзгеріс. Синтаксис | 9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу;<br>9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау;<br>9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;<br><br>9.2.2.1 қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану<br>9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;<br>9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу<br>9.4.4.2 салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану | Түсіну<br>Қолдану<br><br>Түсіну<br><br>Қолдану<br><br><br><br>Түсіну<br><br><br><br>Қолдану<br><br><br>Қолдану | Мәтіндегі ақпаратты өмірмен байланыстырады;<br><br>Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.<br>Кесте, диаграмма, сызба, суреттердегі мәліметтерді салыстырады.<br><br>Тілдік құралдар арқылы стильдер мен шешендік сөздерді анықтайды.<br>Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастырады.<br><br>Диаграмма, кестедегі деректерді салыстырады; маңызды бөліктерін анықтап жазады.<br><br>Салалас құрмалас сөйлемдердің түрлерін ажыратады;<br>Салалас құрмалас сөйлемдерді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | түрлендіреді. |
| 6. Биотехнология және гендік инженерия келешегі. Синтаксис | 9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (пікірталас, дәріс) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау;<br>9.1.6.1 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау, орта көлемді монолог дайындау<br><br>9.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру;<br>9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)<br>9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану | Түсіну<br>Талдау<br><br>Қолдану<br><br>Жинақтау<br><br>Қолдану<br>Бағалау<br><br>Түсіну<br>Қолдану | Әртүрлі жанрдағы мәтіндердің көркемдегіш құралдарын талдайды.<br><br>Мәтіндердің стильдік ерекшеліктерін ажыратады;<br>монолог дайындайды.<br><br>Ауызша және жазбаша мәтіндерге күрделі жоспар құрады.<br><br>Эссе талаптарын сақтай отырып, өз ойын дәлелдеп эссе жазады.<br><br>Сабақтас құрмалас сөйлемердің мағыналық түрлерін ажыратады;<br>Сабақтас құрмалас сөйлемерді түрлендіреді |
| 7. Бұқаралық ақпарат құралдары. Синтаксис | 9.1.4.1 мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды анықтау;<br>9.1.5.1 мәтіндегі айтылған ойға өз көзқарасын білдіріп, сыни тұрғыдан баға беріп айту<br><br>9.2.1.1 тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, сурет) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу;<br>9.2.3.1 мақала, аннотация, презентация, тұжырымдамалар, тезистердің құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату<br><br>9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;<br>9.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, бірнеше графиктік мәтіндегі (диаграмма, кесте) деректерді салыстыру, маңызды тұстары мен үрдістерді (тенденция) анықтап жазу;<br>9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен | Білу<br>Түсіну<br>Бағалау<br><br>Талдау<br><br>Түсіну<br>Қолдану<br><br>Түсіну<br>Жинақтау<br><br>Қолдану<br><br>Қолдану | Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.<br>Мәтін бойынша өз көзқарасын білдіреді;<br>мәтінге сыни тұрғыдан баға береді.<br><br>Мақаланың (аннотация, тезис) құрылымы мен ресімделуін біледі;<br>жанрлық ерекшеліктерін ажыратады.<br><br>Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастырады.<br><br>Диаграммадағы (кесте) деректерді салыстырады;<br>Маңызды тұстарын анықтап жазады.<br><br>Өз ойын жүйелеп, жазба |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау<br>9.4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану | <br><br><br>Қолдану | жұмыстарын түзетеді, редакциялайды.<br><br>Сабақтас құрмалас сөйлемдерді түрлендіріп қолданады |
| | 4-тоқсан | | |
| 8. Әлемдегі қақтығыстар және бейбітшілік. Синтаксис | 9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (мақала, интервью) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау;<br>9.1.6.1 қоғамдық-саяси, ғылыми, коммуникативтік жағдаятқа сай тиісті сөздер мен фразаларды таңдау, орта көлемді монолог дайындау<br>9.2.3.1 тұжырымдамалардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату;<br>9.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру;<br>9.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын тиімді қолдана білу<br>9.3.1.1 жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру;<br>9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)<br>9.4.4.4 аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану | Түсіну<br>Талдау<br>Қолдану<br>Талдау<br>Қолдану<br>Қолдану<br>Қолдану<br>Қолдану<br>Бағалау<br>Білу<br>Қолдану | Әртүрлі жанрдағы мәтіндердегі көркемдегіш құралдарды талдайды.<br>Мәтіндердің стильдік ерекшеліктерін ажыратады;<br>монолог дайындайды.<br>Ғылыми стильдің құрылымы мен ресімделуін біледі;<br>Тұжырымдаманың жанрлық ерекшеліктерін ажыратады.<br>Талқылау сұрақтарын құрастырады.<br>Мақаланың, тезистердің жанрлық ерекшеліктерін ажыратады.<br>Ауызша және жазбаша мәтіндерге күрделі жоспар құрады.<br>Эссе талаптарын сақтай отырып, өз ойын дәлелдеп эссе жазады.<br>Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалуын біледі |
| 9. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану. Пунктуация | 9.1.2.1 қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми тақырыптарға байланысты әртүрлі жанрдағы кең көлемді мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудитория мен көркемдегіш құралдардың рөлін талдау;<br>9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра | Талдау<br>Қолдану | Әртүрлі жанрдағы мәтіндердегі көркемдегіш құралдарды талдайды.<br>Мәтіндегі ақпаратты анықтайды; |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | білу<br><br>9.2.3.1 мақала, презентацияның құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату;<br><br>9.2.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге оқырманның қарым-қатынасын анықтауға арналған талқылау сұрақтарын құрастыру;<br>9.2.7.1 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтар, ғылыми еңбектерден алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау<br>9.3.2.1 мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;<br>9.3.6.1 жазба жұмысын абзацтар мен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізу, редакциялау<br>9.4.5.1 құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану | <br><br>Талдау<br>Қолдану<br><br><br>Қолдану<br><br><br><br>Жинақтау<br>Қолдану<br><br><br><br>Қолдану<br>Бағалау<br><br>Бағалау<br><br><br><br><br>Қолдану | ақпаратты өмірмен байланыстырады.<br>Мақаланың, презентацияның жанрлық ерекшеліктерін ажыратады.<br>Мәтін негізінде сұрақтар құрастырады.<br><br><br><br>Түрлі дереккөздерден алынған деректерді қолданады;<br>деректердің авторына сілтеме жасайды.<br>Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастырады.<br><br>Өз ойын жүйелеп, жазба жұмыстарын түзетеді, редакциялайды.<br><br>Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс қолданады |

Ұсынылып отырған бағалау критерийлері үлгі ретінде берілді. Сондықтан мұғалімдер білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, тақырыпқа және оқу мақсаттарына сәйкес өздері бағалау критерийлерін әзірлеуге және үлгі ретінде берілген критерийлерге өзгеріс енгізуіне болады.

«Қазақ тілі» пәнінен оқу мақсаты бойынша құрылған бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес қалыптастырушы бағалау тапсырмалары құрастырылады. Тапсырмаларды орындау кезіндегі оқушылардың әрекетін көрсететін сипаттама дискрипторлар құрастырылады.

Бағалау кезінде мұғалімнің шешімі анық болу үшін тапсырмалардың дескрипторлары дәл, нақты болуы қажет. Дескрипторлар оқушыға тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындық туғызғанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл оқушылар мен олардың ата-аналарына сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге жағдай жасайды.

Қалыптастырушы бағалау бойынша әзірленетін тапсырмалардың түрлері 3.2-сызбада көрсетілген:




3.2-сызба. Қалыптастырушы бағалау бойынша әзірленетін тапсырмалардың түрлері

«Қазақ тілі» пәні бойынша тапсырмалардың аталған түрлеріне сәйкес әзірленген қалыптастырушы бағалау тапсырмалары келесі 3.6-кестеде берілген.

3.6-кесте. «Қазақ тілі» пәні бойынша толық жауапты қажет ететін тапсырма үлгісі. 5-сынып

| | |
|---|---|
| Бөлім | 1-бөлім: Мәдениет: тіл және қарым-қатынас |
| Сабақтың тақырыбы | Сөйлеу тілінің қажеттілігі |
| Оқу мақсаты | Т/А3 Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау |
| Ойлау деңгейі | Талдау |
| Бағалау критерийі | Мәтін мазмұнын толық түсінеді, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды. |

**1-тапсырма: Өлеңді түсініп оқыңыз.**

**Ғалым туралы естелік**

Омбыдағы Кадет корпусында Шоқан Потанинмен дос болады. Потанин – қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеуші, ғалым Шоқан туралы естеліктерінде былай деп жазады: «...Мен Шоқанмен корпусқа оқуға келгенде таныстым. Ол орысша білмеді, мен қазақша білмедім. Бірақ Шоқан орыс тілін тез үйреніп алды. Екеуміз де кітап оқуды жақсы көрдік, әсіресе, саяхатшылар туралы

кітапқа қатты қызығатынбыз, сондықтан екеуміз жақсы дос болып кеттік.

Мен қазақ даласы мен географиясы туралы білгенімді дәптерге жазып жүрдім. Шоқан сол жазуларды өз әңгімесімен толықтырады. Сөйтіп, біз қазақтардың бүркітпен аңға шығуын толық жаздық.

Шоқан кейіннен оқуда орыс достарынан да озып кетті. Ақылды, дарынды балаға үлкендер де қызыға қарайтын. Демалыс күндері оны офицерлер мен Сібір шенеуніктері үйлеріне шақыратын. Ол қаладағы өнерлі, білімді адамдармен көп араласып тұрды.

Шоқан өте көп оқитын, саяхатшы болуды армандайтын. Қаладағы кітапханадан кітап алу сол кезде тек Шоқанға ғана рұқсат етілді. Ол әкелген кітаптарды мен де оқитынмын. Біз Шоқаннан үлкен болсақ та, білім жағынан ол бізден әлдеқайда жоғары еді. Корпус оқушылары үшін Шоқан «Еуропаға ашылған терезе» секілді.

1. Мәтіндегі тірек сөздерді тауып, маңыздылығына қарай орналастырыңыз:
1) ________________________________
2) ________________________________
3) ________________________________
4) ________________________________
5) ________________________________

2. Орналастыру себебін түсіндіріп жазыңыз.
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
_________________________________________

*2-тапсырма:*
Мәтін бойынша негізгі және қосымша ақпараттарды анықтаңыз.

| негізгі ақпарат | қосымша ақпарат |
|---|---|
| | |

| Бағалау критерийі | Дескриптор<br>Оқушы... |
|---|---|
| Мәтін мазмұнын толық түсінеді, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды. | тірек сөздерді маңыздылығы бойынша орналастырады; |
| | орналастыру себебін түсіндіреді; |
| | негізгі ақпараттарды анықтайды; |
| | қосымша ақпараттарды анықтайды. |

Жүйелі құрастырылған қалыптастырушы бағалау тапсырмалары оқушының өз жұмысын тиімді бағалауға, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалауды жүргізуде оқуды түзету үшін кері байланыс іске асырылады. Кері байланыс оқушының оқыту процесі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалаудың нәтижесі бойынша мұғалім оқу үдерісін дер кезінде түзетіп отырады, оқушылардың жиынтық бағалау жұмысын тапсырғанға дейінгі кемшіліктерінің алдын алады.

Сонымен пәнді оқыту процесінде өткізілетін *қалыптастырушы бағалау* – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

*Критериалды бағалау құралдары*

Мұғалімнің ауызша бағалауы белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу үшін көтермелеумен байланысты болуы керек. Баланың бүгінгі жетістіктерін оның кешегі болған жетістіктерімен салыстыру қажет.

Теріс (негативті) баға білім алушының ынтасына, жауапкершілігіне, табандылығына ғана қатысты болуы мүмкін. Мұғалімге классикалық сөздермен тоқтап қалмай, сөздік бағалау қорын толықтыру қажет. Бұл ретте білім алушының оқу жетістігіне қарап, эмоционалдық қатынасты, білім алушының табыстары бойынша қобалжуы-алаңдауын көрсетуі қажет. «Бүгін сенде кешегіге қарағанда, өте жақсы шықты», «Сенің бұл алгоритмді түсінгеніңе қуаныштымын», «Сенің пікірің қызықты» (болжам, жорамал), «Қандай керемет идея, оқулық авторы бұл туралы ойлаған да емес»,«Есептеу өте қиын болды, бірақ сен алғашқы екі іс-әрекеттерді орындап шықтың», «Сен тапсырмалардың жартысын дұрыс орындадың, келесі жолы барлығын өзің жасай аласың», «Сен өте тырыстың және сенде барлығы міндетті түрде орындалады, осылай жалғастыра бер».

Мұғалім келесі қағидаларды басшылыққа алуы мүмкін:

- білім алушыны бірден мақтаңыз, тіпті болмашы нәтижеге қол жеткізгеннен кейін де мақтаған жөн;
- білім алушынының жеке қасиеттерін емес, оның оқу жетістіктерін мақтаңыз;
- оның қол жеткізген нәтижесіне риза екеніңізді, сізге оның жетістігі жағымды екенін айтыңыз.

Баланы шын мәнінде не үшін мақтауға болатынын атап өту маңызды, содан кейін жаңа міндет қоюға болады.

Мұғалім білім алушының кемшіліктерін оң мақсаттарға қайта пайымдауды үйренуі керек.

Білім алушы коррекциялық міндетті өзі құрастырғаны жақсы.

Мұғалім білім алушыларға өзара әрекеттестіктің, конструктивті қарым-қатынастың және оң/жағымды бағалаудың үлгісін көрсетуі керек.

Жазбаша кері байланыс, рубрика білім алушының белгілі бір кезеңдегі жетістіктерінің нәтижелеріне сипаттама болып табылады. Мұғалім онда білім алушының табыстарын сипаттайды, қажетті ұсыныстар береді.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалауды өткізу нормаларын белгілейтін білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларына (2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 272 бұйрығы) сәйкес:

✓ *қалыптастырушы бағалау* білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі;

✓ қалыптастырушы бағалау кезінде педагог білім алушылардың санын және кері байланысты беру жиілігін дербес анықтайды;

✓ қалыптастырушы бағалау нәтижелері басып шығару мен одан әрі сақтауды талап етпейді;

✓ қалыптастырушы бағалау нәтижелерін қою бағаланатын жұмыс орындалған дәптерлерінде жүзеге асырылады.

Аталған толықтырулар мұғалімдердің оқу процесінде «Қазақ тілі» пәні бойынша қалыптастырушы бағалауды тиімді іске асыруына мүмкіндік береді.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды бөлім, тоқсан аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау жүргізіледі. Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау үдерісі білім алушының белгілі бір бөлімді/ортақ тақырыпты аяқтауы бойынша жинақтаған білімі мен дағды деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Аталған бағалау түрінің мақсаты бөлім тақырыбы/ортақ тақырыптар бойынша жіберілген кемшіліктердің дер кезінде алдын алу болып табылады.

Тоқсандық жиынтық бағалау мен білім берудің белгілі бір деңгейіндегі жиынтық бағалау оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтау үшін жүргізіледі. Мұндай жиынтық бағалаудың мазмұнына оқудағы күтілетін нәтижелердің ішіндегі репрезентативті таңдау жатады.

Оқу мақсаттарына дифференциалдық қарым-қатынас жасау бақылауға және бағалау рәсімдерінде қолданылған нәтижелерге талдау жасауға мүмкіндік береді. Қажет емес салдарларға жол бермеген дұрыс, яғни баға оқудағы есте сақтау, материалды түсінбеу, қолданбай жаттап алу сияқты жат әдеттерге дағдыландырмауы қажет.

Жиынтық бағалауда жоғары нәтижелерге қол жеткізу білім алушылар үшін де, мұғалімдер үшін де өте маңызды. Бұдан басқа оқу үдерісін тек қана

жиынтық бағалау талаптарына шоғырландыру және «атүсті дайындау» сияқты қатері де бар. Бұл оқу бағдарламасын толықтай меңгеруге кедергі жасауы мүмкін, себебі кез келген жиынтық бағалау оқу бағдарламасының тек белгілі бір бөлігін ғана қамтиды.

Мұғалім мақсаттардағы айырмашылықтарды, оны бағалау нәтижелерінде қолдануды анық түсінуі қажет. Сыныпта өткізілген бағалау күнделікті тиімді оқуды қамтамасыз етуі керек. Егер мұндай бағалау тиімді болса, онда емтиханда да оң нәтижелерге оңай жетуге болады.

Жиынтық бағалау нәтижелерін мұғалімдер оқу процесін жоспарлау, рефлексия және жеке оқыту тәжірибесін жақсарту үшін пайдаланады. Бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдері 3.3-сызбада көрсетілген.




3.3-сызба. Бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдері

Бөлімдер бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеуді мұғалім өткен бағдарлама материалының мазмұны мен күрделілік деңгейін ескере отырып жүзеге асырады. Жиынтық бағалау тапсырмалары оқыту мақсаттарына, бағалау критерийлеріне және ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес әзірленеді. Сонымен қатар, бөлім бойынша жиынтық бағалауды іске асыруда тапсырмалардың әрбір орындалу қадамын сипаттайтындай дескрипторлар құрастыруға назар аудару ұсынылады. Өйткені дескриптор арқылы тапсырманы орындаудың әр кезеңін сипаттау оқушыларда қиындық туындататын дағдылар мен біліктерді мұғалімнің анықтауына, сондай-ақ, оқу үдерісін одан әрі жоспарлауға және түзетуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалауды өткізу нормаларын белгілейтін білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің (ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы, 2018 жылғы 09 ақпандағы № 47 бұйрығымен толықтырулар енгізілген) үлгілік қағидаларына сәйкес:

– бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады;

– БЖБ үшін максималды бал, БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, ауызша сұрау, эссе) мен сабағы және БЖБ орындау уақыты реттелмейді;

– аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ тоқсанда екі реттен артық емес жүргізіледі;

– бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына үш және одан да көп бөлімдерді оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі;

– пәндердің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үш тоқсандық жиынтық бағалау жүргізуге болады. Олар тоқсан аяқталатын соңғы күні жүргізілмейді;

– жиынтық бағалау тапсырмалары білім алушылармен орындалады және оқу бағдарламасына сәйкес олар өткен материалдарды қамтиды.

Оқу бағдарламасына сәйкес 5-9-сыныптар бойынша оқу жылына пәндерден бөлім бойынша жиынтық бағалау саны «Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта берілген.

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімінің нақты санын және әр тоқсан сайын 1 рет тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

3.7-кесте – «Қазақ тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны

| Сынып | Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаурәсімдерінің саны | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1-тоқсан | 2-тоқсан | 3-тоқсан | 4-тоқсан |
| 5-сынып | 2 | 2 | 2 | 2 |
| 6-сынып | 2 | 2 | 2 | 2 |
| 7-сынып | 2 | 2 | 2 | 2 |
| 8-сынып | 2 | 2 | 2 | 2 |
| 9-сынып | 2 | 2 | 2 | 2 |

Ескертпе: Тілдік пәндерде бөлім бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым)

Мысалы, «Қазақ тілі» пәнінен 5-сыныпта 10 бөлім бар. Жалпы қай сыныпта да тілдік пәндерден бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) сөйлеу әрекеттеріне (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес, әр тоқсанда 2 рет өткізіледі (мысалы, 1-БЖБ – тыңдалым мен айтылым, 2-БЖБ – оқылым мен жазылым дағдылары бойынша). Оқу бағдарламасындағы бөлімдер екіге

біріктіріледі. Мысалы, 5-сыныптың 1-тоқсанында 3 бөлім берілген: «Мәдениет: тіл және қарым-қатынас», «Киіну. Сән. Талғам.», «Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер», мұғалім 1-бөлімді «Мәдениет: тіл және қарым-қатынас») аяқтаған соң 1-БЖБ (тыңдалым мен айтылым бойынша өткізу ұсынылады) өткізсе, қалған 2 бөлімді («Киіну. Сән. Талғам.», «Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер») біріктіріп, 2-БЖБ (оқылым мен жазылым бойынша) өткізеді. Сонда әр тоқсанда 2 БЖБ, 1ТЖБ өткізіледі, тоқсан бойынша барлығы: БЖБ-8, ТЖБ-4 болу керек [16].

Жоғарыда көрсетілген ұсынымдарға сәйкес мұғалімге бағалау құралдарын өз бетінше әзірлеуге мүмкіндік беріледі. Бұл үшін мұғалімге келесі алгоритм ұсынылады:

1) оқу бағдарламасы, бөлім бойынша оқу мақсаттарын меңгеру;

2) жиынтық бағалауда тексерілетін оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін анықтау, ойлау дағдыларының деңгейлерімен сәйкестендіру;

3) ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келетін тексерілетін критерийлердің, оқу мақсаттарының мазмұнын қамтитын бір немесе бірнеше тапсырмалар дайындау;

4) әр тапсырмаға дескрипторлар құрастыру;

5) білім алушыларға, олардың ата-аналарына жиынтық бағалау нәтижелерін ұсыну үшін бөлім бойынша жиынтық бағалауға рубрикалар құрастыру (бағалау критерийлерінің деңгейлерге сәйкестігін сипаттау).

Осыған орай, төменде осы алгоритм негізінде әзірленген жалпы білім беретін мектептер мұғалімдерінің «Қазақ тілі» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бақылау тапсырмалары ұсынылады.

*6-сыныптың «Қазақ тілі» пәнінен 2-тоқсандағы бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгісі*

2-тоқсан БЖБ №2 Сыныбы: 6 « »

Оқушының аты-жөні________________________________________________

Бөлім «Қазақстан қорықтары»
Сөйлеу әрекетінің түрлері Оқылым
Жазылым

Оқу мақсаты 6.3.1.1. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау, өмірдегі кейбір жағдаяттармен байланыстыру; сұрақтарға дұрыс жауап беру.
6.4.2.1. Эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастырып, қажетті мазмұнын ашып жазу.
6.5.1.5. Етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану.

Бағалау критерийі • Негізгі ақпараттарды өмірдегі жағдаяттармен байланыстырады

• Сұрақтарға дұрыс жауап береді, сөйлемдерді сәйкестендіреді.
• Тақырыпқа сай құрылымы сақталған эссе жазады
• Эссе мазмұнында ауыспалы осы шақ пен нақ осы шақты қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі — Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты — 15-20 минут

Тапсырма. Төмендегі тапсырманы орындаңыз.

Қазақстан қорықтары

«Қорық» сөзі – өте көне ұғым. Ол Киев Русінің тұсында аң аулауға қатаң тыйым салынған жерлерді белгілеу үшін қолданылған. Қорық – үкіметтің қорғауында болатын табиғи кешен, жер не су кеңістігі. Ол - сирек кездесетін тіршілік иелерін сол қалпында сақтауға арналған, ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Қорықтың негізгі міндеті – қорғауға алынған ағзалардың гендік қорын сақтау және қалпына келтіру. Қорық аумағын шаруашылық мақсат үшін пайдалануға болмайды. Қорық - қорғалатын аумақ қана емес, сонымен қатар, табиғатты қорғау жөніндегі мемлекеттік ғылыми мекеме. Мұнда саны сиреп бара жатқан жануарлар мен азайып кеткен өсімдік түрлерін қалпына келтіру мәселесі терең зерттеледі. Қорықтағы табиғи ресурстарды сақтаудың жолдары белгіленеді. Қазақстан қорықтар саны жағынан ТМД-ға кіретін республикалар арасында 16-орын алады. Қазіргі кезде нақты 10 қорық жұмыс істейді. Бұлар, әрине, Қазақстан табиғаты үшін жеткіліксіз. Сондықтан болашақта ғалымдардың, табиғатты қорғау қоғамы өкілдерінің ұсынуымен тағы 15 қорық ұйымдастырылмақшы.

***1-тапсырма.*** Мәтіннен негізгі ақпараттарды анықтаңыз.

| Негізгі ақпараттар |
|---|
| 1. |
| 2. |

***2-тапсырма.*** Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақстанда қанша мемлекеттік қорық бар? Атап беріңдер.

________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
____________________________________________________________

2. Ең алғашқы ашылған мемлекеттік қорықты атаңдар.

________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________

***3-тапсырма.*** Сөйлемдерді сәйкестендіріңдер.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | «Алтынемел» - | 1. | Ө.Тұрманжанов жазған. |
| 2. | «Шарын» ұлттық саябағында | 2. | Солтүстік Америкадағы Колорадо шатқалдарына ұқсайды. |
| 3. | «Алтынемел» саябағы 1996 жылы | 3. | мемлекеттік қорғауға алынған Шетен тоғайы бар. |
| 4. | «Қарлығаш» өлеңін | 4. | табиғаттың құнды байлығы. |
| 5. | «Шарын» | 5. | Алматы облысы, Кербұлақ ауданында ашылған. |
| 6. | Қорықтар - | 6. | Қазақстандағы ең үлкен саябақ. |

1 - ______ 2 - ______ 3 - ______ 4 - ______ 5 - ______ 6 - ______

***4-тапсырма.*** «Қызыл кітап – тірі жан тимесін деп, Хайуанатқа берілген қызыл мандат» - деген Қадыр Мырза Әлі сөзін қалай түсінесіз? Ойыңызды айтып, шағын эссе жазыңыз. Эссе мазмұнында нақ осы шақ пен ауыспалы осы шақы қолдану.

| ***Бағалау критерийі*** | ***Тапсырма №*** | ***Дескриптор*** | ***Балл*** |
|---|---|---|---|
| | | ***Білім алушы*** | |
| Негізгі ақпараттарды өмірдегі жағдаяттармен байланыстырады | 1 | Мәтіндегі 2 негізгі ақпаратты анықтайды | 1<br>1 |
| Сұрақтарға жауап береді | 2 | Сұрақтарға дұрыс жауап береді<br>1 сұрақ<br>2 сұрақ | <br>2<br>1 |
| Сөйлемдердің сәйкестігін анықтайды | 3 | Сөйлемдерді дұрыс сәйкестендіреді | 3 |
| Тақырыпқа сай құрылымы сақталған эссе жазады | 4 | Эссе құрылымын сақтап жазады<br>кіріспе<br>негізгі<br>қорытынды | <br>1<br>1<br>1 |
| Эссе мазмұнында ауыспалы осы шақ пен нақ осы шақты қолданады | | Эссе мазмұнында ауыспалы осы шақ пен нақ осы шақты дұрыс қолданады | 1 |
| **Барлығы** | | | **12** |

Алматы қаласы Әуезов ауданы № 116 коммуналдық жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айнагүл Биркелемованың ***«Достық пен татулық – таптырмас бақыт»*** бөлімі бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалары ұсынылды.

*«Достық пен татулық - таптырмас бақыт» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар үлгісі*

Оқу мақсаты:

8.1.6.1. Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру, үзіндіні жатқа айту.

8.2.5.1. Пікірталасқа қатысушылар берілген тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру,

ӘТНЗ. етістіктің бұйрық, шартты райларының жасалу жолын біледі, мысал келтіреді.

Бағалау критерийі: Білім алушы

• Мәтіндегі ақпараттарды сәйкестендіреді, сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша нақты жауап береді.

• Өз ұстанымына қатысты дәлелдер ұсынып, сұрақтарға жауап береді.

• Етістіктің бұйрық, шартты райларының ережесін айтады, жасалу жолын көрсетеді, мысал келтіреді

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Орындау уақыты: 25-30 минут

Тапсырма .

Т.Айбергеновтың «Бір тойым бар» өлеңінен жатқа үзінді айту (жазу)

________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
____________________________________________________________________

2. Мәтінді мұқият тыңдап, төмендегі тапсырманы орындаңыз.

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын...
Мен әйтеуір бар жиған-тергенімді,
Бір тамаша той қылып өткеремін.
Біздің үйді сол күні бетке ал, қауым,
Нысанаға ап қуаныш тоқталмауын.
Мен бұл тойдан тілеймін жылап тұрып,
Қазанымда бір асым ет қалмауын...

Мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ақын тойына кімді шақырады?

________________________________________________________________________
__________

2. Өлеңде ақынның қандай тілегі көрінеді?

________________________________________________________________________
__________

3. Автор бойындағы қасиеттерді жазыңыз

________________________________________________________________________

3. «Досы көпті жау алмайды...» деген пікірмен келісесіз бе әлде келіспейсіз бе? Өз ойыңызды дәлелдеу үшін бірнеше аргумент ұсыныңыз.

4. Етістіктің бұйрық, шартты райларының ережесін біледі, жасалу жолын көрсетеді, мысал келтіріп қолданады

Бұйрық рай-

Шартты рай-

| Бағалау критерийі | № тапсырма | Дескриптор<br>Білім алушы | Балл |
|---|---|---|---|
| Өлеңнен үзінді жатқа айтады (жазады) | 1 | Өлеңнен бір шумақ жатқа айтады (жазады); | 1 |
| | | Өлеңнен екі шумақ жатқа айтады (жазады) | 1 |
| Мәтін мазмұны негізгі сұрақтар бойынша нақты жауап береді | 2 | Сұрақтарға өлең мазмұны негізінде жауап береді | 1<br>1<br>1 |
| Өз ұстанымына қатысты дәлелдер ұсынып, сұрақтарға жауап береді | 3 | нақты ұстанымын көрсетеді; | 1 |
| | | ойын аргументтер арқылы айтады. | 1<br>1<br>1 |
| Етістіктің бұйрық, шартты райларының жасалу жолын көрсетеді, мысал келтіреді | 4 | бұйрық райдың ережесін біледі жасалу жолын көрсетеді, мысал келтіреді; | 1 |
| | | шартты райдың ережесін біледі жасалу жолын көрсетеді, мысал келтіреді; | 1 |
| Барлығы | | | 11 |

3.8-кесте – Семей қаласы Т.Аманов атындағы №16 орта білім беретін мектептің қазақ тілі мұғалімі Гулнара Агзанқызы Кунафинаның «Қиял әлемі» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмасы:

| | |
|---|---|
| Тақырып | «Қиял әлемі» бөлімі |
| Оқу мақсаты: | 5.1.3.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; |
| | 5.3.3.1 сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру |
| | |
| Бағалау критерийі: | *Білім алушы* |
| | Мәтіннің мазмұнына қатысты негізгі, қосымша ақпаратты анықтайды. |
| | Тақырыпқа байланысты көтерілген мәселені ажыратады. |
| | |
| Ойлау дағдыларының деңгейі: | Білу, түсіну, қолдану |
| Орындалу уақыты: | 20 мин |

***1-тапсырма***

Мәтінді мұқият тыңдап, негізгі ойын жұбыңызбен талқылаңыз. Мәтіндегі негізгі, қосымша ақпаратты анықтаңыз.

Аңдардың патшасы арыстан бәйге жариялапты. Бір қазан суды қайнаттырып қойып: — Осы суды кім ішіп қойса, көп сыйлық беремін, – деген шарт қойыпты. Аңдар бірінен соң бірі келіп, қанша өжеттенсе де қайнап тұрған суды ішуге батылдары бармапты. Ең соңында қоян келіп, қып-қызыл шоқта тұрған қазанды көтеріп алады да: — Ыстықтай ішуді өте жақсы көремін, – деп жан-жағына қарайды. — Ендеше, іше ғой, - дейді аңдар аңтарылып. Қоян ұзыннан-ұзақ қаз-қатар тізіліп тұрған аңдарды жағалай жүріп: — Мінеки, достарым, мынау ыстық су. Көздеріңмен көріңдер! – деп, бас-басына көрсетіп шығады. Сөйтіп, қоян аңдарды басынан аяғына дейін аралап шыққанша, қазандағы су суып қалады. Сол кезде қоян суды басына бір-ақ көтеріп, сіміріп салады. Шошынған аңдар ауыздарын ашып, көздерін жұмысады. Ал алданған арыстан патша қоянға көп-көп сыйлықтар бергізіп: — Міне, нағыз ер! – деп мақтапты.

3.9-кесте – «Көлік және жол белгілері», «Адамның сырт келбеті мен мінезі» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау тапсырмасы:

| | |
|---|---|
| Тақырып | «Көлік және жол белгілері», «Адамның сырт келбеті мен мінезі» бөлімдері |
| Оқу мақсаты: | 5.3.4.1 эссенің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп жазу; |
| | 5.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу; |
| | 5.4.4.3 сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу |
| Бағалау критерийі: | Білім алушы |
| | Жазылым құрылымын сақтайды, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазады |
| | Үндестік заңын ескеріп, сауатты жазады |
| | Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтап, жинақы (қысқа) мәтінді түрлендіріп жазады |
| Ойлау дағдыларының деңгейі: | Білу, түсіну, қолдану |
| Орындалу уақыты: | 20 мин |

***1-тапсырма***

Көпшілік мінетін көліктердегі әдептілік жайлы ойыңызды сипаттап не суреттеп жазыңыз (40-70 сөз көлемінде).



***2-тапсырма***

Берілген түпнұсқа мәтінді мұқият оқып шығыңыз. Негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктеп, бір сөйлемге дейін ықшамдаңыз. Мәтінді ықшамдауда сын есімдерді түрлендіріп қолданыңыз.

1-мәтін

Тоқтаңыз, бұл үшін әуелі өзімді өзім айнадан байыптап қарап алайын... Мынау, міне, мұрным. Әжем кейде менің атымды атамай, «тампыш неме» дейді. Оның айтқаны ып-рас екен ғой. Екі танауыма екі саусағым еркін сыйып кетерлік, қосауыз мылтықтың аузындай үңірейіп тұр. Екі шекемнің шығыңқылығы болмаса, басым қарбыз тәрізді доп-домалақ, тап-тақыр. Шашымды Әубәкір шал кеше ғана ұстарамен сыпырып алып тастаған.

Ох, менің шашым! Қаттылығы, қайраттылығы шошқаның қылшығынан бір кем емес. Осы ауылда оны алуға жарайтын бір ғана ұстара бар — ол Әубәкірдікі. Оның өзі де алғаш салған бетте тұтқырланып, жүрмей қалады. Шашымды әр алған сайын, Әубәкір мені бірінші рет кездестірген адамдай таң қалып бітеді.

— Япыр-ай, мұндай да шаш біте береді екен-ау! Мынау шаш емес, тікенек қой. Тікенек. Мінезіңнің шатақтығы осыдан-ақ көрініп тұр.

Сипатталмаған енді нем қалды! Қаралығымды әуел баста-ақ айтқанмын. Сол жақ құлағымның астына таман бір түйір қалым бар. Ботшағардың бітпейтін жерге бітуін қарашы. Одан да бетімнің ұшына таман болсашы. Сонда әдемірек көрінер ме едім. Ал бойымды біреулер орта бойлы дейді. Әжем болса, әкең тәрізді сұңғақ боласың дейді. Кімдікі рас екенін құдайым білсін. Өткен күзде мектепте дәрігер қарап өлшегенде, бір жүз отыз тоғыз сантиметр шыққан едім. Егер шашым болса, жүз қырық шығуы сөзсіз еді. Тақыр бас жүргеннің осындай залалы да бар. Жасым он екіде. Бесінші класты бітіріп отырмын. (Б.Соқпақбаев «Менің атым-Қожа»)

2-мәтін

Тығыз қара шашы ұсақ-ұсақ бұйра, қол-аяғы таралып қалған, кең иықты болмаса да ешкімнен қарызға жауырын сұрай қоймайтын кішірек көзді ақ сұр бала, дұрысы бозбала сыртқа серпіндей басып шыға келгенде, Манап орнынан ұшып тұрды. Төрекелді тұяғының сынығы. Жайшылықта қой аузынан шөп алмайтын жуас, момын, ал жиын-тойда шетінен түйе палуан атанған, додаға түссе, көкпардан көкпарды қақшып қоймайтын Төрекелдиевтер тұқымы… Бозбала Манапқа самарқау, бей-жай көз салды да, аға тәрбиешіге бұрылды. Алақанына қыстыра шыққан тарағын дымқыл шашына көміп жіберіп, артқа қарай көтеріп-көтеріп тастады. Бой жағынан қарайлас бозбала төніп қалғанда:
— Бар екенсің, бауырым! — деп, алға созған екі қолын айқара ашып, ыстық құшаққа айналдыра беріп еді, Қали: — Здравствуйте, дяденька! Как живете? — демесі бар ма! Созған қолы сынғандай сылқ түсті…

Сырт көзге Манап сабырлы, салмақты көрінгенмен жетім өскен адамның мінезі бұған да жұққан; ешкімге сыр бермесе де іштей қиналып, іштей желінетін. Ойлап отырса, он бір жыл бұрын Қалиды балалар үйіне тапсырып

тұрып, сорасы ағып, үнсіз жылағанда ғана аға болыпты. Қазір ол ағалық сезім ұмыт.

Тәтемнен айырылғасын сені көкем бақты. Жазғы демалысқа келгенде жаялығыңды өзім жуып жүрдім. Мені өлердей жақсы көретінсің. Қайда барсам сонда, томпаңдап, ізімнен екі елі қалмаушы ең. Манап көзімен тротуар сүзіп, отырып қалды. Қара жер қойнына өзіммен бірге ала кетермін-ау деп талай жыл тұмшалап сақтаған сырының тиегін ағытса да, аяғына шыққанша асық болды.

(*Марат Қабанбаев «Бауыр»)*

| Бағалау критерийі | № тапсырма | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|---|
| | | Білім алушы | |
| Жазылым құрылымын сақтайды, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазады | 1 | эссенің кіріспе бөлімінде қоғамдық көліктегі әдептілік жайлы (15 сөз); | 1 |
| | | эссенің негізгі бөлімінде қоғамдық көліктегі болған оқиғаны сипаттайды (40 сөз); | 1 |
| | | эссенің қорытынды бөлімінде қоғамдық көліктерде әдептілікті сақтауға шақырады (15 сөз); | 1 |
| | | эссе құрылымын сақтайды (кіріспе, негізгі, қорытынды); | 1 |
| | | ойын еркін, әрі әсерлі етіп толық жеткізеді, қателерді жібермейді. | 1 |
| Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтап, жинақы (қысқа) мәтінді түрлендіріп жазады | 2 | жинақы мәтін құрастыруда негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей алады; | 1 |
| | | мәтіндегі негізгі ақпараттарға сүйеніп, жинақы мәтін жаза алады; | 1 |
| | | сауатты жазады. | 1 |
| Мәтінді ықшамдауда сын есімдерді түрлендіріп қолданады | | Сын есімді түрлендіріп орынды қолданады | 1 |
| Барлығы | | | 9 |

3.10-кесте – «Көлік және жол белгілері», «Адамның сырт келбеті мен мінезі» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні ________________________________________

| Бағалау критерийі | Оқу жетістігі деңгейлері | | |
|---|---|---|---|
| | Төмен | Орта | Жоғары |
| Жазылым құрылымын сақтайды, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазады. | Эссенің кіріспе бөлімінде қоғамдық көліктегі әдептілік туралы түсінік беру (15 сөз), негізгі бөлімінде қоғамдық | Эссенің кіріспе бөлімінде қоғамдық көліктегі әдептілік туралы түсінік беруде (15 сөз), негізгі бөлімінде қоғамдық | Эссенің кіріспе бөлімінде қоғамдық көліктегі әдептілік туралы түсінік береді (15 сөз), негізгі бөлімінде |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | көліктегі болған оқиғаны сипаттау (40 сөз),қорытындысында қоғамдық көліктерде әдептілік негізін сақтауға шақыру (15 сөз),құрылымын сақтау (кіріспе, негізгі, қорытынды) қиындық туғызады. | көліктегі болған оқиғаны сипаттауда (40 сөз), қорытындысында қоғамдық көліктерде әдептілік негізін сақтауға шақыруда (15 сөз), құрылымын сақтауда (кіріспе, негізгі, қорытынды) қателіктер жібереді. | қоғамдық көліктегі болған оқиғаны сипаттайды (40 сөз),қорытынды қоғамдық көліктерде әдептілік негізін сақтауға шақырады (15 сөз),эссе құрылымын сақтайды (кіріспе, негізгі, қорытынды). |
| Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтап, жинақы (қысқа) мәтінді түрлендіріп жазады. | Жинақы мәтін құрастыруда негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктеуде, жинақы мәтін жазуда қиналады. | Жинақы мәтін құрастыруда негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктеуде, негізгі ақпараттарға сүйеніп жинақы мәтін жазуда қателеседі. | Жинақы мәтін құрастыруда негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктей алады, мәтіндегі негізгі ақпараттарға сүйеніп жинақы мәтін жаза алады, сауатты жазады. |
| Сын есімді орынды қолданады, сауатты жазады. | Ойын жеткізуде қиналады. | Ойын еркін, әсерлі етіп жеткізудеқателер жібереді. | Ойын еркін, әрі әсерлі етіп толық жеткізеді, қателер жібермейді. |

3.11-кесте – «Дұрыс тамақтану» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

| «Оқылым және жазылым» бөлімі бойынша | |
|---|---|
| Тақырып | Дұрыс тамақтану |
| Оқу мақсаты: | 7.2.5.1 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; |
| | 7.3.2.1 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрастырып жазу |
| Бағалау критерийі | Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастырады |
| | Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрастырып жазады |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Қолдану, жоғары деңгей дағдылары |
| Уақыты | 20 минут |
| І тапсырма:<br>Мәтінді оқып, мәтін бойынша проблемалық екі сұрақ құрастырыңыз.<br><br>«Денсаулық – зор байлық» дейді дана халықымыз. Денсаулық – адам | |

| |
|---|
| баласына табиғат сыйлаған ең басты байлығы. Жастық жалыны бойында болғанда адам денсаулықтың қадірін де, құнын да дұрыс түсінуі керек.<br>Денсаулықты ерекше бағалаған ғұламалар Әбунасыр әл-Фараби «Мөлшермен ішіп-жесең, денің сау болады» десе, Б.Франклин «Ғұмырыңды ұзартқың келсе, тамақты тарта іш», - дейді. Ал, ұлы философ әрі дәрігер Гиппократ «Табиғи мөлшерден асып кетсе артық тойыну да, аштық та, басқа да жақсы емес»,- деген екен. Олай болса, дұрыс тамақтану адам денсаулығын нығайтып, дене және ой қабілетінің дамуына мүмкіндік береді. **Қырандай** қырағы, **арыстандай** айбарлы болуда дұрыс тамақтанудың өзіндік орны бар. Бұл еңбек ету мен сабақ үлгеру қабілетін арттырады. Адам ағзасы дұрыс қабылдайтын, оны асқазан еш қиындықсыз қорытатын тағам түрлері, яғни белок, майлар, витаминдер, минералды заттар.<br>Егер тамақтану дұрыс ұйымдастырылмаса, яғни жеткіліксіз болса, организмде зат алмасу бұзылып, әртүрлі ауруларға қарсы тұрарлық қабілеті төмендейді. «Ас – адамның арқауы», «Аспен күш артады» нақыл сөздерін назарда ұстаған дұрыс. Неғұрлым тамақ құнарлы болғанына назар аударғаның жөн.<br>Тәуліктік ас мәзірі әртүрлі болуы керек. Тамақтану кезінде адам өзінің ас қабылдау қабілеті, көңіл-күйіне баса назар аударғаны жөн. Кей ретте тамақ жеңіл жүрсе, кей ретте ол керісінше болады.<br>**Өмір** дегеніміз – қанатты пырақ секілді. Жүйтіп, жарқ-жұрқ етіп өтіп кетеді. Осы өмірде денсаулықты күтіп, денсаулықтың арқасында **гауһардай** жарқырып, **күндей** күлімдеп жүргенге не жетсін! (207 сөз)<br>https://infourok.ru/dris-tamatanudensauli-kepili-trbie-saati-sinip-528958.html<br>(өңделген)<br>**Тілдің көркемдегіш құралдары:**<br>Теңеу- гауһардай, күндей, қырандай, арыстандай.<br>Метафора – байлық, өмір. |
| II тапсырма:<br>Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрастырып жазыңыз. |

| Бағалау критерийі | тапсырма | Дескриптор | балл |
|---|---|---|---|
| | | Білім алушы | |
| Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастырады | 1 | Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыра алады<br>№1 сұрақ | 1 |
| | | №2 сұрақ | 1 |
| Жанрлық және стильдік | 2 | Жанрлық және стильдік ерекшеліктерін таниды | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрастырып жазады | | Әңгімеде көркемдегіш құралдарды орынды қолдана алады<br>1.<br>2.<br>3.<br>4. | <br><br>1<br>1<br>1<br>1 |
| | | Шағын әңгіме жазуда сюжеттік желісін сақтайды | 1 |
| Барлығы | | | 8 |

3.12-кесте – «Дұрыс тамақтану» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні ________________________________________

| Бағалау критерийі | Оқу жетістігі деңгейлері | | |
|---|---|---|---|
| | Төмен | Орта | Жоғары |
| Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастырады ☐ | Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыруда қиналады. ☐ | Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыруда қателеседі. ☐ | Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастырады. ☐ |
| Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрастырып жазады ☐ | Әңгіменің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, ойын жоспарлы, жүйелі жеткізу қиындық туғызады. ☐ | Әңгіменің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, ойын жоспарлы, жүйелі жеткізуде қателіктер жібереді. ☐ | Әңгіменің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолданады. Ойын жоспарлы, жүйелі жеткізеді. |

«Қазақ тілі» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалауда орындалған тапсырмалар білім алушыларға түсінікті болып, одан әрі білім алуға ынталандыруы қажет. Бөлім бойынша жиынтық бағалауда кері байланыс беру міндеттелмесе де, мұғалім оны ұсынудың (мысалы, рубрика) оқытуды ілгерілетуге әсер ететіндігін түсінуі тиіс.

Сонымен кері байланыс білім алушылардың оқу жетістігінің жеткен деңгейі туралы ақпараттарды қамтиды. Білім алушылар мен олардың ата-аналарын ақпараттандыру үлгісін мұғалім өз бетінше анықтайды. Аталған ақпараттарды рубрика түрінде беру ұсынылады. Рубрика бөлім бойынша жиынтық бағалаудың әр рәсімі үшін құрастырылады, ол әр критерий аясындағы оқу жетістігі деңгейін көрсетеді. Бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижелерімен білім алушыларды таныстыру кезінде оған оның жиынтық жұмысын және оқу жетістігі деңгейі көрсетілген рубриканы ұсынуға болады. Рубрика үлгісі 3.7-3.8-кестелерде көрсетілген.

«Қазақ тілі» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес, оқушылардың тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларды анықтауға бағытталады. Тоқсандық жиынтық бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы, тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясы, жиынтық бағалаудың әдістемелік ұсыныстары негізінде іске асырылады. Тоқсандық жиынтық бағалау рәсімдері 3.4-сызбада көрсетілген.




3.4-сызба. Тоқсандық жиынтық бағалау рәсімдері

Тоқсандық жиынтық бағалаудың аталған рәсімдеріне сәйкес «Қазақ тілі» оқу пәнінен 8-сыныпқа арналған тоқсан бойынша әзірленген тапсырмалар ұсынылады:

1. *Жиынтық бағалаудың құрылымы:* Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әр түрлі тапсырмалар: көп таңдауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады. Берілген нұсқа көп таңдауы бар, толық және қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 4 тапсырмадан тұрады. Көп таңдауы бар сұрақтарда білім алушылар ұсынылған жауап нұсқаларының дұрысын таңдайды. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушылар сөздер немесе сөйлемдер түрінде жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушылар жаратылыстану саласы бойынша ғалымдардың пікірлеріне талдау жасайды.

3.13-кесте – Тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

| Тапсырма | Қамтылатын мақсаттар | Тапсырмалар түрлері | Тапсырмалар сипаттамасы | Орындау уақыты, мин | Балл |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 8.1.3.1 - тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну<br>8.1.4.1 - мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау<br>8.1.6.1 - коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, диалог, монолог, полилогте өз ойын дәлелді, жүйелі жеткізу<br>8.4.2.1 - сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану | Толық жауапты қажет ететін сұрақтар | Тапсырма жұппен орындалады. Оқушыларға 150-200 сөзден тұратын тақырыпқа қатысты мәтіндер беріледі, оқушы жеке отырып оқиды (немесе аудио арқылы тыңдатуға болады).<br>Оқушылар мәтінді тыңдау немесе оқу барысында мәтіннің мазмұнын түсінеді. Тыңдаушы жұбы мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қояды, көтерілген мәселені талдайды, негізгі ойды анықтайды. Екінші оқушы да осы тапсырманы қайталайды. Бағалау екі оқушыға жеке-жеке қойылады. Оқушының сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдануы бағаланады. | Тыңдалым мен айтылым сабақтан тыс, қосымша уақытта өткізіледі (әр білім алушыға 3-5 минут беріледі). | 10 |
| 2-6 | 8.2.3.1 - мақала, аннотация құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату<br>8.2.4.1 - тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау<br>8.2.7.1 - ғаламтор, энциклопедия, газет- | Көп таңдауы бар, қысқа және толық жауапты қажет ететін сұрақтар | Көлемі 150-200 сөзге жуық мәтін беріледі. Мәтінді оқып, мазмұны, құрылымы негізінде берілген сұрақтарға жауап береді және жанрлық ерекшеліктерін ажыратады.<br>Берілген мәтіндердің тақырыбын, стиль түрлерін, құрылымын салыстырып талдайды. | 15 | 10 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | журналдар, оқулықтардан алынған деректерді дәлел ретінде қолдану, авторына сілтеме жасау | | | | |
| 7 | 8.3. 4.1 - эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыру, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе)<br>8.3.2.1 - жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, аннотация, тезис құрастырып жазу<br>8.4.4.1 - сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану | Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар | Оқушылар ұсынылған екі тақырыптың бірін таңдап, жазба жұмысын орындайды. Жазылым жұмысында берілген тақырып бойынша мақала немесе берілген жағдаят бойынша баяндама тезисін жазады. Оқушының жазылым барысында жанрлық, стильдік ерекшеліктерді ұстануы, тілдік құралдарды орынды қолдануы, берілген жанрды талапқа сай жазуы бағаланады. | 25 | 10 |
| Барлығы | | | | 40 минут | 30 |

*8-сыныптың «Қазақ тілі» пәнінен 3-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгісі*

***Тыңдалым мен айтылым***

Тапсырма

1. Мәтінді мұқият оқыңыз. Мәтіндегі ақпаратты қолданып, көтерілген басты мәселені анықтаңыз. Өз көзқарасыңызды жан-жақты тұжырымдап, мысалдар арқылы дамытып, дәлелдеңіз.

2. Өз жұбыңызды мұқият тыңдаңыз. Оның мәтіні бойынша маңызды деп санайтын 2 сұрақ қойыңыз. Оның мәтінінің басты идеясын анықтауға белсенді қатысып, пікіріңізді білдіріңіз. Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданыңыз.

***1-мәтін***

Биоалуантүрлілік – адамзатты шексіз ұзақ уақыт энергетикалық және басқа ресурстармен қамтамасыз етудің жалғыз көзі.

Сол биоалуантүрліліктің азаюына нелер себеп болып отыр? Ғаламшарымызда белгіленген аймақ пен табиғи зоналарда флора мен фаунаның бірнеше түрі тіршілік етеді. Олардың өздеріне ғана тән өмір сүру қағидалары

бар: бірі құрғақ климатқа бейімделсе, енді бірі суық аймақтарда ғана тіршілігін жалғастыра алады. Жер ғаламшарындағы барлық тіршілік иесінің өмір сүруге бейімділігі 4 миллиард жыл бойына қалыптасқан. Дегенмен, соңғы уақытта жиі сөз етілетін жаһандық экологиялық мәселелер биоалуантүрліліктің қысқаруына әкелді. Жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің азаюына себеп әртүрлі, олар: ормандарды үздіксіз шабу; адамдардың тұрғылықты ортасының артуы (қала, аудандар мен ауылдардың аймағы артуда); атмосфераға улы газдардың бөлінуі; табиғи аймақтарды ауыл өнеркәсібіне айналдыру; егін егуде химиялық қоспаларды қолдану; су қоймалары мен ауыз судың ластануы; жолдардың салынуы; өмір сүруге табиғи аймақты қажет ететін халықтың артуы; аң аулау; экожүйенің бұзылуы; адам қолымен жасалған экологиялық апаттар; туризм. Қазақстан аумағында сүтқоректілердің 155 түрі, құстардың 480 түрі, ал балықтардың 150 түрі мекен етеді. Бүгінде Қызыл кітапқа өсімдіктің 387 түрі, жануарлардың 120-дан астам түрі енген. Бүгінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде түрлі орталықтар жұмыс істейді. Олар түрлі шаралар ұйымдастырып қана қоймай, бір мақсатта қызмет ететін адамдардың басын қосады. Еріктілер де белсенді атсалысады.

Сіз өз еліңіздің табиғатын қорғау үшін не істедіңіз?

***2-мәтін***

*Қазақстанда туризмнің қандай түрлері жетіліп келеді?*

Қазақстан экологиялық туризмнен бастап іскерлік туризмге дейін туризмнің барлық түрлерінің дамуы үшін елеулі әлеуетке ие.

Қазақстанда бүгінгі күні туризмнің келесі түрлері жетіліп келеді:

Мәдени-танымдық туризм

Туристер Ұлы Жібек жолы бойындағы көне қалаларға барып, қола дәуіріндегі Тамғалы петроглифтарын немесе әйгілі Маңғыстау қорымдарын көре алады.

Қазақстанның заманауи өмірімен Астана, Алматы, Шымкент, Өскемен және Ақтау қалаларында танысу қолайлырақ болады.

Экологиялық туризм

Қазақстан аумағында 12 ұлттық табиғи парк және 10 қорық бар.

Спорттық туризм

Қазақстан тау шаңғы туризмі, альпинизм, су туризмі, ат туризмі, велотуризм және тағы басқа бағыттар бойынша спорттық туризм үшін керемет жағдайлар ұсынады.

Сауықтыру туризмі

Қазақстан - емдік-сауықтыру туризмі үшін керемет лайықты жер. Оның ерекшелігі емдік табиғи ресурстарды белсенді қолдануында: ыстық бұлақтар, емдік қасиеті бар батпақтар, ем болатын климат.

Іскерлік туризм

Іскерлік туризм жыл сайын қонақтардың көбісін Қазақстанның ірі қалаларына баурайды. Ол, бірінші кезекте, Астана, Алматы және Атырау. Мұнда шетелдік бизнес-туристердің әсерлі санын елге тартатын түрлі-түрлі аймақтық және халықаралық конференциялар, саммиттер, симпозиумдар жиірек өткізіледі.

***Оқылым***

Тапсырма

Мәтіндерді мұқият оқып, берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

***Мамандық таңдау***

Мамандық таңдау – маңызды іс. Уақыт өте дәстүрлі мамандықтар сұраныстан айырылып, жаңа маман иелері пайда болады. Ғалымдардың болжамы бойынша, әлемде 2030 жылға таман бүгінгі қолданыстағы 57 мамандық түбірімен жойылып, 186 жаңа мамандық дүниеге келеді екен. Қазір мектеп қабырғасында жүрген оқушылардың 63 пайызы таяу болашақта бүгін заты түгілі, аты белгісіз мамандықтар бойынша жұмыс істейтін болады. Ал сіз болашақта қандай маман иегері болғыңыз келеді?

Болашақтың мамандығы: ол қандай?

1. Инженерлік мамандықтар.

Мамандар болжамдары бойынша өнеркәсіп өндірісімен байланысты инженерлік мамандықтар алдыңғы орындарға шығады.

2. ІТ және компьютерлік аппараттық қамтамасыз етуді өңдеуші.

Бағдарламалаушы – бұл бағдарламалық қамтамасыз етуді жасайтын және оның жұмыс қабілеттілігін қолдайтын маман.

3. Нанотехнологиялар.

Нанотехнологиялар – бұл молекулалармен және атомдармен жұмысқа негізделген технологиялар, бұл заттың ең жасырылған және бағалы қасиеттерін қолданатын технологиялар.

4. Электроника мен биотехнологиялар түйісуіндегі мамандықтар.

Биотехнологиялар – биологиялық жүйелер мен олардың элементтерін пайдаланатын технологиялар.

5. Маркетинг және сатылымдар.

Маркетолог ісі - әр алуан игіліктерді өндіруге және өндірушілер мен тұтынушылардың қызығушылығын қамтамасыз етуге бағытталған жүйені басқару.

6. Қызмет көрсетумен байланысты мамандықтар.

Халықтың табысы өсіп жатыр, орта топтың саны өсіп жатыр. Бұл осы үрдістің көрсеткіштерінің бірі – сапалы қызмет көрсетуге үлкен қажеттілік.

7. Логистика.

«Логистика – тауар жылжу үрдісінде материалдық және ақпараттық ағын теориясы мен практикасы».

8. Экология.

Эколог мамандығы физика, химия мен биологияны, табиғатта болып жатқан үрдістерді компьютерлік модельдеуді білуді талап ететін болады.

9. Өмірді ұзарту құралдарын іздеумен байланысты медициналық мамандықтар.

Мүмкін бұл 10 жылдан кейін тәжірибеге еніп, медицинадағы үйреншікті іс болатын шығар.

1. Бірінші мәтіннің негізгі ойы қандай?

A) Ғалымдардың ойлап тапқан мамандықтары
B) Болашақта мамандықты таңдаудың маңызы
C) Жаңа мамандықты уақыт өзі таңдайды
D) Мектепте жаңа мамандар жұмыс істейді

2. Келешекте адамның ұзақ жасауын қай мамандық қамтамасыз етеді?
A) Қызмет көрсету мамандары
B) Инженерлік мамандықтар
C) Нанотехнология мамандығы
D) Медициналық мамандар

3. Екінші мәтін қай түрде берілген?
A) әңгіме
B) жарнама
C) мақала
D) эссе

4. Бірінші мәтін қай стильде берілген?
A) ғылыми
B) көркем-әдебиет
C) публицистикалық
D) ресми

5. Екі мәтіннің тақырыбы қандай?

________________________________________________________________________
____________________________________________________________________

6. Бірінші мәтіннің түрі қандай?

________________________________________________________________________
____________________________________________________________________

7. Болашақтағы мамандықтардың ерекшелігі қандай? Мәтінге сүйене отырып, дәлел келтіріңіз.

________________________________________________________________________
____________________________________________________________________

8. Мәтіндерге қатысты өз ойыңызды білдіріңіз. Автор не үшін бұл мамандықтарды атап көрсетеді?

________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
___________________________________________________________________

***Жазылым***

Берілген екі тақырыптың бірін таңдап, жазба жұмысын орындаңыз. Жазбада сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлерін, есімді, етістікті сөз тіркестерін қолданыңыз

1. Сіздіңше, театр өнері мен мәдениетінің қоғамдағы маңызы қандай? Өз ойыңызды аргументтермен толықтырып, эссе жазыңыз.

2. Сіз ғарыш әлеміне қатысты қызықты тың деректері бар ғылыми мақаламен таныстыңыз. Ғылыми мақала негізінде аннотация жазыңыз.

____________________________________________________________

____________________________________________________________

3.14-кесте – Балл қою кестесі

***Тыңдалым және айтылым***

| № | Балл | Грамматика мен лексиканы дұрыс қолдануы | Сұрақты түсіну мен толық жауап беру қабілеті |
|---|---|---|---|
| 1 | 9-10 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте жақсы түсінеді.<br>Сөз саптауы дұрыс, анда-санда мардымсыз қателерді жібереді. | Тақырыпты өте жақсы түсінеді.<br>Күтпеген сұрақтарға жауабы тез әрі орынды.<br>Талқылау кезінде өз ойын толық жеткізе алады. |
| 2 | 7-8 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын жақсы түсінеді.<br>Сөз саптауы дұрыс, анда-санда қателер жібереді. | Тақырыпты жақсы түсінеді.<br>Күтпеген сұрақтарға жауабын ойланып әрі орынды жеткізеді.<br>Талқылау кезінде өз ойын түсінікті жеткізе алады, бірақ кейде қолдауды қажет етеді. |
| | 5-6 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдарды қолдану аясын орташа түсінеді.<br>Сөз саптауы дұрыс, қателері байқалғанмен, түсінуге кедергі тудырмайды. | Тақырыптың негізгі тараптарын түсінеді, бірақ күрделі сұрақтарды талдауда едәуір қиналады.<br>Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады.<br>Талқылау кезінде қолдауды қажет етеді, жауаптарын алдын ала дайындап келгендей көрінеді. |
| | 3-4 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын аздап түсінеді.<br>Сөз саптауы нақты емес, түсініспеушілікті тудырады. | Тақырыпты түсінуде қиналады.<br>Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады, тақырыпты ашуды дамыта алмайды.<br>Талқылау кезінде жақсы қолдаусыз өзін көрсете алмайды. |
| | 1-2 | Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте аз түсінеді.<br>Түсініспеушілікті тудыратын, қайталанып келетін қателер жиі кездеседі. | Тақырыпты түсінуде қатты қиналады.<br>Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады, тіпті жауап бере алмайды.<br>Талқылауға өте аз қатысады. |

***Оқылым***

| № | Жауап | Балл |
|---|---|---|
| 1 | B | 1 |
| 2 | D | 1 |
| 3 | C | 1 |
| 4 | C | 1 |
| 5 | Болашақ мамандықтар туралы | 1 |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Әңгімелеу мәтіні | 1 |
| 7 | Мәтіннен дәлел келтіреді. | 1 |
| 8 | Оқушы жауабы ескеріледі:<br>өз ойын білдіреді – 1;<br>тұжырымы анық – 1;<br>авторға сілтеме жасайды – 1. | 3 |
| Барлығы | | 10 |

***Жазылым***

| № | Балл | Сипаттамасы |
|---|---|---|
| 1-2 | 9-10 | Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен көркем тіл құралдары орынды қолданылған.<br>Ойын еркін әрі толық жеткізеді, күрделі әсерлерді жеткізе алады, техникалық қателерді жібермейді. |
| | 7-8 | Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен тіл құралдары үйлесімді түрде қолданылған.<br>Ойын анық әрі еркін білдіруі тиісті әсерді береді, жіберілген кейбір техникалық қателер түсінуді қиындатпайды. |
| | 5-6 | Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен кейбір сипаттау құралдары қолданылған.<br>Ойын анық білдіреді, бірақ бір сарыннан шықпайды, техникалық қателер (мәтіндегі сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жалпы әсерді бұзады. |
| | 3-4 | Құрылымы жүйесіз немесе анық емес, нақты суреттеу мен қарама-қайшылықтарды баяндау қабілеті жетіспейді.<br>Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады, жиі техникалық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жібереді. |
| | 1-2 | Көркем тіл құралдары аз қолданылған немесе мүлдем қолданылмаған.<br>Сөздер кейде анық емес, техникалық және құрылымдық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді. |

Жиынтық бағалаудың қорытындылары білім алушыларға, ата-аналарға немесе баланың заңды өкіліне қағаз/электронды форматта ұсынылады.

Мұғалімнің бағалау қызметі – бағалау критерийлерін іріктеу, әзірлеу және қолдану, бақылау мен бағалау тәсілдері.

Білім алушының бағалау қызметі үшін:

– үнемі әртүрлі бағалау түрлерін қолдану (өзін-өзі бағалау, өзара бағалау);

– білім алушылардың оқу жетістіктерінің бағалау критерийлерін өз бетінше дайындау және таңдап алу;

– бақылау әдістері мен түрлерін әзірлеу және іріктеп алу;

– кері байланысты үнемі қамтамасыз ету қажет.

Мұғалім:

1) бағалау үшін оқыту мақсаттарының тізбесін анықтауы;

2) бағалау деңгейлерін анықтауы (Блум таксономиясына сәйкес);

3) бағалау критерийлерін әзірлеуі (оқыту мақсаттарына сәйкес) немесе «НЗМ» ДББҰ әзірлеген критерийлерді қолдануы;

4) білім алушылардың санын және кері байланыс беру жиілігін анықтауы;

5) үйде оқитын білім алушылар үшін үйде оқыту жүктемесін және оқытылған оқу материалын ескере отырып, сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлеуі;

6) сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолдану, сондай-ақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізуі;

7) жиынтық бағалаудың нәтижелері бойынша ата-аналар жиналыстары барысында кері байланыс немесе рубрикалар түрінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы ақпарат беруі қажет.

Мұғалім білім алушылардың бөлім/тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстарын тексеруде және қорытынды балдарын қоюда, соның ішінде оқу тапсырмаларының шарттарын белгілеуде түзетілген жерлерді ескеруге болмайтынын білуі тиіс.

Критериалды бағалау жүйесінің үлкен артықшылығы білім алушыға түсетін күйзеліс жүктемесінің төмендеуі болып табылады. Бірлескен ынтымақтастықта өзіндік, жұптық, топтық жұмыс дағдыларын иелену процесі белгісінен, маңызды әлеуметтік құзыреттілікті дамытуға өзгереді.

Бағалау барысында мұғалімге бірқатар негізгі нұсқауларды ескерген жөн:

1. Білім алушылар бағалау процесіне белсенді қатысады, соның ішінде, үнемі өзін-өзі бағалау жұмыстарын өткізеді.

2. Білім алушының жеке тұлғасы емес, жұмысы ғана бағаланады;

3. Білім алушының жұмысы басқа білім алушылардың жұмыстарымен емес, тек жақсы орындалған жұмыс үлгісімен салыстырылады.

4. тапсырмалардың әртүрлі формалары мен түрлері қолданылады және мінсіз орындаған тапсырмалардың нақты және айқын сипаттамалары әзірленеді;

5. Бағалау критерийлері білім алушыларға алдын ала белгілі болады;

6. Өзін-өзі бағалау білім алушылардың тұлғасын дамытудың міндетті шарты ретіндегі білім алушылардың рефлексиясын да көрсетеді;

7. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін БЖБ және ТЖБ оқу тапсырмаларына өтілген (меңгерілген) оқу мақсаттары енгізілуі тиіс. Оқыту критерийлері оқыту мақсаттарына сай болуы тиіс.

Оқыту мақсаттарының құрылымында білім алушылардың іс-әрекеттері көрсетілген: байқау, талдау жасау, салыстыру, маңызды белгілерді бөлу, тану, анықтау, үлгілеу, түсіндіру және т.б.

Нәтижелерді бағалау критерийлері білім алушыларға дайындық деңгейінің мұғалім ұсынған талаптарына сәйкес екендігін белгілеуге, мұғалімге оқыту процесіне түзетулер енгізуге, жұмыс күрделілігінің деңгейін дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.

8. Оқу жетістіктерін тексеру немесе өздігінен тексеруге арналған критерийлерді білім алушылармен бірлесіп әзірлеуге болады.

9. Сабақ барысында білім алушылардың оқу жетістіктерін өздері бағалауын ұйымдастыруды ойластыру және оқу тапсырмаларын таңдау маңызды.

10. Мұғалімге сабақта білім алушылардың өздерінің бағалауларын салыстыру үшін мүмкіндік беру, өз қателіктерінің себебін табу үшін рефлексия ұйымдастыру ұсынылады.

*Жазба жұмыстарын бағалау бойынша ұсыныстар*

Негізгі орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасының мазмұнын толық меңгерту үшін жазба жұмыстарын өткізуді мұғалім қолданыстағы нормативтік және нұсқаулық құжаттарға сәйкес өздігінен жоспарлай алады.

Жазба жұмыстарын бағалауды сөйлеу әрекетінің «Жазылым» түрі бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау аясында төмендегі критерийлер мен дескрипторларды қолдана отырып, өткізу ұсынылады.

Бағалау критерийі: *білім алушы*

• Жазба жұмыстарын орындау барысында каллиграфиялық, пунктуациялық, орфографиялық заңдылықтарды қолданады.

• Тұтас жазбаша пікір қалыптастыру үшін бөлімдерді қиыстырып қамтиды.

• Мәтіннің құрылымын сақтайды (басы, оқиғаның дамуы, шарықтау шегі, соңы).

• Грамматикалық нормаларды сақтайды.

• Материалдың құрылу логикасын сақтайды (мазмұндама, шығарма).

3.15-кесте – Жазба жұмыстарын бағалау дескрипторлары

| Жұмыс түрлері | Дескрипторы |
|---|---|
| Диктант | - сөздерді жазу барысында орфографиялық ережелерді сақтайды;<br>- мәтіндегі сөздерді қатесіз жазады және әріптерді дұрыс жазады;<br>- мәтіндегі сөздерді өзгертпей жазады;<br>- үндестік заңына бағынбайтын сөздерді дұрыс жазады;<br>- айтылуы мен жазылуы әртүрлі сөздерді дұрыс жазады;<br>- тыныс белгілерін дұрыс қояды (оқу бағдарламасы аясында);<br>- грамматикалық тапсырмаларды дұрыс орындайды |
| Көшіріп жазу диктанты | - мәтінді каллиграфиялық ережелерді сақтай отырып, ұқыпты көшіріп жазады;<br>- сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстырмай және сөздерді қалдырмай көшіріп жазады |
| Мазмұндама<br>Шығарма | - тақырыпты жақсы түсінгендігін көрсетіп, мазмұнын ашып жазады;<br>- берілген мәтіннің негізгі ойын анықтайды; |

| | |
|---|---|
| | - мәтін бойынша қарапайым жоспар құрады;<br>- мәтіннің мазмұнын жоспарға сәйкес жазады;<br>- мәтіннің мазмұнын автордың ойын және логикалық жүйесін сақтай отырып жеткізеді;<br>- жазба жұмысының графикалық рәсімделу нормаларын сақтайды;<br>- мәтіннің бастапқы стилін сақтайды (мазмұндама үшін);<br>- орфографиялық және тілдік қателіктерді жібермей жазады;<br>- сөздік қорының бай екенін көрсетеді;<br>- сөздерді мағынасына сәйкес қолданады |

*Оқушының жұмысына жазбаша баға беруге арналған ұсынымдар*

Оқушы үшін сіздің жазған пікіріңіз маңызды. Ол дәптерін ашқан кезде, әуелі қателігін емес, соңында жазылған сіздің пікіріңізді оқиды. Пән мұғалімінің әдеттегі жазбалары мынадай: «Жазуыңды түзе!», «Сауатсыз жазылған», «Қателіктер өте көп», «Барлық жерде «ң» әрпін тастап кеткенсің», «Салмақты ой айтылмаған», т.б.. Мұндай пікір баланың жанын жаралайтыны сөзсіз. Бұдан соң оның жазба жұмысын жазуға деген ниеті болмайды. Ол бірден дәптерді жауып тастайды. Оның орнына, мейлі жұмыс қателікке толы болсын, бір жақсы тұсын тауып алып, соған жақсы пікір білдіріп, оған ақылдасқандай кейіп танытсаңыз, оқушының сізге деген реніші болмайды. Қайта ол сол қателіктерді түзеуге кіріседі. Мәселен, «*Марат, жазуың моншақтай тізіліп тұр, менімен сырыңды бөліскеніңе үлкен рахмет*»- дей келіп, «*қорытындыңа тағы бір ойлар қоссаң қайтеді; мүмкін салыстырмалы түрде тағы бір мысал алсаң қалай болар екен*» деген сыңайлы пікірлер балаға қанат бітіреді. Содан соң жазба жұмысын қызыл қаламнан гөрі өзге түсті қаламмен тексерген жөн болар еді. Әлемдік тәжірибеде қызыл түс адамға кері әсерін тигізетінін айтады.

Көбінесе, оқушылардың бойында жаза алмаймын деген қорқыныш болады. Осы қорқынышты жеңу үшін жазудың барлық адамның қолынан келетіндігін ұғындыра келе, сыныбы туралы жазуға, соңғы оқыған кітабы туралы, болмаса, атасы мен әжесінің өмірбаянын жазуды, не өзі құрметтейтін адамнан сұхбат алып, соны жазуға кеңес берген дұрыс. Жазба жұмысын бастамас бұрын әр мұғалім кейбір ұйымдастыру жұмыстарына баса назар аударғаны жөн. Мәселен, жазба жұмысында қарындашты пайдалану өте маңызды. Олай дейтініміз, қарындаш оқушының қателігін өзі түзетуіне мүмкіндік береді. Сабақ басында жазуда сәттілік тілеп, қарындаштарды сыйға тартсаңыз, шығармашылығын арттыруға тағы бір қадам жасар едіңіз. Жай ғана сыйға тартпай, «қарындаш маған гүлдің жұпар исін, ағаштың самалын есіме салады. Сіздердің жазған жұмыстарыңыз да табиғаттың осы бір ғажайыптарындай әдемі болады деп сенемін», - десеңіз тіптен әсерлі болары сөзсіз.

Сондай-ақ, әр оқушының жеке артықшылығын құрметтеу; барлық оқушыға сенім артумен бірге, реалистік тұрғыдан артықшылығын біліп,

қателіктерін қабылдай білуге, әрі қарай өсуге итермелеу; жеткен жетістікті ретін тауып атап өту; жазуды күнделікті дағдыға айналдыру – осының бәрі мұғалімнің шеберлігінде.

Жазылым белсенді іс-әрекеттерсіз атқарылатын дағды болғандықтан, оған жаңа бір леп беріп, оқушы шығармашылығын арттыру үшін мұғалімге көмекке келетін жолдар бар. Оның қатарына комикстерді алуымызға болады. Біріншіден, бала комикстердің айналасындағы сөз бұлттарын қызыға толтырады, екіншіден жалықтырмайды. Дайын комикстерді табу қиындық тудырады. Оны жеңілдетудің бір жолы суреттердің қасына өзіңіз сөз бұлттарын жасап, нақты тақырып беруіңізге болады.

Қазақ тілінде қыстырма сөздер көркем әдеби тіл нормасында қолданылмай келді. Алайда, эссе жазуда адамның пікірі жазылатындықтан, бұл сөздер ойды байланыстырушы болып келеді. Сондықтан, қыстырма сөзді орнымен қолдануды үйреткен жөн.

Жоғарыда аталған жиынтық бағалау тапсырмалары барлық оқушыларға бағалаудың тең мүмкіндіктерін беруді ескере отырып әзірленеді.

«Қазақ тілі» пәнінен 5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мазмұны пәндер бойынша формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеуге негіз болатын ұзақ мерзімді жоспарда берілген.

Оқу жоспары ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді мақсаттарды жоспарлау үшін әзірленеді.

Ұзақ мерзімді жоспарларда: білім беруді дамытудың жалпы принциптері (оны дамыту тұжырымдамасы); дамытудың басты бағыты және бағдарламалары; көзделген оқу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін маңызды шаралардың мазмұны мен жүзеге асыру бірізділігі көрсетіледі. Ұзақ мерзімді жоспар бір оқу жылына арналған оқу мақсаттарын қамтиды.

*Орта мерзімді оқу жоспары* негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» (оқыту қазақ тіліндегі) пәнінің оқу бағдарламасын басшылыққа ала отырып, республиканың барлық жалпы білім беретін мектептеріне арналып әзірленді (smk.edu.kz).

Пән мазмұнын игерту үшін мұғалім оқу бағдарламасында берілген оқу мақсаттарын өтуі тиіс. Орта мерзімді оқу жоспары мұғалімге лексикалық тақырыптар негізінде, оқушы игеруге тиіс оқу дағдыларын дамыту жолдарын ұсынып, белсенді жұмыс түрлерін ұйымдастыруға көмек беруді көздейді.

Орта мерзімді оқу жоспары оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтуге, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге, алған білімін өмірдің кез келген саласында тиімді қолдана білуіне ықпал етеді.

Мысалы, 5-сыныпқа арналған оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес орта мерзімді жоспар 10 бөлімнен тұратын төмендегі лексикалық тақырыптарды қамтиды:

1) Мәдениет: тіл және қарым-қатынас;

2) Киіну.Сән.Талғам;

3) Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер,

4) Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі;

5) Бос уақыт және хобби;

6) Қиял әлемі;

7) Көлік және жол белгілері;

8) Адамның сырт келбеті мен мінезі;

9) Аспан әлемінің құпиялары;

10) Саяхат және демалыс.

Лексикалық тақырыптар оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік береді.

5-сыныптың орта мерзімді жоспарындағы лексикалық тақырыптарды меңгерту «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «География» пәндерімен тығыз байланыста жүргізіледі. Пәндерді кіріктіріп оқыту кезінде басқа пән мұғалімдерімен бірлесіп, командалық сабақ жоспарларын әзірлеуге болады.

Сондай-ақ осы пәндермен кіріктірілген сабақ жоспарын құрып жүргізуіне болады. Мұғалім қазақ тілін басқа пәндермен тығыз байланыста оқыту арқылы оқушының академиялық сөйлеу және жазба тілін қалыптастыру мүмкіндіктеріне ие болады. Лексикалық тақырыптар ретінде сұрыпталып іріктелінген мәтіндер мен оларға байланысты құрылған тапсырмалар шынайы өмірмен байланысты жағдаяттардан туындап немесе соған жуықтатылуы тиіс. Сонымен қатар, оқу материалдарының мазмұны мен тапсырмалардың орындалу логикасы оқушылардың даму деңгейіне сай ойлау, түсіну ерекшеліктеріне сәйкес таңдалынады. Орта мерзімді жоспарда оқушылар меңгеруге тиісті грамматикалық тақырыптар көрсетіледі:

- қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу;
- сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу;
- тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану;
- жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тіл дамыту барысында қолдану;
- зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану;
- сын есімдердің, шырай түрлерінің қолданыстағы ерекшеліктерін тану, сын есімнің субстантивтену құбылысын жаттығулар арқылы таныту;
- сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімнің субстантивтену құбылысын жаттығулар арқылы таныту;
- төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің қолданыстағы және жазылудағы тыныс белгілердің қолданылу ерекшеліктерін білу, төл сөздің төлеу сөзге айналу жолдарын білу;

Қазақ тілін қазақ мектебінде ана тілі ретінде дәстүрлі оқытуда грамматиканы «тіл формасынан тіл мазмұнына қарай жүрумен» оқытып келсе, грамматиканы функционалдық оқытуда «тіл бірлігінің қызметінен оның формасына қарай жүру» логикасына қарай өзгерді.

Бір жағынан, накты мәнмәтінде, мәтінде қандай грамматикалық құралдар қатысып тұрғанын көрсету мақсаты көзделінсе, екінші жағынан, грамматикалық тәсілдер тобы арқылы берілетін семантикалық функцияларды талдау мен жинақтау көзделеді.

Грамматиканы функционалдық тұрғыдан оқытуда грамматикалық бірліктердің функциялары мен формалары тығыз бірлікте қарастырылады.

Грамматиканың формалды жағы – грамматикалық бірліктердің таптарға жіктелуі, категорияларға бөлінуі арқылы танылады. Енді осы грамматикалық бірліктердің мәтінді құруға қатысуда қандай функционалдық мағыналық қызмет атқарғанын таныту функционалдық грамматиканың міндеті болып табылады. Сөйтіп грамматикалық дағдыларды қалыптастыру бірізділігі оның білдіретін мағыналық қызметімен тығыз байланыста жүргізілуі керек. Ондай мүмкіндіктер мәтіндерді қолдана отырып оқытуда молынан табылады.

Орта мерзімді жоспарда оқушылардың оқу және ойлау белсенділігін арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдер ұсынылады. Коммуникативтік әрекеттерді дамытуға бағытталған тапсырмалар өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір жүйемен жүзеге асады. Мысалы, тыңдалым дағдысын жүзеге асыру үшін тыңдалым алды, тыңдалым, тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар ұйымдастырылуы тиіс.

Оқушыларға 5-9-сынып аралығындағы оқу кезінде өз үлгерімдерін көруге көмек көрсетумен қатар, қазақ тілі сабағын жоспарлаудың тағы бір маңызды аспектісі оқушыларға анағұрлым зиялы және неғұрлым тәжірибелі болуға көмектесетін әртүрлі педагогикалық тәсілдерді таңдау болып табылады. Тіпті оқушылардың өзіне деген сенімі соншалықты артпаған күннің өзінде де, сіз жай ғана сырттан бақылаушы болмай, оқуға «ынталандырушы» болуыңыз маңызды екенін ұмытпаған жөн.

Кез келген мұғалімнің алдында тұрған басты міндеттердің бірі оқығысы келмейтін оқушыны оқу үдерісіне қатысатындай етіп қызықтырып, қолдау көрсету болып табылады. Әдетте балалар мектепте жақсы оқиды, алайда кейбіреулері оқуға деген уәжі мен қызығушылығын жоғалтып жатады. Оқушылар білімге өз еркімен ынталанып, өздігінен уәжделуге тиіс. Бұған оқуды мүмкіндігінше белсенді, күрделі, қызықты және маңызды ету арқылы қол жеткізуге болады.

Ересек білім алушылар өздерінің жаңа білімдері мен дағдыларын іс жүзінде өз тәжірибесінде қолдануға болатынын көргенде оқуға деген ынтасы артады. Сондықтан олар шынайы өмірден алынған жағдаяттарға негізделген өздерінің күнделікті тәжірибесімен байланысты тапсырмаларды ұнатады.

Мұғалімдер төменде аталған бірқатар маңызды мәселелерді ескерсе, оқушыларының уәжін арттыруда тиімділікке қол жеткізеді:

• оқушылардың қызығушылықтарымен, қажеттіліктерімен және ұмтылыстарымен ұштасып жататын, соларға бағытталған жаттығуларды әзірлеу және қолдану;

• оқушылар инновацияға ұмтылады. Оқыту мен оқудың жаңа әдістерін қолдану, мұғалім мен оқушылардың арасындағы байланысты нығайту, жағымды оқу ортасын құру, оқушыға толыққанды кері байланыс беру;

• көтермелеу – ең жақсы уәждеуші фактор болып табылады;

• сабақтың мазмұнын түрлендіріп отыру, оқушының өздігінен жұмыс жасауына жағдай туғызу.

Ішкі уәжді сақтау үшін, тіпті оны арттыру үшін пайдалануға болатын бірқатар педагогикалық әдістер бар. Қазақ тілінің мұғалімдері:

• сабақты белсенді оқуға ықпал ететін және ынталандыратындай қызықты әрі тартымды етіп құру;

• оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеретін жас ерекшеліктеріне сай ресурстарды пайдалану;

• әртүрлі белсенді оқу тәсілдерін пайдалану үшін сабақ мазмұнын өзгерту (мысалы, оқушылар тақтадан көшіріп немесе мұғалім айтқанын жазуға уақыт кетірмеу үшін);

• оқушылар өздерінің жетістіктері мен сәтсіздіктерінің оған қанша күш жұмсағанына байланысты екенін түсіндіре алатындай болу үшін оқушыларды дербестікке ынталандыру;

• жағымды кері байланыс ұсыну, оқушылардың өзіне беретін бағасын көтеріп, олардың алдағы уақытта нәтижені жетілдіре алатынына сенім ұялату мақсатында жекелеген оқушыларға арнап оқуды жетілдіруге бағытталған арнайы мақсат қою;

• оқушыларды жаңа оқу мен оқыту әдістерімен эксперимент жасауға тарту (бұл мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара байланысты жақсартады, нәтижелі кері байланыс орнатып, жағымды оқу ортасын құруға мүмкіндік береді).

Оқушыларды ынталандыруға арналған осы ұсынылған әдістер тізімінде қандай да бір мадақтау немесе жазалау ескерілмеген жөн. Әдетті, сыртқы уәж «оқу керек» деген талаппен байланыстырылады. Оқушыларды мұндай жолмен уәждеу стратегияларын пайдалануға сақтықпен қараған жөн, себебі олар ішкі уәжді төмендетуі мүмкін. Атап айтқанда, оқушыларда төмендегідей сезім тудыруы мүмкін марапаттардан (әсіресе, мақтаудан), жаза немесе кері байланыстан аулақ болған дұрыс:

• тапсырманы орындауға өзін қабілетсіз сезіну;

• тапсырманы аяғына дейін орындаудың қажеті жоқ деп сезіну;

• тапсырманы орындау үшін аз ғана әрекет етіп, шектеулі күш-жігер жұмсаса жеткілікті деп сезіну;

• оған аз тапсырма берілді деп сезіну.

Бастапқы ішкі уәж төмен болған жағдайда сыртқы марапат пайдалы болуы мүмкін. Егер оқушыдан жоғары нәтиже күтіп, олардың өз күшіне деген сенімін нығайту үшін мадақтауды пайдаланған дұрыс. Оқушының ішкі уәжін арттыруға ықпал ету керек. Мысалы, оның жеке қызығушылықтары, тақырыпқа қызығушылық, жеке мақсаттарға жету және т.б.

Оқушының оқуға құлқының болмауы негізінен мұғалімнің оның уәжін оята алмауының кесірінен болады. Мұғалім қызметінің аса маңызды қыры – оқушылар уәжделген бе, жоқ па дегенді анықтауға көмектесетін факторларды түсінуі. Төмендегі кестеде уәжді арттыратын және керісінше, уәжді төмендететін факторлар берілген (2.1-кесте).

3.16-кесте – уәжді арттыратын және уәжді төмендететін факторлар

| Уәжді арттыратын факторлар | Уәжді төмендететін факторлар |
|---|---|
| түрлі оқыту мен оқу әдістерін пайдаланатын белсенді мұғалім | негізінен өзі сөйлейтін немесе лекция оқитын мұғалім |
| көп оқушыны қамтитын белсенді тапсырмалар | аз ғана оқушы қатысатын немесе мүлде қатыспайтын тапсырмалар |
| белгілі бір мағынасы бар және бұның алдында өткен тақырыппен байланысты жаттығулар | күңгірт, түсініксіз және бұның алдында өткен тақырыппен байланыспайтын жаттығулар |
| сабақтағы жаттығулардың күрделілігі тиісті деңгейде және барлық оқушылар орындай алатын етіп сараланған | сабақтағы жаттығулар сараланбаған және басында орындау тым қиын немесе жоғары қабілетті оқушылардың қабілеттері ескерілмейді |
| оқыту мен оқудың сан алуан әдістері қолданылады – сабақтың қандай болатынын күні бұрын болжау мүмкін емес | оқыту мен оқу әдістерінің аз ғана түрі қолданылады – сабақтың қандай болатынын күні бұрын болжап білуге болады |
| оқушыларға «ойлануға» уақыт бере отырып, сабақ қарқынын өзгерту | сабақтың қарқыны өте жылдам/баяу және оқушыларға «ойлануға» уақыт берілмейді |
| әр оқушыға жеке қолдау көрсету | оқушылар мұғалімнен көмек күтеді |
| көп мақтау және мұғалімнің дене қимылдарын, ымды тиімді қолдануы | мақтау айтылмайды және мұғалім дене қимылдарын, ымды тиімді қолданбайды |
| оқушылар сабақ мақсатын және олардан не күтілетінін біледі | оқушылар сабақ мақсаты мен олардан не күтілетінінен хабарсыз |

Оқыту мен оқу жеке-дара екі іс-шара емес, бір үдерістің өзара тығыз байланысты екі элементі екенін білген маңызды. Мұғалімдер алдындағы оқушылардың сабақты қалай оқитынын жақсы түсініп, өздерінің оқыту тәжірибесін жақсарта түссе, балаларды тиімді оқуға жетелеу қабілеті де арта түспек. Оқушыларға зерттеу жүргізу арқылы олардың үлгеріміне ықпал ететін әдіс-тәсілдер ретінде мынадай стратегиялар анықталды:

- белсенді оқу – оқушылар тапсырмаларды орындап, дағдыларды қолдана біледі;
- кері байланыс – оқу барысындағы пікірталас, бұл оқушының өз пікірін білдіруін көздейді және сыныптастар арасында немесе мұғалім мен оқушылар арасында жүреді;
- сенімін нығайту – оқушының өзіне деген, өз күшіне деген сенімін нығайту үшін мадақтауды пайдалану;
- оқыту сапасы – көптеген саралаушы жаттығуларды жоспарлау және оны іске асыру.

Сабақтың тиімді өтуіндегі мұғалімнің рөлі:

• барлық оқушылардың қатысуын қамтамасыз ететін жағымды оқу ортасын қалыптастыруға;

• сенімді, жауапты, ойшыл, жаңаға ұмтылатын және іске немқұрайды қарамайтын оқушыларды тәрбиелеуді мақсат етуге;

• оқушылардың дағдыларын жақсарту мақсатында тиісті шара қабылдап, лайықты жаттығуларды қолдануға;

• алға қойылған оқу мақсатына қол жеткізу арқылы жоспарланған сабақты тиімді өткізу үшін материалдарды, ресурстарды және құралдарды пайдалана отырып, бүкіл сынып қатысатын, топтық немесе жұптық жұмыс түрлерін, жеке жұмыс түрлерін құру және уақыт жағынан басқаруға;

• оқушылары мақтап, оқуға еліктіре, қызықтыра отырып, ұғымдарды түсіндіруде, мағынасын ашуда, нұсқаулық беруде түсінікті, анық, қарапайым тілді пайдалануға;

• оқушыларды бақылап, оларға кері байланыс ұсынуға тиіс.

*Қысқа мерзімді* жоспар әзірлеу

Қалыптастырушы бағалау мүмкіндіктері қарастырылған орта мерзімді жоспар бойынша мұғалім әрбір жеке сабақтың жоспарын дайындайды.

Қысқа мерзімді жоспарды құрған кезде мұғалім төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

- сабақты ұйымдастырғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа алуы қажет;

- сабақтың мақсатын анық тұжырымдау, яғни нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;

- орта мерзімді жоспарда көрсетілген барлық іс-әрекеттерді, әдістемелік кеңестерді, ресурстарды мұқият зерделеу;

- мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады.

Сабақты жоспарлауды бастағанда мұғалім бұл сабақтың мақсаты қандай болатынын шешеді. Сабақтың мақсаты оқу бағдарламасында қарастырылған оқу мақсатына сәйкес келуі керек, бірақ оқу мақсаттарының барлық тармақтарын қамтымауы мүмкін. Мысалы, «Қазақ тілі» пәні бойынша 7-сыныптағы «Денсаулық – зор байлық» бөлімі бойынша оқу мақсаттарының бірі: Ж5. «*Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу*». Бұл оқу мақсаты бірнеше сабаққа негіз болуы, ал сабақ мақсаты әртүрлі болуы мүмкін. Сабақ мақсатын тұжырымдау барысында олар оқушылардың сабақ соңында не істей алуы керектігі тұрғысынан белгілі бір нәтижелерді сипаттауы керек екенін есте ұстау керек. Бұл:

- сабақта мұғалімнің не істейтініне емес, оқушылардың немен айналысатынына назар аударуға;

- сабақты жоспарлауды жеңілдетуге;

- оқуды бағалауды жеңілдетуге;

- оқыту мен оқуды бағамдауды жеңілдетуге көмектеседі.

Сабақ мақсатын анықтаған соң, мұғалім осы мақсатқа қол жеткізу үшін сабақты қалай жоспарлау керек екендігін шешеді. Сабақ мақсатына жету үшін мұғалім бірқатар белсенді оқу тәсілдерін қолдана алады. Дәстүрлі дидактикалық оқыту әдістерінде жекелеген оқушының тұлғалық дербестігіне, ұмтылысы мен уәждеріне, мүдделері мен дағдыларына, оқу ерекшеліктеріне жеткілікті дәрежеде мән беріле бермейді. Оқыту мен оқудың заманауи әдістері оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруға аса мән береді және бұл бағыттағы мұғалімнің табыстылығы оқушылардың оқу үлгеріміне оң әсерін тигізеді. Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін, сонымен қатар, оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақты барынша тиімді жоспарлауы керек. Оқытудың барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлесім табуы шарт. Сындарлы оқыту тәсілдері оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді (Hattie, 2011).

Мысал ретінде алынған 7-сыныптағы «Денсаулық – зор байлық» бөлімі бойынша оқу мақсаттарының бірі: Ж5. «*Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу* коммуникативтік дағдысы аясындағы оқу мақсаттарының бірі Ж 5.1 «*Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу*» деген оқу мақсаттарына байланысты мұғалім барынша белсенді сабақ жоспарын әзірлей алады:

- мұғалім оқушыларға денсаулық тақырыбында оқылым не тыңдалым мәтінін ұсынады;
- мәтінді оқушылар жеке оқып шығады немесе барлығы бірлесе тыңдайды;
- оқушылар өздері оқыған не тыңдаған мәтіннің тірек сөздерін анықтайды;
- жеке жұмыс істеп, тірек сөздерді жазады, сосын жұпта және топта салыстырады;
- жұмыстың соңғы нәтижесін сынып алдында талқылай отырып, негізгі тірек сөздерді анықтап алады;
- іріктелген тірек екінші баламаларымен – синонимдерімен жазып шығады;
- оқушыларға баламалары табылған тірек сөздерді қатыстыра отырып, тарау тақырыбы негізінде шағын, жинақы мәтін жазу тапсырылады.

Барынша тиімді оқуды жоспарлау үшін төмендегідей бірқатар мәселелерді ескерген жөн:

1) Сабақта көптеген жаттығу түрлерін жоспарлауға тырысу қажет. Бір сабақта мұғалім төрт, бес немесе одан да көп жаттығу түрлерін қамти алады. Аз уақыт алатын, айталық, 10 минуттық жаттығу дайындауға болады. Әдетте баланың назары бір нәрсенің төңірегінде ұзақ шоғырланып тұра алмайтынын естен шығармау керек.

2) Мұғалім сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отыруды ұмытпауы керек. Жаттығуды әртүрлі тәсілмен түсіндіруге дайын болуы қажет. Мысалы,

оқушылар бастапқыда жаттығуды бүкіл сынып орындап, кейіннен жұптасып оның орындалуын шыңдай алады. Бұл оқушыларға жаңа жаттығуға біртіндеп көше отырып, тапсырманы түсінуге көмектеседі, өткен сабақта алған білімдерін бекітіп, оқушыларға іс жүзінде бірнеше дағдыны қатарынан шыңдауға мүмкіндік береді.

3) Сыныппен өзара әрекеттестік стилін өзгертіп отыру қажет. Мұғалім сабақ барысында өзінің қанша сөйлейтіні туралы ойлануы қажет. Егер мұғалім тым көп сөйлесе, оқушылардың пікір таластырып, бір-бірінен үйренуіне уақыт аз қалады. Оқушыларға сұрақ қойып, жауаптары бойынша сыныптың нені түсінгенін/түсінбегенін бағдарлаған дұрыс. Сабақта жеке, жұптық, топтық немесе бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді болады.

Мұғалім сабақ жоспарын құруда лексикалық тақырыпты басшылыққа ала отырып, сынып деңгейіне, тақырып қажеттілігіне қарай бір академиялық сағатта бір немесе екі коммуникативтік әрекетті (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) негіз етіп алады, ал басқа коммуникативтік әрекеттер жанама түрде қолданыла береді. Мысалы, тыңдалым/айтылым, оқылым/жазылым. Әрбір әрекет бірнеше оқу мақсаттары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сабақ жоспарын құру барысында барлық төрт дағдыны қатар алмаған дұрыс. Олардың бірі не екеуі негізгі болса, қалған екеуі жанама түрде дамытыла береді.

Сабақ барысында коммуникативтік әрекеттерді дамытуға бағытталған тапсырмалар өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір жүйемен жүзеге асады. Мысалы, тыңдалым дағдысын жүзеге асыру үшін тыңдалым алды, тыңдалым, тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар ұйымдастырылуы тиіс. Оқылым мен жазылым дағдысын жүзеге асыру да дәл осы сипатта ұйымдастырылады. Қысқа мерзімді жоспарлау мұғалімнің сабақты тиімді құрылымдауына көмектеседі. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабақтағы әрекетті мұқият іріктейді. Әр сабақтан кейін мұғалім оқушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабақты талдап, ***рефлексия*** жасайды.

Үлгі ретінде жоғарыда аталған қағидаттарға сәйкес 5- сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспардың «Адамның сырт келбеті мен мінезі» бөлімінің «Ұлыма хат» тақырыбына қысқа мерзімді жоспар құрып көрейік. ҚМЖ құруда спиральділік ұстанымына негізделіп құрылған оқу бағдарламасын, оқу жоспары мен ҚБ арналған тапсырмалар жинағы басшылыққа алынады. Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаты: «5.Ж5 Оқылым мен тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу». Оқу мақсатына сәйкес оқушының алдыңғы және кейінгі білімдерін ескере отырып, сабақтың мақсатын SMART форматында құру. Барлық оқушылар оқылым мен тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, мәтін жазады.

Көпшілігі: мәтіннің мазмұнын түсініп, негізгі ақпараттарды анықтап, жинақы мәтін жазуда қолдана алады. Кейбірі: жинақы мәтін жазуда мәтіндегі негізгі ақпаратты жүйелі қолданып, автор идеясын нақты бере алады.

Осы мақсаттарға жету үшін бағалау критерийлерін оқушымен бірлесе отырып құру ұсынылады:

- негізгі ақпараттарды сақтап, мәтін жаза алады;
- оқылым материалы бойынша жинақы мәтін жаза алады.

Жинақы мәтін жазуда оқылым материалдары бойынша орфографиялық, грамматикалық және пунктуациялық ережелерді сақтауын тілдік мақсат етіп алуға болады.

Сабақтың өн бойында қазақстандық патриотизм, азаматтық жауапкершілік, өмір бойы білім алу құндылықтарына баулу көзделеді. Тақырып қажеттілігіне қарай жазылым дағдысын негіз етіп, оқылым, тыңдалым, айтылым дағдысын жанама түрде қолдануға болады. Оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасау тапсырылады, бұл жазылым үдерісі деп аталады. Толығырақ айтқанда, жазылымды жоспарлаудан бастап, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге дейінгі оқушылардың әрекеті ұйымдастырылады. Бұл оқушыларды жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс жасай білуге дағдыландырады.

Сабақта оқушылардың тақырыпты өз бетімен меңгере алуына еркіндік беру, ізгілендіру ұстанымдары арқылы жүзеге асыру көзделеді. Оқушының жеке траекториясын ескере отырып, сындарлы оқыту теориясын басшылыққа алып, сабақ мақсатына жетелейтін белсенді әдіс-тәсілдерді нәтижеге бағыттап тиімді қолдануға болады. Оқушылардың әрекеті танымдық, коммуникативтік және өзін-өзі басқару тұрғысында көрініс тауып, барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылады. Сабақтың бастапқы кезеңінде уәж туындату, оқушыны сабаққа ынталандыру және жаңа тақырыпты жариялау мақсатында оқушыларға түрлі түсті конверттер үлестіру арқылы топқа бөліп, конверттегі ребус, жұмбақтарды шешу арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылады. Жазылым алдында оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін «Құндылық пирамидасына» адам бойына жақсы мінез қалыптастыру үшін қажетті құндылықтарды ретімен орналастыру ұсынылады. Жазылым кезінде жинақ мәтін жазуға дайындық ретінде «Танысу үшін оқу және сканерлеу» әдісін анағұрлым тиімді болады. Мәтінмен танысқаннан соң қажет деп тапқандары алдында құрастырылған «Құндылықтар пирамидасына» қайта оралып, түзетулер енгізеді. «Жылқы сұлбасы» әдісі арқылы жинақы мәтін жазуда басшылыққа алынатын негізгі ақпарттартарды, тірек сөздер мен қорытындыны анықтайды. Оқу мақсатын жүзеге асыру мақсатында жинақы мәтін жазғызып, топта оқытып, үздігін «Ыстық орындық» әдісі арқылы ортаға шығарып оқытуға болады. Сабақ барысында әрбір оқушының өзінің және сыныптастарының әрекетіне эмоциялық қолдау көрсетіліп отырады. Мәтіннен алған білімін қолданып, «Детальдарын қосу» әдісі арқылы оқушылар білімдерін толықтырса, жазылымнан кейінгі тапсырмада алған білімін «Бір сөйлеммен түйіндеу» әдісі арқылы жинақтайды. Сабақ соңында «Бағалау терезесі» арқылы кері байланыс жасалады. Сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отыру ұсынылады.

Бала қай кезде де өзі жасаған істен қанағат, ләззат алатыны белгілі. Сондықтан ойлау деңгейі әртүрлі оқушылар үшін әр тапсырмаға саралау жұмыстарын дайындау қажет. Құндылықтар тізбегін құрастыруда тәртіп, ақыл, мейірімділік т.б. сөздер салынған қорапша ұсынуға болады.

Мәтінді түсініп оқу кезінде ойлауға жетелеу сұрақтары бар топшама, ал жинақы мәтін жазуда үздік шыққан топтың «Жылқы сұлбасын» таныстыруға болады. Ойлау деңгейі жоғары оқушыларға мәтін негізінде берілген сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтау жұмысын беруге болады.

Саралап оқытуды ұйымдастырудың негізгі шарты күрделілігі, танымдық деңгейі, мұғалім тарапынан берілетін көмектің сипаты жағынан ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану болып табылады. Саралап оқытуды ұйымдастыруда оқушылардың оқу және танымдық деңгейлерінің әртүрлілігі басты назарда болады.

Баланың уәжін, сенімін қалыптастыру үшін бағалау критерийлеріне сәйкес әр тапсырмаға дескрипторлар құрастырылады. Бағалау оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етті. Оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік беріледі. Сыныпта белсенділік танытқан оқушыларға қолдау көрсетіліп отырады. Сабақ соңындағы кері байланыс оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді.

Алаштың аймаңдай тұлғасы, қазақ қара сөзінің құлжасы Ж. Аймауытұлы 1929 жылы жазған «Комплекспен оқыту жолдары» атты еңбегінде «Балалардың білгені, тапқан-таянғаны өмірге жанасып, жарыққа шығып отырып, барлық жұмысты балалардың белсене, құлшына өздері істеуі шарт. Өзі еңбектеніп, өзі бейнеттеніп тапқан білім берік болады. Өмірінше ұмытпайды», - деген болатын. Демек, жаңартылған білім мазмұнына сай құрылған әр сабақ оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге жол ашады. Қазіргі заманда табысқа жету үшін талап етілетін сын тұрғысынан ойлау, проблеманы шешу, қарым-қатынас жасау және бірлесіп әрекет ету сияқты негізгі дағдыларды меңгеруге ықпал етеді.

Сабақ жоспарын әзірлеу – сабақтың әдістемелік сценарийін жасау — мұғалімнен режиссерлік қабілеттен кем емес таланттылықты қажет етеді. Сабақтың әдістемелік сценарийінде сыныптағы әр оқушының «өзіндік рөлі» айқын берілуі керек. Сабақтың барлық кезеңдерінде мұғалімнің сабақ берушілік қана емес, басшылық, жетекшілік, қолдаушы, ынтымақшылдық болмысы айқын сезіліп тұруы тиіс. Мұғалім қазақ тілі сабақтарын «грамматикалық ережені айту», «жаттату», «талдаулар жүргізу» сияқты ғана іш пыстыратын әдістермен шектемей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, яғни күнделікті өмір жағдаяттарында керек болатын білім мазмұнын теориялық және практикалық бағытта ұйымдастыруы міндетті. Сабақ үстінде оқушылардың «жеке» — «екеу» —«үшеу» — «төртеу» — бесеу немесе «топ» — «команда» — «сынып» — «жеке» түрінде жұмыс істеуін ұйымдастырып, тапсырмалардың осы желіде орындалуын қадағалауы тиіс [17].

«Қазақ тілі» пәні бойынша сабақты жоспарлау келесі реттілікпен іске асырылады:

1) Сабақты жоспарлауда оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес сабақтың оқу мақсаттары мен күтілетін нәтиже басшылыққа алынады.

2) Оқу мақсатына жетуді бағалауға мүмкіндік беретін құралдары (критерийлер, дискрипторлар, деңгейлер және т.б.) құрастырылады.

3) Сабақта оқу мақсатына жетуді қамтамасыз ететіндей іс-әрекеттер оқыту әдістері мен бағалауға сәйкес жоспарланады.

Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалімге келесі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

- сабақты ұйымдастырғанда оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу;

- сабақ мақсаттарын анық тұжырымдау (S.M.A.R.T. қағидасы бойынша), яғни накты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;

- орта мерзімді жоспарда көрсетілген барлық іс-әрекеттерді, әдістемелік кеңестерді, ресурстарды мұқият зерделеу;

- мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады [16].

*Күнделікті сабақ жоспарын құруда назар аударатын мәселелер*:

1) ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген оқу мақсаттары арқылы оқушылардың тілдік дағдылары дамытылып, жетілдіріліп отырады және тарау аяқталған соң сол дағдылар бойынша бағаланады;

2) мұғалім сынып ерекшелігін ескере отырып, бір тарау барысында оқу мақсаттарының ретін, оларға ұсынылатын сағат санын өзі таңдап жоспарлай алады және мектеп журналына белгілі бір тарау бойынша ұсынылған тақырыпшаларды жазған дұрыс;

3) бір сабаққа таңдалатын оқу мақсатының саны 1-3 аралығында болуы қажет, үштен артық мақсат таңдалса, оқушыға қиындық тудырады және оны жүзеге асыру мүмкін болмайды;

4) қалыптастырушы және жиынтық бағалау оқу мақсаттарында көрсетілген дағдылар бойынша жүзеге асады;

5) күрделі деп танылған оқу мақсаттарын мұғалім сабақ мақсатына қарай бейімдейді және бірнеше бөлікке бөліп, бірнеше сабаққа жоспарлай алады;

6) бір сабақта сөйлеу әрекетінің бір немесе екі түрі ғана таңдалады. Егер сөйлеу әрекетінің екі түрін таңдаған кезде рецептивтіден (тыңдалым, оқылым) продуктивті дағдыға шығып отыруы қажет. Яғни оқушы тыңдаған не оқыған материал негізінде ауызша/жазбаша тапсырмалар орындауы қажет;

7) тыңдалым және оқылым дағдыларын қалыптастыру барысында мәтін кезеңдерін (мәтіналды кезең, мәтінмен жұмыс кезеңі, мәтінсоңы кезеңі) қатаң сақтау қажет;

8) жазылым және айтылым дағдыларын қалыптастыру барысында оқушыларға тақырып бойынша үлгі мәтіндер берілуі керек;

9) айтылым (диалог, монолог, полемика), жазылым (хат, хабарлама, мақала, т.б.);

10) грамматика коммуникативтік контексте оқытылады, яғни грамматика теориясынан гөрі оның функционалдығына, оқушылардың тілдік

бірліктерді ауызша және жазбаша түрде орынды қолдана білуіне аса мән беріледі;

11) лексикалық тақырыптар бойынша материал таңдау барысында қазақ тілі пәні мұғалімінің басты міндеті оқушының сол тақырып бойынша тілдік қорын байыту, тақырып бойынша ақпараттар бере отырып, шынайы өмірмен байланыс орнату, пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында оқушылардың академиялық сөздерді орынды қолдана білуіне ықпал ету [17].

Сабақ жоспарын құрастыру барысында оқушылардың деңгейі мен қажеттілігіне сай әдеби тіл нормаларын қалыптастыруға назар аударған дұрыс. Тілдік бірліктер мен құрылымдарды, яғни грамматиканы оқыту коммуникативтік контекст негізінде жүзеге асырылуы керек. Яғни мұғалім тіл туралы білім қалыптастырудан гөрі тілдік қолданыс, грамматиканың функционалдығына назар аударуы тиіс.

*Сабақ жоспарына қалыптастырушы бағалауды енгізу*

Қалыптастырушы бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерінің дамуы мен өсуіне әсер ететін сабақ барысындағы негізгі үдеріс. Ол күнделікті сабақта орын алады және оқушыға да, мұғалім үшін де маңызды.

Мұғалімге «Қазақ тілі» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспар әзірлеуге келесі ұсыныстар беріледі:

Сабақтың негізгі бөліміне арналған оқу мақсаттарын алдын ала анықтау қажет. Оқу пәні аясында оқушылардың сөздік қорын қалыптастырып, пән бойынша лексика мен терминдерді дұрыс қолдануды үйрету. Жеке оқушыға/ жұпқа/ топқа қойылатын сұрақтың нақты болуын ескеру; сабақта пайдаланатын көрнекі құралдар (ресурстар, материалдар) үнемі қолжетімді болуы, әрі дұрыс әзірлеу ұсынылады.

Сонымен қатар, алдыңғы сабақпен немесе басқа сабақтармен пәнаралық байланыс жасау; алдын ала жоспарланған сұрақтардың көмегімен оқушыларды белсенді түрде сабаққа ынталандыру; оқыту тәсілдердің бірі ретінде оқушылардың қателерін тауып, дұрыс түсінбеген жерлерін анықтап түзету оқушыларды тапсырмаларды жүйелі орындауына бағыттайды.

Топтық жұмыс ұйымдастыру барысында оқушылардың қызығушылығын арттыратын тапсырмаларды, жаттығуларды, ресурстарды және саралау әдісін тиімді пайдалану қажет. Жұппен немесе жеке жұмыс істеу барысында сыныптағы оқушыларға өзара байланысты (ұқсас) тапсырмалар, жаттығулар немесе проблемалық сұрақтарды беруді; оқушылардың арасындағы әріптестікті және жүргізген талқылауларын ынталандыруды ескерген орынды.

Бүкіл сыныппен талқылау барысында оқушылардан өзінің орындаған тапсырмасын түсіндіруге дағдыландыру қажет. Сонымен қатар оқушыларға сабақта келтірілген мысалдардан ортақ қорытынды шығаруға көмектесу; меңгерілген дағдылар мен идеялардың көмегімен шешімі табылмай жүрген проблемаларды талқылау; өзге жұмыспен байланыстыру және келесі орындалатын шараларды талқылау ұсынылады.

Сонымен жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің пән бойынша әзірлеген сабақ үлгілері осы әдістемелік ұсынымдаманың соңында (қосымша) берілді

Мұғалімдер сабаққа дайындалуда қосымша материалдар алу үшін төменде аталған дереккөздерді басшылыққа алады:

1. http://nao.kz - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайты;
2. http://ustazuni.kz - мұғалімдерге арналған сайт;
3. https://infourok.ru/ - ұстаздарға арналған білім көтеру, ашық сабақтар сайты;
4. http://mugalimder.kz - республикалық сайт;
5. http://bilimland.kz – ұстаздар мен білім алушыларға арналған сайт;
6. http://abai.kz- ақпараттық-танымдық сайт;
7. http://bilimger.kz- білім порталы;
8. http://ustaz.kz - ашық сабақтар сайты;
9. http://sabak- сайт творческих учителей Казахстана;
10. http://sabaqtar.kz/kazaksh/ - Қазақстан ұстаздарына арналған әдістемелік сайт;
11. http://bilimsite.kz/ustaz - білімділер сайты;
12. http://ped.kz - ұстаздардың әлеуметтік порталы;
13. http://oqu-zaman.kz - ұстаздар мен білім алушыларға арналған қосалқы білімді сайт;
14. http://tarbie.org - ұстаздар сайты;
15. http://kazbilim-edu.kz- оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қазақ тілі сабақтарында тиімді пайдалану.

Оқу бағдарламасымен қатар, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы (сілтеме: smk.edu.kz) мұғалімдерге ұсыным ретінде «Қазақ тілі» пәні бойынша орта мерзімді оқу жоспары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар құрастырған. Оқу жоспарында әр оқу мақсатын жүзеге асыру бойынша мұғалімге арналған ұсыныстар, түсініктемелер берілген.

## Қорытынды

Білім беру мазмұнын жаңартудың басты сипаты білім берудің құрылымы мен мазмұнына, оқытудың әдіс-тәсілдері мен бағалау жүйесіне елеулі өзгерістердің енгізілуі болып табылады.

Білім беру процесінің мазмұны оқушылардың алған білімдерін, біліктерін және дағдыларын өмірде және мектепте шығармашылықпен қолдануға дайындығын қалыптастыруға, табысқа жетудегі табандылықты дамытуға бағытталған өмір бойы оқуға ынталандырады.

«Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы оқушысына қазақ тілін ана тілі ретінде тілдік қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтін түзімдік қызметін танытуды, тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құратудағы заңдылықтарды үйретуді, тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын меңгертуді, әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін меңгертуді көздейді.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында әзірленген осы әдістемелік ұсынымдама үш бөлімнен тұрады.

Әдістемелік ұсынымдаманың бірінші бөлімінде білім беру мазмұнын жаңарту аясындағы «Қазақ тілі» оқу бағдарламасының (5-9-сыныптар) ерекшеліктері ашып көрсетілген. Бұл бөлімде аталған оқу пәнінің базалық мазмұны мен оқу мақсаттарын қамтитын бөлімдер мен бөлімшелер түсіндірмелерімен кесте және сызба түрінде берілген. «Қазақ тілі» пәні бойынша оқушылардың тілдік дағдылары мен оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыруға арналған теориялық ұғымдарға талдау жасалған.

Екінші бөлімде «Қазақ тілі» (5-9-сыныптар) пәнін оқытуды ұйымдастыру түрлері мен әдістері қарастырылған. Оқытудың белсенді әдістерін оқу процесінде іске асыру тәсілдеріне көңіл бөлінген.

Әдістемелік құралдың үшінші бөлімінде оқу пәні бойынша 5-9-сыныптардағы бағалау критерийлері, қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу тәсілдері мен тапсырмалардың үлгілері берілген. Сонымен қатар, «Қазақ тілі» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспар әзірлеуге қойылатын талаптар мен қысқа мерзімді жоспарлардың үлгілері ұсынылған.

Бұл әдістемелік құрал білім беру мазмұнын жаңарту аясында әзірленген ұсынымдамалық сипаттағы және республиканың жалпы білім беретін мектептерінің пән мұғалімдері басшылыққа алатын құралдардардың бірі болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер


1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.

3. Құрман Н., Есенова Г. Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері. — Ақтөбе, 2010. — 144 б.

4. Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. — Астана: Таным, 2008. — 162 б.

5. Жүсіпбек Аймауытов: Ана тілін қалай оқыту керек. Жаңа мектеп, 1925, №2.

6. «Мұғалімге арналған нұсқаулық». «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. ПШО. Астана, 2017

7. Әдістемелік нұсқаулық. «Тілдік дағдыларды дамытуда мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері». «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. ПШО. Астана, 2018

8. А.Қ. Әлімов. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» оқу құралы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. ПШО. Астана, 2014

9. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша «Мұғалімге арналған нұсқаулық». – Астана, 2017.

10.Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – Алматы, 2005.

11. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы, 2012.

12. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал./ О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденова. – Астана: «НЗМ» ДББҰ 2016. – 12-33б.

13. Тыңдалым және айтылым дағдыларын қалыптастырушы бағалау құралдары – Астана, 2017.

14. С.Қирабаев «Мектеп және қазақ әдебиеті» Мектеп, 1979 ж.

15. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта мектеп деңгейлерінің оқыту тілдеріне қарай оқу нормативтері бойынша әдістемелік ұсынымдар, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, 2017.

16. 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. Нұр-Сұлтан, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

17. Қысқа мерзімді жоспарларды әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана. ҰБА. 2014.

**Қосымша**

Алматы қаласы Әуезов ауданы № 116 коммуналдық жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айнагүл Биркелемованың бөлім бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалары үлгі ретінде ұсынылды.

**«Кәсіп – бақыттың шырағы, еңбек – ырыстың бұлағы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары**

**Оқу мақсаты** 8.3.2.1. Публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау;

8.4.2.1. Эссе құрылымы мен дамуын сақтап, тақырыпқа байланысты берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну;

8.1.3.1. Оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздердің мағынасын түсіну.

**Бағалау критерийі** Білім алушы

• Мәтіндегі жанрға қатысты ерекшелікті анықтайды

• Қазақ халқы ұғымындағы «жеті қазынаны» атайды.

• Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіреді.

• Эссе құрылымын сақтайды, мәселенің шешу жолдарын ұсынады.

**Ойлау дағдыларының деңгейі** Жоғары деңгей дағдылары

**Орындау уақыты** 25-30 минут

**Тапсырма.** Мәтінді мұқият оқып, оның жанрлық ерекшелігіне талдау жасаңыз.

«Адамды адам еткен - еңбек» десек, қазіргі кезде еңбек адамы деп кімді бағалаймыз. Осы орайда шығармашыл тұлғаға төмендегі сауалдарды жолдаған едік: - Еңбек адамы дегенді қалай түсінесіз? - Менің ойымша, еңбек адамы - ең алдымен, таза жұмыс істейтін адам. Өзінің табысын маңдай терімен табатын, жанын салып жұмыс істейтін адам. Ол дихан бола ма, малшы бола ма, жазушы бола ма, актер бола ма, бәрібір. Еңбек адамы кез келген салада болу керек. - Қазіргі қазақ қаламгерлері, режиссерлері еңбек адамының образын жасады ма? - Бүгінгі таңда театрда еңбек адамы толықтай сомдалған жоқ. «Еңбек адамы» десе, далада жұмыс істеп жүрген жанды көрсетуге тырысады. Бір кездері тамаша очерк жанры болған. Ол уақытта әрбір журналист еңбек адамы туралы очерк жазатын. Елге баратын, солардың еңбегін көретін. Ал қазір тарихи шығармаларға көбірек бет бұруда. Адал еңбекті насихаттайтын шығармалар жазылып, фильмдер түсірілсе жақсы болар еді.

1. Мәтіннің жанрын анықтаңыз.
A) мақала
B) әңгіме
C) сұхбат
D) очерк

2. Жанрға тән екі ерекшелікті жазыңыз.
1.___________________________________________________________________________
__________
2.___________________________________________________________________________
__________

3. Қазақ халқы жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырып, оның ұғымына нелерді жатқызған?
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
_______________________

4. Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріңдер.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Тазымен аң аулау | 1. | жабағы |
| 2. | Биенің жас төлі | 2. | Б.Шайкеновтың өнертабысы |
| 3. | Мал атаулының ішіндегі ең қайраттысы | 3. | үш топқа |
| 4. | Аң аулауды кәсіп еткен адам | 4. | қарасонар |
| 5. | «Қайқы желқалақ» | 5. | құрт аурулардың мың да бір емі |
| 6. | Алты айдан асқан құлын | 6. | жылқы |
| 7. | Қазақ аңшылары тазы итті аң қағу өнеріне қатысты неше топқа бөлген? | 7. | аңшы |
| 8. | Жылқының қымызы- | 8. | құлын |

_1 -_____ , 2 -______, 3 -______, 4 -_____ , 5 -____ , 6 -__ , 7 - ,
8 - ______.

4. «Неліктен адамдар мамандығына сәйкес келмейтін жұмыстармен айналысады?» деген тақырыпта пікір білдіріп, 2 аргумент келтіріп, эссенің негізгі бөлімін жазыңыз.
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________
___________________________________________________________________________

| Бағалау критерийі | № тапсырма | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|---|
| | | Білім алушы | |
| Мәтіндегі жанрға қатысты ерекшелікті анықтайды | 1-2 | мәтіннің жанрын анықтайды; | 1 |
| | | жанрға тән екі ерекшелікті жазады | 1<br>1 |
| Жеті қазынаға нелер жататынын атайды | 3 | жеті қазынаға нелер жататынын жазады | 2 |
| Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестігін көрсетеді | 4 | Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіреді | 4 |
| Эссе құрылымын сақтайды, мәселенің шешу жолдарын ұсынады | 5 | тақырыпқа қатысты пікір білдіреді | 1 |
| | | пікірін аргументтермен дәлелдейді | 1<br>1 |
| **Барлығы** | | | **12** |

## «Тарихи тұлғалар тағылымы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

**Оқу мақсаты** 8.1.3.1 Оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну
8.5.1.5 Демеулік шылаулардың (күшейткіш, сұраулық) қызметін білу, ауызша және жазбаша жұмыстарда қолдану.
8.1.6.1.Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде деректерді келтіре отырып, дәлелді жауап беру.

**Бағалау критерийі** *Білім алушы*

• Мәтіндегі күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын ажыратады
• Демеулік шылаулардың (күшейткіш, сұраулық) қызметін біледі, ауызша және жазбаша жұмыстарда қолданады.
• Берілген нақыл сөздерді сәйкестендіреді.\

- Сұрақтарға дұрыс жауап береді.
- Сазгердің әндерін атайды, жатқа айтады.

**Ойлау дағдыларының деңгейі** Қолдану

**Орындау уақыты** 25-30 минут

**Тапсырма.** Үзінділерді мұқият тыңдап, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

*1-үзінді*

Соғыста Исатай оққа ұшып, Махамбеттің жалғыздық зарын шеккеніне сегіз жыл үш ай болды. Ұзақ уақыттың ішінде жасаған сансыз жорығы ойына оралды. Исатайсыз бастаған ереуілі жеңіліс тапқалы бері Махамбеттің бармаған жері, баспаған тауы қалмады.

*2-үзінді*

Мінгені Исатайдың Ақтабаны-ай,
Сүт беріп, сұлы беріп баптағаны-ай.
Зеңбірек үш атқанда дарымады,
Құдайдың міне қара сақтағаны-ай.

1. Берілген тұрақты тіркестер мен күрделі сөз тіркестердің мағыналарын өз сөзіңізбен жазыңыз.

*Зар шегу* -
______________________________________________________________

*Ойына оралу* -
__________________________________________________________

*Бармаған жері, баспаған тауы жоқ* –
_____________________________________

1.1.Берілген өлең жолдарынан күшейткіш демеуліктерді теріп жазыңдар.
___________________________________________________________________
___________________________________________________________________
___________________________________________________________________

2. Берілген нақыл сөздерді сәйкестендіріңдер.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Сен жаудан қашсаң, | 1 | қаңғып қалады |
| 2 | Сабырлылық алдында дұшпан сасады, | 2 | жүректілік – жігіттің қасиеті. |
| 3 | Бірліктен айырылған ел | 3 | жауды күйрете алмайсың. |
| 4 | Ерлік – ердің қасиеті, | 4 | сабырсыздан береке қашады. |
| 5 | Жаныңнан күдер үзе соғыспасаң, | 5 | жігітті жұрт үшін мақта. |
| 6 | Ерді ел үшін, | 6 | өмір сенен қашады. |

_1 -__________ _ 2 -___________ 3 -__________ 4 -__________ 5 -__________ 6 -_____

3. Сұрақтарға жауап беру арқылы алған білімдерін пысықтау.
1.Құрманғазының шығармаларындағы өзекті мәселелерді атаңдар?

2. Ә.Қастеев Қазақстанның халық суретшісі деген атаққа қалай жетті?

3.Ж.Үшкемпіров қашан чемпион атанып, күллі әлемге танылды?

4.Шәмшінің әндері қандай?

5.«Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз адам» - деп айтқан кім?

6.Әлихан Бөкейханов кім?

2. Шәмші Қалдаяқовтың қандай әндерін білесіңдер? Атап беріңдер. Жатқа айтыңдар.

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| | | **Білім алушы** | |
| Мәтіндегі күрделі сөздер | 1 | сөз тіркестері мен тұрақты тіркестердің | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| мен тұрақты тіркестердің мағынасын ажыратады | | мағынасын түсініп жазады; | 1<br>1 |
| Берілген өлең жолдарынан күшейткіш демеуліктерді табады | 1.1 | Берілген өлең жолдарынан күшейткіш демеуліктерді теріп жазады. | 1 |
| Берілген нақыл сөздердің сәйкестігін анықтайды. | 2 | Берілген нақыл сөздерді дұрыс сәйкестендіреді. | 1<br>1<br>1 |
| Берілген сұрақтарды жауабын айтады | 3 | Сұрақтарға дұрыс жауап береді | 6 |
| Ш. Қалдаяқовтың әндерін атайды, жатқа айтады. | 4 | Ш.Қалдаяқовтың әндерін атап береді | 1 |
| | | Әннен үзінді жатқа айтады | 1 |
| **Барлығы** | | | **15** |

**Бөлім атауы** **«Қызым - жағадағы құндызым, ұлым - аспандағы жұлдызым»**

**Оқу мақсаты** 8.2.3.1 Ауызша мәтіндер құрауда сөз ішіндегі және сөз аралығындағы үндестік заңын ескеріп айтады;
8.3.3.1. Прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру;
8.5.1.5. Демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарды орынды қолдану.

**Бағалау критерийі** *Білім алушы*

. Болжалдық және шектік мәнді шылауларды қатыстырып, сөйлемді толықтырады.

. Екі бағандағы тұжырымдарды, туыстық атауларды мағынасына қарай сәйкестендіреді

. Берілген сұрақтарға жауап береді.

. Кейіпкерлерге мінездеме береді.

. Ұсынылған суреттердің бірін таңдап, ауызша мәтін құрады.

Мәтінде сөз аралығындағы, сөз ішіндегі үндестік заңын ескереді.

**Ойлау дағдыларының деңгейі** *Жоғары деңгей дағдылары*

**Орындау уақыты** 30-35 минут

1. Болжалдық және шектік мәнді шылауларды қатыстырып, сөйлемді толықтырыңдар.

1. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры жыры қазақ халқында ........... емес, түркітектес халықтарда да жырланады.

2. Қозы мен Баянды дүниеге келмей жатып- .......... атастырған.
3. Қарабай уәдесінде тұрмай, қызын Қодарға беруді жөн көріпті-............ .
4. Алыстан көрінген кесенені жолаушылар Қозы мен Баянның бейіті болар - ...... деп ойлады.
5. Тәлім-тәрбие .......... адамды парасатқа жеткізеді.
6. ............ шынайы қарым-қатынас достықты көркейтеді.

2. Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.
1. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» кесенесі қай жерде_орналасқан?_____________
________________________________________________________________
________________________________________________________________
_________________

2. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» кесенесі қай ғасырларда тұрғызылған?________
________________________________________________________________
________________________________________________________________
_________________

3. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры қандай жыр?__________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________
_________________

3. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының басты кейіпкерлеріне мінездеме беріңдер.
1. *Қозы_Көрпеш* -
__________________________________________________________
_______________________________________________________________
________________________________________________________________

2. *Баян_сұлу_*-
_____________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________

3._*Қодар* -
________________________________________________________________
____________________________________________________________
______________________________________________________

4. Берілген тұжырымдарды, туыстық атауларды сәйкестендіріңдер.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Атастыру - | 1. | басқа елдің болашақ келіні, болашақ ана. |
| 2. | Ұл - | 2. | жас отбасының көтерген шаңырағы |
| 3. | Отау- | 3. | ар-ұятты және тәрбиелі болу. |
| 4. | Қыз - | 4. | халықтың шығу тегі, таралуы. |
| 5. | Тектілік - | 5. | он екі жылдан тұратын жас өлшемі |
| 6. | Шежіре - | 6. | шаңырақ иесі, ұрпақ жалғастырушы |
| 7. | Мүшел - | 7. | ағаның әйелі |
| 8. | Жеңге - | 8. | ұлы мен қызы бар ата-ананың өз балаларын үйлендіру жайында күнібұрын уәделесуі |

__1_-            2 -            3 -            4 -            5 -            6 -     ______7 -___         8 -_____

**5.**Ұсынылған суреттердің бірін таңдап, ***«Тәрбие - отбасынан басталады»*** тақырыбына ауызша мәтін құраңыз. Мәтінде сөз аралығындағы, сөз ішіндегі үндестік заңын ескеріп айтыңыз.



.



| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| | | **Білім алушы** | |
| Болжалдық және шектік мәнді шылауларды сөйлемде қолданады. | 1 | көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сай қажетті болжалдық және шектік мәнді шылауларды қатыстырып, сөйлемді толықтырады. | 1<br>1<br>1 |
| Берілген сұрақтарға толық жауап береді. | 2 | сұрақтарға дұрыс жауап береді. | 1<br>1<br>1 |
| Жырдың басты кейіпкерлеріне мінездеме береді. | 3 | басты кейіпкерлерге мінездеме береді. | 1<br>1<br>1 |
| Екі бағандағы тұжырымдардың, туыстық атаулардың мағынасына қарай сәйкестігін көрсетеді | 4 | екі бағандағы тұжырымдарды, туыстық атауларды мағынасына қарай сәйкестендіреді | 1<br>1<br>1<br>1 |
| Тақырыпқа қатысты ауызша мәтін құрауда үндестік заңын ескеріп айтады | 5 | таңдалған суреттегі іс-әрекеттерді түсіндіреді | 1 |
| | | мәтін құрауда үндестік заңын ескеріп айтады. | 1 |
| **Барлық балл** | | | **15** |

**Бөлім** **«Биоалуантүрлілік. Жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер»**

**Оқу мақсаты** 8.3.1.1 Перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті

ақпаратты анықтау

8.4.5.1 тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер);

сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану

8.5.1.5. демеулік шылаулардың (болымсыз,нақтылау мәнді) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарды орынды қолдану.

**Бағалау критерийі** Білім алушы

• Перифраз сұрақтар негізінде ақпараттарды ажыратады;

• Мәтінде сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілерді қолданады;

• Болымсыздық және нақтылау мәнді шылауларды қатыстырып, сөйлемді толықтырады;

• Берілген сұрақтарға жауап береді;

• Ауызша мәтін құрады, мәтінде болымсыздық, нақтылау мәнді демеуліктерді қолданады.

**Ойлау дағдыларының деңгейі** Жоғары деңгей дағдылары

**Орындау уақыты** 30-35 минут

1. Мәтінді мұқият тыңдап, берілген сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріңіз.

Жаз ортасына жақындаған кез болды. Көксерек үлкейді және семірді, бірақ үлкейісі даладағыдай емес, бәсеңдеу. Ауылдағы өзі құрбы күшіктерден сонша үлкен емес. Осы уақытқа дейін Көксерек ауыл итінен көресіні көрді. Бірде-бір ит мұны дос көрмейді, маңына жақындатпайды. Қасқырға шабатын батыл төбеттер бұны талап та тастайды. Өзге көп ит те ырылдап үріп, кейде тап беріп, әр жерінен тістеп тартып кетеді. Құрмаш қасында болғанда таяқ жемейді, бірақ ержете бастаған сайын иесі көз жазып қала берді.

| Сұрақ | Жауап |
|---|---|
| Көксеректі қалай суреттейді? | |
| Көксеректі қандай иттер тістеп тастайтын? | |
| Ауыл иттері Көксерекпен неге достаспады? | |

| | |
|---|---|
| | |
| Жылдың қай мезгілі болатын? | |

2. Берілген сөздерді дұрыс нұсқада жөндеп, сәйкес бағандарға жазыңыз. *Сөздер:* хайуанаттар-бағы, түйме дақ, Барса келмес, Қызылкітап, адам-зат, жан жануарлар, халық аралық, омыртқа-сыздар, био ресурс, кон-венция, жабайықызғалдақ, қоршаған-орта, ақ қу

| Дара сөз | Тіркесті сөз | Біріккен сөз | Қос сөз |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

3. Болымсыздық және нақтылау мәнді шылауларды қатыстырып, сөйлемді толықтырыңдар.

1. Бұл оқиға бұрын болған- ...... .
2. Олар ауылға кеше .........., бүгін де шықпаған көрінеді.
3. Таныстырып қайсаң болды, өздері кездесе береді ........ .
4. Бұл тапсырманы сен ........., мен де уақытында тапсырмадым.
5. Қолым тигенде өзім барып қайтамын ........ .
6. Малшылар жайлауға кеше .......... , бүгін кетпепті.

4. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Көксерек» әңгімесі қай жылы жазылған?________________________________

2.Әңгіменің тақырыбы -
______________________________________________________________
______________________________________________________________

3.Әңгіме қалай аяқталады?________________________________________________
______________________________________________________________

4. «Жауқазындар падишасы» деп аталатын өсімдік_-
______________________________________________________________
______________________________________________________________

5.Жыртқыш құстардың ең ірісі_-
____________________________________________________

6.Ұзақ уақыт шөлге шыдамды, аталығының мүйізі 40 сантиметрдей, аналығы мүйізсіз болатын жануарды атаңдар.______________________________________________
______________________________________________________________

5. ***«Жануарлар, құстар, өсімдіктер – табиғаттың бір бөлшегі»*** тақырыбына ауызша мәтін құраңдар. Мәтінде болымсыздық, нақтылау мәнді демеуліктерді қолдану.

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| | | **Білім алушы** | |
| Перифраз сұрақтар негізінде ақпараттарды ажыратады | 1 | перифраз түріндегі сұрақтарға жауап береді | 1<br>1<br>1<br>1 |
| Мәтінде сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілерді қолданады | 2 | сөздерді бағандарға сәйкес дұрыс жіктейді | 1<br>1<br>1<br>1 |
| | | қате жазылған сөздерді ережеге сай жазады. | 1 |
| Болымсыздық және нақтылау мәнді демеуліктерді сөйлемде қолданады. | 3 | көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сай қажетті болымсыздық және нақтылау мәнді демеуліктерді қатыстырып, сөйлемді толықтырады. | 1<br>1 |
| Берілген сұрақтарға толық жауап береді. | 4 | сұрақтарға дұрыс жауап береді. | 1<br>1 |
| Берілген тақырып бойынша мәтін құрып, болымсыздық, нақтылау мәнді демеуліктерді қолданады. | 5 | тақырып бойынша мәтін құрады | 1 |
| | | мәтінде болымсыздық, нақтылау мәнді демеуліктерді қолданады. | 1 |
| **Барлық балл** | | | **15** |

**Бөлім** **«Мәңгілік елдің нұрлы жолы!»**
**Оқу мақсаты** 8.1.4.1 Орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау;
8.2.2.1 Түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті орамаларын қолдана білу;
8.5.2.1. Жазба жұмыстарында талғаулы салалас құрмалас сөйлемді құрастыру.

**Бағалау критерийі** *Білім алушы*
- Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды;
- Талғаулы салалас құрмалас сөйлемнің ережесін айтады, жазба жұмыстарында қолданады;
- Берілген сұрақтарға жауап береді,
- Мақалдарды мағынасына қарай сәйкестендіреді;

- Мәтіндердегі ақпараттар мен ұлттық сөз әдебі және сөйлеу этикеті формаларын ауызша мәтін құрауда қолданады.

| | |
|---|---|
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Қолдану |
| **Орындау уақыты** | 30-35 минут |

1. Мәтінді мұқият тыңдап, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Қалың жұртым, қазағым, мақтан бүгін,
Жан сырыңды жайып сап ақтар бүгін.
Мерейі үстем мерекең болсын құтты,
Сан ғасырлар жоғалтып тапқан бүгін.
Көңілге ыстық, көзге нұр атың қандай,
Адамзатты аялап шақырғандай,
«2030» атты болашағың
Келе жатыр қол бұлғап батырлардай.
Тұлғасы бол, қазағым, бар биіктің,
Ән шырқасын әр күнің жаңғырып тым.
Иегері бола бер, Қазақстан,
Таңдандырар өзін де мәңгіліктің!

1. Мазмұны негізінде өлеңге тақырып қойыңыз.

2. Өлеңнің идеясын анықтап, 1 сөйлеммен жазыңыз.

**2.** Талғаулы салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не? Берілген сөйлемдерден құрмалас салалас сөйлемдер құрастырыңдар.

1. Ертерек үйге дәрігер шақырту керек,
2. Бүгін жұмыс істеймін,
3. Тезірек шөп шабу керек.

Берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «*Рухани жаңғыру*» дегеніміз не?____________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________

2. Рухани жаңғырудың басты бағыттарын атаңдар.____________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
_____________________________________________

3.*«Рухани жаңғыру»* бағдарламасының ұлттық сананы жаңартудағы басты міндеттері: (жобасы)

Бірінші бағыт:____________________________________________________

Екінші бағыт:_____________________________________________________

Үшінші бағыт:_____________________________________________________

Төртінші бағыт:___________________________________________________

Бесінші бағыт:____________________________________________________

Алтыншы бағыт:___________________________________________________

4. Бәсекеге қабілетті болу үшін не істеу керек?

____________________________________________________________________
____________________________________________________________________
____________________________________________________________________
____________________________________________________________________
____________________________________

4. Мақалдарды мағынасына қарай сәйкестендіріңдер

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Кісі елінде сұлтан болғанша, | | өлең төсегім. |
| | Өз елім - | | туың тік. |
| | Отансыз адам - | | Өз еліңде ұлтан бол. |
| | Туған жерге | | ормансыз бұлбұл. |

1-______________2 -___________________3 -____________________4 -

5. Өлеңдегі ақпараттарды және адамның түрлі көңіл күйін білдіретін сөздерді қолдана отырып, ***«Тәуелсіз елдің ұланымын!»*** тақырыбында өз ойыңызды білдіріңіз.

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырм №** | **Дескриптор** | |
|---|---|---|---|
| | | **Білім алушы** | **Бал.** |
| Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды | 1 | өлеңге тақырып қояды; | 1 |
| | | өлеңнің идеясын бір сөйлеммен береді; | 1 |
| Талғаулы салалас құрмалас сөйлемнің ережесін айтады, жазба жұмыстарында дұрыс қолданады | 2 | талғаулы салалас құрмалас сөйлемнің ережесін біледі | 1 |
| | | берілген сөйлемдерден талғаулы салалас құрсалас сөйлемдер жасайды | 1<br>1<br>1 |
| Сұрақтарға дұрыс жауап бере алады | 3 | берілген сұрақтарға дұрыс жауап береді | 1<br>1<br>1<br>1 |
| Мақалдарды мағынасына қарай сәйкестігін анықтайды. | 4 | мақалдарды мағынасына қарай сәйкестендіреді | 1<br>1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мәтіндердегі ақпараттар мен ұлттық сөз әдебі және сөйлеу этикеті формаларын ауызша мәтін құрауда қолданады | 5 | адамның қуану, шаттану секілді көңіл күйлеріне қатысты сөздерді қолданады; | 1 |
| | | айтылымда өлең мәтініндегі ақпараттарды қолданады; | 1 |
| | | тақырыпқа қатысты өз ойын білдіреді. | 1 |
| **Барлық балл** | | | **15** |

## *«Қазақстанның айтыс өнері мен сөз мәдениеті» бөлімі бойынша жиынтық бағалау жұмысы*

**Сөйлеу түрлерінің әрекеті** Оқылым Айтылым Жазылым

**Оқу мақсаты** 8.3.2.1 Публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау;

8.4.1.1 Мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу ;

8.5.2.1 жазба жұмыстарында кезектес құрмалас салалас сөйлемдерді құрастыру.

**Бағалау критерийі** Білім алушы

Мәтіндегі (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) жанрға қатысты ерекшелікті анықтайды;

- Сұрақтарға жауап береді;
- Сөйлемдердің сәйкестігін анықтайды;
- Кезектес салалас құрмалас сөйлемнің ережесін айтады, сөйлем құрастырады;
- Шағын мақала, пікір, интервью жазуда жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтайды.

**Ойлау дағдыларының** Қолдану деңгейі
**Орындау уақыты** 30-35 минут

Мәтіндерді оқып, жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасаңыз.

Бабаларымыз ежелден «Өнер алды – қызыл тіл» деп сөз өнерін аса жоғары бағалаған. Ақындар сөз сайысы кезінде жеңіске жетудің жолын іздеп, нақты дәлелдер келтіріп, сөзбен жеңген. Айтыста ақындардың импровизациясы, логикасы мен дәлелінің күштілігі анық байқалуы тиіс. Сөз өнерінің, образды, көркем ойлардың тілдік көрінісін айтыс өлеңдерінен көреміз. Ақындар тіліндегі көркем құралдарының бірі – мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдердің көпшілігі игі қасиеттерге үндеу, уағыздау сипатында болады. Мақал-мәтелдердің ерекшелігі – мазмұны терең, аз сөзбен көп мағына береді және көпшілігі есте тез сақталады. Айтыс өлеңдеріндегі мақал-мәтелдер тілдің

эстетикалық қызметін күшейтіп, өлең сөзді әсерлі етеді. Ал қанатты сөздер мен мақал-мәтелдер әдеби тілімізді байытуға қосқан айтыс ақындарының үлесі екендігін көрсетеді.

1. Мәтіннің жанры ______________________________________

2. Мәтіннің жанрына тән 2 ерекшелікті белгілеңіз.
A) кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдер қамтылады
B) өзекті мәселе талқыланып, автор көзқарасы жазылады
C) көтерілген мәселе диалог түрінде жазылады
D) шығарманың тіл ерекшелігі, көркем тәсілдері жазылады
E) оқиғаларды, талдап-бағалайды, оқырмандарға түсіндіреді

Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Айтыс қандай өнер?_ Қазақ халқының айтыс өнері қай ғасырда дамыған?_______________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
____________________

2.Айтыстың қандай түрлері бар?________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________

3. Манап деген кімдер?___________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
_________________________________________________________________

4. Бөрік деген не?_______________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________

5.Қазіргі айтыс ақындарынан кімдерді білесіңдер?_________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________

___________________________________________________________________
___________________________________________________________________
_______________________________________________________________
6.Айтыскер ақынға қандай қасиеттер керек деп ойлайсыңдар?____________
___________________________________________________________________
___________________________________________________________________
___________________________________________________________________
___________________________________________________________________
____________________________________________________

3. Сөйлемдерді сәйкестендіріңдер.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Сөз тазалығы дегеніміз - | 1 | сөзді тілдегі мағынасына лайық қолдану |
| 2 | Сөйлеген сөзіміз сөз дәлдігі талаптарына сай келу үшін қойылар бірінші талап - | 2 | әдеби тілдің жазбаша, ауызша түрлеріне тән нормаларды игеру |
| 3 | Сөз мәдениеті - | 3 | сөз тазалығы |
| 4 | Сөз мәдениетіне қажетті аса маңызды сапалардың бірі - | 4 | сөйлеу тілінің тазалығы, сөзімізде бөгде тілдік элементтердің болмауы |

__ 1_-_____________ _2 -_________________ 3 -____________________4 -
_______________

4. Кезектес салалас құрмалас сөйлемнің ережесін айтыңдар, үш кезектес салалас құрмалас сөйлем құрастырыңдар.
1. Кезектес салалас құрмалас сөйлем - ________________________________
___________________________________________________________________
___________________________________________________________________
2.__________________________________________________________________
___________________________________________________________________
___________________________________________________________________
___________________________________________________________________
3.__________________________________________________________________
___________________________________________________________________
___________________________________________________________________
4.__________________________________________________________________
___________________________________________________________________
___________________________________________________________________

5. Өзіңіз таңдаған айтыскер ақынның бірімен сұхбат мәтінін дайындаңыз

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| | | **Білім алушы** | |
| Мәтіндегі (мақала, интервью, | 1 | мәтін жанрын жазады; | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| қысқа очерк, жолдаулар) жанрға қатысты ерекшелікті анықтайды | | анықталған жанрға сай 2 ерекшелікті белгілейді; | 1<br>1 |
| Берілген сұрақтардың жауабын жазады | 2 | сұрақтарға жауап береді | 6 |
| Сөйлемдердің сәйкестігін анықтайды | 3 | сөйлемдерді сәйкестендіреді | 2 |
| Кезектес салалас құрмалас сөйлемнің ережесін айтып, сөйлем құрастырады | 4 | кезектес салалас құрмалас сөйлемнің ережесін айтады | 1 |
| | | үш сөйлем құрастырады | 1 |
| Өзіңіз таңдаған айтыскер ақынның бірімен сұхбат мәтінін жазыңыз. | 5 | сұхбат құрастыруда тақырыпты ашады; | 1 |
| | | сұхбаттың жанрлық ерекшелігін ескереді. | 1 |
| **Барлығы** | | | **15** |

## Қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгілері

Талдықорған қаласы, Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Ғалия Иманбекованың қысқа мерзімді сабақ жоспары

| | | |
|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:<br>«Қиял әлемі» | Талдықорған қаласы, Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясы | |
| Күні: | 01.02.2019 ж | |
| Мұғалімнің аты-жөні: | Иманбекова Ғалия | |
| Сынып: 5 «Б» | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |
| Сабақтың тақырыбы: | Қиялдан туған суреттер. Қысқарған сөздердің емлесі | |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары | О5.2 Лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тану | |
| Сабақтың мақсаты | ***Барлық оқушылар:*** Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінеді.<br>***Оқушылардың басым бөлігі***: Лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы тани алады.<br>***Кейбір оқушылар:*** Мәтін мазмұны бойынша өзіндік ой-пікірлерін айтады. | |
| Бағалау критерийі | 1. Мәтіндердің стильдік айырмашылықтарын ажырата алады<br>2. Мәтін мазмұны бойынша өзіндік ой-пікірлерін айтады. | |
| Тілдік мақсаттар | Оқушылар:<br>Негізгі сөздер мен сөз тіркестері: *қиял, стиль* сөздерінің мағынасын түсінеді.<br>Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:<br>- Қиял туралы не білесіңдер?<br>- Қиялдан қандай шығармалар туындайды ?<br>- Арман мен қиялдың қандай айырмашылығы бар ? | |

| | | |
|---|---|---|
| Құндылықтарға баулу | *Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығына баулу* | |
| Пәнаралық байланыс | Әдебиет | |
| Тақырып бойынша алдыңғы білім | Қос сөздер туралы біледі. | |
| Сабақ барысы | | |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
| Сабақтың басы 10 минут) | 1.«Мен бақыттымын, себебі...» әдісімен жағымды атмосфера қалыптастырамын.<br>2.Үйге жазуға берілген тапсырманы сұраймын. Оқушылар күрделі сөздер атауымен «Біріккен сөз», «Қос сөз», «Қысқарған сөз», «Тіркесті сөз» деп төрт топқа бөлінеді. | |
| Сабақтың ортасы ( 25 минут) | **1. Миға шабуыл**. (5 минут) «Еркін микрофон» әдісімен оқушыларға өтілген тақырып пен үй тапсырмасы туралы сұрақтар қоямын:<br>- Балалар, біз қазақ тілі сабағынан қандай бөлімді аяқтадық?<br>- Қандай грамматикалық тақырыптармен таныстық?<br>- Қиял дегеніміз не?<br>- Сөзжасам деген не?<br>- Күрделі сөздердің қандай түрлері бар?<br>- Біріккен сөз деген не? Қос сөз деген не?<br>- Тіркесті сөздер мен қысқарған сөздер туралы не айтасыңдар?<br>**2. Топпен жұмыс.** (5 минут) Оқушыларға сабақтың тақырыбы мен сабақ мақсатын түсіндіремін. 5-тапсырма бойынша 32-аудиодағы мәтінді тыңдатамын. Мәтін мазмұнына қарай отырып, қандай стильге жататынын анықтайды. Оқушылар ол үшін ауызекі сөйлеу мен жазба сөйлеу стилі туралы үзінділерді іріктеп, тақтаға іледі. Сондай-ақ, тыңдаған мәтіннің қай стильге жататынын талдап, мәтіннен үзінділер келтіріп айтады. Үзінді келтіру барысында мәтін туралы өзіндік ой-пікірін айтып өтеді.<br>**Саралау тапсырмалары:**<br>1. Белсенді оқушыға: Осы мәтінді жалғастырып айт.<br>2. Енжар оқушыға: «Арманымен — ер сұлу, Орманымен — жер сұлу» мақалының мағынасын ашып беріңіз.<br><br>Оқушылардың білімі дескриптор бойынша бағаланады:<br>1. Мәтін мазмұнының стилін ажырата алды<br>2. Стильдік ерекшеліктерін атады.<br>3. Сөйлемдер мен сөздерден үзінділер келтірді.<br>4. Мәтін мазмұны бойынша өзіндік ой-пікірін айтты.<br><br>2) (10 минут)«**Қиялдағы суреттер».** Келесі тапсырма бойынша жоғарыда тыңдаған мәтін бойынша үзінді беріледі. Оқушылар сол үзінділерді оқи отырып, өз қиялдарынан сурет салады. Салған суреттерін топ болып, бірлесе отырып, жұлдызды смайликтер арқылы бағалайды.<br>3) **«Егер... Онда... Өйткені...» әдісімен** оқушылар үштікпен жұмыс жасай отырып, өз тілектерін айтады. Ақылдасуға екі | Қазақ тілі 5-сынып. Авторлары : Б.Қапалбек М.Жолшаева Т. Мадиева «Мектеп»<br><br><br>32-аудиодағы мәтін |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>минут уақыт беріледі. Бұл жерде оқушыларға «Егер мен алтын бұршақ тауып алсам...» деген ойды жалғастырып айтуды ұсынамын. Бұл әрі сергіту сәті ретінде, әрі оқушылардың тыңдаған ертегілерін жалғастырып, әрі өз қиялдарымен ұштастыра отырып, ой-пікірлерін тыңдау мақсатында орындалады. (5 минут)<br><br>4) Семантикалық карта. (3 минут)Келесі тапсырма бойынша оқушылардың қолдарына күрделі сөздердің кестесі жазылған қағаз үлестіріп беремін. Оқушылар осы кестедегі мысалдарды дәптерлеріне жазып, мысалдардың қандай күрделі сөз түріне жататынын белгілейді. Белгілеп болғаннан кейін жұмыстарын тақтада берілген дұрыс жауаппен салыстырып тексереді. Өз-өзіне бағалау жүргізіледі.
<table>
<tr><th>Мысал</th><th>Біріккен сөз</th><th>Қос сөз</th><th>Тіркесті сөз</th><th>Қысқарған сөз</th></tr>
<tr><td>ата-ана</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>үй іші</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Талдықорған</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>итмұрын</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>үлкен-кіші</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>белбеу</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>ығы-жығы</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>АҚШ</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>көк бесті</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>сексен</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>педколледж</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>бүгін</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>Әр топтан бір-екі оқушыдан тұрып өздеріне жүргізген бағалауларын оқиды.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы (5 минут)</td>
<td>Рефлексия «Табыс сатысы». (1 минут) Оқушылар сабақ туралы ойларын табыс сатысына іледі.<br>Үйге өз қиялынан туындаған суреттерін толықтай аяқтап, күрделі сөздерді қолдана отырып, шағын мәтін жазып келу керек.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақ бойынша рефлексия<br><br>Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс</td>
<td colspan="2">Сабақтың өтілу барысында оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді. Оқу мақсатында жоспарланған лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын ажыратып айтып берді. Тыңдалым мәтінінің жазба стильге тән белгілерін атай отырып, мәтіннен мысал сөйлемдер келтіріп оқыды. Стиль туралы мәліметтер арнайы бағдарлама бойынша оқытылмағандықтан, ауызекі сөйлеу стилі мен жазба стилінің өзара айырмашылықтарын айту барысында қателесіп жатқан оқушылар болды. Оқушылардың қателесіп жатқан себептерін бұдан бұрын екі стильдің айырмашылықтары жалпылай атап қана өткендігінен деп түсіндіремін. Яғни, бесінші сынып оқушыларына лексиканың ауызекі сөйлеу мен жазба стильдік айырмашылығын түсіну қиындық туғызатынын аңғаруға болады. Әйтсе де оқушылар грамматикалық тақырып болып табылатын күрделі сөздер мен оның түрлері туралы барлық сұрақтарға мүдірмей жауап беріп отырды. Сондай-ақ, тыңдалым мәтініне байланысты барлық тапсырмаларды уақытымен толық орындады. Саралау тапсырмалары берілген енжар оқушылар сұрақтарға жауап</td>
</tr>
</table>

| | |
|---|---|
| *жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?* | беріп отырды. Ә. деген оқушының мінезі өте тұйық болғандықтан, өз ойын жеткізу барысында қиналатындығы байқалды. Сабақ өткізілу кезінде уақыт тиімді пайдаланғандықтан, соңғы тапсырма барысында оқушылар өзін-өзі бағалауға көбірек көңіл бөлді. Бағалау парағына өз білімдерін бағалай отырып, қалай бағалағандарын ауызша да айтып өтті. Сабақ жоспарынан ауытқулар болмады. Барлық тапсырмалар орындалып, сабақ уақытымен аяқталды. |

**Жалпы бағалау.** *Әріптестердің пікірі мен өз ойым бойынша сабақ жақсы деңгейде өтті. Жоспарланған барлық тапсырмалар мен бағалау түрлері жүргізілді. Оқушылардың өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау дағдыларын жақсы меңгергендігін көруге болады.*

**Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?** *Сабақ барысында ең ұтымды шыққан екі тапсырма – үштікпен жүргізілген «Егер... Онда... Өйткені...» әдісі мен Семанткалық карта толтыру әдісі. Атап айтқанда, үштікпен жүргізілген жұмыс кезінде оқушылар ақылдаса отырып, «Егер мен алтын бұршақ тауып алсам, онда... » деген ойды жалғастыра отырып, қазіргі қоғамда жан ауыртатын жетімдер үйі мен қарттар үйі туралы мәселелер туралы өз ойларын айтып өтті. Осы әдісті қолдану барысында қазіргі ұрпақтың қоғам туралы ойы мен мейірімді көзқарастары анық байқалды. Сондай-ақ, әріптестеріме де осы тапсырма кезіндегі оқушылардың ұтымды ойлары мен ашық пікірлері қатты ұнады. Семанткалық карта толтыру кезінде оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдылары қалыптасқаны анық байқалды.*

**Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?**

**1:** *Тапсырмалар интерактивті тақтамен орындалғанда керемет болар еді.*

**2:** *Тыңдалым мәтінін бейнероликтен көргенде оқушылар жақсы қабылдар еді.*

**Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?**

*Осы сабақты өткізу барысында өзіме әр оқыған мәтіннің қай стильге жататынын оқушылармен талдап отыру керектігін түсіндім. Яғни ауызекі сөйлеу стилі мен жазба стиліне тән ерекшеліктерді ауызша болса да қайталатып отыруды қолға аламын.*



«Еркін микрофон»



Өзара бағалау



Топпен жұмыс



Үштікпен жұмыс



Семантикалық картамен жұмыс



Өзін-өзі бағалау

Нұр-Сұлтан қаласы № 64 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Ж.А. Табыспаеваның қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар тарауы: Денсаулық – зор байлық Мектеп: 64 мл**<br>**Күні: Мұғалімнің аты-жөні: Табыспаева Ж А**<br>**Сынып: 5 Қатысқандар: Қатыспағандар:** | |
| **Пәні:** | **Қазақ тілі** |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Әуелгі байлық - денсаулық** |
| **Оқу мақсаты** (оқу бағдарламасына сәйкес)**:** | Т/А6<br>Коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді еркін қолданып, диалогке қатысуды, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білуді үйренеді. |
| **Сабақ мақсаты:** | денсаулық және оны сақтаудың маңыздылығы туралы ой бөліседі;<br>айтылымда эмоционалды-экспрессивті сөздерді қолданады;<br>түрлі жағдаяттарға сәйкес диалогке қатысады; |
| **Саралап оқыту** | |

| Барлық оқушылар: | Көпшілік оқушылар: | Жекелеген оқушылар: |
|---|---|---|
| -денсаулық және оны сақтаудың маңыздылығы туралы ой бөліседі;<br>-айтылымда эмоционалды-экспрессивті сөздерді қолданады; | денсаулық және оны сақтаудың маңыздылығы туралы ой бөліседі;<br>-айтылымда эмоционалды-экспрессивті сөздерді қолданады;<br>-түрлі жағдаяттарға сәйкес диалогке қатысады. | денсаулық және оны сақтаудың маңыздылығы туралы ой бөліседі;<br>-айтылымда эмоционалды-экспрессивті сөздерді еркін қолданады;<br>-түрлі жағдаяттарға сәйкес диалогке қатысу барысында шығармашылық танытады. |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсат:** | денсаулық, құндылықтар, шартарап, көзқарас, бағалау, бой ұсыныңдар, қалтқысыз орындаймыз |
| **Пәнаралық байланыс:** | Жаратылыстану, денешынықтыру |
| **Құндылықтарға баулу:** | Денсаулық, достық, айналасындағыларға қамқорлық көрсету |
| **Алдыңғы білім:** | Тақырыпқа сәйкес мақал-мәтелдер, сөздік қорындағы эмоционалды экспрессивті сөздер |

| **Уақыты** | **Кезеңдері** | **Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері** | **мақсаты** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|---|
| | Басы<br>5 минут<br>минут<br><br>Жағымды көңіл күй туғызу<br><br>Топқа бөлу<br><br>Тыңдалымалды тапсырмасы<br>5 минут | Оқушылар бірін-бірі еркелеткен атаулармен атап, сабаққа сәттілік тілейді<br><br>Оқушыларға төрт түрлі мақалға сәйкес келетін сөздер таратылады. Төрт бұрышқа төрт қанатты сөз жазылып ілінеді. Әр оқушы өз сөзі қай қанатты сөзге қатысты деп ойласа, сол бұрышқа жиналады.<br><br>**Ой бөлісейік!**<br>Тыңдалымалды тапсырмасы.<br>«Бұрыш» әдісі<br>- Жақсы демалыс – саулық негізі:<br>- Дене белсенділігі – денсаулық кепілі;<br>- Дұрыс тамақтану – денсаулықтың негізгі тірегі.<br>- Мейірім бар жерде саулық бар.<br>Топ болып сұрақтар төңірегінде пікір алмасады.<br><br>1. Өз сөздеріңнің осы | Сабаққа жағымды көңіл күй туғызу<br><br>Оқушылардың тақырыпқа қатысты бойында бар білімін жинақтау үшін және топтағы бірлескен орта қалыптастыру үшін. | Әр топтың бір біріне қол шапалақпен қолдау көрсетуі немесе ауызша қолдау сөздер арқылы бағалау | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>қанатты сөзге қатыстылығы туралы ойыңмен бөліс;<br>2. Топтарыңда ұсынылған тұжырымдардың мәнін ашу бойынша өз дәлелдеулеріңді дайындаңдар:<br>•</td>
<td></td>
<td></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td></td>
<td>Ортасы<br>20 минут</td>
<td>«Арқамен тыңдау» әдісі арқылы тыңдалым жүреді.<br>Оқушылар ортаға шеңбер құрып тұрады. Ортадағы екі оқушыға мәтін жазылған парақ беріледі, олар өз оқығандарын екі жаққа қарай арқасымен тұрған оқушыға сыбырлап жеткізеді. Екі жақ түйіскен жерден аяқталып, соңғы тыңдалым бойынша оқиға айтылады, салыстырылады. Негізгі оқиғалар желісін қуалап, қай жерде қателескендері анықталады.<br><br>Жұптық жұмыс<br>«Т» кестесі әдісі<br>Екінші тыңдалым бойынша оқушылар жұптасып, мәтіннен эмоционалды-экспрессивті сөздерді тереді, қолданысын түсіндіреді.<br><br>
<table>
<tr><th>эмоционалды-экспрессивті сөздер</th><th>Қолданылу мәнін түсін</th></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>Жұптық жұмысты орындау барысында оқушылар эмоционалды-экспрессивті сөздер туралы алдарына берілген ақпаратқа сүйенеді,<br>Ақпаратпен таныс, қажетіңе жарат, пайдалан.<br>Сөйлеушінің бір нәрсеге, құбылысқа, оқиғаға сүйінішін немесе renішін, яғни жақтырмағанын, басқа да көңіл күйін білдіргісі келгенде, тыңдаушысына ықпал етуді мақсат еткенде қолданылатын сөздер эмоционалды-экспрессивті мағына туғызатынын біліп ал.<br>Эмоционалды-экспрессивтік</td>
<td>Оқушылардың тыңдалуын тиімді ету үшін және оқушы назарын мәтінге бағыттау үшін беріледі.<br><br>Оқушылардың эмоционалды экспрессивті сөздерді таба алуға және мәнін аша білуге дағдыландыру үшін</td>
<td>Тыңдалымды бағалау критерийі:мәтін мазмұны бойынша негізгі оқиғалар желісін біледі.<br>Дескриптор:<br>Негізгі оқиғалардың желісін есте сақтайды.<br>Кейіпкерлерді біледі.<br>Кейіпкерлердің ой пікірлерін есте сақтайды.<br>Екі жарты шеңбер бойынша әр дескриптор үшін бір тал гүл ұсынады әәәәә<br><br>Бағалау критерийі: эмоционалды экспрессивті сөздерді табады, мәнін түсінеді.<br>Бағалау түрі ауызша мадақтау, қол шапалақтау</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *мағына туғызатын сөздер қатарын есте ұстаңдар: түрлі көңіл күйді білдіретін* ***одағай сөздер****, бағалауды білдіретін* ***синоним сөздер****,*<br>*бейнелеуді білдіретін* ***еліктеу, есімше, көсемше тұлғасындағы сөздер****, рең мәнін тудыратын жұрнақтар арқылы жасалатын* ***еркелету, құрметтеу, кішірейту, ұлғайту, қомсыну мәніндегі сөздер***<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**«РАФТ» әдісі арқылы жазылым орындалады.**<br><br>2. Ұлы Хакімнің баға жетпес асыл сөз, дана ойына құрмет білдіріп, бүгінгі ұрпақ атынан хат жазыңдар. Хатта ұлы тұлғаға деген ризашылық пен құрмет, тамсану, тәнті болу, мақтаныш сезімдеріңді білдіру үшін «*шіркін, қандай, аса, тым, пай-пай, аса құрметті, керемет еді, баға жетпес, ұлы, бас иеміз, құрмет тұтамыз, зор»* сияқты және басқа да **эмоционалды-экспрессивті** сөздерді қолданыңдар | Оқушылардың эмоционалды экспрессивті сөздерді түсініп қолдануына мүмкіндік беру үшін | Бағалау критерийі: ЭЭ сөздерді жазылым барысында дұрыс қолданады.<br>Дескрипторлары:<br>Хат жазу құрылымын сақтайды. ЭЭ сөздерді дұрыс қолданады.<br>Өзіндік көзқарасын, эмоциясын білдіреді.<br>Әр дұрыс дескриптор бір тал гүлмен бағаланады. | |
| | Соңы<br>3 минут | **«Бес қадам» әдісі арқылы**<br>«Біз тұратын жерде денсаулықты нығайтуға жақсы көңіл бөлінген бе?»- деген сұрақ аясында | Оқушылардың эмоционалды экспрессивті сөздерді айтылым барысында қолдану дағдысын дамыту үшін | Ауызша қолдау көрсету | |
| | Кері байланыс<br>2 минут |  | Оқушылардың алған білімі туралы өз қорытындысын шығару үшін | | |

Талдықорған қаласы Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі И.Г. Кабылкакованың қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп: | Талдықорған қаласы Абай атындағы №1 орта мектеп - гимназиясы | **Мұғалімнің аты-жөні** И.Г.Кабылкакова |
| **Күні:** 01.03.2019ж | Қатысқан оқушылар саны: 12 | Қатыспаған оқушылар саны: - |
| СЫНЫП: 6 | Ұзақ мерзімді жоспардағы бөлім атауы | Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері |
| Сабақтың тақырыбы: | **Салт-дәстүр және тәрбие** | |
| Сабақ негізделген оқу мақсаттары | 6.1.3.1 – тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау; | |
| Сабақтың мақсаттары: | **Барлық оқушылар:** тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді;<br>**Оқушылардың көпшілігі:** детальді ақпаратты табады;<br>**Кейбір оқушылар:** көшпелілердің дүниетанымдық ерекшелігін түсіндіреді, сипаттайды; | |
| Тілдік мақсат | **Пәндік лексика мен терминология:** салт-дәстүр, дүниетаным, тұсаукесер, беташар, аластау, бата беру<br>**Талданатын сұрақ:**<br>1. Қазақ халқының салт-дәстүрлері бұрынғы тұрмыс-тіршілікпен байланысты ма?<br>2. Төрт түліктің ішінде не себепті қой-ешкінің мүшелері балаларға ырымдап беріледі? | |
| Бағалау критерийлері | 1. Мәтіннің мазмұнын өз сөзімен айтады;<br>2. Негізгі ақпаратты табады;<br>3. Детальді ақпаратты анықтайды;<br>4. Көшпелілердің дүниетанымдық ерекшелігімен сипаттайды | |
| Пәнаралық байланыс | Қазақ әдебиеті, тарих | |
| Құндылықтарға баулу | «Ұлы даланың жеті қыры», «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары тарихтың мәдениет пен тілдің біртұтастығы құндылықтарын пайдалану . | |
| Алдыңғы оқу | Салт-дәстүр мен олардың тәрбиелік мәні туралы біледі. | |

**Сабақтың жоспары**

| Жоспарланған уақыт | Сабақ барысы: | Ресурстар |
|---|---|---|
| Басталуы<br>5 минут | **І. Ұйымдастыру кезеңі.**<br>**1. «Бас бармақ»** тәсілі арқылы оқушылардың көңіл күйін сұраймын.<br>- Көңіл күйіміз жақсы, себебі.......<br>- Көңіл күйіміз орташа, неге? - деп сұрап өтемін.<br><br>2. Оқушыларға салт-дәстүрге байланысты суреттер таратылып беріледі. Сол арқылы оқушылар топқа бөлінеді. | «Бас бармақ» әдісі<br><br>Қазақ тілі<br>Әрінова Б.А., Раева Г.М., Кәрімова Г.С., Жұмекенова Л.К. «Атамұра», 2018 жыл 162-163-бет |

| | | |
|---|---|---|
| Жаңа білім<br>10 минут | <br><br>1 – топ: «Мәдениет»<br>2-топ: «Өркениет»<br><br>Ескерту! Топтық жұмыста бір-бірімізге кедергі келтірмейтінімізді ескертемін.<br><br>**II. Үй тапсырмасын тексеру. «Сауқат бер»** әдісі арқылы үй тапсырмасын сұраймын.<br>Орамжапырақтың әр жапырағында үй тапсырмасына байланысты сұрақтар жазылады. Сол сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар үй тапсырмасын орындаған, орындамағаны тексеріледі.<br><br>Қазақ халқы бала тәрбиесіне не себепті ерекше көңіл бөлген?<br>Балаға қатысты салт-дәстүрлер қалай сақталған?<br>«Тәрбие тал бесіктен» деген ұғымға қалай түсінесің?<br>Қазақ халқына тән қандай қасиеттерді білесің?<br><br>**III. Сөздікпен жұмыс**<br>**Салт-дәстүр** - әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы.<br>**Дүниетаным** – әлемді түсіну, қабылдау, қоршаған ортадағы шынайылыққа жалпылама көзқарастар жүйесі.<br>**Тұсаукесер** - сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым.<br>**Беташар** – қазақтың келін түсіргенде жасалатын | Топқа бөліну<br><br>«Сауқат бер» әдісі<br><br>***Аудиовизуалды материал***<br><br>***«Маңызды аймақ» әдісі*** |

| | | |
|---|---|---|
| 3 минут<br><br>5 минут<br><br>5 минут | салтының бірі. Дәстүрлі беташар, әдетте, тойға жиналған халық таркар кезде өткізілген.<br>**Бата беру** - адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі.<br><br>**IV. Сабақ тақырыбын анықтатуға арналған қадам**.<br>Кабинет қабырғаларына ілінген және интерактивті тақтадан салт-дәстүрге байланысты суреттерге назар аудартамын. Оқушыларға сурет арқылы сабақ тақырыбын анықтайды.<br>- Балалар, біздің айналамызда қандай суреттер ілінген? Не үшін бұл суреттерге басымдық берілген?<br>- Біздің бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы болмақ?<br>**(оқушыларға сабақтың тақырыбын анықтатамын)**<br><br>- Балалар, біз сабақ тақырыбын анықтадық. Сабақта тапсырмалар орындау үшін біз енді нені білуіміз керек?<br>**(оқушы жауабы тыңдалады)**<br><br>**Сабақ мақсатымен таныстыру қадамы**<br>Тыңдалған мәтіннің мазмұнын өз сөзімізбен айта алуымыз керек және мәтіндегі негізгі және детальді ақпаратты анықтауымыз керек.<br><br>**Оқу мақсаты бойынша жұмыс**<br>1. Аудиожазбадағы мәтін 2 рет тыңдалады.<br><br>**1-тапсырма. Мәтінмен жұмыс**<br>Мәтін мазмұны бойынша ***«Маңызды аймақ»*** әдісін қолданамын және осы әдіспен сұрақтарға жауап бере отырып, детальді ақпараттарды арнайы дайындалған постерге жазады. Тапсырма сараланып беріледі.<br><br>**Бағалау критерийі**<br>-тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді;<br>- негізгі ақпаратты табады;<br>-детальді ақпаратты анықтайды;<br>-көшпелілердің дүниетанымдық ерекшелігін түсінеді;<br><br>**Сараланған тапсырма**<br>I. Топтағы көмекті қажет ететін оқушыларға арналған тапсырма.<br>Мәтіннің мазмұнын өз сөзімен айтып беруі керек<br>БК. тыңдалған мәтіннің мазмұнын өз сөзімен айта алады<br><br>II. Топта өз бетімен жұмыс істей алатын оқушыларға арналған тапсырма.<br>Тыңдаған мәтіннен негізгі, детальді ақпаратты анықтауы | ***Дескриптор арқылы*** |

| | | |
|---|---|---|
| 3 минут<br><br>4 минут | керек<br>БК.Тыңдалған мәтіннің ішінен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты таба алады<br>ІІІ. Ойы ұшқыр оқушыларға арналған тапсырма.<br>Мәтінде айтылған саплт-дәстүрлерді көшпеділер дүниетанымымен ұштастыра айтуы керек<br>• Мәтінді көшпелілердің дүниетанымдық ерешелігімен ұштастырып түсіндіре алады<br><br><br>**Ықтимал жауаптары**<br>Үлкен кісілер, оң жақ, екі көзін, қатты қабыршағын аршып, ұрып береді, таңдай беру, екі көзді.<br>**Жазған ақпараттарын баяндайды.**<br>**1-топ:** Құлақ беру, көз жегізу<br>**2-топ:** Тіл жегізу, таңдай беру<br><br>**Дескриптор**<br>-тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіне алады;<br>- негізгі ақпаратты табады;<br>- детальді ақпаратты анықтай алады;<br>- көшпелілердің дүниетанымымен байланыстыра алады;<br>-тақырыпқа байланысты сөздерді орынды пайдалана алады;<br><br>**Топтар бір-біріне дескриптор арқылы кері байланыс береді.**<br><br>**2-тапсырма. «Үштікпен жұмыс» әдісі** бойынша тапсырма алады.Оқушылар үш-үштен бірігеді. Оқушылардың салт-дәстүрді білу деңгейлерін анықтау мақсатында **«Егер..., онда..., өйткені...»** әдісімен оқушылардың салт-дәстүрді насихаттауға арналған ойлары баяндалады.<br><br>**Тақырыпқа байланысты берілген сөздерді пайдалану керек.**<br><br>**«Кәсіпкер болсам...»**<br>Ықтимал жауап<br>**<u>Егер</u>** мен кәсіпкер болсам, **<u>онда</u>** ұлттық киімдерімізді | ***бағалау***<br><br>**«Үштікпен жұмыс» әдісі**<br><br>«+, -, қызықты» әдісі |

| | | |
|---|---|---|
| | тігетін тігін фабрикасын ашар едім, **ойткен**і әрбір қазақ халқымыздың ұлттық нақышпен өрнектелген киімдерін дәріптеу керек.<br><br>«+, - , қызықты»тәсілі арқылы үштіктер бір-бірін бағалайды. | |
| Аяқталуы<br>Сабақты бекіту<br>5 минут | Рефлексия. «Даналық бойтұмары»<br><br>Мен білетін Есімде қалған Мені ойландыратын<br>салт-дәстүр салт-дәстүр салт-дәстүр | Оқушылар жеке орындайды |
| Үй тапсырмасы | 10-тапсырма, 164-бет | |

| **Қосымша ақпарат** | | |
|---|---|---|
| ***Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жопарлайсыз?*** | ***Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?*** | ***Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері, денсаулық, АКТ-мен байланыс.*** |
| Оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып, «Маңызды аймағы» әдісімен саралау тапсырмасы орындалды. Топтағы көмекті қажет ететін оқушылар тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінді. Ал, өз бетімен жұмыс істей алатын оқушылар негізгі және детальді ақпаратты анықтады. Ойы ұшқыр оқушылар көшпенділердің дүниетанымдық ерешелігін түсінді. | Дескриптор арқылы бағалау<br>«+, - , қызықты» тәсілі | Оқушылар топта жұмыста қауіпсіздік шараларын сақтауды ескертемін.<br>Слайд №1<br><br> |

| **Рефлексия** | Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз. |
|---|---|
| - Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма?<br>- Бүгін оқушылар не білді?<br>- Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>- Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>- Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?<br>- Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | Сабақ мақсаттары оқу бағдарламасына сай болды.<br>- Бүгінгі сабақта оқушылар көшпелілердің салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары және ұлттық ойындары жайлы өздері білмеген мәліметтер алды.<br>- Сыныптағы ахуал өте жақсы болды, оқушылар тапсырмаларды қызыға орындап, белсенділік танытты.<br>- Сабақта жоспарланған саралау тапсырмалары тиімді болып, нәтижеге жетуге ықпал етті.<br>- Сабақ кезеңдері белгіленген уақытымен сәйкес өткізіліп, барлық тапсырмалар орындалып үлгерілді. |

| | |
|---|---|
| | - Сабақ жоспарыма түзетулер енгізілген жоқ. |
| **Қорытынды бағамдау** | |
| **Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да оқуды да ескеріңіз)?**<br>**1.**Оқушылардың салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар мен әдет-ғұрыптарды өздерінің орындап көрсетуі қызығушылықтарын тудырды.<br>**2.**Топтық тапсырманы орындауысәтті өтті.<br>**Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да оқуды да ескеріңіз)?**<br>**1.**Сабақтың әр кезеңінде презентациялар қолдануы сабақтың өтуіне оң ықпал етті<br>**2.**Қалыптастырушы бағалаудың әр түрлі әдістерін қолдану оқушылар үшін қызықты болды<br>**Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?**<br>1. Әр топқа нақты тапсырма арқылы таныстырылым жасату арқылы бірлескен жұмыс дағдысын жетілдіру керек<br>2. Үштікпен жұмыс жасату дағдысын қалыптастыру керек | |

## Нұр-Сұлтан қаласы № 63 мектеп-гимназияның қазақ тілі мұғалімі Ж.К. Кожахметованың қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 4** | | **Мектеп: №63 мектеп-гимназия** | |
| **Күні:** | | **Мұғалімнің аты-жөні: Кожахметова Ж.К.** | |
| **Сынып: 7 Т1** | | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Достық – өмірлік нұсқа | | |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаты** | Т/А5. **Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау.** Проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау | | |
| **Сабақтың мақсаттары** | 1.Берілген тақырыптағы мәтінді түсіну;<br>2.Тыңдалған мәтін бойынша мәселені және себептерін анықтап, дәлелді жауап беру;<br>3.Өз жауабын өзгенің жауабымен салыстырып, талқылау. | | |
| **Саралап оқыту** | **Барлық оқушылар**<br>Берілген тақырыптағы мәтінді түсінеді. Қарапайым сұрақтарға жауап береді. Талқылауға қатысады.<br>**Көпшілік оқушылар**<br>Берілген тақырыптағы мәтінді пайымдайды. Проблемалық сұрақтарға дәлелдер келтіре отырып жауап береді. Талқылауға қатысады.<br>**Жекелеген оқушылар**<br>Тыңдалған мәтін бойынша мәселені және себептерін анықтап, дәлелді жауап бере алады. Өз жауабын өзгенің жауабымен салыстырып, талқылай алады. | | |
| **Тілдік мақсат** | Талқылауға қажетті сөз тіркестері:<br>менің ойымша, пікіріме мынадай дәлелдер келтіремін,ақпараттарға көз жүгіртсек, оның мынадай себептері бар, себебін былай түсіндіремін, қорытындылай келгенде... | | |
| **Пәнаралық байланыс** | Музыка, әдебиет, өзін-өзі тану, бейнелеу | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Құндылықтарға баулу** | Жоғары рухани адамгершілік, бірлік пен келісім, ұлттық тәлім-тәрбие мен тіл | | | |
| **Алдыңғы білім** | Жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру, мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру,мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру, өз ойын білдіру дағдылары қалыптасқан. | | | |
| **Кезеңдері Уақыты** | **Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері** | **Мақсаты** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| Сабақтың басы<br><br>3 минут<br><br>10 минут | **1. Психологиялық ахуал**<br>«Жетістік қаласының тұрғындары»<br><br><br><br>2.Оқушыларды түгендеу.<br><br>3.Топқа бөлу./сурет қиындылары 6-ша/<br>**1-топ** **2-топ** **3-топ**<br><br><br><br><br>3.Сабақтың тақырыбымен және мақсаттарымен таныстыру.<br>**Тыңдалым алдындағы тапсырма «Сиқырлы қобдиша»**ойыны.<br>**Шарты:** Алдыңғы тақырыптар бойынша оқушылар бір-бір сұрақтар жазып, қобдишаға салады. Музыка әуенімен қобдишаны бір-біріне әпереді. Музыка тоқтағанда, оқушы ішінен сұрақ алып, жауап береді. Жауап бере алмаса, қайта салады. Жауап берсе, сұрақты алып тастайды. Ойын осылайша жалғаса береді.<br>**Үлгі сұрақтар:**<br>1.Саған дос не үшін керек?<br>2.«Достық – өмірлік нұсқа» дегенді қалай түсінесің?<br>3.Достықпен сыйыспайтын қандай мінездер?<br>4. Амал достық деген не?<br>5.Саясатта достық бола ма?<br>6.Достық баптауды қажет ете ме?<br>7.Сен өзіңе кімнің достығын үлгі етесің? | **Мақсаты:**<br>эмоциялық жай-күйін реттеу, топта еркін ахуал туғызып, өзара қарым-қатынасты жақсарту, белсенді шығармашылық іс-әрекетке бағыттау<br><br>**Мақсаты:**<br>топтағы бірлескен жұмысты жүзеге асыру<br><br>**Мақсаты:**<br>күтілетін нәтижені айқындау<br>**Мақсаты:**<br>алдыңғы білімді жинақтай отырып, проблемалық сұрақтар құрастыру дағдыларын жетілдіру | Қолдау көрсету<br><br>**Бағалау**<br><br>***Керемет!!!***<br><br>***Жақсы!***<br><br>***Онша емес*** | Слайд 1-3 беттер,<br><br>Сюжетті суреттер<br><br>Жігіттер тобы «Дос туралы жыр»<br>https://mp3google.ru/download?code =7m1-I-gTbsIWoj5Nk1hh_w&artist= Жігіттер&track= Дос%20туралы%20жыр&adapter=ok<br><br>Қазақ тілі оқулығы 7-сынып «Атамұра» 62-63-беттер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 8.Достығыңды қандай бейнелі сөз арқылы жеткізер едің? /Мақал-мәтел, фразеологизм/ | | | |
| **Сабақты ң ортасы**<br>2 минут<br><br>8 мин<br><br>6 минут<br><br>2 минут | **«Дос пен достық туралы»** мәтінін үнтаспадан тыңдату.<br>**Тыңдалым тапсырмасы.**<br>Мәтінді мұқият тыңдап болған соң, топтарға кесте-сызбаларды толтыру тапсырылады.<br>«Проблемалық сұрақтар»<br>1 топ. «Достық уақытпен сынала ма?»<br>«Балық қаңқасы»<br><br>2 топ. «Жастың достыққа әсері бар ма?»<br><br>3 топ. «Әлеуметтік желі достықтың көпірі бола ала ма?»<br><br>.<br>**Айтылым**<br>Топтардың жұмысын қорғауы.<br><br>**Дескриптор** | **Мақсаты:** проблемалық сұраққа қатысты мәтіндегі басты мәселені анықтап, себептерін аша білуге, деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беруге дағдыландыру<br><br>**Саралап оқыту**<br>Шығармашылық деңгейдегі оқушыларға беріледі | <br><br>**Бағалау**<br>Берілген критерийлерге сәйкес «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі бойынша топтардың өзара бағалауы | https://massaget.kz/okushyilarga/jogargyi_syinyip/34607/<br><br>Постерлер мен маркерлер |

<table>
<tr>
<td>3 минут</td>
<td>
<table>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td>Дескрипторлар</td><td></td></tr>
<tr><td>Тыңдалған мәтін бойынша мәселені және себептерін анықтай алады</td><td>1.Тақырып бойынша мәселені анықтады;<br>2.Мәселені тудырған себептерді айқындады;<br>3.Нақты фактілер мен дәлелдемелер келтірді;<br>4.Қорытындысын шығарды.</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
<td></td>
<td>Кестелер, сызбалар</td>
</tr>
<tr>
<td>3 минут</td>
<td>
Тыңдалымнан кейінгі тапсырма «Қарама-қайшы пікірлер» әдісі<br>
Жұптық жұмыс. Оқушылар сабақ барысында алған білімдерін қолданып, ой қорытады. Жұптаса талқылайды. Үшінші адам бағалайды.
<table>
<tr><th>Пікір</th><th>Келісемін</th><th>Келіспейм</th></tr>
<tr><td>Досты уақыт танытады</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Біз бір үйдің баласындаймыз</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Компаниядағы адамдар - достарымыз</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Қарт мен жастың арасында достық болады</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Бір кездегі достардан алыстап кетуіміз мүмкін</td><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор
<table>
<tr><td>Бағалау критерийлері</td><td>Дескрипторлар</td></tr>
<tr><td>Өз жауабын өзгенің жауабымен салыстырып, талқылау жасайды</td><td>1.Өз жауабын өзгенің жауабыме салыстырады<br>2. Жауаптарды талқылайды.</td></tr>
</table>
</td>
<td>Мақсаты:<br>мәтін мазмұны бойынша берілген пікірлерге көзқарастарын білдіруге, өз жауабын жұбының жауабымен салыстырып, талқылауға дағдыландыру</td>
<td>Бағалау<br>Берілген критерийлерге сәйкес «Үштік одақ» әдісі арқылы бағалау<br></td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br><br>3 минут | Рефлексия<br> | **Мақсаты:** тақырыпты меңге-руіне байланысты ойлана білуге, өз әрекеттерін бақылап, бағалай білуге жетелеу | | Шығу парағы<br><br>стикерлер |

Нұр-Сұлтан қаласы №16 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі А.Т. Аралбаеваның қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспар тарауы: 2-бөлім, 3-сабақ<br>Мектеп: №16 ОМ мұғалімі<br>Күні:<br>Мұғалімнің аты-жөні:Аралбаева А.Т.<br>Сынып: 5<br>Қатыспағандар: | Қатысқандар: | |
| Пәні: қазақ тілі | | |
| Сабақтың тақырыбы: | Бабамның киген киімі | |
| Оқу мақсаты: | Жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу(5.Ж2); Жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу(5.О6.)Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәнмәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану(5.ӘТН4.2.) | |
| Сабақ мақсаты: | Ұсынылған тақырып бойынша ресімделуі мен құрылымын сақтап хат, жарнама, хабарландыру жазады.<br>Мәтіннің мазмұнын түсіну үшін және нақты ақпаратты таба алу үшін оқиды.<br>Зат есімнің жалғауларын түрлендіріп қолдана алады. | |
| Тілдік мақсат: | Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер; зат есімнің мағыналық түрлері, зат есімнің жалғауларын ажыратады. | |
| Пәнаралық байланыс: | Ұлттық киімдерге жарнама жасауда, хабарландыру жазуда сурет салу бейнелеу өнерімен және желімдеу арқылы еңбек пәнімен байланыс орнатылады. | |
| Құндылықтарға баулу | «Мәңгілік ел» идеясы, ұлттық киімге деген қызығушылығын арттыру; | |
| Алдыңғы білім: | Осы тақырыпқа сай алған ақпараттарына сүйенеді | |
| Саралап оқыту | | |
| Барлық оқушылар: | Көпшілік оқушылар: | Жекеленген оқушылар: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| а)жалпы мазмұнын түсіну үшін және ақпарат алу үшін оқи алады. | | а) нақты ақпаратты іздеп таба алады;<br>ә) зат есімнің жалғауларын түрлендіріп қолдана алады. | | а) жанрлық ерекшеліктеріне сай мәтіннің құрылымдарын сақтап жарнама, хабарландыру, хат жаза алады. | |
| **Уақыты** | **Кезеңдері** | **Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері** | **мақсаты** | **бағалау** | **ресурстар** |
| 15 мин. | Сабақтың басы | Психологиялық ахуал. «Аудиториядағы заттар». *«Менің көңілім төбедегі шамдай жарқырап тұр!».* Көңіл-күйлеріне, эмоцияларына қарай 3 топқа бөлінеді. | Психологиялық ахуал қалыптасады. Топқа бөлінеді. | | Шам, ақ қағаз, гүл |
| | | **Үй тапсырмасын тексеру.**<br>**«Бес қадам» әдісі**<br>*Сұрақ үлгілері:*<br>- Ұлттық киімдерді ата.<br>- Қысқы киімдерді ата.<br>- Қыздардың ұлттық киімдерін ата.<br>- Киімге қатысты мақал айт. | Алдыңғы біліммен байланыс | **ҚБ**. Мұғалім ауызша кері байланыс береді | Табан іздері |
| | | **«Галереяны аралау» әдісі.** Оқушыларға стикерлер таратылып, қабырғада суреттер ілініп, жетекші сұрақтар қойылады.<br>-Киімдердің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?<br>-Көне заман мен қазіргі заманауи киімдерінің қандай айырмашылығы бар? | Жаңа сабақтың тақырыбын ашады.<br> | | Ұлттық нақышта киінген қыздар, жігіттер, әжелер киімі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 17 мин. | Сабақтың ортасы<br>**ТЖ** | **Оқылым тапсырмасы «5.5.1» әдісі**<br>1-топ. Мәтіннің мазмұнын ашатын 5 сөйлемді табады.<br>2-топ. Мәтіннің идеясын ашатын 5 тірек сөзді табады.<br>3-топ. Мәтіннің түйінін ашатын 1 сөзді немесе тіркесті табады. | Жалпы мәтіннің мазмұнын түсіну үшін оқиды. | **Бағалау критерийлері:**<br>-Тірек сөздерді таба алады;<br>-Ой қорыта алады;<br>**Дескриптор:**<br>-мәтіннің негізгі идеясын ашады;<br>-нақты ақпаратты табады; | Мәтін жазылған парақшалар |
| | **ЖЖ** | **Жазылым тапсырмасы «Жеті септік» әдісі**<br>Мәтіндегі тірек сөздерді зат есім жалғауларымен түрлендіріп, мәтін құрайды. | Зат есім туралы теориялық білімдерін тәжірибеде қолдана алады. | **Бағалау критерийлері**:<br>Зат есімнің жалғауларын қолданып, тұтас мәтін құрайды;<br>**Дескриптор:**<br>-жалғау түрлерінің орнын біледі;<br>- сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстырады. | |
| | | **Сергіту сәті. «Қар кесегі»** | Ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. | | Дәптер парақшалары |
| 13 мин. | Сабақтың соңы<br>**Ж** | **«РАФТ» әдісі**<br>1. «Ұлттық киім - сәнім». Жарнама жазады.<br>2. «Сән үйінің ашылуы». Хабарландыру жазады.<br>3. «Сән үйінің жетекшісіне хат». Хат жазады. | Құрылымын сақтап хат, хабарлама, жарнама жаза алады. | **Бағалау критерийі:**<br>Хат, хабарлама, жарнама құрылымын сақтайды;<br>Жазылым стратегияларын сақтайды;<br>**Дескриптор:**<br>-Жарнама, хабарландыру, хат жазудың талаптарын еске түсіреді: | Түрлі, түсті қағаздар, маркер, қайшы, желім, қарындаш, стикерлер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | -Мәтінде сән үйінің атауы, қызметі жайлы ақпарат береді:<br>-Мәтін мазмұнында оқырманның назарын аударатын лепті сөйлемдерді қолданады. | |
| | | **Үй тапсырмасы**.<br>«Этно-көрмеге» сән үлгісін дайындау.<br><br>**Кері байланыс.**<br>**«Бес саусақ» әдісі.** | Киім үлгілеріжобасын ұсынады<br><br>Сабақтан алған әсерлерін білу мақсатында жүргізіледі. | | |

Нұр-Сұлтан қаласы №54 мектеп-лицейі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі М.К. Архамбекованың қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

| | |
|---|---|
| **Мектеп: № 54 МЛ**<br>**Мұғалімнің аты-жөні:** Архамбекова М.К.<br>**Сынып: 5** | |
| **Пәні** | қазақ тілі |
| **Ұзақ мерзімді жоспар тарауы** | 2-бөлім: Киім. Сән.Талғам. |
| **Сабақтың тақырыбы** | Бабамның киген киімі |
| **Оқу мақсаты**<br>(оқу бағдарламасына сәйкес) | Жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу (5.Ж2); |
| **Сабақ мақсаты** | Жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап хат жазу |

**Саралап оқыту**

| **Барлық оқушылар:** | **Көпшілік оқушылар:** | **Жекелеген оқушылар:** |
|---|---|---|
| Бабалар киімі туралы хат жаза алады | Жанрлық ерекшеліктерін сақтап хат жазады | Тақырып негізінде сыни ой жаза алады |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсат** | Ұлттық нақыш, көшпелі тіршілік, ұлттық мәдениет, ұлттық киім |
| **Пәнаралық байланыс** | Өзін-өзі тану, әдебиет |
| **Құндылықтарға баулу** | Тіл және мәдениет құндылығы |
| **Алдыңғы білім** | Хат жазу машығы |

| **Уақыты** | **Кезеңдері** | **Тапсырма** | **Мақсаты** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 минут | **Басы**<br>Ұйымдастыру | Оқушыларды шеңберге шақыру. Оларға қоржындағы ұлттық киім атаулары жазылған кеспе қағаздарды тарату. «Баскиімдер», | Сыныпта жағымды көңіл күй қалыптастыру, топқа бірігу. | | Ұлттық киім атаулары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жұптық жұмыс | «Сырткиімдер», «Аяккиімдер» атаулары бойынша 3 топқа бірігеді.<br><br>баскиімдер<br>сәукеле, тақия, бөкебай, қарқара, кимешек, бөрік<br><br>сырткиімдер<br>желетке, шекпен, шапан, ішік, күпі, қамзол<br>шидем, қамзол<br><br>аяккиімдер<br>мәсі, байпақ, саптама, жылылық, кебіс, шоқайма<br><br>**«Ішкі, сыртқы шеңбер»** әдісі<br>- Бұл киімдер туралы не айтуға болады? | <br><br><br><br>Жаңа сабаққа болжау жасайды.<br><br>Бабаларымыздың киген киімі туралы ақпарат бөлісу.<br>Жаңа сабақтың мақсатымен таныстыру. | | жазылған кеспе қағаздар, суреттер, қоржын |
| 13 минут | **Ортасы**<br>Топтық жұмыс | Ұлттық киім үлгісіне байланысты бейнефильм көрсету.<br>**«Жариялау» әдісі**<br>(Әрбір топ берілген сұрақ бойынша өз позициясын жариялау керек. Бұл үшін топ ішінен спикер басқа қатысушылар алдында сөйлеп, топ ұстанымын жеткізеді).<br><br>1-топ.<br>Қандай ұлттық киім түрлерімен | Сабаққа зейінін аудару, топта әңгіме жүргізуіне жағдай жасау. | - Қойылған сұрақ бойынша өз пікірін білдіреді<br><br>«Шапан жабу» | АКТ<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=ZRufTnHq3M4<br><br>Шапан суреті жапсырылған стикерлер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | таныстыңдар?<br>2-топ.<br>«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі» деген екен ұлы адамдар. Сіз қалай ойлайсыз?<br>3-топ.<br>**-** Ұлттық киімдерді күнделікті тұрмысқа енгізуге бола ма? | | <br>(жауап берген оқушыларға шапан суретін беремін) | |
| 3 минут | | **Сергіту сәті** | «Кімнің киімі?»<br>- Жейде (ерлердікі)<br>- Кимешек (егде әйелдікі)<br>- Сәукеле (келіншектікі)<br>- Жарғақ (ерлердікі)<br>- Шалбар<br>- Қамзол<br>- Бешпент<br>- Шекпен<br>- Жаулық<br>- Көйлек | | |
| 13 минут | Жеке жұмыс | **Жазылым**<br>Ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат жазу<br>Хат құрылымы: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды. | **Дескрипторлар:**<br><br>1. Хат жазудың құрылымын сақтау;<br>2. Тақырыпқа сай жазу;<br>3. Сауатты жазу;<br>4. Сыни пікір білдіру. | **Бағалау критерийі:**<br><br>- Жазба жұмысында жанрлық ерекшелікті ескереді<br>- Рәсімделуі мен құрылымын сақтайды | Слайд арқылы хат үлгісін көрсету |
| 3 минут | **Соңы**<br>Кері байланыс | «Раунд-робин» стратегиясы ойынша оқушыларға бір | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сөйлеммен рефлексия жасату. | | |  |

Нұр-Сұлтан қаласы № 49 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Ж.Е. Әкіштің қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар тарауы:**<br>**Күні:**<br>**Сынып: 5 Қатысқандар:** | **Мектеп: № 49 ОМ**<br>**Мұғалімнің аты-жөні: Әкіш Ж.Е**<br>**Қатыспағандар:** |
| **Пәні:** | Қазақ тілі |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Қонақ күту |
| **Оқу мақсаты**(оқу бағдарламасына сәйкес): | Сюжетті суреттердің (фотосуреттер )<br>желісі бойынша әңгіме құрастыру (5.Ж3.); |
| **Сабақ мақсаты:** | -тақырыпқа сәйкес суреттердің реттілігін сақтау;<br>- тірек сөздер жазу;<br>-сюжетті суреттер мен бейнебаян желісі бойынша әңгіме құрастыру. |

| **Саралап оқыту** | | |
|---|---|---|
| **Барлық оқушылар:** | **Көпшілік оқушылар:** | **Жекелеген оқушылар:** |
| - тақырыпқа сәйкес суреттерді орналастыра алады;<br>-суреттер желісі мен бейнебаян бойынша тірек сөздерді пайдаланып, әңгіме құрай алады. | -суреттегі негізгі тақырыпты анықтайды;<br>-суреттер желісі мен бейнебаян бойынша тірек сөздерді пайдаланып,әңгіме құрай алады.<br>-мәтінді өз сөзімен баяндап жазады; | -сюжетті суреттер мен бейне баянда көргендерін байланыстырып, тірек сөздерді пайдаланып әңгіме құрастырады;<br>-грамматикалық ережелерге сәйкес орындай алады;<br>-жұмыстың критерийге сәйкестігін тексере алады, түзете алады; |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсат:** | Өз сөзімен анықтама жазу, байланыстыру, құрастыру,қорыту |
| **Пәнаралық байланыс:** | Өзін өзі тану, бейнелеу, әдебиет |
| **Құндылықтарға баулу:** | Мәңгілік ел, ұлтжандылық , ынтымақтастық,адамгершілік,сыйластық |
| **Алдыңғы білім:** | Оқушы бойындағы білімін жаңа сабақпен байланыстыра алады, орынды ой орамын жасай алады. |

| **Уақыты Кезеңдері** | **Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері** | **Мақсаты** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>4 минут | 1.Топқа бөлу<br>**«Қонақ күту»** туралы өлең оқылады.<br>Берілген өлең шумағы негізінде оқушылар топтастырылады<br><br>2. **«Ой қозғау» әдісі** | Топта еркін ахуал туғызып, өзара қарым – қатынасты жақсарту, бірлескен белсенді іс-әрекетке бағыттау<br><br>Жаңа тақырыпқа | | «Қонақ күту туралы өлең»<br>Сырттан келген мейманға<br>Сәлем беріп, қол алсаң-<br>Бірінші еткен қызметің .<br>«Түсініз» деп түс берісіп,<br>Шылбырына оралсаң-<br>Екінші еткен қызметің. |

<table>
<tr><td></td><td>Жетекші сұрақ:<br>-Өлеңдегі негізгі ой не туралы?</td><td>сәйкес оқушы ойын белсендіру</td><td></td><td>Есік ашып енгізіп, Көрпе төсеп құп алсаң-<br>Үшінші еткен қызметің.<br>Мейман риза болмағы-<br>Құрметпен үйге қонғаны.</td></tr>
<tr><td>1 минут</td><td>Сабақтың тақырыбымен және мақсатымен таныстыру</td><td>Күтілетін нәтижені анықтау</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br>4 мин</td><td>Жазылым алдындағы тапсырма<br>1.«Тақырыпқа сәйкес суреттерді жинау» әдісі<br>Әр топ қабырғада ілінген суреттерді жинақтайды.<br> <br>.<br> <br> </td><td>Сыни ойлау дағдыларын дамыту, ойды жүйелеу, ынтымақтастықта жұмыс істеге баулу</td><td>Топтың бірін – бірі бағалауы<br>Суреттерді ретімен орналастырса<br></td><td>Суреттер</td></tr>
<tr><td>5 мин<br><br><br><br><br>8 мин<br><br><br><br><br><br><br>12мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>4 мин</td><td>Жазылым тапсырмасы<br>«Қонақ күту» әдебі бейне фильмі (қысқартылады)<br><br>2.Жұптық жұмыс<br>-Бейнебаяннан көргендерін бір біріне айтып береді<br>- қонақ күтуге байланысты тірек сөздерін жазады.<br><br>Жеке жұмыс<br>«Суреттер сөйлейді» әдісі<br>1.Сюжетті суреттер желісі мен көрген бейне баян бойынша өздері жазған тірек сөздерді пайдаланып, әңгіме құрайды. Әңгімеге ат қояды.<br><br>«Галереяны шарлау»<br>Топтарға тақырып беріледі</td><td>«Қонақ күту» әдебі бойынша таным түсініктерін кеңейту<br><br>Ойларын жүйелеу,жазылым дағдыларын дамыту<br><br><br><br>Алған білімдерін жинақтау</td><td>Ауызша бағалау<br>«Жылы сөз»<br>Жарайсың!<br>Керемет!<br><br>Берілген критерийге сәйкес бағалайды<br><table><tr><th>Критерий</th><th>Дескриптор</th></tr><tr><td rowspan="3">Сюжетті суреттер мен бейнебаян бойынша әңгіме құрастырады</td><td>Әңгімеге ат қояды</td></tr><tr><td>Грамматикалық сауаттылығы</td></tr><tr><td>Реттілігі бойынша әңгіме құрастырады</td></tr></table><br>Топтардың бір – бірін бағалауы</td><td>АКТ<br>«Қонақ күту» әдебі бейне фильмі</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>2 мин</td>
<td>Постерге бейнеленіп, қабырғаға ілінеді.Топ мүшелері бір – бірін бағалайды.<br>1-топ. «Қонақ шақыру» тақырыбы бойынша арнайы шақыру қағазының мәтінін дайындайды.<br><br>2-топ. «Қонақ күтудегі үй иесі міндеті » туралы жазады.<br><br><br><br>3-топ «Қонақ» сөзіне кластер құрайды<br><br>Кері байланыс<br><br>Әр оқушының алдына парақша таратылып беріледі.</td>
<td>Тақырыпты каншалықты меңгергендерін білу, мұғалімге келесі сабақты жоспарлау</td>
<td>«Екі жұлдыз, бір тілек»<br><table><tr><th>Критерий</th><th>Дескриптор</th></tr><tr><td rowspan="3">Берілген тақырып бойынша постер жазады</td><td>Тақырыпқа сәйкестігі</td></tr><tr><td>Грамматикалық сауаттылығы</td></tr><tr><td>Безендірілуі</td></tr></table></td>
<td></td>
</tr>
</table>

Нұр-Сұлтан қаласы №38 мектеп-лицейі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі С.С. Жакупованың қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

<table>
<tr><td colspan="2">Ұзақ мерзімді жоспар тарауы:<br>Жануарлар әлемі, өсімдіктер дүниесі Мектеп: № 38 МЛ<br>Күні: Мұғалімнің аты-жөні: С.С.Жакупова<br>Сынып: 5</td></tr>
<tr><td>Пәні:</td><td>Қазақ тілі</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы:</td><td>Жалбыз – емдік өсімдік</td></tr>
<tr><td>Оқу мақсаты(оқу бағдарламасына сәйкес):</td><td>5.О5. Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру;</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | 5.Ж1. Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру |
| **Сабақ мақсаты:** | Мәтін мазмұнына бағытталған сұрақтар құрастыра алу; мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құру |

| **Саралап оқыту** | | |
|---|---|---|
| **Барлық оқушылар:** | **Көпшілік оқушылар:** | **Жекелеген оқушылар:** |
| Мәтін мазмұнын түсінеді, нақты ақпараттарды анықтай алады, нақты ақпаратты анықтауға арналған қарапайым сұрақтар құрастыра алады | Ашық сұрақтар құрастыра алады, мәтінге сәйкес қарапайым жоспар құра алады | Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсат:** | Құлқайыр, цилиндр,крахмал, пектин |
| **Пәнаралық байланыс:** | биология |
| **Құндылықтарға баулу:** | Емдік өсімдіктердің пайдасы жайлы айту, өсімдік әлемін қорғау,өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы,өзара достық қарым-қатынас |
| **Алдыңғы білім:** | Тура және ауыспалы мағыналы сөздер |

| **Уақыты** | **Кезеңдері** | **Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері** | **мақсаты** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 мин | І.Ұйымдастыру кезеңі |   1топ 2 топ | Оқушылар топтасады, тақырыптың мақсатын айқындайды, нақты ақпаратты анықтауға арналған сұрақтар қояды. | | суреттер |
| | |   **Ойқозғау:** | *Оқушылар топтасқан суреттер негізінде өз ойларын айтады сұрақтар қояды* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 1.Бұл өсімдік жайлы не білесіңдер?<br>2.Қандай пайдалы жақтары бар? | | | |
| 13 мин. | Топтық жұмыс<br><br>**«Құрылысшы»** әдісі<br><br>**«Жұптас, ойлас, бөліс»** әдісі | <br>Жалбыз - емдік өсімдік<br><br>Мәтін<br>**1бөлік**<br>**Жалбызтікен (проскурняк) – құлқайыр тұқымдасына жататын, цилиндр пішінді шөп. 150 сантиметрге дейін бойлап өсетін ұзын сабақты көпжылдық өсімдік.**<br>**2 бөлік**.<br>**Дәрілік жалбызтікен маусым, қыркүйек айларында гүлдейді. Гүлдері қысқа сағақты. Әрбір жапырақтың қолтығында топтасып орналасқан түйнекше дәні бар. Жалпы саны 15-20 жемістен құралған.**<br>. **3 бөлік**<br>**Жалбызтікеннің тамыры да дәрілік шикізат. Оның құрамында 37 пайызға шамалас крахмал, 10, 2 пайызға дейінгі қант, сондай-ақ пектин, май, түрлі дәрумендер топтамасы бар.**<br>**4 бөлік**<br>**Жалбызтікеннің тамырының біршама бөлігі сілекейлі-шырышты заттан құралатындықтан, түрлі ісік, қабыну ауруларына ем.** | Мәтін мазмұнына сәйкес қарапайым жоспар құру. | Түрлі – түсті гүл беру арқылы бағалау<br>*Қызыл гүл- тапсырма толық*<br>*Сары гүл- толықтыруды қажет етеді* | Мәтін, кеспе қағаздар<br><br>*Сілтеме :* *https://www.youtube.com/watch?v=CDvjrlAuZCQ* |
| 2мин | | Сергіту | | | «Қызыл гүлім - ай»<br>әні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 14мин | Жұптық жұмыс | **«Шынжыр»** стратегиясы.<br>Кеспе қағазға нақты ақпаратты білу үшін сұрақтар құрастырады.<br>Нақты ақпарат алу үшін сұрақтар қойылады.<br><br>**Жұптық жұмыс**<br><br>**Бағалау критерийі** / **Дескриптор**<br>Жауаптар негізінде сұрақтар құрай алады / Сұрақтарды түсі<br>Сұрақтар құру да қалыптасқан<br>Жауаптар негізін сұрақтар құрай а | Нақты ақпаратты анықтауға арналған қарапайым сұрақтар құрастыра алады | Ауызша кері байланыс | Қима қағаздар, желім, степлер |
| 5 мин | Жеке жұмыс | **«Синквейн»әдісі**<br>1. Зат есім<br>2.2сын есім<br>3.3 етістік<br>4. сөйлем немесе фраза<br>5.синоним | Оқушылар сабақта не түсінгендерін анықтау | Ауызша кері байланыс | |
| 2мин | Кері байланыс | Гүлдердің күлтелеріне өз пікірлерін жазады | | | |
| 1 мин | Үй тапсырмасы | Жалбыз өсімдігіне жарнама жазу | | | |

Нұр-Сұлтан қаласы №38 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Р.А. Жұмашеваның қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар тарауы:**<br>**Күні: 09.12.2017ж**<br>**Сынып: 5 «Ә»** **Қатысқандар:** | **Мектеп: 68 орта мектеп**<br>**Мұғалімнің аты-жөні:** Жумашева Рабига Айтбаевна<br>**Қатыспағандар:** |
| **Пәні:** | **Қазақ тілі** |
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Қара шаңырақ** |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаты**(оқу бағдарламасына сәйкес): | Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау (5.Т/А1.) |
| **Сабақ мақсаты:** | Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжайды (5.Т/А1.) |

**Саралап оқыту**

| **Барлық оқушылар:** | **Көпшілік оқушылар:** | **Жекелеген оқушылар:** |
|---|---|---|
| | | |
| а) Қасиетті қара шаңырақ (үлкен үй) туралы біледі;<br>ә) Қара шаңыраққа байланысты тірек сөздерді айта алады | а)Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыптарды болжай алады;<br>ә) «**Қара шаңырақ»** тіркесіндегі **қара** сөзінің қандай мағынада қолданылғанын түсінеді; | а) « Қара шаңырақ» тақырыбын өмірмен байланыстыра отырып мәтін құрастыра алады ;<br>ә) өзіндік ой-пікірін айта алады |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсат:** | Тірек сөздер: **үлкен үй, кенже бала, қара шаңырақ.** |
| **Пәнаралық байланыс:** | Өзін-өзі тану, бейнелеу өнері,технология |
| **Құндылықтарға баулу:** | Отбасы құндылықтары |
| **Алдыңғы білім:** | Отбасы,шаңырақ,үлкен үй,ата-әже,кенже ұл. |

| **Уақыты** | **Кезеңдері** | **Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері** | **мақсаты** | **Бағалау** | **Ресурс-тар** |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 минут | Сабақтың басы Ұйымдастыру кезеңі | **«Шаттық шеңберін»** жасау, бір-бірлеріне сәттілік тілеу | Оқушылардың сабаққа қызығушылығы артып, жақсы көңіл-күй туғызады | | |
| 1 минут | Топқа бөлу | Отбасындағы балалардың жас ерекшелігі (үлкені,ортаншысы,кішісі) бойынша топтастыру | Қазақтың салт-дәстүрлерін біледі | | |
| 3 минут | Өткен сабақпен байланыс | **"Асыл тастардың қасиеттері"** тақырыбында жазған ойтолғауларын оқиды | Өткен сабақты еске түсіреді | **ҚБ.**<br>Мадақ сөздер арқылы бағалау. (Жарайсың, тамаша, өте жақсы) | |
| 5 минут | | **"Болжау"** әдісі бойынша болжау, Жарасқан Әбдірашевтің « Кенже ұл» аудиосын тыңдату<br>**ББҮ** әдісі бойынша білетіндерін, білгісі келетіндерін қоржынға жазып жабыстыру | Тыңдатылған аудио арқылы жаңа тақырыпты болжайды;<br>Қоржынға сабақтан не күтетінін стикерлерге жазып жабыстырады | | Интербелсенді тақта, суреттер https://.kz tan.kz Қоржын |
| 3 минут | Сабақтың ортасы | **«Орнын тап»** әдісі бойынша тірек сөздерді суретке сай | Сурет арқылы тірек сөздерді | **Бағалау критерийі:** | Интербел-сенді тақта |

<table>
<tr><td></td><td>Жұппен жұмыс</td><td>орналастырып,сөйлем құрату.<br><br></td><td>анықтайды,оларды суретке сай орналастырады, қатыстырып сөйлем құрайды.</td><td>- Тірек сөздерді анықтайды,оларды суретке сай орналастыра-ды, мағынасын ашады,қатыстырып сөйлем құрай алады.<br>Дескриптор:<br>-тірек сөздерді орнына дұрыс қоя алады;<br>-тірек сөздердің мағынасын толық ашады; оларды қатыстырып сөйлем құрайды</td><td></td></tr>
<tr><td>10 минут</td><td>Топпен жұмыс</td><td>«Көрме» әдісі бойынша Заманауи киіз үй моделін жасап, көрмеге ұсыну және жарнамалау</td><td>Киіз үй моделін жасап, тірек сөздерді қолдана отырып жарнама жасайды</td><td>ҚБ<br>Оқушылар бір -біріне ауызша кері байланыс береді</td><td>Интербел-сенді тақта, түрлі түсті қағаз, маркер</td></tr>
<tr><td>3 минут</td><td>Сергіту</td><td>«Шаңырағым – шаттығым» әні<br>(әр топ бір-бір шумақтан орындайды)</td><td>Әнді естеріне түсіреді, әртүрлі әуенге салып айтады.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>10 минут</td><td>Жеке тапсырма</td><td>«Суреттер сөйлейді» әдісі бойынша<br>Тапсырма:<br>Әр суретке қатысты бірнеше тірек сөздер жазыңыз. Тірек сөздер мен суреттерге ортақ тақырып қойыңыз.<br>Суретті сөйлет (суретке жан бітіріп әңгіме құрастыр)<br><table><tr><td>Сурет</td><td>Тірек сөздер</td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td><td>Суретке қарап тірек сөздерді жазады, тірек сөздер мен суреттерге ортақ тақырып қояды, суретті жан бітіре сөйлетеді.</td><td>Бағалау критерийі:<br>-Суретке қатысты тірек сөздер жазады;<br>-ортақ тақырып қояды;<br>- тақырып негізінде әңгіме құрастырады<br><br>Дескриптор:<br>- әр суретке қатысты 3 тірек сөз жазады;<br>- барлық суреттерге</td><td>Интербел=сенді тақта</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | <br>**Ортақ тақырып** | | ортақ тақырып ұсынады;<br>- суретке қарап әңгімелейді | |
| 1 минут | Үй тапсырма-сы | **"Қасиетті қара шаңырақ"** тыйым сөздерді біліп келу | Сабақтан алған білімдерін қорытындылай алады | | |
| 3 минут | Рефлексия. Кері байланыс | Сабақтан алған әсерлерін жазу | Сабақтан алған әсерлерін жазып, қоржынға жабыстырады | | Стикер, қоржын |

ШҚО Тарбағатай ауданы Тұғыл ауылы Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Г.М. Таткенованың қысқа мерімді сабақ жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| Пән: қазақ тілі | Ш.Қ.О.Тарбағатай ауданы.Тұғыл ауылы.<br>Мектеп: Ш.Уалиханов атындағы орта мектеп. | |
| Күні:28.06.2019ж | Мұғалімнің аты-жөні:<br>Таткенова Гульназ Мухтарбеккызы. | |
| СЫНЫП: 9 | Қатысқандар: 12 | Қатыспағандар: 0 |
| Бөлім:7. Бұқаралық ақпарат құралдары. | Сабақтың тақырыбы: Бұқаралық ақпарат құралдары. | |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)** | 9.3.2.1 Мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру;<br>9.2.1.1 Тұтас емес (кесте,диаграмма,сызба,сурет ) мәтіндегі мәліметтерді салыстыру , өңдеу; | |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** Мәтіндегі мәліметтерді анықтайды**.** Тақырыпқа байланысты әртүрлі жанрда мәтіндер құрастырады. | |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:**Мәтіндерде берілген мәліметтерді (кесте,диаграмма,сызба,сурет ) салыстырады, мақсатты аудиторияның қызығушылығын ынталандыру үшін мәтін құрастырады. | |

| | |
|---|---|
| | **Кейбірокушылар:**Әртүрлі жанрда құралған мәтіндегі мәліметтерді салыстырып,өңдеп әртүрлі жанрда мәтін құрастырады. |
| **Бағалау критерииі** | • Әртүрлі жанрда мәтін құрастырады.<br>• Мәтінде берілген мәліметтерді (кесте,диаграмма,сызба,сурет )салыстырады, өңдейді. |
| **Тілдік мақсат** | |
| | Негізгісөздер мен тіркестер:БАҚ-тың жастарға әсері тақырыбына қатысты тірек сөздерді меңгерту:<br>-әсері,ықпалы;<br>-нышаны,белгісі;<br>-« өркениетті адам», өзін үнемі дамытатын адам;<br>-жауапкершілікке ие,жауапкершілігі мол;<br>-бұқара санасы,халықтың ойы;<br>-құрамдас бөлігі, бөлшегі. |
| **Алдыңғы оқу** | Қазақстандағы БАҚ-ның дамуы. |

| **Жоспар** | | |
|---|---|---|
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулар мен қатар, ескертпелерді жазыңыз)** | **Ресурстар** |
| Басталуы<br>5мин | Ұйымдастыру сәті.<br>Психологиялық ахуал тудырамын.<br>**«Үлгі тұтамын» әдісі**<br>Оқушылар шеңбер құрып тұрады.Әр оқушы қасындағы оқушыға- «Сен еңбекқорсың немесе достыққа адалсың,сол қасиетіңді үлгі тұтамын»- деп айтады....солай жалғаса береді.<br>Топтастыру: қима қағаздар арқылы<br>І топ. «Дикторлар»<br>ІІ топ. «Тілшілер» | Топқа бөлуге арналған қима қағаздар |

| | | |
|---|---|---|
| Ортасы<br>30мин | Тақырыпқа байланысты бейнеүзінді көрсетіледі.Талдау жасай отырып, тақырыпты ашу.<br>**1-тапсырма**<br>**Ж.«Зымыран сұрақтар арқылы» әдісі**<br>Сұрақтарға жауап беру арқылы түйген ойларын пысықтайды.<br><br>-Жастар мен БАҚ-ты не байланыстырады?<br>-БАҚ-тың жастар психологиясына әсері қандай?<br>-Сіздің сүйікті телебағдарламаңыз қандай?<br>-Бақ құралдарына көңіліңіз тола ма?<br><br>**2-тапсырма**<br>**Т.Ж. «Мәтін түйіндемесі»**<br>Зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында «графикалық мәтінде» берілген ақпараттарды салыстырып, өңдей отырып, мәтінге айналдырып жазыңыз.<br>**І топ**. Тақырыбы: «Еліміздегі БАҚ»<br><br><br>**Дескриптор:**<br>• Графикалық деректерді мәтінге айналдырады;<br>• Барлық ақпаратты жазады;<br>• Берілген ақпараттарды салыстырады;<br>• Мәтін құрылымын сақтайды.<br>**ІІ топ**. «Телеарналар» | https://www.youtube.com/results?search_query |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>




**Дескриптор:**

- Графикалық деректерді мәтінге айналдырады;
- Барлық ақпаратты жазады;
- Берілген ақпараттарды салыстырады
- Мәтін құрылымын сақтайды.

**Қ.Б. «Сызып көрсет»** (Оқушылар бірін-бірі бағалайды)<br>
Ұнаған 3 пікір жасыл түсті;<br>
Үндес 2 пікір көк түсті;<br>
Сұрақ туындаған 1 мәселені қызыл түсті сиямен астын сызады.

**3-тапсырма**<br>
**Т.Ж«Түртіп алу» әдісі**<br>
Тұтас емес (кесте, диаграмма,сызба,сурет ) мәтіндегі мәліметтерді пайдалана отырып, жазылған мәтінді әртүрлі жанрда өңдеп жазады.<br>
**І топ.**<br>
«Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыбында талапқа сай мақала жазыңыз.<br>
**Дескриптор:**

- Тақырып бойынша ерекшелігін ескере отырып, мақала жазады.
- Мәтіндегі ақпараттарды пайдаланады.

**ІІ топ.**<br>
«Мамандықтың түрлері» тақырыбында ерекшелігін ескере отырып, хабарлама жазыңыз.<br>
**Дескриптор:**<br>
Берілген тақырып бойынша талапқа сай хабарлама жазады.<br>
Мәтіндегі ақпараттарды пайдаланады

**ҚБ:** «Сертификат»әдісі (топтар бірін-бірі бағалайды).

</td>
<td>







</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>Аяқталуы<br>5 мин</td>
<td>Рефлексия:<br>«Борт журналы» әдісі<br>арқылы оқу материалымен танысқан соң оқушылар келесі сұрақтарға жауап жазады.<br><table><tr><td>Берілген тақырып бойынша маған не белгілі? Мен не білемін?</td><td>Мәтінне<br>қандай ж</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td>
<td></td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><th colspan="3">Қосымша ақпарат</th></tr>
<tr>
<td>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсету<br>ді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманыкүрделендірудіқалайж оспарлайсыз?</td>
<td>Бағалау – Оқушылардыңүйренгенінтексерудің алайжоспарлайсыз?</td>
<td>Пән аралық байланыс<br>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықт ардағы байланыс</td>
</tr>
<tr>
<td>Сыныптағы көпшілік оқушылардың оқу мақсатына қол жеткізудегі алға ілгерілеуін көрсетуге мүмкіндік беретін тапсырмалар әзірленді. Ұсынылған «Мәтіндегі түйін» әдісі тапсырмасында сыныптағы көпшілік оқушыларға қолдау көрсету мақсатында графикалық мәтінді мәтінге айналдырып, берілген ақпараттарды салыстыру кезінде оқушылар топпен орындағандықтан, бір-бірінің көмегіне сүйенеді. Жеке, топтық жұмыс барысында белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың қабілетін көрсетуге мүмкіндік беріледі. Жазба жұмысында  тапсырмаларды құрылымына сай орындайды. Белсенді оқыту әдістері арқылы қабілетті оқушыларға жекелей, топтық тапсырма беріп, бақылап, қажет болғанда қосымша нұсқаулар беріп отырамын.</td>
<td>Дескрипторға сүйене отырып,қалыптастырушы бағалау жүзеге асырылады. Қалыптастырушы бағалау сабақтың өн бойында оқушының уәжін,ынтасын арттыру мақсатында жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалаулардың түрлері: «Сызып көрсет»,«Сертификат» әдістері қолданылады. Қалыптастырушы бағалау нәтижесінде оқушылар өздерінің біліміндегі кемшілік тұстарын анықтап, түзетуге мүмкіндік туады. Оған кері байланыста айтылған ұсыныстардың пайдасы болады.</td>
<td>Өнер, журналисти-ка, қоғам,баспасөз қызметі.<br>Құрмет,ынтымақ тастық,ашықтық ,қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкерші лік.</td>
</tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақ / оқумақсаттары шынайы ма?<br>Бүгіноқушыларнебілді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен жоспарлағансаралаушаралары тиімді болды ма?<br>Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарым ақандай түзетулер енгіздім және неліктен? | Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз. |
| | |
| **Қорытынды бағамдау**<br>Сабақта қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе Сіздің сабағыңызды жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2: | |

Нұр-Сұлтан қаласы № 29 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі А.Ш. Турымбетованың қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар тарауы: 6**<br>**Күні:**<br>**Сынып: 5** | | **Мектеп:** 29<br>**Мұғалімнің аты-жөні:** Турымбетова А.Ш.<br>**Қатысқандар:** **Қатыспағандар:** |
| **Пәні: қазақ тілі** | | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Бала қиялы. Тұрақты тіркестер. | |
| **Оқу мақсаты**(оқу бағдарламасына сәйкес): | 5.Ж1. Берілген мәтінге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерге қарапайым жоспар құру.<br>5.Ж3. Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру. | |
| **Сабақ мақсаты:** | Берілген мәтінге қарапайым жоспар құру.<br>Күрделі сөздерді қатыстырып, сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру. | |
| **Саралап оқыту** | | |
| **Барлық оқушылар:** | **Көпшілік оқушылар:** | **Жекелеген оқушылар:** |
| -мәтінді құрай алады<br>-мәтінге жоспар құрай алады<br>-мәтін ішіне күрделі сөздерді қатыстыра алады | - тірек сөздерді пайдалана отырып мәтін бойынша ойды ашу<br>-күрделі сөздерді ажырата алады, өзі күрделі сөз тіркесін қатыстырып мәтін құрай алу | -мәтін идеясын өз көзқарасы негізінде жеткізе алады<br>-өз қиялын нақтылай отырып жоспар құра алады |
| **Тілдік мақсат:** | Күрделі сөздердің жасалуын білу, сөз тіркесін құру. | |
| **Пәнаралық байланыс:** | Әдебиет, тарих, бейнелеу | |
| **Құндылықтарға баулу:** | Өз қиялдарын жүзеге асыруына күш-жігерін дұрыс жұмсау, жоспар құру.<br>Қиял, арман, мақсат сөздерінің құндылықтарын білу.<br>Сыныптасын тыңдай білу. | |
| **Алдыңғы** | Күрделі сөздер | |

| **білім:** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Уақыты** | **Кезеңдері** | **Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері** | **мақсаты** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
| 3 мин | Ұйымдастыру. Топтастыру. | Өздеріне ұнаған пішіндегі шарларды таңдау, шарлардың келесі бетіндегі түстеріне қарай топтастыру<br> | Бірлесіп жұмыс жасауға баулу. «Мен білемін!» әрбір оқушы өткен сабақтан есінде қалған бір ғана ойды айтады. | Өз көзқарасын білдіре отырып мәтін жазу Тақырыпқа сай жоспар құру | Сурет |
| 10 мин | Топтық жұмыс<br> | Сөздерді тізбектеп жетістікке жету. Ой, қиял, әрекет шабыт, жоспар, жүзеге асыру.<br>«Ұшқыр ой» тақырыбына мәтін құрастыру<br>Мына суреттердердің байланысын табады.<br>Қиял қалай туындайды?<br> <br><br> <br>*«Төңкерілген сұрақтар» әдісі бойынша*<br>Қиялдау қажет пе? Қай мамандық иесіне қиялдау қажет? Қиялдаудың ең биік шегі қай мамандық иесіне қажет?<br><br>Алдарына ұсынылған сюжет барысын сақтап отырып мәтін құрастыру<br>Дескриптор.<br>• Сюжет барысын сақтау, мәтін құрастыру.<br>• Құрастырған ертегілерінде күрделі сөздерді қатыстыру | Өз ойларын ортаға салу, мәтінмен жұмыс жасау. Берілген мәтінге жоспар құру.<br>Өз ойларын топта бірігіп жүйелі жеткізе алады.<br>Сауатты, қызықты мәтін құрай алады<br><br>Өзара дұрыс орындалған тапсырманы әр топтан бір-бір оқушыға оқыту | <br>Құрастыр және жауап бер *Бір сөйлеммен түйіндеу* | Тірек сөздер. Күрделі сөздер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | |  | | | |
| 10 мин | Жұптық жұмыс<br> | Суретпен жұмыс<br><br>Мәтінмен жұмыс «Жақсылық пен жамандық» ертегісін оқи отырып, қарапайым жоспар құру.<br><br>Дескриптор.<br>*Мәтінді оқу.<br>*Мәтін барысына сәйкес жоспар құру<br>*Күрделі сөздерді табу, түрлерін ажырату.<br><br> | Суретпен жұмыс барысында мәтінге жоспар құру | Сыныптаста рды бағалау<br><br>*Неліктен бұл үздік?* | https//massaget.kz/layfsfay/debiet/eregi/41705/<br><br> |
| 2 мин | Сергіту сәті «Шатыр-тұрғын» | Оқушыларды шеңберге тұрғызып, билеу, шатыр-тұрғын ойынын тұрғызу. | *Бірлесіп жұмыс жасауға баулу* | | |
| 10 мин | Жеке жұмыс<br> | Күрделі сөздерді қатыстыра отырып, мәтін құрастыру<br>«Мен кім боламын!»<br><br>Дескриптор. Өз ойларын жеткізіп жазу.<br>*Өз ойларын жеткізу, берілген ойды аяқтау<br>*Күрделі сөздерді мәтінге қатыстыру.<br>“Егер мен ,,,,,,,,,болсам. Қиял маған ,,,,,,,,,,үшін керек болар еді. Себебі,,,,,,,,,,” | «Көршіммен бөлісемін» әдісі бойынша құрастырылған мәтінді баяндау, ең үздігі сыныптаоқылады<br> | Қол шапалақтау<br> | Бейнебаян «Мен кім боламын!» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 мин |  | Үй тапсырмасы: «Қиялдан өзіміз не жасай аламыз». | Тапсырманы жасау барысында күрделі сөздерді қатыстыру, өз қиялдарындағы бұйымды сипаттап жазу, жасау барысын баяндау. | | |
| 3 мин | Кері байланыс «Менің жинағаным» | Сабақтан білгендерін тізбектен жазу  | *«Негізгі сәттер» әдісі бойынша* сабақ барысында есінде қалғанын жазу | | |

Алматы қаласы Әуезов ауданы, № 116 коммуналдық жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айнагүл Төлепбергенқызы Биркелемованың «Қазақ тілі» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесі туралы ата-аналарға ұсынған ақпараттың (рубрика) үлгілері ұсынылды.

**«Астана – мәдениет пен өнер ордасы» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

| Білім алушының аты-жөні | | | |
|---|---|---|---|
| **Бағалау критерийі** | | **Оқу жетістігі деңгейі** | |
| | **Төмен** | **Орта** | **Жоғары** |
| Тақырыпқа қатысты сөздер мен тірек сөздердің мағынасын ашады | Көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сай қажетті сөзді орналастыруда қиналады | Көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сай қажетті сөзді орналастыруда қателеседі | Көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сай қажетті сөзді орналастырады |
| Мәтін мазмұнындағы ең маңызды тірек сөздерді анықтайды | Мәтін мазмұнындағы ең маңызды тірек сөздерді анықтауда қиналады | Мәтін мазмұнындағы ең маңызды тірек сөздерді анықтауда, қателеседі | Мәтін мазмұнындағы ең маңызды тірек сөздерді анықтайды. |
| Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіреді | Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіруде қиналады | Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіруде | Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай дұрыс сәйкестендіреді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | қателеседі | |
| Тірек сөздерді қолданып, сюжетті суреттерге әңгіме құрастырады | Тақырыпқа сай ауызша әңгіме құрастыруда, әңгіме мазмұнында суреттер мен тірек сөздерді қолдануда қиналады | Тақырыпқа сай ауызша әңгіме құрастыруда, әңгіме мазмұнында суреттер мен тірек сөздерді қолдануда қателеседі | Тақырыпқа сай ауызша әңгіме құрастырады. Әңгіме мазмұнында суреттер мен тірек сөздерді дұрыс қолданады |

## «Қазақстанның айтыс өнері мен сөз мәдениеті» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

Білім алушының аты-жөні:_____________________________________________

| Бағалау критерийі | Оқу жетістігі деңгейі | | |
|---|---|---|---|
| | **Төмен** | **Орта** | **Жоғары** |
| Мәтіндегі (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) жанрға қатысты ерекшелікті анықтайды | мәтін жанрын жазуға қиналады | мәтін жанрын жазуда қателеседі | мәтін жанрын дұрыс жазады |
| | анықталған жанрға сай 2 ерекшелікті белгілеуге қиналады | анықталған жанрға сай 2 ерекшелікті белгілеуде қателеседі | анықталған жанрға сай 2 ерекшелікті дқрыс белгілейді |
| Берілген сұрақтардың жауабын жазады | сұрақтарға жауап беруге қиналады | сұрақтарға жауап беруде қателеседі | сұрақтарға дұрыс жауап береді |
| Сөйлемдердің сәйкестігін анықтайд | сөйлемдерді сәйкестендіруге қиналады | сөйлемдерді сәйкестендіруде өателеседі | сөйлемдерді дұрыс сәйкестендіреді |
| Кезектес салалас құрмалас сөйлемнің ережесін айтып, сөйлем құрастырады | кезектес салалас құрмалас сөйлемнің ережесін айтуға қинала | кезектес салалас құрмала сөйлемнің ережесін айтуд қателеседі | кезектес салалас құрмалас сөйлемнің ережесін айтады |
| | сөйлем құрастыруға қиналады | сөйлем құрастыруда қателеседі | сөйлемдерді дұрыс құрастырады |
| Өзі таңдаған айтыскер ақынның бірімен сұхбат мәтінін жазады | сұхбат құрастыруда тақырыпты ашуға қиналады | сұхбат құрастыруда тақырыпты ашуда қателеседі | сұхбат құрастыруда тақырыпты ашады |
| | сұхбаттың жанрлық ерекшелігін ескеруге қиналады | сұхбаттың жанрлық ерекшелігін ескеруде қателеседі | сұхбаттың жанрлық ерекшелігін ескереді |

## «Тарихи тұлғалар тағылымы» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

| Білім алушының аты-жөні________________ | | | |
|---|---|---|---|
| **Бағалау критерийі** | | **Оқу жетістігі деңгейі** | |
| | **Төмен** | **Орта** | **Жоғары** |
| Мәтіндегі күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын өз сөзімен жазады | Мәтіндегі күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын өз сөзімен жазуда қиналады | Мәтіндегі күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын өз сөзімен жазуда қателеседі | Мәтіндегі күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын өз сөзімен жазады |
| Берілген өлең жолдарынан күшейткіш демеуліктерді анықтайды | Берілген өлең жолдарынан күшейткіш демеуліктерді анықтауда қиналады | Берілген өлең жолдарынан күшейткіш демеуліктерді анықтауда қателеседі | Берілген өлең жолдарынан күшейткіш демеуліктерді дұрыс анықтайды |
| Берілген нақыл сөздердің сәйкестігін көрсетеді | Берілген нақыл сөздердің сәйкестігін анықтауда қиналады | Берілген нақыл сөздердің сәйкестігін анықтауда қателеседі | Берілген нақыл сөздердің сәйкестігін дұрыс анықтайды |
| Берілген сұрақтарға жауап береді | Сұрақтарға жауап беруге қиналады | Сұрақтарға жауап беруде қателеседі | Сұрақтарға дұрыс жауап береді |
| Ш. Қалдаяқовтың әндерін атайды, жатқа айтады. | Ш. Қалдаяқовтың әндерін атауға, жатқа айтуға қиналады | Ш. Қалдаяқовтың әндерін атауда, жатқа айтуда қателеседі | Ш. Қалдаяқовтың әндерін атап, жатқа айтады |

## «Болашақ мамандықтары» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

**Білім алушының аты-жөні__________**

| **Бағалау критерийі** | **Оқу жетістігі деңгейі** | | |
|---|---|---|---|
| | **Төмен** | **Орта** | **Жоғары** |
| Мәтін мазмұнын өмірмен байланыстырып айтады | Мәтін мазмұны бойынша әр мамандықтың атқаратын қызметін бір сөйлеммен айтуда қиналады | Мәтін мазмұны бойынша әр мамандықтың атқаратын қызметін бір сөйлеммен айтуда қателеседі | Мәтін мазмұны бойынша әр мамандықтың атқаратын қызметін бір сөйлеммен айтады |
| Сұранысы жоғары мамандықтар туралы | Сұранысы жоғары мамандықтар | Сұранысы жоғары мамандықтар | Сұранысы жоғары мамандықтар туралы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ақпарат береді, себептерін ашып көрсетеді | туралы ақпарат беруде қиналады | туралы ақпарат беруде қателеседі | дұрыс ақпарат береді. |
| | Мамандықтардың сұранысқа ие болу себептерін ашып көрсетуде қиналады. | Мамандықтардың сұранысқа ие болу себептерін ашып көрсетуде қателеседі. | Мамандықтардың сұранысқа ие болу себептерін ашып көрсетеді. |
| Сөйлемдердің дұрыс, бұрысын анықтайды | Сөйлемдердің дұрыс, бұрысын анықтауда қиналады. | Сөйлемдердің дұрыс, бұрысын анықтауда қателеседі. | Сөйлемдердің дұрыс, бұрысын анықтап көрсетеді |
| Берілген етістіктерден болымсыз етістіктің жасалу жолын көрсетеді | Берілген етістіктерден болымсыз етістіктің жасалу жолын көрсетуде қиналады. | Берілген етістіктерден болымсыз етістіктің жасалу жолын көрсетуде қаталеседі. | Берілген етістіктерден болымсыз етістіктің жасалу жолын дұрыс көрсетеді |
| Берілген етістіктердің қай шақта тұрғанын анықтайды | Берілген етістіктердің шағын анықтауда қиналады. | Берілген етістіктердің шағын анықтауда қателеседі.. | Берілген етістіктердің шағын дұрыс анықтайды. |
| Тақырыпқа қатысты диалог құрауда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады | Тақырыпқа қатысты диалог құрауда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдануда қиналады. | Тақырыпқа қатысты диалог құрауда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдануда қателеседі. | Тақырыпқа қатысты диалог құрауда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын дұрыс қолдананады. |

## «Қызым - жағадағы құндызым, ұлым - аспандағы жұлдызым» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)

Білім алушының аты-жөні

_______________________________________________

| Бағалау критерийі | Оқу жетістігі деңгейі | | |
|---|---|---|---|
| | **Төмен** | **Орта** | **Жоғары** |
| Болжалдық және шектік мәнді шылауларды қатыстырып, сөйлемді толықтырады. | Болжалдық және шектік мәнді шылауларды қатыстырып, сөйлемді толықтыруда қиналады | Болжалдық және шектік мәнді шылауларды қатыстырып, сөйлемді толықтыруда қателеседі | Болжалдық және шектік мәнді шылауларды қатыстырып, сөйлемді толықтырып жазады |
| Берілген сұрақтарға дұрыс жауап береді | Берілген сұрақтарға дұрыс жауап беруге | Берілген сұрақтарға дұрыс жауап беруде қателеседі | Берілген сұрақтарға дұрыс жауап береді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қиналады | | |
| «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының басты кейіпкерлеріне мінездеме береді. | Жырдың басты кейіпкерлеріне мінездеме беруде қиналады | Жырдың басты кейіпкерлеріне мінездеме беруде қателеседі | Жырдың басты кейіпкерлеріне мінездеме береді. |
| Берілген тұжырымдарды, туыстық атауларды дұрыс сәйкестендіреді. | Берілген тұжырымдарды, туыстық атауларды сәйкестендіруде қиналады | Берілген тұжырымдарды, туыстық атауларды сәйкестендіруде қателеседі | Берілген тұжырымдарды, туыстық атауларды дұрыс сәйкестендіреді. |
| Тақырыпқа қатысты ауызша мәтін құрауда үндестік заңын ескеріп айтады | Таңдалған суреттегі іс-әрекеттерді түсіндіруде, мәтін құрауда үндестік заңын қолдануда қиналады | Таңдалған суреттегі іс-әрекеттерді түсіндіруде, мәтін құрауда үндестік заңын қолдануда қателеседі | Таңдалған суреттегі іс-әрекеттерді түсіндіреді, мәтін құрауда үндестік заңын дұрыс қолданады. |

## «Қазақстан қорықтары» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика

**Білім алушының аты-жөні**

___________________________________

| **Бағалау критерийі** | **Оқу жетістігі деңгейі** | | |
|---|---|---|---|
| | **Төмен** | **Орта** | **Жоғары жо** |
| Тақырыпқа қатысты сөздер мен тірек сөздердің мағынасын ашады | Көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сай қажетті сөзді орналастыруда қиналады | Көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сай қажетті сөзді орналастыруда қателеседі | Көп нүктенің орнына сөйлем мазмұнына сай қажетті сөзді орналастырады |
| Мәтін мазмұнындағы ең маңызды тірек сөздерді анықтайды | Мәтін мазмұнындағы ең маңызды тірек сөздерді анықтауда қиналады | Мәтін мазмұнындағы ең маңызды тірек сөздерді анықтауда, қателеседі | Мәтін мазмұнындағы ең маңызды тірек сөздерді анықтайды. |
| Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіреді | Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіруде қиналады | Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіруде қателеседі | Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай дұрыс сәйкестендіреді |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Тірек сөздерді қолданып, сюжетті суреттерге әңгіме құрастырады | Тақырыпқа сай ауызша әңгіме құрастыруда, әңгіме мазмұнында суреттер мен тірек сөздерді қолдануда қиналады | Тақырыпқа сай ауызша әңгіме құрастыруда, әңгіме мазмұнында суреттер мен тірек сөздерді қолдануда қателеседі | Тақырыпқа сай ауызша әңгіме құрастырады. Әңгіме мазмұнында суреттер мен тірек сөздерді дұрыс қолданады |

**« Мәңгілік елдің нұрлы жолы!» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні:_____________________________________________

| Бағалау критерийі | Оқу жетістігі деңгейі | | |
|---|---|---|---|
| | Төмен | Орта | Жоғары |
| Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды | өлеңге тақырып қоюда қиналады | өлеңге тақырып қоюда қателеседі | өлеңге тақырып қояды |
| | өлеңнің идеясын бір сөйлеммен беруге қиналады | өлеңнің идеясын бір сөйлеммен беруде қателеседі | өлеңнің идеясын бір сөйлеммен береді |
| Талғаулы салалас құрмалас сөйлемнің ережесін айта, жазба жұмыстарында дұрыс қолданады | талғаулы салалас құрмалас сөйлемнің ережесін айтуға қиналады | талғаулы салалас құрмалас сөйлемнің ережесін айтуда қателеседі | талғаулы салалас құрмалас сөйлемнің ережесін біледі |
| | берілген сөйлемдерден талғаулы салалас құрсалас сөйлемдер жасауда қиналады | берілген сөйлемдерден талғаулы салалас құрсалас сөйлемдер жасауда қателеседі | берілген сөйлемдерден талғаулы салалас құрсалас сөйлемдер жасайды |
| Сұрақтарға дұрыс жауап бере алады | берілген сұрақтарға дұрыс жауап беруге қиналады | берілген сұрақтарға дұрыс жауап беруде қателеседі | берілген сұрақтарға дұрыс жауап береді |
| Мақалдарды мағынасына қарай сәйкестігін анықтайды. | мақалдарды мағынасына қарай сәйкестендіруге қиналады | мақалдарды мағынасына қарай сәйкестендіруде қателеседі | мақалдарды мағынасына қарай сәйкестендіреді |
| Мәтіндердегі ақпараттар мен ұлттық сөз әдебі және сөйлеу этикеті формаларын ауызша мәтін құрауда қолданады | адамның қуану, шаттану секілді көңіл -күйлеріне қатысты сөздерді қолдануда қиналады | адамның қуану, шаттану секілді көңіл-күйлеріне қатысты сөздерді қолдануда қателеседі | адамның қуану, шаттану секілді көңіл -күйлеріне қатысты сөздерді қолданады |
| | айтылымда өлең мәтініндегі ақпараттарды қолдануда қиналады | айтылымда өлең мәтініндегі ақпараттарды қолдануда қателеседі | айтылымда өлең мәтініндегі ақпараттарды қолданады |
| | тақырыпқа қатысты өз | тақырыпқа қатысты | тақырыпқа қатысты өз |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ойын білдіруге қиналады | өз ойын білдіруде қателеседі | ойын білдіреді |

**«Білім. Ғылым. Инновация» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)**

Білім алушының аты-жөні:_____________________________________________

| Бағалау критерийі | Оқу жетістігі деңгейі | | |
|---|---|---|---|
| | **Төмен** | **Орта** | **Жоғары** |
| Негізгі ойды тірек сөздер мен автор көзқарасы негізінде анықтайды | Мәтіндегі тірек сөздерді және автор көзқарасын анықтауда қиналады | Мәтіндегі тірек сөздерді және автор көзқарасын анықтауда қателеседі | Мәтіндегі тірек сөздерді және автор көзқарасын дұрыс анықтайды |
| Берілген тест тапсырмаларынан бөлшектік, болжалдық сан есімдердің ережелерін, жасалу жолдарын анықтайды | Бөлшектік, болжалдық сан есімдердің ережелерін, жасалу жолдарын анықтауда қиналады | Бөлшектік, болжалдық сан есімдердің ережелерін, жасалу жолдарын анықтауда қателеседі | Бөлшектік, болжалдық сан есімдердің ережелерін, жасалу жолдарын дұрыс анықтайды |
| Ауызша мәтін құрауда тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданады | Тұрақты тіркестердің мағынасын ажыратуда және қолдануда қиналады | Тұрақты тіркестердің мағынасын ажыратуда және қолдануда қателеседі | Тұрақты тіркестердің мағынасын ажыратады және дұрыс қолданады |
| | Өнертабыстың пайдасын айтуға қиналады | Өнертабыстың пайдасын айтуға қателеседі | Өнертабыстың пайдасы туралы дұрыс айтады |

**«Білім. Ғылым. Инновация» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)**

Білім алушының аты-жөні:_____________________________________________

| Бағалау критерийі | Оқу жетістігі деңгейі | | |
|---|---|---|---|
| | **Төмен** | **Орта** | **Жоғары** |
| Негізгі ойды тірек сөздер мен автор көзқарасы негізінде анықтайды | Мәтіндегі тірек сөздерді және автор көзқарасын анықтауда қиналады | Мәтіндегі тірек сөздерді және автор көзқарасын анықтауда қателеседі | Мәтіндегі тірек сөздерді және автор көзқарасын дұрыс анықтайды |
| Берілген тест тапсырмаларынан бөлшектік, болжалдық сан есімдердің ережелерін, жасалу жолдарын анықтайды | Бөлшектік, болжалдық сан есімдердің ережелерін, жасалу жолдарын анықтауда қиналады | Бөлшектік, болжалдық сан есімдердің ережелерін, жасалу жолдарын анықтауда қателеседі | Бөлшектік, болжалдық сан есімдердің ережелерін, жасалу жолдарын дұрыс анықтайды |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Ауызша мәтін құрауда тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданады | Тұрақты тіркестердің мағынасын ажыратуда және қолдануда қиналады | Тұрақты тіркестердің мағынасын ажыратуда және қолдануда қателеседі | Тұрақты тіркестердің мағынасын ажыратады және дұрыс қолданады |
| | Өнертабыстың пайдасын айтуға қиналады | Өнертабыстың пайдасын айтуға қателеседі | Өнертабыстың пайдасы туралы дұрыс айтады |

**«Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)**

Білім алушының аты-жөні:____________________________________________

| **Бағалау критерийі** | **Оқу жетістігі деңгейі** | | |
|---|---|---|---|
| | **Төмен** | **Орта** | **Жоғары** |
| Мәтінге ат қояды, тірек сөздерді анықтайды | Мәтіндегі ат қоюда және тірек сөздерді анықтауда қиналады | Мәтіндегі ат қоюда және тірек сөздерді анықтауда қателеседі | Мәтіндегі ат қоюда және тірек сөздерді анықтауда дұрыс анықтайды |
| Қала мен ауыл өмірін салыстырып,сызбаны толтырады. | Қала мен ауыл өмірін салыстырып,сызбаны толтыруда қиналады | Қала мен ауыл өмірін салыстырып,сызбаны толтыруда қателеседі | Қала мен ауыл өмірін салыстырып,сызбаны дұрыс толтырады. |
| Қазақстанның оңтүстік қалаларын анықтайды | Қазақстанның оңтүстік қалаларын анықтауда қиналады | Қазақстанның оңтүстік қалаларын анықтауда қателеседі | Қазақстанның оңтүстік қалаларын дұрыс анықтайды |
| Мінездеме жазады, сапалық, қатыстық сын есімдерді қолданады | Сапалық, қатыстық сын есімдерді қолданады қиналады | Сапалық, қатыстық сын есімдерді қолдануда қателеседі | Сапалық, қатыстық сын есімдерді дұрыс қолданады |
| | Мінездеме беруі қиналады | Мінездеме бергенде қателеседі | Мінездемені дұрыс бере алады |

**«Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика)**

Білім алушының аты-жөні:____________________________________________

| **Бағалау критерийі** | **Оқу жетістігі деңгейі** |
|---|---|

| | **Төмен** | **Орта** | **Жоғары** |
|---|---|---|---|
| Мәтінге ат қояды, тірек сөздерді анықтайды | Мәтіндегі ат қоюда және тірек сөздерді анықтауда қиналады | Мәтіндегі ат қоюда және тірек сөздерді анықтауда қателеседі | Мәтіндегі ат қоюда және тірек сөздерді анықтауда дұрыс анықтайды |
| Қала мен ауыл өмірін салыстырып,сызбаны толтырады. | Қала мен ауыл өмірін салыстырып,сызбаны толтыруда қиналады | Қала мен ауыл өмірін салыстырып,сызбаны толтыруда қателеседі | Қала мен ауыл өмірін салыстырып, сызбаны дұрыс толтырады. |
| Қазақстанның оңтүстік қалаларын анықтайды | Қазақстанның оңтүстік қалаларын анықтауда қиналады | Қазақстанның оңтүстік қалаларын анықтауда қателеседі | Қазақстанның оңтүстік қалаларын дұрыс анықтайды |
| Мінездеме жазады, сапалық, қатыстық сын есімдерді қолданады | Сапалық, қатыстық сын есімдерді қолданады қиналады | Сапалық, қатыстық сын есімдерді қолдануда қателеседі | Сапалық, қатыстық сын есімдерді дұрыс қолданады |
| | Мінездеме беруге қиналады | Мінездеме бергенде қателеседі | Мінездемені дұрыс бере алады |

Бағалау критерийлері мен дескриптор құру үлігісі

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма №** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| | | **Білім алушы** | |
| Болжалдық және шектік мәнді шылауларды сөйлемде қолданады. | 1 | көп нүктенің орнына<br>сөйлем мазмұнына сай<br>қажетті болжалдық және шектік мәнді шылауларды қатыстырып, сөйлемді толықтырады. | 1<br>1<br>1 |
| Берілген сұрақтарға толық жауап береді. | 2 | сұрақтарға дұрыс жауап береді. | 1<br>1<br>1 |
| Жырдың басты кейіпкерлеріне мінездеме береді. | 3 | басты кейіпкерлерге мінездеме береді. | 1<br>1<br>1 |
| Екі бағандағы тұжырымдардың, туыстық атаулардың мағынасына қарай сәйкестігін көрсетеді | 4 | екі бағандағы тұжырымдарды, туыстық атауларды мағынасына қарай сәйкестендіреді | 1<br>1<br>1<br>1 |
| Тақырыпқа қатысты ауызша мәтін құрауда үндестік заңын ескеріп айтады | 5 | таңдалған суреттегі іс-әрекеттерді түсіндіреді | 1 |
| | | мәтін құрауда үндестік заңын ескеріп айтады. | 1 |
| **Барлық балл** | | | **15** |

**Мазмұны**

Кіріспе 3

1 Жаңартылған мамұндағы «Қазақ тілі» оқу бағдарламасының ерекшеліктері ............................................................................................ 5

2 «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жұмыстарын ұйымдастырудың түрлері мен әдістері ............................................................................ 40

3 «Қазақ тілі» пәнінен қысқа мерзімді жоспар жасау және оқушылардың білімдерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар............................................................................................ 147

Қорытынды............................................................................................ 221

Пайдаланылған әдебиеттер.................................................................... 222

Қосымша................................................................................................ 223

**БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІН (Т1) ОҚЫТУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР (5-9-СЫНЫПТАР)**

Басуға 06.09.2019. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 18.

Подписано в печать .06.09.2019. Формат 60×84 1/16.
Бумага офсетная. Печать офсетная.
Шрифт Times New Roman. Усл. п.л. 18.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК
010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, «Алтын Орда» БО, 15-қабат

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина
010000, г. Нур-Султан, пр. Мәңгілік ел, 8,